

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 81'271;82.085:808.5:373.1.02:372.8

Қолжазба құқығында

Ермекбаева Айсулу Шериевна

**Бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру
арқылы сөз әдебін меңгертудің әдістемесі**

6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті

**Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация**

Ғылыми жетекшілері:
педагогика ғылымдарының
докторы, доцент
Ж.Т.Даулетбекова,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а.
Ж.И.Исаева

Шетелдік ғылыми кеңесшісі:
доктор, профессор
Тайып Думан

**Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2017**

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 тарау. Сөз әдебін меңгертуде бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыру - тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттырудың негізі	14
1.1 Білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында сөз әдебін оқыту үдерісінде бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастырудың маңызы	14
1.2 Сөз әдебін оқушының оқу мотивтерін қалыптастыра оқыту – тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттырудың басты шарты	31
1.3 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы сөз әдебін жетілдірудің лингвомәденитанымдық факторлары	43
2 ТАРАУ. БЕЙІНДІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП СӨЗ ӘДЕБІН МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	61
2.1 Оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыру жолымен сөз әдебін оқытудың философиялық аспектілері	61
2.2 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы сөз әдебін меңгертудің психологиялық аспектілері (Абай тұжырымдары негізінде)	76
2.3 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып сөз әдебін меңгертудің педагогикалық негіздері	91
3 ТАРАУ. БЕЙІНДІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА «СӨЗ ӘДЕБІ» ТАҢДАУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҮЙЕСІ	108
3.1 Базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарда сөз әдебін меңгерту мәселелерінің жайы	108
3.2 Бейіндік мектепте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың әдістемелік жүйесі: мазмұндық-құрылымдық моделі	117
3.3 Бейіндік мектепте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың эксперимент жүйесі мен нәтижелері	133
ҚОРЫТЫНДЫ	160
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	165
ҚОСЫМШАЛАР	175

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл нормативтік сілтемелер диссертацияда қолданылды:

1. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
2. «Интеллектуалдық ұлт – 2020» ұлттық жобасы.- Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс (ҚР Президенті Н. Ә.Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығына орай университет профессор-оқытушылары мен студенттеріне оқыған дәрісі) // Егемен Қазақстан. – 2009, 14 қазан. - Б.1-2.
3. Бағдарлы мектепте сөз мәдениетін оқытудың тұжырымдамасы //Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999,- №2. 3-9 бб.). (авт: Дәулетбекова Ж.)
4. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы орта білім.-Алматы:РОНД, 2002. – 360 б.(авт: Әмір Р., Дәулетбекова Ж., Қалиев Ғ., Қосымова Г.)
5. Қазақ тілінің оқу бағдарламалары. 5-11-сыныптарға арналған. – Алматы: РОНД, 2002.-112 б. (авт: Қосымова Г., Дәулетбекова Ж.).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда қолданылған анықтамалар:

Парадигма– нақты бір уақыт кезеңінде әрбір білім сатысы бойынша жұртшылық толық мойындаған және ғылыми зерттеулерге тірек болатын негізгі ұғымдар, жағдайлар мен идеялардың бірлігі.

Мотив– белгілі бір объектіге бағытталған әрекетке түрткі жасайтын тілек, талпыныс, қызығушылық, ниет, ынта, ықылас, т.б.

Мотивация - мотивтердің бірігіп, кірігіп әрекетке бағыт беруі.

Интеграция – ғылымдар тоғысы, білім мен ғылымның өзара байланысы.

Қатысымдық күзіреттілік – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Интеллектуалдық әлеует – қоғамдағы сұраныс үдесінен шығуға даяр әлеуметтік субъектінің уақыт пен орта алға тартқан міндеттерден, қиыншылықтардан, ұсыныс пен қажеттіліктен, бұрын беймәлім талаптан тұтастай болмаса да, негізінен биік тұрып, ілгерілеу динамикасы мен заңдылығына кіріге, бейімделе алу, соны ел мүддесіне, өз мүддесіне жегу арқылы бойындағы қабілеті мен мүмкіндігін ашу өресі.

Сөз этикеті – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу үшін қолданылатын, белгілі бір жүйемен, заңдылықпен ұйымдасқан, орныққан этикеттік мәні бар таңбалар құрылымы. Сөз этикеті сөз ішіндегі микрожүйе, «тіл ішіндегі тіл» деп те аталады. сөз әдебі сол құрылымды нақты жағдайда қолдана білуі

Сөз этикеті бірліктері – қарым-қатынасқа сыпайылық үстеу үшін қолданылатын, әр халықтың сөз әдебіне тән тұрақты оралымдар, клишелер мен штамптар.

Сөз әдебі – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу үшін қолданылатын, белгілі бір жүйемен, заңдылықпен ұйымдасқан, орныққан этикеттік мәні бар таңбалар құрылымын нақты жағдаяттарда қолдана білу. Сөз әдебі – тіл қатудың, сөз жұмсаудың қоғам қабылдаған, жұртшылық ұйғарған, ұлттық сипатқа ие ережелері мен тәртібі.

Лингвомәдениеттаным – тіл білімі мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болған, этнос мәдениетінің өз тіліне әсер етуін зерттейтін ғылым.

Тілдік этикет – адамдардың өзара сөйлесуінің мәдени тұрғыдағы қалыптасқан ережелері, қарым-қатынастың сөйлесімдік формулаларының жүйесі. Этикет адамның сыпайыгершілік, салт-жоралар мен әртүрлі рәсімдерді жетік білу талабы.

Дүниетаным– жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі.

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Уақыттың алмасуы мен заманның өзгерісіне қарай білім беру саласында үстемдік алатын жаңа парадигмалар оқытудағы дәстүрлі жүйе мен жаңа талаптарды тоғыстыра отырып, тұлғаның қалыптасуына керек жағдайларды екшеп, мектеп түлектерінің қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай қалыптасу бағыттарын белгілеуге негіз болады. Сондықтан тәуелсіздік алған жылдар еншісіне тиесілі жаңа міндеттер, ең алдымен, бүгінгі отандық білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық әлеуеті дамыған жаңа дәуір оқушыларының өзгермелі өмір жағдайына бейімделуіне, кез келген жағдаятта өздігінен шешім қабылдауына, ортамен тіл табыса алуға қажетті білімдерді меңгертетіндей саналы әрекетке үйренуін қажет етіп отыр. Бұл, әрине, оқу әрекетінің қоғаушысы саналатын оқу мотивтерінің түрлерін, орнын, қажеттігін айқындай отырып, осы бағыттағы оқу-тәрбие жұмыстарын мектеп түлектерінің интеллектуалдық әлеуетін, мәдени деңгейін арттыруға бейімдей жүргізудің өзектілігін арттыра түсуде. Өйткені оқу – адамның қалыптасу сатыларының өнбойында саналы түрде арнайы ұйымдастырылатын ерекше әрекет. Осы оқу әрекетінің барлығының кілті тіл болып саналады. Сондықтан жаңа кезең талаптарына орай тілді әрі тарихи, әрі заманауи құндылық ретінде меңгертуге, оның өмір сүру тәсіліне айналуына айрықша мән берілуі шарт.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауларында көтерілген «Мәңгілік ел- Мәңгілік тіл» идеясы, оны жүзеге асырудың бағыттары белгіленген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» - деген пікірлері тілді жаңаша оқытуды жетілдірудің негізіне алынып отыр [1, 1-2-б.]. Бұл идеялар білім беру саласында тілді меңгерту үдерісінұйымдастыруда ұлттық дәстүр мен жалпыадамзаттық құндылықтарды тоғыстыру қажеттігін көрсетеді. Себебі тіл– адамның қалыптасуының, руханилықтың бастау көзі. Сондықтан тілді заманауи тұрғыдан дамытудың негізі етіп оның салт-дәстүрмен, тарихпен, ұлттық тәрбиемен, ұлттық құндылықтармен сабақтастығы алынуы заңды. Осы орайда тілдің өзіндік ерекшелігі мен даралығын танытатын ұлттық сөз әдебі заңдылықтары сөз мәдениетінің тарихи тамыры терең, заманауи білім беру талабына орай прагматикалық сипаты айқын, тәрбиелік мәні ерекше, тұлға қалыптастырушылық бағыты нақты бір саласы болып саналады.

Тіл – адам баласына жаратылыстан берілген өзгеше қабілет, дара қасиет. Дұрыс құрмаластырып, орайлы етіп жұмсай білгенде тіл адам өміріне мән дарытып, оның танымдық-қатысымдық мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Сөзді әдепмен қолдану талаптарының қадім замандардан жеткен жәдігерлерден бастап күні бүгінге дейін ескірмей, уақыт өткен сайын қырлана, жетіле түсуі–

адамзат қоғамындағы тілдің әлеуметтік сипатының алуан түрлі екенін, сөйлеу мәдениеті мен сөз әдебінің күн тәртібінен ешқашан түспейтін өзектілігін дәлелдейді. Мәселен, әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында адам пікірінің тыңдаушыға екі түрлі әдіспен: «не анық дәлелдеме арқылы, не иландыру арқылы» жеткізілетінін тұжырымдайды [2,26-б.]. Осы байламдағы «иландыру» сөзінің мәнісі сөз әдебімен, сыпайы сөйлеумен, ойға, сезімге қозғау салуға ықпалдылығымен ұштасып жатыр. Сондықтан да Әбу Насыр әл-Фарабидің сөйлеу шеберлігі мен сөз әдебі туралы бұл тұжырымы әлі күнге көкейкесті болып отыр.

XI ғасырда жазылған «Қабуснамада» сөз сөйлеу әдебінің адамзат тіршілігіндегі рөлі туралы: «Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі– сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың. Қай кезде болсын сөйлеудің шегінен шықпа. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын...», - деген өнегелі өсиет жазылған [3, 96-б.]. Ал, бүгінгі жаһандану дәуірінде бұл сөздердің мәні одан сайын тереңдей түсуде. Себебі қазіргі таңда жер бетіндегі күллі өркениетті елдер ғаламдандудың ықпалынан құтқаратын бірден-бір жол– тілді, ділді сақтау екенін жете түсініп отыр. Академик Р.Сыздық айтқандай, «тілді сақтау қарекеті– тек әлеуметтік қана емес, саяси-идеологиялық, рухани-ұлттық үні бар құбылыс... Өйткені тіл–сол халықтың даралық сипатын көрсететін ұлттық рухани-мәдени коды. Тіл– тек қатынас құралы емес, адамды сол халықтың туа біткен толыққанды мүшесі ететін күш, әр адамды сол тілді пайдаланушы халықтың тұлғасы етіп шығаратын күдіретті күш, тіл– ұлттық сананы түзейтін құрал» [4, 3-б.]. Осы ой-тұжырымдар бүгінгі жаһандану жағдайындағы ұлт мектептеріндегі ана тілін оқыту әдістемесінің бағыт-бағдарын жетілдіру мақсатымен сәйкес келеді. Өйткені тілді оқытуды гуманитарлық ғылымдағы антропоэзектік парадигмаға сай дамыту жолдары осы бағытпен толық үндеседі. Бұл бағытты ұстану отандық білім беру жүйесінде инновациялық серпілістер жасауға да негіз болары анық.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектептерде оқытуды тұлғаға бағыттау бойынша өзгерістер жасауға талпыныс айқын көріне бастады. Оған тілдік білім нәтижелерін ҰБТ бойынша тест жүйесі бойынша бағалаумен қатар әссе жазуға ойысуы, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу біліктерін арттыруға ден қойыла бастауы дәлел. Бұл, өз кезегінде, бейіндік мектеп сатысында болашақ гуманитарлық салада қызмет ететін мамандықтарды таңдаған жас буынның өміріне қажетті білім беруді жандандыруды қажет етуде. Сондықтан мектеп түлектерінің ішкі тілегіне, мүддесіне сай білім беру көзделуде. Зерттеу жұмысында осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бейіндік мектеп сатысында таңдау пәнін оқытуға байланысты мүмкіндікті пайдаланып, оқушылардың өмірлік дағдыларын дамыту мақсатында сөз әдебін оқыту мәселесі қарастыру көзделді. Оның мынадай себептері бар:

1. Заманауи білім беру талаптары бойынша соңғы жиырма жылдың көлемінде отандық мектептер үш сатылы: бастауыш, негізгі және бейіндік мектеп жүйесіне көшті. Әр сатыда оқытылатын оқу пәндерінің жеке міндеттері мен күтілетін білім нәтижелерінің аражігі анықталды. Мысалы, тілді оқытуда грамматиканы ғана игертуден бас тартып, тілдің болашақ тұлға дамуындағы шешуші фактор болуына қатысты жаңа тұрпатты білім мазмұны анықталған болатын. Ол білім *тілдік-қатысымдық сауаттылық (тіл дамыту)– әдеби тіл нормасына негізделген лингвистикалық дүниетаным мен сөз дұрыстығы (тіл ұстарту)– сөз мәдениеті (сөз шеберлігі)* сабақтастығында түзілген еді. Жаңа тұрпатты «Қазақ тілі» оқулықтары да жазылды. Өкінішке орай, осы жаңа білім мазмұнын игертудің әдістемелік мүмкіндіктері мен мектеп түлегінің білім нәтижесін бағалау арасындағы сәйкессіздік пен қайшылықтардың салдарынан жаңа білім жүйесін меңгертуге үстірттікке жол берілді. Мектеп түлегінің сөз мәдениетін қалыптастыру мақсаты мен ҰБТ-дағы грамматиканы жаттау талабы біріне бірі қайшы келді. Жалаң грамматика оқушылардың тілді меңгеруге деген мотивациясын жойды, схоластикалық, жаттанды оқуға мәжбүр етті. Адам баласын алға ұмтылдырып, оны саналы әрекет етуге мәжбүрлейтін ішкі қуат, қозғаушы тегік – мотив тумағандықтан, білім сапасы төмендеді. Мотив адамның нақты бір әрекетіне қатысты ғана болмайтыны, ол сол адамның бүкіл тағдыр-талайының, болмыс-бітімінің қалыптасуында ерекше орын алатыны назардан тыс қалды. Мотив қана адам бойындағы әртүрлі қабілеттердің оянуына, қасиеттердің қалыптасуына айрықша әсер етеді де, ол оқушының келешек бағыт-бағдарын, жүрер жолын, әлеуметтік тұлға ретінде жетілу жүйесін дамытудың алғышартына айналады. Олай болса, оқушының оқу мотивтерін тудыра отырып, білім берудің ең ұтымды жолы– оның өміріне аса қажетті, маңызды, практикалық сипаты күшті білім мазмұнын айқындау. Сондықтан зерттеу жұмысында бейіндік мектеп оқушысының келешегіне керекті сөз әдебін меңгерту мәселесі нысанаға алынды. Өйткені сөз әдебін үйрену үлкен өмірге қадам басқалы отырған түлек үшін қажеттік тудырып, оның өмірлік дағдыларын дамытатыны, оқуға, өздігінен білім алуға қызықтыратыны сөзсіз.

2. Сөз әдебін үйренудің мектеп түлегі үшін прагматикалық мәні де ерекше. Ертеңгі күні қоғамдық өмірге араласқанда ең басты талап– ортада өзгелермен тіл табысу, өзгелерге өзін мойындату. Сол себепті оқушы осы таңдау пәнінде алатын білімнің өмірлік маңызын айқын біледі. Сөз әдебін үйренген адамның кез келген ортада, кез келген адаммен тіл табыса алатынын түсінеді. Тіл табыса алу– адамның атқаратын істерінің сәтті болуының шарты. Бұл оқушының сөз әдебін үйренуге деген оқу-танымдық қызығушылығын, мотивін тудыратыны сөзсіз. Сондықтан диссертациялық жұмыста бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін, сөз этикеті бірліктерін қолдану жолдарын меңгерту арқылы олардың әлеуметтенуіне қажетті дағдыларды дамытудың, қарым-қатынас әдебін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастықта игертудің ғылыми-әдістемелік мәселелері зерделенеді.

3. Бейіндік мектептің қоғамдық-гуманитарлық саласын таңдаған оқушылар сөз мәдениетін жан-жақты меңгеруді қалайды. Бұл олардың болашақ

мамандықтарының ерекшелігімен тікелей байланысты. Оқушылардың тілдік-қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін сөз мәдениетінің ең басты құрауыштарының бірі— сөз әдебі. Сондықтан бейіндік мектепте сөз әдебін таңдау пәні ретінде арнайы оқыту оқушының өзіне қажетті білім-біліктерді жүйелі, толық игеруінің, дүниетанымының кеңеюінің, ой-өрісі мен қабілеттерінің өсіп, интеллектуалдық әлеуетінің артуының маңызды шарты болып саналады. Осы оқу әрекетінің шығармашылық сипатқа ие болуы, ал оқушының әрекет субъектісіне айналуы оның оқу-танымдық әрекетіне бағыт беріп, қозғау салатын, білімнің өзі үшін жекелік мәнін айқындайтын, рухани дамуының басты тетігі, жеке тұлғаның сапалық қасиеттерінің көрсеткіші ретінде бағаланатын оқу мотивтерін қалыптастыруға да жол ашып, білім сапасын арттырады.

4. Оқыту үдерісінде тек жеке пәндік дағдыларды меңгертумен шектелмей, дүниетанымдық білім беру— қазіргі заманғы білім саласының басты тенденцияларының бірі. Сондықтан «Сөз әдебі» деп аталатын таңдау пәні оқушының жан-жақты білім алуына мүмкіндік беруді көздей отырып, «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» деген халықтық қағиданы негізге ала отырып түзілді. Сөз әдебін меңгерту үдерісінде тілдік жүйе философия, этнография, тарих, педагогика, психология, мәдениеттану, әдебиет секілді ғылым салаларымен интеграцияланады. Сонымен қатар таңдау пәнінде қазақ сөз әдебімен қатар әлемнің өркениетті жұрттарының да сөз әдебіндегі ерекшеліктерді таныту көзделеді. Себебі, біріншіден, оқушы өзгелердің сөз әдебімен салыстыра отырып, өз халқының рухани бай тіл әлемінің ерекшелігін түсінеді; екіншіден, ғаламдану үдерісі оқушының болашақта әлемдік кеңістікте өзге жұрттармен еркін араласуына да мүмкіндіктерді кеңейтіп отыр. Ертеңгі күні оқушы үшін осы пән арқылы алған білімдері өз септігін тигізетіні анық. Олардың қарым-қатынас шеғарасы кеңейіп, осы білімдерін қолдануға мүдделілік туатыны сөзсіз; үшіншіден, таңдау пәні аясында тілдің ұлттық құндылықтық мәні ашылады, жас ұрпақтың елжандылық қасиеттерін қалыптастыруға, тіл үшін өзінің жауапкершілігін сезіндіруге, жеке мүддесі мен елдік мүдделердің бірлігін сабақтастықта түйсінугіне қажетті білім мазмұны түзілді. Бұл өз кезегінде барлық білімнің кілті саналатын ана тілін оқытудың әдістемелік жүйесін жаңа сапаға көтерудің алғышарттарын қалыптастыруға қызмет етеді.

Осындай бағыттарды басшылыққа ала отырып, бейіндік мектеп оқушыларына таңдау пәні аясында сөз әдебін меңгерту бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным қажет етіп отырған білім беру жүйесіндегі оқушының өмірлік дағдысын қалыптастыру міндеті мен схоластикалық білім беруден арыла алмай отырған оқыту үдерісі арасындағы; бейіндік мектептегі оқыту жүйесіне енгізілген сөз мәдениетін білім нәтижесі ретінде құзіреттілікке бағыттау талабы мен оқу жетістігін ҰБТ арқылы бағалау шарты арасындағы; заманауи талапқа сай тұлғалық құзіреттіліктерді дамыту мақсаты мен жеке пәндік дағдыларды меңгертуден аса алмай отырған оқу жүйесінің нәтижелері арасындағы *қайшылықтарды* шешуге өз ықпалын тигізетіні сөзсіз. Жоғарыда аталған себептер мен осы қайшылықтарды шешу бағытындағы ізденістер зерттеу жұмысының өзектілігіне дәлел болады.

Зерттеу нысаны: жалпы білім беретін орта мектептің бейіндік сатысында сөз әдебін оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні: таңдау пәні аясында бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру негізінде сөз әдебін оқытудың әдістемесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты: бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, сөз әдебін меңгертудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін саралау, тиімді әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, сөз әдебін меңгертудің ғылыми-теориялық қағидаларын айқындау;

- бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін меңгертудің әдіснамалық тұғырларын: философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін анықтау;

- бейіндік мектепте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың әдістемелік жүйесін жасау және оның моделін ұсыну;

- сөз әдебін оқыту әдістемесінің тиімділігін эксперимент арқылы дәлелдеу.

Зерттеудің болжамы: *егер* бейіндік мектеп оқушысына сөз әдебін арнайы таңдау пәні ретінде ұсынып, оны оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері сараланса, пәннің білім мазмұны мен оқыту әдістемесі инновациялық талаптарға сай жүйеленсе, оқыту үдерісі білім берудің заманауи бағыттарына сай жаңа парадигмалар негізінде ұйымдастырылса, сол арқылы оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруға қол жеткізілсе, *онда* болашақ мектеп түлектерінің интеллектуалдық әлеуеті көтеріліп, сөз әдебі туралы дүниетанымы кеңейтіліп, оқу-ізденімдік, коммуникативтік-когнитивтік, прагматикалық қабілеттері дамытылар еді. **Өйткені** сөз әдебін меңгерту үдерісінде оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыру туралы қағидалар мен тұжырымдар тілді оқыту үдерісінде болашақ түлектердің сөз әдебімен байланысты өмірлік дағдыларын дамытудағы негізгі бағыттарды анықтауға, дүниетанымдық білім беру сипатында жаңаша ізденістер жасауға, мәдени-коммуникативтік құзіреттіліктерді саналы меңгертуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының идеясы: Бейіндік мектепте сөз әдебін арнайы таңдау пәні аясында жүйелі меңгерту–оқушының өмірлік дағдыларын дамыту мен оқу мотивтерін өзара бірлікте қалыптастырудың басты кепілі. Сөз әдебін меңгерту– оқушының тіл туралы дүниетанымын кеңейтуге, тілдік-тұлғалық қабілеттерін, құзыреттіліктерін дамытуға деген өзінің ішкі мүдделілігі мен қоғамдық-әлеуметтік сұранымды үйлестірудің тетігі. Сол үшін сөз әдебін оқыту «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» қағидасына негізделген біртұтас әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеу жұмысының жаңашылдығы:

- білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында бейіндік мектепте сөз әдебін меңгерту оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыру жүйесімен бірлікте қарастырылды;

- бейіндік мектепте сөз әдебін оқушының оқу мотивтерін қалыптастыра оқыту үдерісінің тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттырудағы маңызы дәйектелді;

- бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін дамыту арқылы сөз әдебін қалыптастырудың ұстанымдары белгіленді, лингвомәденитанымдық факторлары анықталды;

- бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін меңгертудің ғылыми-әдіснамалық негіздері философиялық, педагогикалық тұрғыдан сараланды;

- сөз әдебін оқытуда оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастырудың психологиялық алғышарттары Абай тұжырымдары арқылы негізделді;

- «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқыту жүйесінің моделі жасалды;

- таңдау пәнінде ұйымдастырылатын ағымдық және модульдік тапсырмалары дайындалды, жаттығудың типтері сараланды, олардың әрқайсысын бағалаудың критерийлері анықталды;

- «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі ұсынылды;

- бейіндік мектепте «Сөз әдебін» оқыту әдістемесінің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, дәйектелді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде тілді, сөз мәдениеті мен сөз әдебін оқытуға қатысты теориялар, білім философиясындағы тіл, сана, тарихи жад, тұлға туралы ілімдер, педагогикадағы білім мен тәрбиенің бірлігі, оқытудың жаңа жүйесі мен талаптары туралы қағидалар, Абайдың адам әрекеті, ұлттық психология туралы тұжырымдары мен заманауи психология ғылымындағы мотив туралы пайымдаулар, жеткіншек кезең оқушысының жас және психологиялық ерекшеліктері туралы ой-пікірлер алынды. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыста тілді оқыту әдістемесіне байланысты заманауи оқыту технологиясының жетістіктері, оқытудың тиімді әдістері туралы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін айқындауда сараптау, ой қорыту, жалпылау әдістері; экспериментті ұйымдастыру кезеңдетікелей, жанама, ұзақ мерзімдік бақылау, салыстырмалы әдістер, сауалнама, әңгімеәдістері; зерттеу нәтижелерін қорытындылауда талдау, қорыту; эксперимент нәтижелерін сапалық және сандық тұрғыда сараптау, модельдеу, жинақтау әдістері қолданылды.

Эксперименттік база негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп КММ, Т.Бигелдинов атындағы №16 жалпы орта мектеп КММ және №22 жалпы орта мектеп КММ алынды.

Зерттеу жұмысының кезеңдері:

1. Бірінші кезеңде (2014-2015) зерттеу тақырыбының проблемаларын, ғылыми-теориялық негіздерін айқындау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың заманауи білім беруге қатысты, тілді оқытуға байланысты еңбектерімен танысып, оларға талдау жасалды, болашақ зерттеудің негізгі

бағыттары нақтыланды. Диссертациялық жұмыстың негізіне алынатын қағидалар, жетекші идея айқындалды; бейіндік мектепте таңдау пәнін оқытудың бағыттары белгіленді. Анықтау экспериментінің материалдары дайындалды.

2. Екінші кезеңде (2015-2017) анықтау эксперименті жүргізілді, соның нәтижесінде «Сөз әдебі» таңдау пәні бойынша ұсынылатын білім мазмұнының құрылымдық жүйесі жобаланды; оны оқытудың ұстанымдары анықталды, сөз әдебін меңгертудің әдіс-тәсілдері, кешенді тапсырмалар жүйесі жасалды. Таңдау пәні қалыптастырушы эксперимент негізінде сынақтан өткізілді; оқытудың әдістемелік жүйесінің нәтижелері жинақталып, қорытындыланды.

3. Үшінші кезеңде (2016-2017) зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, зерттеу нәтижелері қорытындыланды. Таңдау пәнінің білім мазмұны нақтыланды; тапсырмалар мен әдіс-тәсілдері жүйеленді; бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалды. Зерттеу тұжырымдары диссертациялық жұмыс болып дайындалды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Жұмыс нәтижелері бейіндік мектепте таңдау пәнін оқыту әдістемесі теорияларын жетілдіруге, сөз әдебін оқытуды одан әрі кеңейтіп зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жаслаған тұжырымдар жалпы білім беретін мектептердің бейіндік сатысында қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негізін байытуға, оны жаңа уақыт талабымен сабақтастықта дамытуға ықпал етеді. Сөз әдебі бойынша жүйеленген құзыреттіліктер қазақ тілінен күтілетін білім нәтижелерін нақтылауда пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңызы. Зерттеу қорытындылары жалпы білім беретін мектептің бейіндік сатысында білім сапасын жетілдіруге, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлайтын арнаулы курстардың мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысын мектеп мұғалімдеріне, аспиранттар мен ізденушілерге көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Зерттеу қорытындылары оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулар дайындауда, сабақ жоспарларын жасауда қолдануға болады.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы зерттеу негізі етіп алынған теориялық қағидалардың әдіснамалық тұрғыдан сараланып талдануымен бекітіледі. Сонымен қатар зерттеудің мақсатына, алға қойылған міндеттеріне сәйкес қолданылған зерттеу әдістерінің ұтымдылығы мен солар арқылы қол жеткізген нәтижелер зерттеудің сенімділігіне кепілдік етеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

- сөз әдебін меңгерту заманауи білім беру жүйесіндегі жаңа парадигмалардың жүзеге асуына мүмкіндік береді, өйткені сөз әдебін арнайы таңдау пәні ретінде оқыту бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа жауап

береді, мектеп түлегінің мәдени-қатысымдық, мәдени-танымдық, мәдени-ақпараттық құзіреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді;

- сөз әдебін таңдау пәні ретінде оқыту бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыруға оң ықпал етеді. Ал, оқу мотивтері білімнің саналы меңгертілуінің, оқу сапасын арттырудың бірден-бір кепілі болып саналады. Сөз әдебін оқытуда оқу мотивтерін қалыптастыру мәселесін ұлттық психологияға негіздеу үшін Абайдың адам әрекетіне қатысты тұжырымдары негізге алынуы қажет. Өйткені сөз әдебін меңгеру бәсекелестікке бейім тұлғаның бойында өмірлік дағдылардың қалыптасуына жол ашады, сондықтан білім мазмұнында ұлттықжәне жалпыадамзаттық құндылықтарды тоғыстырып отыру көзделеді;

- сөз әдебін таңдау пәні ретінде оқыту мектеп түлегінің сөз әдебінің қызметтерін жете түсініп, сөз этикеті орамдарын өмір жағдаяттарында орынды қолдана алу дағдыларын қалыптастырады да, олардың функционалдық сауаттылығын жетілдіреді. Сөз әдебі бойынша берілген білім оқушының ойлау, пікір айту, пайымдау қабілеттері мен эстетикалық сезімдері мен тілдік талғамын дамытады;

- сөз әдебін меңгерту «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» халықтық қағидасына негізделіп, оны оқытудың біртұтас моделі жасалуы тиіс. Ол үшін білім мазмұны антропоэзектік парадигмаға сәйкес тілдің философиямен, мәдениетпен, тарихпен, этнографиямен, психологиямен, педагогикамен, әдебиетпен, рухани құндылықтармен байланысына негізделіп, әлемнің өркениетті жеті жұртының сөз әдебін қазақ тілімен салыстыра отырып, меңгертудің әдістемелік жүйесін құру қажет. Бұл күтілетін білім берудің мақсатынан бастап білім нәтижелерін базалық және тұлғалық құзіреттіліктер түрінде қалыптастыру жолдарын жүйелеу мүмкіндігін толық көрсетеді;

- сөз әдебін меңгертуде оқытудың интерактивтік әдістері мен инновациялық технологияларды тоғыстыра қолдану үшін арнайы жаттығулар мен ізденімдік-шағырмашылық сипаттағы тапсырмалар түзіліп, оның әрбірін бағалау критерийлері нақты берілуі шарт. Бұл білімнің сапасының жоғарылауына кепілдік береді.

Зерттеуге қатысты жарияланымдар мен жұмыстың мақұлдануы.

Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген басылымдарда: Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Филология ғылымдар сериясы(№3(57),2016ж.), «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№2 (37), 2016ж.), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, 1 бөлім. (№5(114), 2016ж.), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. (№5(108), 2015ж.), «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№3(46), 2017ж.), «Абай- әлемдік феномен» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. (Астана,30қазан, 2015ж.), «Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты IV-дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, (IV/II,Түркістан,2016ж.),

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Сәрсенұлы Ергөбектің шығармашылығының 40 жылдығына орай ұйымдастырылған «бүгінгі түріктану мәселелері» атты халықаралық ғылыми- теориялық конференция материалдарында (Түркістан:5-6 мамыр 2016ж.), Қазақ тіл білімі мен оқу- ағарту ісіне еңбегі сіңген ұлағатты ұстаз ф.ғ.д., профессор Талғат Сайрамбаевтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Жахандық бәсекелестік жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми- әдістемелік конференция материалдарында (Түркістан, 20 ақпан 2017ж.), «Ғылым, білім және тәжірибенің өзара байланысы» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияның материалдары, (Шымкент: Халықаралық гуманитарлық- техникалық университеті, 2017ж.), «Экспо-2017: Кәсіби педагог мамандарды даярлаудағы инновациялық бағыттар»- Байтанаев оқулары-5 атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференцияның материалдары 1 бөлім, (Шымкент: Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Педагогикалық Институты, 2017ж.), Science, Technology and Higher Education: materials of the VIII International research and practice conference, Westwood, Canada, October 14th-15th, 2015/publishing office Accent Graphics communications (Westwood-Canada, 2015ж.), European Scientific Conference, сборник статей победителей III международной научно- практической конференции, состоявшейся 20 апреля 2017 года, в г. Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». Часть1, Man in India, Volume: No.97(2017), Issue No.:2(2017): Serial publications, pp.655-670 (Индия, Scopus, (ISSN 0025-1569 SJR (2013 год) = 0,109), Anadolu'dan bir ses, Yil: 2 Sati: 3/1 Ekim 2015, Kazakistan Ozel Sayisi 3.Sayinin ilavesidir, Kapadokya-Uchisar-Turkiye, «Сөз әдебі» оқу-әдістемелік құрал. Ермекбаева А.Ш., -Түркістан, 2017,-80-б.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ТАРАУ. СӨЗ ӘДЕБІН МЕНГЕРТУДЕ БЕЙІНДІК МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ-ТҮЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ-МӘДЕНИ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

1.1 Білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында сөз әдебін оқыту үдерісінде бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастырудың маңызы

Білім– жас ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыратын, өмірлік дағдыларын дамытатын бірегей қайнар көз. Сондықтан білім болашақ ұрпақтың бойына әлеуметтік ортада өмір сүруге қажетті ойлау, сөйлеу, шешім жасау секілді аса маңызды біліктерді сіңіруге бағытталуы заңды. Сонымен қатар білім өз алдына жеке, дара қаралмай, қоғамның дамуымен бірлікте жетілдіріледі. Өйткені білімнің, оқытудың қажеттігі оқушы өмір сүретін ортаның талабына, сұранысына сай болуы маңызды факторлардың бірінен саналады. Бүлөз кезегінде заманауи сұранымды қанағаттандыру үшін білім беруді мемлекеттік мүдделермен сабақтастырып дамытуды қажет етеді. Ал, білімнің дұрыс берілуі үшін оның мазмұны ұлттық, сипаты инновациялық болуы– міндетті талап. Өзінің бастауын отандық озық дәстүрлерден алатын және оны әлемдік үлгілі үрдістермен ұштастыратын жаңа тұрпаттағы білім ғана әлеуметтік сипат алып, қоғамның интеллектуалдық және мәдени әлеуетін өсіруге қызмет етеді. Сол себепті білім жалаң ережелер мен теориялардан құралмай, оқытудың өн бойында дүниетанымдық білім мен ұлттық тәрбие ұштастырылып отыруы маңызды. «Ел болашағының кепілі бола алатын тілдік білім– уақыттың сынынан, талғамның тезінен өткен, өркениетке шынайы даму жолымен жеткізетін тамыры терең, діңі берік, өмірлік дағдыларды дамытуға бейім білім. Осындай білім жас буынның интеллектуалдық-мәдени деңгейін арттыруға қызмет етеді, дүниетанымын кеңейтеді, көзқарасын қалыптастырады да, тұлғаның әлеуметтенуіне жол ашады» [5,24-б.].

Тәуелсіздік алған Қазақстан мемлекетінің де болашағы оның білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен сауатты даму саясатына тікелей байланысты. Олай болса, жаһандану жағдайында ұлттық және жалпыадамзаттық білім кеңістігіндегі ортақ талаптарды, мүмкіндіктерді ұштастыра отырып, олардың арасынан ұтымды жол табу қажет. Бұл орайда қай пәнді оқыту жүйесін жетілдіруде болсын заманауи білім саласының дамуына оң ықпал ететін жаңа парадигмалардың жүзеге асырылу жайын саралап, оны зерттеу тақырыбымен байланыста қарау әрі міндет, әрі талап деп санаймыз. Сондықтан бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, қазақ тілін оқытудың, оның ішінде сөз әдебін менгертудің ғылыми-теориялық бағыттарын айқындап алу үшін оны қазіргі таңдағы білім берудің жаңа парадигмалармен сабақтастыра қарастырудың маңызы зор. Олардың

қатарында өткен кезеңдердегі пәндік-білімдік парадигмадан бас тартып, ендігі жерде кең өріс ала бастаған білім берудегі антропоэзектік, білім беру үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдарын күшейту, білімді интеграциялау, тілге деген сүйіспеншілік тудыру, білім нәтижелерін күзіреттіктер түрінде айқындау және т.б. парадигмаларды атауға болады.

Алдымен осы жаңа парадигмаларға сүйене отырып, білім беру жағдайында оқу мотивтерін қалыптастырудың басым бағыттарын айқындап алу үшін «парадигма» және «мотив» терминдерінің зерттеу аясындағы қарастырылу жайына, олардың бір-бірімен ұштасу мүмкіндіктерін етоқталған орынды.

Парадигма (грек. *paradeigma*- үлгі, мысал)– бастапқы тұғырлы үлгі (схема) дегенді білдіреді. Білім саласына қатысты алғанда:

- нақты бір уақыт кезеңінде әрбір білім сатысы бойынша жұртшылық толық мойындаған және ғылыми зерттеулерге тірек болатын негізгі ұғымдар, жағдайлар мен идеялардың бірлігі;

- білім беру саласына қатысты аса өзекті мәселенің қойылымы мен оны шешу моделі;

- білім беру жүйесінде түрлі аспектілерде өзгерістер жасау алғышарттарының бірлігі;

- Платон теориясы бойынша, «рухани және материалдық әлемнің өзара қатынасы»[6,24-б.].

Ал, «мотив» термин ретінде кейін қалыптасқанмен, әрекет етуге итермелейтін ішкі қозғаушы күш екені жайында ертеден-ақ айтылып келеді. Әл-Фараби еңбектерінде білім мен адамның тұлға ретіндегі даму бірлігі сол адамды жаңаны білуге, үйренуге деген ішкі мүддесімен тығыз байланыста қарастырылады. Адамды үнемі алға ұмтылдартын ішкі қуат көзін «талпындырушы күш» деп атайды. Ғалым: «Ойлаушы күш не практикалық күш болады. Осы күштерге талпындырушы күш ілесе жүреді. Ол сезімтал күшке де, сондай-ақ, қиялдағыш күшке де қызмет етеді. Қызмет етуші танымпаз күштер тек қана талпындырушы күш арқылы қызмет көрсетіп, әрекет ете алады»,-деді [7, 310-б.]. Ғалымның тұжырымдауынша, бір мотив әрекеттің соңында өзінен жоғары деңгейдегі тағы бір мотивті туғыза алса ғана адам дамуындағы үздіксіз ізденіс, даму алға жылжып отырады. Бұл адамның білімін толықтырып, білігін арттыратын барлық үдеріске тән екенін көрсетеді.

Адам өмірінің мәніне терең бойлаған Абай шығармашылығында да әл-Фарабидің пікіріне үндес ойлар айтылады. Оның адамды саналы әрекет етуге итермелейтін ішкі күштер бірте-бірте дамытылғанда оның кісілік қасиеттеріне айналатыны жөніндегі пікірлері «жан азығымен» байланыста жан-жақты зерделенді[8, 10-б.]. Адамды өзге жан иелерінен ажыратып тұратын да осы түрткі, мүдделілік, ұмтылыс екені көрсетіледі. Абайдың қарасөздеріндегі маңызды байламдар сөз әдебін мотив қалыптастыра оқытудың психологиялық негіздерін дәйектеуде басты бағыт, ұстаным ретінде тұтас алынды (диссертацияның 2.2.тараушасы).

Сондықтан сөз әдебін оқытқанда оқушының әрдайым жаңа әрі қызықты білім алып, келесі сатыда оны тереңдетуіне жағдай жасау көзделді. Мәселен, сөз әдебін арнайы таңдау курсы ретінде ұсынар алдында оқушылардың ынтасын, қызығушылығын ояту мақсатында пәннің мазмұны, онда ұйымдастырылатын жаттығулар мен тапсырмалар туралы арнайы тұсаукесер жасалды. Бұл— оқушылардың пәнге қызығушылығын оятты, талаптандырды. Пәнді оқу барысында олар білім мазмұнына қатысты тапсырмаларды өзіндік ізденіс жұмыстары арқылы орындағанда, білімдері беки түсті, олардың танымдық қызығушылықтары артты да, оқу мотивтері жаңа сапаға көтерілді. Ендігі жерде олар үшін сөз әдебін меңгеру тек сыртқы әдеп үшін емес, адамның адамгершілік қасиеттерімен, ұлттық құндылықтармен сабақтас екенін түсінді. Мысалы, 1-модульдегі тақырыптар бойынша вербалды және вейвербалды амалдардың өзінің сөз әдебімен байланысты екенін білуі үлкен ықпал етті. Қазақ қоғамындағы ізгі дәстүрлердің сөз әдебінің қалыптасуындағы рөлін білуі олардың бірлігін тануға деген ынтасын арттырды. Атап айтқанда, алдымен үлкенге ізет көрсету, жасы кішілердің үлкен кісілерге қос қолын ұсынып амандасуы, бас иіп, қолын төске қоюы, тізерлеп құрмет көрсетуі мен «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария барып сәлем береді» деген ата салттың арасындағы байланыстың мәнін білуі; келіннің сәлем салуға, ат тергеуге қатысты дәстүрлерінің сөз әдебімен байланысы туралы білімдері оқушылардың қызығушылығын кеңейтті. Олардың «ескіліктің қалдығы» емес, ұлттық ділдің ерекшеліктері екенін, олардың ізгілікті қоғам көрсеткіші екенін түсінуі жаңа пайымдауға жеткізді.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде адамның әрекет етуіне түрткі болатын мотив ұғымы «себеп» деп аталады. Әрбір әрекеттің жүзеге асуының себебі мақсаттылыққа негіз болатыны дәлелденеді. Ол: «Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер яки дәлел «мотив» деп аталады», - деп түсіндіреді[9, 24-б.]. Сөз әдебін оқытудың да бейіндік мектеп оқушысының ішкі тілегімен қабысып, үйлесіп отыруына мән берілді. Себебі адам қандай мамандықты таңдаса да, оның өмірдегі барлық мүмкіндіктері басқалармен қаншалықты тіл табыса алуына байланысты болады. Таңдау пәнінің кіріспе сабақтарында осы бағыттағы ұғым-түсініктер кеңінен қамтылды. Бұл оқушының білімді өз ынтасымен үйренуіне алғышарт қалыптастырды.

Әлемдік педагогиканың озық үлгілерін саралап қарағанда, соны идеялардың қай-қайсысында да оқушының өзіндік әрекет етуіне басымдылық беріліп отырған көрінеді. А.Байтұрсынұлы: «Нәрсенің атын алмай, затын алып оқыту жолымен ғана білімнің балаға да, мемлекетке де пайдалы болатынын» айтып, білімнің мәні оның оқушының ішкі қажеттігімен үйлесуінде екенін негіздейді[10, 87-б.]. Білімге қызықтыру, ең алдымен, оның өз өмірі үшін маңызын танымайынша, білмейінше, мойындамайынша мүмкін емес. Қызығушылық ояту, мүдделілік тудыру— оқудың әрі нәтижесі, одан әрі дамытудың қозғаушы күші. «Мотив оқушының оқуға деген

әлеуметтік көзқарасын да, субъект ретінде бала үшін оқудың өмірлік мәні қандай екенін де айқындайды. Бұл көрсеткіштер субъект дамуының сапасын танытады» [11, 8-б.]. Оқу мотивтерінің туыоқушының пәнге деген қызығушылық деңгейін толық көрсете алады. Өйткені оқу әрекетіндегі оқушының жеке бас ерекшеліктері ретінде «оның оқу мотивтерін ескеру қашан, қандай жағдайда да баланы өзін-өзі тануға қабілетті “әрекет субъектісі” деп қарағанда толық іске асады» [12,31-с.].

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде алынған ғалымдардың еңбектеріндегі ең басты сәйкестік ретінде интеллектуалдық әлеуеттің орталық мәселесі етіп тұлғаның ақыл-ой қуатымен қатар оның ішкі рухани әлемін қалыптастыруда оқу мотивтеріне сүйене отырып білім меңгертуге мән беретіндігін атауға болады. Қазіргі замандағы ғылыми-техникалық революция мен тұлғаны рухани дамытуды үйлестікте жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы айта келе А.С.Панарин өркениеттіліктің белгісі сыртқы өндірістік технологияларды дамыту емес, ең алдымен, адамның ішкі дүниесіндегі өзгерістер негізінде анықталатынын былайша түсіндіреді: «Человек сохраняет статус существа, судьба которого определяется не столько силами внешнего порядка, сколько внутренними духовными факторами» [13, 236-с.]. Автор өз еңбегінде «білім– мәдениеттің аса маңызды компоненті, тұлғаны әлеуметтендірудің шарты» ретінде оны белгілі бір әлеуметтік ортада дамытатынын айтады. «Білім арқылы ғана әлеуметтік тәжірибені меңгертіп, интеллектуалдық-мәдени әлеуеті жоғары тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыруға болады. Білімнің әлеуметтік-мәдени қызметін күшейту нәтижесінде тұлғаны дамыту гуманитарлық бағыттың өрістеуіне жол ашып, жаңа дәуір адамының өмір салтын өзгертетін қуатқа ие болатыны пайымдалады. Сондықтан жоғары сыныпта оқушыларға сөз әдебін оқытуды арнайы пән аясында жүзеге асыру олардың білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді» [14, 51-с.].

XX ғасырдың 20-30-жылдарының өзінде-ақ реформаторлық педагогикаидеясын негіздеуші А.Бине «оқушы белсенді таным субъектісі болуы тиіс» деген болатын[15,97-б.]. Егер оқушы өз әрекетінің субъектісі болса, онда ол жерде мотив бар деген сөз. Өйткені мотивсіз ешқандай әрекет жүзеге аспайды. Ал аса қалса, татымды нәтиже бере алмайды. Енжар әрекет ішкі қозғаушы күштің– мотивтің жоқ екенінің белгісі саналады. Бұл жайында неміс ғалымы Х.Хеккаузеннің еңбегінде: «Мотив– гипотетический конструкт, объясняющий устойчивые особенности целенаправленности, избирательности, интенсивности и продолжительности деятельности через приписывание субъекту соответствующих латентных установок (диспозиций)»-деп көрсетеді [16,43-с.]. Шын мәнінде, селқос орындалатын әрекетте мақсат болмайды да, оқушының оқу-танымдық белсенділігі төмендейді. Ал, «бейіндік мектепте де қазақ тілін оқыту үдерісінде оқу мотивациясын қалыптастыру оқушының қазақ тіліне деген қызығуын арттырады, олардың өздігінен ізденуіне, сөйлеу мәдениетін дамытуға, өз ойын жеткізуге, өзара пікір таластыра білуге үйретеді» [17,452-б.] Бұл, ең

алдымен, оқушының ішкі серпілісін тудырып, белсенділіктерін арттырады.

Мотив мәселесі мен оқытудың байланысын әр қырынан зерттеген итальян педагогі М.Монтессори оқушының өздік әрекетінің білім сапасына, нәтиже сапасына қатысын қарастырды. Ғалым: «Кімнің әрекет ету қабілеті биік болса, сол— сапа»,— деді [18, 162-б.]. Американың атақты педагогі әрі психологі прагматизм ілімін негіздеген Дж.Дьюи даралап оқыту идеясын қолдағанда да осы оқу әрекеті мотивтерінің рөлін жоғары бағалайды: «Мотивация вызывается только изнутри самого человека. Усилия дает вам мотивацию, мотивация дает вам вознаграждение» [19, 162-б.]. Осындай идеяларға негізделген қазақ сөз әдебін бейіндік мектепте мотив қалыптастыра оқыту мәселесі антропоэзектік парадигмамен біртұтастықта қаралуы маңызды болды.

«Психологиялық сөздікте» мотив терминіне мынадай анықтама берілген: «Мотив»— латын сөзі. Ол қозғаушы, итермелеуші, оятушы күш деген мағынаны береді» [20, 261-б.]. Олай болса, мотив туу үшін әрекет иесі, субъектісі болуы шарт. Адам әрекетінің субъективті сипаты оның таңдауын айқындайтын қажеттерімен, эмоцияларымен, мотивтерімен бірлігінен танылады да, адам белсенділігінің де кеңеюіне оң ықпалын тигізеді. Әрекеттің субъективтілігі оның өзі үшін мәнін танытатын мотивтерге тікелей қатысты. Өзі үшін маңызды әрекетті орындаудағы адамның табанды болуы да оған итермелейтін мотивтердің мазмұны мен сипатына байланысты болып, ол түпкі мақсатқа жетудің жолдарын анықтауға көмектеседі. Осы жолда кездескен қандай қиындықтарды да жеңуге ұмтылдырады. Мотив қалыптастырудың жүйесі: Мотивтің түпкі негізінде таңдау жатыр. Ол үшін мақсатты таңдау қажет. Себепті анықтау керек, тілекті орындау керек. Себепті анықтау — тұлға дамуының құпиясы, кілті. Мотивация — кездейсоқтық немесе жай ғана сезім емес, ол мотивтің тууына саналы түрде мүдделі болу, пайдалы нәрсені таңдау, әрекеттің тереңінде жатқан себеп. «Мотив — дене күші емес, жеке ерекшелік те емес, ол — еркін және саналы ақылдың тілегі мен еркі. Мотив — тілек пен ерік күшінің ымырасы» [20, 261-б.]. Сондықтан ұсынылған «Сөз әдебі» пәнінің өзі атына сай таңдау жолымен жүргізілуі үнемі назарда болды. Алдымен, осы пәнді өзі таңдаған оқушылар іріктелді. Екі модуль бойынша жүргізілген әрбір тапсырмада оқушылардың өздері таңдауына мүмкіндік беру барынша сақталды. Өйткені субъект өзі таңдаған жағдайда ғана шынайы оқу мотивтері қалыптасатыны ескерілді. Мысалы, жұптық жұмыстарды оқушы өзі таңдаған серігімен бірге орындауына, екеуінің бірігіп таңдаған тақырыптарын, тапсырмаларды алуына барынша жағдай жасалды. «Аквариум» тәсілі бойынша олар ең үздік көрсеткішке ие болған үздіктерді де өздері таңдап отырды. Бұл олардың өзін де, өзгелерді де бағалау дағдыларын дамытуға, объективті болуға үйретті.

«Мотивтердің генезисін анықтауға қажетті оның туу, даму және жекелеген мотивтердің өзгерісін анықтау үдерісі—күрделі үдеріс. Себебі мотив гипотетикалық құрылымға жатады. Мотивтерді өлшеу үшін оның күшін, бағыттылығын, сол мотивтердің дамуының негізі болып саналатын

әрекет иесі үшін маңыздылығын анықтау қажет» [21, 300-б.] Жалпы алғанда, зерттеушілер мотивацияның тұлғаның даму үдерісіндегі маңызын әрқилы түсіндіріледі. Мысалы, бір зерттеушілер: «Мотивация – кез-келген әрекеттің табысты болуына қажет ықпалды бірлік. Ол көздеген мақсатқа жетуде өте маңызды рөл атқарады», - десе [22, 19-б.], екінші бір ғалымдар: «Мотивация – бұл іс- әрекет тудыратын, оны басқарып, бекітетін ішкі жағдай» - деп тұжырымдайды [23, 302 -б.].

Мотивті өлшеу барысында адамның сол сәттегі әрекеті кез келген немесе барлық мүмкін мотивтердің қатысуымен емес, дәл осы жағдайда алға қойылған мақсатқа толық сай келетін, әсері ерекше жоғары деп саналатын мотивтер негізінде анықталатынын ескеру маңызды. «Сол мотив қана белсенді бола түсіп, басқа мотивтердің тууына, дамуына өз ықпалын тигізеді» [22, 261-б.].

Мотив – адам орындайтын әрекеттің ішкі қозғаушы күші, оны бағыттаушы, нәтижеге жетуінің шарты. «Дидактикада белгілі бір объектіге бағытталған әрекетке түрткі жасайтын тілек, талпыныс, қызығушылық, ниет, ынта, ықылас, т.б – мотив, ал олардың бірігіп, кірігіп әрекетке бағыт беруі мотивация деп аталады» [11, 46-б.]. Мотивация оқу әрекетінің танымдық, эмоциялық қырларымен қатар жүреді әрі олардың қалыпты дамуына әсер етеді. Баланың ұғым-түсініктерін кеңейтуге тірек бола отырып, бірте-бірте оның ішкі қасиетіне ауысатын элементтерді саралайды. Мысалы, бейіндік мектеп оқушысының сөз әдебін үйренуі әрекет болса, оның жемісті болуы, оқушының жеке басы қасиеттерін дамытудың мәнді факторына айналуы әрқашанда оған себеп болатын мотивтердің қозғалысына, мотивацияға тәуелді. Өйткені «мотивация тіл меңгерудегі тұлғалық ерекшеліктерді көрсетуде қолданылатын күрделі тұрақтылықты білдіреді» [24, 472-б.]. Бұл сөздер «1950 жылдардың соңында Гарднер мен Ламберт өз еңбектерінде мотивацияның түрлі аспектілерін жарыққа шығарғалы бері, ғалымдар, мұғалімдер мен тіл үйренушілер бетпе-бет келген «мотивация» түсінігінің күрделілігін тиянақты суреттейді» [25, 32-б.].

Оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруда мұғалімнің кәсіби шеберлігінің маңызы жоғары. Дорнвей көрсетіп кеткендей, «оқушының пәнді меңгеруге деген мотивациясын тудыруда мұғалімнің қабілеті нәтижелі әрі тиімді оқыту шеберлігі ретінде көрінуі тиіс» [26, 230-б.]. Бұл өз кезегінде ұсынылған білім мазмұны қаншалықты оқушы үшін қызығушылық туғызатын фактор болса, оларды меңгертуде мұғалімнің бүкіл сабақ үдерісін қызықты етіп ұйымдастыра алуы, әр тапсырманың оқушының ынтасын арттыра түсетіндей түзілуі де мотивацияны дамытудың басты факторы саналады. Бейіндік мектепте сөз әдебін үйретуде бұл мәселе оқушының жас ерекшеліктеріне, болашақ мамандық бағдарларына қарай жүргізілуі тиімді. Себебі оқу үдерісі кезінде ынталандыру күшті болса, оқушылар да шабыттанып, оқуға деген құлшынысы молая түседі. «Олар берілген тапсырмаға мұқият, үнемі қолдап отыруды қажет етпейді, мәселемен бетпе-бет келуге құмар, тіпті топтық оқуды жеңілдете отырып басқаларға да түрткі

тудыра алады» [25, 56-б.]. Дегенмен, мотивацияның құрылымы қаншалықты терең ұғынылса, оған әсер етудің шегін түсіну оңай болар еді. Мұғалім оқушы мотивациясын түрлі деңгейде оята алады және оны іске асыру мен игертуде басты рөл ойнайды» [27, 11-б.]. Мысалы, «Сөз әдебі» пәнінің екінші модулі «Әр елдің салты басқа..» деп аталды да, онда оқушылардың таңдауы бойынша әр елдің сөз әдебіне тән ерекшеліктерді тұсаукесер түрінде қорғату көзделді. Әрі тұсаукесер, әрі рөлдік ойын түрінде жүргізілгендіктен, бұл жұмыстар оқушылар тарапынан үлкен серпіліс алып, мотивация туғызды.

Адам баласының өміріне қажетті үш әрекет бар: ойын, оқу, еңбек. Осындай әрекеттердің психологиялық макроқұрылымының мақсат, мотив, тәсіл секілді элементтері туралы С.Л.Выготский мен С.Л.Рубинштейн еңбектерінде де кең ауқымда сөз болды. Л. С. Выготский адам ортада қалай өмір сүру керектігін туғаннан емес, жүре келе, сол ортада тарихи тұрғыдан әбден қалыптасқан әрекет түрлері мен тәсілдерін меңгеретінін айтқан. «Әрекет жүйесіндегі сабақтастық оған бағыт беретін мақсат пен дамуға негіз салатын мотивтердің бірлігімен көрінеді. Әрекеттің құрамына енетін еңбекке саналылық пен мақсаттылық тән. Ол еңбек жүзеге асуы үшін оған нақты бір мақсат белгіленуі тиіс. Мақсат пен сол шарттың сәйкестенуі әрекет үстінде атқаруға тиісті міндеттерді белгілейді. Кез келген әрекет ішкі қозғаушы күш – мотивтерден туындап, олардың мақсатпен байланысы әрекет барысында өз ықпалын күшейтеді, соңында әрекет нәтижесінің деңгейін, сапасын айқындауда шешуші рөл атқарады» [28, 11-б.]. Өз кезегінде әрекеттің мақсаты мен міндеттерінің қалай қойылуы оқушы орындайтын әрекет мотивтерін қалыптастыруға әсерін тигізеді. Сондықтан мотив адам әрекетінің ажырағысыз бір бөлшегі ретінде бүкіл өмірінің өн бойында бірге жүреді, өмір тәжірибесі арқылы дамып, толығып отырады.

Жоғарыда аталған адамзат баласына тән үш әрекеттің ішінде оқу әрекетін ұйымдастыру мен белгілі бір нәтижелерге жетуде мотивтер ерекше рөл атқарады. Өйткені оқу – белгілі бір қоғамның өз болашағының дамуын қамтамасыз ететін жаңа ұрпақты арнайы оқыту, дайындау үдерісі. Сондықтан бұл әрекет, бір жағынан, оқушының жеке басының мүддесін, екінші жағынан, қоғамның мүддесін өзара орайластырып, ұштастырып отырудың қажеттігін көрсетеді. Ал, мұндай жағдайда жеке мүдде тұлғалық тұрғыда, ал елдік мүдде қоғамдық-әлеуметтік тұрғыда әрекет мотивтерімен тығыз сабақтасып отырады. Бұл орайда сөз әдебін оқып үйрену оқушының тілегімен қабысса, тілдің мәдениетті қолданысы мемлекеттің талабы ретінде бір-бірімен тығыз байланыста екені ескерілді. Егер осы үдерісте бұл екеуінің бірі дұрыс ескерілмесе, оқудың нәтижесі болмайды. Бірақ бұл жерде талап пен тілектің барлығы болашақ қоғам иесінің еркіндігін қамтамасыз етуі міндеттелді.

Білімді игеруге деген оқушының ішкі тілегі мен мүддесі, ең алдымен, өзінің адам ретіндегі орнын, адамзат ортасындағы мәнін жете түсінген жағдайда саналы түрде жүзеге асады. Сондықтан біздің зерттеу нысанамызға алынып отырған сөз әдебін бейіндік мектеп оқушысына меңгерту мәселесі

осы мақсатпен бірлікте қаралды. Сөз әдебін игеру оқушының өзін де, өзгені де сыйлауға үйренуіне мүмкіндік береді, білімнің өз өмірін дұрыс құруына, салауатты, сауатты қарым-қатынас жасауға қажетті мәдени-қатысымдық дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Осы білім арқылы оқушының ішкі мотивтері берік бола түседі. Ішкі мүдде мен сыртқы талаптың жас ұрпақты қалыптастырудағы маңызын Г.Мюррей өте дәлдікпен былай деп тұжырымдайды: «Потребность и давление взаимосвязаны: давление актуализирует соответствующую потребность, а потребность ищет соответствующее ей давление. Давление представляет собой некоторое воздействие со стороны внешней среды и воспринимается как некоторый набор стимулов, принимающих вид угрозы или пользы для индивида; давление может быть и реальным, и воображаемым» [29,37-с.].

«Сөз әдебін» оқыту үдерісінде оқу мотивтері мен білім беру парадигмаларын сабақтастырудың жолы ескеріліп отырды. Ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасай келгенде, қазіргі кезеңде гуманитарлық ғылым салалары бойынша білім жүйесін жаңаша құруға өзек етіп алынып отырған аса маңызды парадигма ретінде антропоцентристік парадигма аталады. Бұл парадигма бойынша болашақ қоғам иелерін өз әрекетінің, өз өмірінің иесі— субъектісі деңгейіне көтеру арқылы олардың қабілеттерін дамыту тұлғалық болмыс мәдениетін дамыту деген ұғыммен барабар танылады. Өйткені қазіргі заманауи білім беру саласында тұлғаның ойлау, еңбек ету, сөйлеу мәдениетін қатар дамытуға басымдылық беріліп отыр.

Жоғарыда айтылғандай, білім берудің антропоөзектік парадигмасы оқу, оқыту үдерісінде оқушыны әрекет субъектісі деп тануды қажет етеді. Оқушы өздігінен әрекет еткенде ғана бұл парадигманың жүзеге асу мүмкіндігі кеңейеді. Өйткені мотив пен әрекет— біртұтас ұғымдар. Әрекетсіз мотив, ал мотивсіз әрекет болмайды. Бола қалған жағдайда мотивке негізделмеген әрекет ешқандай нәтиже бермейді, ал әрекетсіз мотив те жай қиял қалпында қалады. Иесінің ішкі мотивінсіз орындалған әрекет жаңа жетістіктерге қол жеткізуге ықпал ете алмайды. Сондықтан сөз әдебін оқып үйренудің де түпкі нәтижеге жетуі оқу мотивтерінің тууына тікелей байланысты болды. Таңдау пәнінің барысында орындалған жұмыстардың қай-қайсысы да оқушының өздігінен ізденуіне, өздігінен шешім қабылдауына ыңғайландырылды. Оған әртүрлі жағдаяттық тапсырмалар дәлел бола алады. Осы талап сақталуы үшін оқушыларға тілдік қатынастың шарттарын сақтаудың маңызы түсіндірілді. Сөз әдебі нормалары арнайы толыққанды қалыптасқан этикеттік орамдарда да, одағай, еліктеу сөз, шылаулар, қаратпа сөз түрінде де көрініс тауып отырады. Сөз әдебін сақтаудың ұстанымы— сәлемдесуден бастап қоштасқанға дейінгі аралықта сыйласымдылықты сақтап сөйлесу екеніне көз жеткізіледі.

Жаңа дәуірдегі аса маңызды парадигманың бірі— білімнің құндылықтық бағдарын күшейту парадигмасы тұрғысынан алғанда да ол алдыңғы парадигмамен терең сабақтастып жатыр. Альберт Эйнштейн: «Все религии, искусства и науки— ветви одного дерева. Они направлены на облагораживание жизни человека, поднятие его из жалкой сферы телесного

существования и приведение личности к свободе», - деп жазды [30, 123-с.]. Ғалымның бұл пікірі білімнің құндылықтық мәнін түсіну де оқушының пәнге деген оқу мотивтерін оятатынын көрсетеді. Өйткені белгілі бір құндылықтық сипатқа ие болмаса, қандай білім де оқушы үшін ешқандай мотив тудыра алмайтыны сөзсіз. Сол себепті біз ұсынып отырған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің бүкіл мазмұндық-құрылымдық жүйесі оқушыға келешек өмірінде қажетті болуымен де, оны білу арқылы өз өмірін де, өзі өмір сүретін әлеуметтік ортаны жақсартуға үлес қоса алу мүмкіндігін сезіндіруімен де құнды болып саналады.

Қарым-қатынас әдебі адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық та, жалпыадамзаттық та мәні ерекше құндылықтарын сақтаумен байланысты болып табылады. Оның бір жағынан, ішкі мотивтерге, екінші жағынан әлеуметтік сипат алып, қоғамдық ортадағы өз орнын иемденуіне мүмкіндік беретін сыртқы мотивтерге бірдей қатысты болуының өзіндік себептері бар. «Ни одна из великих человеческих ценностей, какие сдерживают нас и наше общество,— доброта, любовь, честность, справедливость, единство, толерантность, уважение, ответственность— не процветали бы, если бы мы не были мотивированы привести их в жизнь. Вот почему, если мы не сможем овладеть мотивацией на индивидуальном уровне,— мы не сможем быть счастливы; а если нам не удастся удержать наши стремления к добродетели на социальном уровне— все будет потеряно», - деп жазды Брендон Берчард өзінің «Манифест мотивации» деп аталатын еңбегінде [31, 216-с.].

Анропозектік парадигма бойынша оқушының өздігінен әрекет етуіне мол мүмкіндік беретін, білімнің құндылықтық мәнін терең игерту арқылы оқушының білімді саналы түсінуіне жол ашатын жоғарыда аталған парадигмалар оның келесі сатысында оқушының тілге, оқу пәніне деген сүйіспеншілігін тудыратыны сөзсіз. Олай болса, пәндік-білімдік парадигмадан тілге деген сүйіспеншілік парадигмасына ауысу үдерісі сөз әдебіне қатысты алынып отырған таңдау пәнінің өзіндік мақсат, міндеттерімен тығыз ұштасып жатуы заңды.

Қазіргі заманда қоғамның барлық саласында психология ғылымындағы жетістіктердің ерекше мән алуы кездейсоқ емес. Себебі кез келген әрекетте адамның нақты бір жетістіктерге жетуінде олардың табиғи қабілет-қарымы қаншалықты маңызды болғанмен, сол қабілеттердің дамуы тек қана оған түрткі жасап, дамытылуына мүмкіндік беретін мотивтермен байланысты екені дәлелденіп отыр. Психологиялық зерттеулерде өмірде сәттілікке қол жеткізген белгілі тұлғалардың қалыптасуында әрекет мотивтерінің рөлі өте жоғары бағаланады. Бұл жайында Дж. Равен: «Мотивация гораздо больше, чем способности определяет поведение, действия человека», - деп тұжырымдайды [32, 6-с.].

Ана тіліне деген қатынас арқылы адамның сөйлеуге мүдделілігі оянумен қатар оның ойлау, тыңдау, қатысымдық қабілеттері де қатар жетілдіріле отырып, түпкі нәтижесінде мектеп тұлғегінің дара тұлға ретінде

калыптасуына жол ашады. Олай болса, бейіндік мектепте ұсынылуы тиіс таңдау пәнінде білім мен ғылымды тоғыстыра отырып, сөз әдебінменгертудің негіздері тұтастай оқушының танымдық қабілеттерін шындауға, қатысымдық қабілеті мен мәдениетін өзара бірлікте қалыптастыруға бағытталуы маңызды.

Зерттеу қағидалары бойынша мәдениет заманауи білім беру үдерісінде үш түрлі аспектіде қарастырылады. «Мәдениеттің гнесеологиялық аспектісінде білім алушының дүниені тануға, меңгеруге және өзгертуге бағытталған белсенді әрекетіне түрткі болатын сол әлемнің оның сезімдеріне, идеяларына ықпалы мен ой-санасындағы көрінісі танылады. Аксиологиялық аспектіде мәдениет дүниені меңгерудегі адамзаттың қол жеткізген деңгейін танытатын материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі ретінде қарастырылса, ал гуманистік аспектісінде мәдениет адамның рухани әлемін дамытудың, оның шығармашылық қабілеттерін ашудың аса маңызды факторы болып саналады» [33, 67-с.]. Осы жерде білім алушы тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін ашу үдерісіндегі оның адами мәдениетін қалыптастыру мәселесі туады, тұлғаны тәрбиелеудің дәстүрлі мәселелерімен бірге жаңа міндеттері қойылады. Дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстырған жаңа білім жүйесі бойынша түлектің тілдік-қатысымдық біліктерін, іскерлік және шығармашылық қасиеттерімен бірге оның адамгершілік бейнесін қалыптастыру секілді мәселелер тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі бағыттарына айналады.

Педагогикалық қатынас теориясы бойынша, оқушының танымдық белсенділігін дамыту мен коммуникация өзара бірлікте ұсынылады. Коммуникативтік бағыт аясында оқумотивациясын дамыту, қатысымдық бағыт, даралап оқыту, жағдаяттық сипат, функционалдылық, саналы білім беру талаптары басшылыққа алынады. Олар білімді ізгілендіру жүйесін ұстанады. Ғылыми еңбектерде «аталған ағымдардың барлығына ортақ бағыт ретінде: 1) дамыта оқытуға айрықша назар аудару; 2) оқушылардың белсенділігін арттыру; 3) оқушының өзгермелі өмірге бейімділігін қалыптастыру екені көрсетілген.

Пәнге деген қызығушылық пен сүйіспеншілік тудырудың бірнеше жолдары мен жүйелері бар. Мысалы, ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар танымдық мотивтер ұғымының іштей өзара мәндес бірнеше ұғымдармен байланысып жататынын көрсетті. Олар:

1) танымдық қызығушылық (белгіленген нақты бір міндетті орындауға ерекше ынтамен кірісу);

2) креативтілік (шығармашылық) – өзіндік бір идеяны ажыратып, барлық әрекеттерін соған жұмылдыра алуы;

3) әрбір жаңа нәтижеден кейін келесі бір нәтижеге табиғи ұмтылыс (жаңа бір нәрсені білуге, игеруге тырысу).

Бұл ұғымдар мазмұны жағынан ортақ бір негізден бастау алады: олардың қай-қайсысында да адамның өз әрекеті арқылы үнемі жаңаны білуге, игеруге құмарлығы мен бағыттылығы көрінеді, сол үрдістен қанағаттана отырып, келесі одан да жоғары деңгейдегі қызығушылықтардың

тууын талап етеді. Дәл осы ойлау, қызығушылық күші– мотив деп аталады.

Мотивацияның көрсеткіштері мен өлшемдері: танымдық, әрекеттік, бейімділік, ізденімдік, шығармашылық, креативтілік болып саналады. Бұл ұғымдар мазмұн жағынан өте тығыз байланыста болады және бір сатыдан келесі сатыға дамып, жалғасып отырады. Бұл орайда мотив– адам өмірінің өн бойында дамиды, өмірлік тәжірибесі арқылы байи түсетін, ол орындайтын кез келген әрекеттің міндетті компоненті. Ал мотивация үдерісі– күрделі психологиялық феномен, бірақ дәл сол ғана адамды белсенді әрекетке итермелейтін стимул болып саналады. Егер соңғы жылдары мектеп оқушыларының білім сапасы төмендеп кетті десек, оның басты себебі– осы оқу мотивациясының төмендеуінің салдары.

Отандық білім тарихында 1998 жылдан бастап қазақ тілі 10-11-сыныптарда оқытыла бастағаны белгілі. Осы мүмкіндікті пайдаланып, алғаш рет ТМД елдері ішінде Қазақстанның білім жүйесінде бағдарлы мектептегі қазақ тілі пәнінің мазмұнына сөз мәдениеті мен шешендік өнер енгізілген болатын. Ж.Дәулетбекованың авторлығымен «Бағдарлы мектепте сөз мәдениетін оқыту тұжырымдамасы» жарық көрді [34, 8-б.]. Осы тұжырымдаманың негізінде 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінің жалпыға міндетті білім стандарты [35], одан әрі қарай қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағдарлары бойынша оқу бағдарламалары әзірленді [36].

Бұл құжаттарда жалпы білім беретін мектептердің бейіндік мектеп сатысында оқушыларды болашақ мамандығына бағдарлай оқыту міндеті қойылды. Мектеп оқушылары өзінің қалауына қарай қоғамдық-гуманитарлық немесе жаратылыстану-математика бағытының бірін таңдайды. Ал оның әлеуметтік тиімділігі неде болуы тиіс деген сұрақтың жауабын табу әрбір пән әдістемесінің негізгі мәселесіне айналды. Бұл кезеңде оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны екі бағдарда да “Сөз мәдениеті және шешендік өнер” бойынша құрылған. Дәл осы кезеңде негізгі мектеп сатысында қазақ тілінің ғылыми салаларымен жан-жақты таныс болып келген жеткіншектің игерген білімдерін күзиреттілік тұрғысында кеңейтуге басымдық берілді. Бұл оқушының білімді саналы меңгеруге деген ішкі қуат көздерін бағыттауға, оқу мотивациясын қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді деп жоспарланды. Тұжырымдама авторы сөз мәдениетін бейіндік мектептің білім мазмұнына енгізудің басты себебін былайша түйіндеп көрсетеді: «Бүгінгі заман талабы іскер, белсенді, қандай жағдайда да өздігінен шешім жасап, жол таба білуге бейім адам тәрбиелеуді қажет етіп отыр. Сондықтан білімнің мәні– өткеннің тәжірибесін танытып, пәндік іскерліктерді қалыптастыруында ғана емес, ең бастысы, оқушының өз білімін түрлі өмір жағдаяттарында дұрыс қолдана білуге үйретуінде. Сөз әдебін меңгерген адам әрқашан да сенімді әрекет етеді, өзгемен тіл табысуға қабілетті келеді. Ал тіл табыса білу– адамның әлеуметтенуінің басты шарты» [34, 8-б.].

Диссертацияның зерттеу нысанына алынып отырған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бейіндік мектепте ұсынылған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінде игертілетін тілдік білімнің және қатысымдық-этикалық бірліктердің оқушының өмірлік дағдыларын қалыптастыруда маңызы зор. Өйткені болашақ мамандығын филологиямен, журналистикамен, заңгерлікпен, тарихпен байланыстыратын оқушыға сөз әдебі мен өзгелермен тіл табыса алу талаптарын меңгерту әрі тілдің әлеуметтік мәнін арттырады, әрі оқушының қазақ тілін меңгеруге деген оқу мотивтерін қалыптастыруға толық мүмкіндік береді. Сол себепті оқушының танымдық және әлеуметтік оқу мотивтерін қалыптастыра отырып, пән мазмұнын меңгерудің, қажетті білім, білік дағдыларды игерту жолдарын жетілдірудің өзектілігі арта түсуде. Бейіндік мектепте ұсынылатын пән мазмұнын оқу мотивтері негізінде меңгерудің алғышарттары мен оның әдістемелік жүйесін құру тетіктерін анықтау өзектені түсуде. «Оқушының пәнге деген оқу мотивациясын қалыптастырудың маңызды шарты— тілдің табиғи әрі ең басты қызметі— қарым-қатынас құралы екеніне мән бере оқыту. Бұл оқушының сөйлеу әрекетін дасмыту арқылы жүзеге асады» [37, 174-б.]

Бейіндік мектеп оқушысының пәнге қызығуы сыртқы факторларға емес, оның өзінің ішкі қажеттігінен бастау алғанда оң нәтиже бермек. Болашақ гуманитарлық сала мамандарына тілдің оның болашақ кәсіби саласындағы мәнін түсіндіруден бастап, жалпы адамзат тіршілігіндегі тілді орынды қолданудың маңызы күнделікті сабақтарда тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыруы тиімді. Ол үшін оқушыны әртүрлі тілдік жағдаятта сынай отырып, дұрыс шешім табуға ұмтылыс үстінде толқу, толғану сезімдерін бастан кешіруге, нақты тапсырмалар арқылы сынға түсуге бағыттауы оқу тапсырмалары ұсынылады. Мәселен, оқыту үдерісінде дәстүрлі немесе жаңа дәуірдегі сөз әдебі үлгілерін бір-бірімен сабақтастықта дұрыс пайдалануға үйрету түрлі сөз орамдары мен тілдік құралдарды өзінің тілдік білігін жетілдірудің тиімді жолы етіп қолдана алуға төселдіруге байланысты болмақ.

Сөйлеу актілерінің маңызы мен ерекшеліктерін түсіну оқушының логикасын дамытумен қатар оған қалай сөйлеудің нақты шешімін табуға да жол ашатын болса, бірде таныс, бірде бейтаныс жағдаяттарда оқушының өздігінен шешім жасауына мүмкіндік беру оның өмірлік дағдыларының тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етеді. «Жоғары сынып оқушысы үшін бірыңғай теорияларды оқудан гөрі түрлі өмір жағдаяттарына сәйкес сөз орамдарын қолданып, жол тауып шығу, өздігінен ой түйіндерін жасау, өзіндік тұжырымдары мен ойларын жеткізе білу маңыздырақ. Өйткені жеткіншек жасындағы оқушылар барлық жағдаяттан өз беттерімен жол табуға ұмтылып тұрады. Мұның себебі: бүгінгі мектеп оқушысы, яғни ХХІ ғасырдың адамы үшін білімнің тереңдігі ғана емес, өзінің оқу еңбегінің қандай нәтиже беретінін білу әлдеқайда өтімді. Жаңа заман оқушысына нені білетіндігі емес, не істей алатындығы мәнді. Бұл қазіргі таңдағы күзіреттілікті оқу нәтижесі ретінде белгілеп отырған кезеңдегі ең тұғырлы мәселе болып саналады. Егер тұрлаусыз уақыттың сынынан сүрінбей өтудің

бір шарты, өзгермелі дүние жағдайына қажетті бейімділіктің тетігі– тіл табысу, өз көзқарасын айқын дәлелдей алу болса, онда соған қажетті тілдік талғамды, сөйлеу қабілетін тек тәжірибелік сын арқылы дамытуға болатыны да ақиқат шындық. Өйткені адамның табиғи қасиеттері мен адамның мәдениет табыстары бір-біріне сай келгенде, жоғары адамгершілікке ие адам– цзюнь-цзы пайда болады” [34, 8-б.].

Сөз әдебіне, сөз шеберлігіне баулу негізінде жүзеге асырылатын ана тілін сүйеге, құрметтеуге үйрету парадигмасының маңыздылығы теориялық білім беруден ғана емес, жүйелі түрде ұйымдастырылатын дара тұлғаға бағдарланған оқыту үдерісіндегі білім мен біліктің бірлігінен туындайды. Теориялық білімнің мәні адамның өмір қажетін өтеуге қызмет ете алуында. Сондықтан бүгінгі жастарға танымдық-ақпараттық білімнен гөрі, шешендік қасиеттің, сөз шеберлігі мен сөз әдебіне үйренудің сыры неде, оның жолын қалай меңгеруге болады, тұлғаға қойылар талап қандай деген сауалдар төңірегінде нақты бағдар беріліп, сөйлеу актілеріне сай сынақ-тапсырмаларды орындап, практикалық жағынан жаттығу әлдеқайда пайдалы. Себебі ғалымдардың пайымдауынша, «білім берудің мәдени және рухани бағыттарын жүзеге асыру арқылы тұлғаның бойындағы интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық, коммуникативтік қабілеттері бірге дамытылады. Өйткені мәдениет білім алушының өткенмен, бүгінмен, ертеңмен арасындағы байланысты көрсетеді» [38, 49-с.].

Тілге деген сүйіспеншілік парадигмасын жүзеге асыру жағдайында оқушының пәнге оқу мотивациясын қалыптастырудың басты шартының бірі– тілдің табиғи әрі ең басты қызметі – қарым-қатынас құралы екендігіне мән бере оқыту. Бұл сөйлеу әрекетін дамыту арқылы жүргізіледі. Психологияда сөйлеудің әрекет деп танылуы тілді оқыту әдістемесінде де іргелі жетістіктердің тууына негіз болды. Сондықтан бұл тұжырым әдіснамалық тұғыр ретінде пайдаланылды. «Сөйлеу практикалық әрекет ретінде тілдік білімнің түпкі нәтижесі, адам қажетін өтеудің басты тетігі деп белгіленді. Сондықтан оқушыны өз ойын сөз мәдениеті мен сөз әдебі талаптарына сай айта алуға үйретуге басымдылық берілуі тиіс. Ұлттық және жалпыадамзаттық деңгейдегі әдепті сөйлеу амалдары мен тәсілдерін үйрену– тілдік білімнің оқушы қажеттігімен үйлесуі. Сол себепті таңдау пәнінің оқу бағдарламаларындағы материалдар логикалық-семантикалық ұстаным негізінде сөз әдебімен сабақтастықта ұсынылады. Оқушының сөз әдебін жетілдіру тақырыптан-тақырыпқа қарай күрделендіріліп жүргізілетін жаттығулар мен тапсырмалар кешенін орындау арқылы жүзеге асады. Олар оқушының сөйлеу әрекетін дамытуды көздейді, өйткені сөйлеу арқылы олардың танымы да, ойлауы да, сөз шеберлігін өздігінен игере алу қабілеттері дебірге кешенді түрде жетіледі» [39, 267-б.].

Біздің зерттеу жұмысымызда бейіндік мектеп оқушысының сөз әдебін жетілдіруге бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар кешені бір сипаттан екінші сипатқа динамикалық, уақыттық принцип арқылы жеке бөліктердің біртұтас тізбекке құрылатын түрі бойынша ұсынылды. Олар мазмұндық

жағынан да, құрылымдық тұрғыда да өзара сабақтас. Сонымен қатар сабақтан сабаққа бірте-бірте дамытылып берілді.

Келесі кезекте білімді интеграциялау, білім нәтижелерін құзіреттіктер түрінде айқындау және оқытуды дүниетанымнан сауаттылыққа қарай бағыттау парадигмалары бейіндік мектеп оқушысының оқу және әлеуметтік мотивтерін қалыптастыруға әрі алғышарт қалыптастырады, әрі білімнің нәтижелілігін күшейте түседі. Өйткені білім беру үдерісінде бүгінгі мектеп оқушысы болашақта елінің беделін танытатын дара тұлға, маман болғандықтан, әртүрлі ғылымдар тоғысында өмірлік, дүниетанымдық білім беру қандай маңызды болса, оқушылардың лингвомәдени құзіреттіліктерін дамыту да басты мәселе болып табылады.

Ғылым мен білімді тоғыстыра оқыту парадигмасы– заман сұранымынан туындап отырған іргелі парадигма. Жаңаруларды қажет етіп отырған жаһандану жағдайында бейіндік мектептің білім беру жүйесіндегі қазақ тілі пәнінің әлеуетін (потенциялын) көтерудің өзегі болып табылатын бұл міндеттің мәнін дұрыс ажырата білу шарт. Қандай да болсын жаңашылдық осы уақытқа дейін жасалған ғылым қорындағы барды барлап, соларға нық сүйену, ондағы жаңа заманмен үндестікті саралау арқылы өз шешімін табады. Осы тұрғыдан қарағанда сөз әдебін оқыту үдерісінде білім мен ғылымды тоғыстыра оқытудың мәні де оқушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға келіп саяды. Тұлғаның іскерлігі оның интеллектуалдық деңгейімен тығыз байланыста қаралады.

«Интеграция» ұғымының білдіретін мағынасы, шын мәнінде жекелеген пәнішілік немесе пәнаралық байланыстан әлдеқайда ауқымды екені аян. Зерттеуші О.Т.Гизялова: «Интеграция– система органически связанных учебных дисциплин, построенная по аналогии с окружающим миром»-деп анықтама береді [39, 123-с.]. Бұл жерде ол жекелеген оқу пәндерінің өзара байланысу құрылымын негізге алады. Ал Н.А.Сердюкованың берген анықтамасы біздің зерттеу жұмысымыздың мақсатымен біршама үндеседі: «Интеграция – процесс сближения и связи наук, происходящий наряду с процессами дифференциации, представляет собой высокую форму воплощения межпредметных связей на качественно новой ступени обучения»[40, 19-с.]. Шындығында да, кез келген пәнді оқыту үдерісін білім алушы үшін қызықты да тартымды, мәнді де мағыналы етудің ұтымды шарты – пәннің әлеуметтік рөлін, танымдық қасиетін, білімдік аясын, өмірлік дағды қалыптастырудағы орнын айқындау. Бұл, әрине, тек бір ғана пәннің нысанасын түрлендіріп берумен жүзеге аспақ емес. Өйткені қазір белгілі бір пәннің тірегі етіп алынып отырған әрбір ғылым негізі өзімізді қоршаған бүтін әлемнің бөлшегі, оның ажырамас компоненті болып саналады. Ғалам туралы бір бүтін көзқарас, тұтас таным қалыптастыру жолымен әрбір субъектінің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға басымдылық беріле бастаған бүгінгі жаңа дәуірде сол шашыраңқы білімдердің басын біріктіріп, оларды өзара кіріккен, жымдасқан, үйлесіммен берілген тұтастықта таныту міндет етіп қойылып отыр. Сондықтан ішкі бір заңдылықтарды негізге ала

отырып кіріккен білім мазмұнын құру, олардың оқу бағдарламасында, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде көрініс табуы– соңғы жылдары қолға алына бастаған үлкен шаралардың бірі.

Оқушының интеллектуалдық әлеуетін арттыру мәселелерін жалаң тілдік біліммен жүзеге асыру мүмкін емес. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысын танытып, күнделікті өмір жағдаяттарында оқушының қажетті сөздік қорды меңгеріп, талапқа сай сөйлеу әдебі дағдыларын ғана жетілдіруді көздейтін тіл сабақтары оқушының интеллектуалдық деңгейін көтеруге толық ықпал ете алмасы хақ. Интеграция пәндердің өзара байланысын жоғары деңгейде нақтылы түрде іске асыру болғандықтан, ол тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіруді қажет етеді. Интеграцияны жүзеге асырудың жолы сабақтарда бірнеше ғылым салаларын жинақтау мен сол білімдерді синтездеуге келіп саяды.

Бейіндік мектепте сөз әдебі пәнін бірнеше ғылым салаларымен интеграциялап оқытуға деген қажеттіктің тууының интеллектуалдық әлеуетті дамытуға қатысты бірнеше себептері бар:

1) бейіндік мектеп оқушылары тек интеграциялық білім арқылы ғана тілді жалыпадамзаттық құндылық ретінде тануға мүмкіндік алады;

2) интеграциялық білім аясында ғана оқушының интеллектуалдық әлеуетін көтеруге қатысты бірнеше оқу міндеті бір мезгілде қатар жүзеге асады: тілдің өз өміріндегі мәнін таниды; мазмұндық тұрғыдан түрленген тапсырмалар арқылы логикасы, ойлау қабілеті және қатысымдық қабілеттері дамиды; тілдің мәнін терең түсінеді, оны тек қарым-қатынас құралы деп емес, дүниетанымдық, экспрессивтік жағынан да саналы түсінеді;

3) интеграциялық сабақтардың стандартты емес формаларының өзі де тартымды, өйткені онда жаңа оқыту технологияларын қолдану мүмкіндігі мол болғандықтан, оқушылардың қабылдау, зейін, ес, сөйлеу дағдылары жеңіл қалыптастырылады;

4) бейіндік мектеп оқушысының болашақ кәсіби саласындағы тілдің орнын сезінуі оны саналы дамытуға деген мүдделілігін, мотивін оятады;

5) оқытудың бұл түрі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін танытуға, өзіндік ізденістерін кеңейтуге өріс ашады. Өйткені интеграция – оқу мен тәрбиені бірлікте жүзеге асырудың шарты. Ал мұның барлығы да қазіргі заманауи білім беру талаптарымен сәйкес келеді.

«Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің міндетіне тек білім беріп, тілдік дағдыларды дамыту ғана емес, сонымен бірге тіл арқылы тәрбие беру қатар кіреді. Алдымен тілдің адамзат өміріндегі қоғамдық, әлеуметтік, өмірлік маңызы туралы мағлұматтар беріледі. Онда әлем тілдері, олардың жіктелісі жайлы жалпы ақпараттар, солардың аясындағы қазақ тілінің орны, жалпы тілдің қызметтері, адам өмірінде атқаратын рөлі, орны жөнінде қызықты да терең мағыналы оқу материалдары ұсынылады.

Сабақ барысында тілдік орта құру мен сөз әдебі нормаларына сай сөйлеу мәдениетін дамытуда оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға

баса назар аударылады. Оған қазақ тілінің халық тарихымен, оның өмір салтымен, әдет-ғұрыптарымен, ұлттық құндылықтарымен байланысты мәнін таныта отырып қол жеткізіледі. Осы арқылы қазақ тілінің, тіл арқылы рухани мәдениетінің көне дәуірлерден басталатын тарихына шолу жасалады; қазақ тілінің адамзат тілі аясындағы орны туралы ақпараттар беріледі; тіл мен ұлттың, халық тарихының бірлігін көрсететін материалдар ұсынылады; этнолингвистикалық ұғымдар арқылы халықтың қатысымдық, дүниетанымдық деңгейі таныстырылады; салт-дәстүрлер негізінде ұлттың рухани болмысы ашылады, соның нәтижесінде қазақ тілі мен мәдениетінің жалпыадамзаттық дамуындағы орны көрсетіледі. Келесі кезекте сол жүйе бойынша жалпыадамзаттық озық үлгілер, өзге жұрттардың сөз әдебі, сөз этикеті туралы кешенді мағлұматтар ұсынылады. Жаһандану жағдайында өзге елдердің сөз әдебі нормаларын игертудің қажеттігі мен талаптары оқу мотивациясын одан әрі тереңдетуге қызмет етеді.

Бұл танымдық материалдар арнайы мәтіндер, көрнекіліктер, сызбалар арқылы әдеби тіл нормаларымен сабақтастықта беріледі. Яғни қазақ тілінің теориялық негіздері функционалдық грамматика ауқымында қамтылады. Қазақ және өзге де нысанаға алынған әлем тілдерінің қолданыс аясының кеңдігі мен тілдік-қатысымдық мүмкіндіктерін тануы үшін этикеттік орамдар, тілдің алуан түрлі көріктеуіш құралдары, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер ұсынылып, олардың оқушының сөздік қорынан орын алуына ықпал ететін тапсырмалар орындалатылады. Бұның барлығы оқу мотивтерін тудырып, өзінің адами және болашақ кәсіби қатынастарда тілді еркін қолдануына мүдделілікті арттырады. Бір жағынан, осындай интеграциялық сипаттағы білім мазмұны қазақ жастарының санасына өз ұлттық құндылықтарын құрметтеу сезімін оятып, ұлттық рухын шыңдаса, екінші жағынан, қазақ тілінің ішкі тілдік әлеуетін тану оны болашақ кәсіби қызметінде орынды және міндетті қолдануға ұмтылдырып, кәсіби мансап жолында оның қажеттігін мойындатады. Ең бастысы, өз халқының ғасырлар бойы қол жеткізген мұрасын қастерлей білетін шынайы интеллигент болуына керекті интеллектуалдық әлеуетін дамытады.

Құзіреттілік деңгейіне қол жеткізу, яғни теориясы мен практикасы тең түсетін білім мен білікті біртұтастықта игеру – бүгінгі білім беру жүйесінің түпкі мақсаты мен күтілетін нәтижесі. Оған жету үшін оқушының дүниетанымын кеңейту, сол арқылы тілдік, қатысымдық сауаттылығын қалыптастыру – саламатты өмір салтын игерген болашақ тұлғаны дамытудың кепілі. Бұл орайда әртүрлі ғылымдар тоғысындағы мәні терең, маңызы биік теория мен практиканы логикалық тұрғыдан шебер қиюластыра алу керек.

Болашақ қоғам иесі болатын саналы ұрпақ өз елінің мәдениеті мен тарихын жете білумен қатар, сол ортамен араластыратын тілді де рухани құндылықтардың бірі ретінде бағалап, еркін меңгеруге тиіс. Оқушының белгілі бір дәрежеде болашақ кәсіби саласына сәйкес біліктері мен деңгейінің болуы, мәдениетаралық коммуникацияға түсе білуі, даралық қабілетін таныта алуы болашақ жолында жоғары нәтижеге жетуінің кепілі болып табылады.

Олар өздері сақтаған, игерген мәдени-тарихи және ерекше ұлттық сипаттағы білім мен ақпараттарды мәдениетаралық тілдік қарым-қатынаста пайдалана білуі қажет. Сонда оқушы әлеуметтік тұлға ретінде қоғамдық ортада еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын иемденетін болады.

Тілді оқытудың жаңа парадигмаларына сәйкес оқушыға меңгертілетін аса маңызды құзіреттіліктердің бірі – қатысымдық құзіреттіліктер. Тұлғаны тіл арқылы әлеуметтендіру белгілі бір ортада өмір сүруге қажетті және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына жол ашатын коммуникативтік құзіреттіліктерді қалыптастырудың негізгі шарты болып саналады. Себебі қатысымдық құзіреттілік – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. Зерттеу барысында қазақ тілін оқыту үдерісінің басты талаптарына сай қалыптастырылатын мәдени-танымдық құзіреттіліктер коммуникативтік құзіреттіліктермен өзара тығыз байланыста қамтылады. Мәдени-танымдық құзіреттілікті құрайтын компоненттер сараланып көрсетіледі. Шынайы өмірмен байланысты білім, тұлғаның өмірлік дағдыларын дамытудың тетігіне айналған білім – тұлғаның дүниетанымын қалыптастырушы негіз. Дүниетанымның өрісі кеңейген сайын тұлға өзінің тектік-рухани өрісіне тартыла түседі де, оның мәдени иммунитеті күшейеді.

Мәдениет – адамзат баласының қызметінің жемісі. Э.Б.Тэйлор мәдениетті үздіксіз даму үстінде болатын үдеріс ретінде қарастырып, «мәдениет жөніндегі ғылым – реформалар жөніндегі ғылым» деп тұжырымдайды [41, 45-б.]. Тілді оқытудағы міндет – құрғақ ережелерді, жекелеген тілдік дағдыларды меңгеру емес, тілдің өмірлік мәнін тану арқылы тұлғаның өз ана тілінде де, өзге тілде де сөйлеуге деген мүдделілігінің оянуы. Өйткені «Жас ұрпақ бойындағы рухтың өшуі – грамматикалық ережелер мен әдебиеттану анатомиясын» құрғақ оқытудың зардабы. Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей, пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі» [42, 7-б.].

Қорыта айтқанда, білім беру жүйесінде оқушының білім алуға деген оқу мотивтерін тудыруда ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілін рухани мәдениеттің бір бөлшегі ретінде алып, оған оқушының дара тұлға ретінде дамуында ерекше мән беру қажеттігі күннен күнге өзекті бола бастады.

1.2 Сөз әдебін оқушының оқу мотивтерін қалыптастыра оқыту – тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттырудың басты шарты

Өзінің зерттеу нысаны ретінде жас ұрпақ бойындағы кісілік қасиеттер мен тұлғалық қабілеттердің даму заңдылықтарын қарастыратын педагогика ғылымында білім алушының ақыл-ой деңгейін өсіру мен мәдени болмысын қалыптастыру мәселелері түрлі нүктелерде тоғыса қарастырылады. Білім мен тәрбиенің бірлігінен құралатын оқыту үдерісінде бұл заңдылықтардың іргетасы ғасырлар бойы бекіп, орныққаны аян. Мектеп оқушысының заманауи талаптарға сай интеллектуалдық-мәдени әлеуетін қалыптастыру – бір ғана бағыттағы шаралармен шешіле салатын мәселе емес. Әр дәуірдің экономикалық, саяси даму жүйесі жаңа қажеттіктерді, құндылықтық бағдарларды тудырып отыратыны сөзсіз. Сондықтан да Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіз еліміздің даму стратегияларын айқындауға бағыт беретін өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында да, ұлттық жобаларында да бұл мәселеге ерекше назар аударып келеді. Елбасының “Интеллектуалдық ұлт – 2020” ұлттық жобасындағы идеялардың қатарында мынадай концептуалды тың бағыттар мен талаптар көрсетілді:

- Қазақстанға ұлттың рухани әлеуетін арттыруға түрткі болатын интеллектуалдық төңкеріс қажет;
- жаңа формациядағы қазақстандықтарды тәрбиелеу»;
- жастар өз ұлтының алдындағы перзенттік парызды біліп, адамгершілікке тәрбиеленсе, сенімге ие болады;
- білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру»[43, 1-2-б.].

Бұл идеялар – отандық үздіксіз білім беру жүйесінің әрбір сатысында болашақ қоғам иелеріне білімді меңгертудегі жаңа серпілістің басты концепциясы әрі оқыту жүйесінде жаңарулар жасаудың негізі ретінде алынуы заңды. Себебі білім – ұлттың интеллектуалдық қабілетін, санасы мен болмысын қалыптастыратын бірден-бір ұйытқы, негіз. Олай болса, оқыту мәселелерін ұлттық мүддемен ұштастыру арқылы білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейту қоса жүзеге асырылады. Білім әр тұлғаның мемлекеттік саясатты, мемлекет мүддесін дұрыс түсінуінің, оған деген шынайы сенімінің де өзегіне айналуы шарт. Бұл орайда білім берудің әлемдік тенденцияларға сәйкес бағыттарын белгілеу қажет, бірақ олардың барлығының ұлттың тарихи-мәдени топырағында дамуына мүмкіндік жасауға айрықша көңіл бөлінуі маңызды болып саналады. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымызда қазақ тілін меңгерту үдерісінде сөз мәдениетін меңгерте отырып, тілдік білім мен катысымдық мәдениеттің мектеп түлектерінің өмір дағдыларын қалыптастырудың базасына айналуына мән берілді.

Шын мәнінде, қазіргі таңда әлемдік білім кеңістігінде оқу-тәрбие саласында тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін қалыптастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөліне бастады. Өйткені бұл ұғымның аясына енетін барлық қабілеттер мен қасиеттер адамның болмысымен, санасымен, мәдениетімен, білімімен, білігімен тығыз тұтастықта қаралады. Сондықтан ол философтардың, педагогтердің, психологтардың, әлеуметтанушылардың еңбектерінде әртүрлі қырынан зерделеніп келеді. Егер оқушының интеллектуалдық әлеуетінің оның өз әрекеті мен ізденісінің нәтижесінде ғана қалыптасатынын ескерсек, сол әрекетке негіз болатын, әрекетті орындауға деген ішкі қажеттіктің тууына ықпал ететін мотивтердің орны ерекше. Мотив – әрекет – интеллект арасындағы тығыз байланыс оқу, оқыту жүйесінің бірыңғай өзегі ретінде алынуы – басты міндет. Өйткені әрекет мотиві мен оның түпкі нәтижесі бір-біріне тәуелді болып келеді де, оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетінің дамуына алғышарт қалыптастырады. Оқушыны әрекет етуге итермелейтін ішкі түрткі оның өзін-өзі дамытуына, өз қабілеттерін дамытуына мүдделіліктен бастау алады. Сөз әдебі осы мүдделілікті тудырудың басты тетігі болып саналады. Өйткені әдемі, әдепті сөйлеу кез келген адам үшін ішкі қажеттікті тудыратыны сөзсіз.

Интеллектуалдық мүмкіндіктерді зерттеумен ұзақ жылдар бойы бихевиоризм саласы мамандары айналысты. Олар бұл ұғымды ғылыми-психологиялық тұрғыдан қарастырды. Одан кейінгі кезеңде, яғни ХХ ғасырдың басында Спирмен интеллектіні математикалық және статистикалық тәсілмен зерттеу әдістерін ұсынды. Ғалымның тұжырымдауы бойынша, «интеллект – адамның білім алуға деген қабілеті» деп танылды [44, 57-б.]. Оның интеллектуалдық қабілетті дамытуға қолайлы факторларды анықтауы бұл саладағы ізденістердің кеңеюіне ықпал етті.

Әйтсе де қазірге дейін «интеллект», «интеллектуалдық» ұғымдарына берілген нақты тұрақталған анықтама жоқ. Бұл адам болмысының терең құпияларымен, оның айрықша күрделілігімен байланысты туындап отырғаныдаусыз. Дегенмен, әрекет мотиві мен оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетінің бірлігін, өзара сабақтастығын дұрыс бағалау үшін осыған дейінгі зерттеулердегі қағидаларды саралап, интеллектімен, интеллектуалдық қабілетпен байланысты тірек ұғымдарды айқындап алу қажет деп санаймыз.

Бір сөздіктерде «Интеллект – ақыл, зерде, ой өрісі, парасат» -деп көрсетілген [45, 258-б.]. Бұл тұжырым бойынша, интеллектуалдықты адамзатқа ғана тән саналы ойлау үдерістері арқылы зерделеу нәтижесінде қалыптасатын қабілет деуге болады. Ал, аталған сөздіктерде әлеует (потенциал) ұғымына: «Потенциал – мүмкіндік, шама» деп анықтама берілген [45, 510-б.]. «Әлеует» ұғымына адамға қатысты айтар болсақ, адамның шама-шарқы, мүмкіндігі деуге болады. Адамның әлеуеті оған туғаннан бастап белгілі бір көлемде беріледі де, тек оның әлеуметтенуінің нәтижесінде кеңейіп, ұлғайып дами бастайды. Адам әлеуетінің дамуына тек сыртқы факторлар ғана емес, сол адамның бойындағы қасиеттер мен қабілеттер де ықпал етеді. Тіпті осы соңғысының орны ерекше деп те айтуға болады. Бұдан

интеллектуалдық әлеуетті адамның саналы ойлау әрекеті арқылы өз мүмкіндігін жетілдіру, шыңдау арқылы пайда болатын қабілеті деп қарастырған абзал. Сондықтан да өркениетті елдердің білім жүйесінде білім алушыны субъект деп тани отырып, оның өмірлік дағдыларды өз бетінше білім алып, өздігінен іздене отырып дамуына қолайлы жағдай жасауға ден қойып отыр. Ондай жаңа қадамдар біздің елімізде бейіндік мектеп жүйесіне көшуінен көрінеді.

Кейбір зерттеушілердің еңбектерінде академиялық білімнен гөрі практикалық дағдыға көшу туралы пікірлер кездесіп қалады. Мысалы, зерттеуші Р.Дж.Стернберг «академиялық интеллектіге» қарама-қарсы ұғым ретінде «практикалық интеллект» дегенді қарастырып жүр. Практикалық интеллекті дегенді адамның күнделікті өмірде басқалармен жайлы қатынас орнатуына қажетті тәсіл деп санайды. Бұған теориялық білімнен гөрі іс-әрекеттік тұрғыдағы, алға қойған мақсатқа жетуге қажетті қабілеттер қажет дейді де, сол қабілеттердің биік шыңын даналық деп атайды. Осы даналықты құрайтын бес компонентті (бай тәжірибе, шешім жасай алу, әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы тәжірибе, құндылықтарды айыра алу (релятивизм), белгісіздік) атайды.

Р. Стернберг интеллектінің көріну формасын үшке бөледі:

1) вербалды интеллект (сөз қоры, эрудициясы, оқығанын түсіне алуы);

2) проблеманы шешу қабілеті;

3) практикалық интеллект (алдына қойған мақсатына жете алу қабілеті)

[46, 13-б.]. Әрине, сөз әдебін игеруде практикалық интеллект қажет екені даусыз, бірақ оны саналы меңгеру үшін оның заңдылықтары мен қағидалары, ерекшеліктері туралы теориялық білімнің маңызын жоққа шығаруға болмайды. Тек практикалық тапсырмалармен оқыту нақты нәтижеге жеткізе алмайды. Мысалы, сөз этикеті бірліктерін қолдана алу үшін практикалық дағдылардың үлес салмағының көп болуына мән беру қажет десек те, ол нәтижеге жету үшін оқушының теориялық білімі дұрыс, жүйелі болуы керек. Атап айтқанда, оқушы өзі таңдаған жапон сөз әдебінің ерекшеліктерін анық түсінуі үшін, сол елдің ұлттық дәстүрлері, менталитеті туралы білуі керек. Жапон халқында «жоқ» деген сөзді қолдануға болмайды дегенді түсіндіру үшін сол халықтың дәстүріндегі, діліндегі ізеттілік пен сыпайылықтың, тікелей қарсылық көрсетпеу талабының жоғары екенін түсіндіру қажет. Егер жапондық: «Сізбен ертең сағат 12-де жолығуға бола ма?» деген сұраққа: «Ертең? 12-де?» деп сөзіңізді созып қайталап айтса, ол «жоқ» деген сөзі деп түсіну керек. Одан әрі оны көндіруге мәжбүрлеу жапон сөз әдебін бұзу, сөйлесіп отырған адамды сыйламау болып саналады. Мұндай түсініктің қалыптасуы оқушының теориялық та, практикалық та дағдыларын қалыптастыруға қызмет ететіні сөзсіз.

Соңғы жылдары психология ғылымында адамның өзінің және айналасындағылардың эмоциясын сезінуі мен түсінуін қамтамасыз ететін ділдік қабілеттердің тобын білдіретін «эмоциялық интеллект» деген термин пайда болды (Дж. Мейер, Н. Сэловей, Д. Гоулман). Бұл термин тұлғаның

танымдық және сезімдік қырларының өзара сабақтастығын, мәнін анықтайды. Эмоциялық интеллектісі жоғары адамдар өзінің де, басқаның да эмоциялары мен сезімдерін жақсы түсінеді, өз сезімдерін дұрыс басқара біледі. Сондықтан қоғамда олар өзін дұрыс ұстайды, өзгелдермен қарым-қатынаста алдына қойған мақсатына жеңіл жете алады. Д.Гоулман эмоциялық интеллектінің мынадай параметрлерін бөліп қарастырады:

- өз эмоциясын саналы түрде реттеу;
- эмоцияны түсіну;
- эмоцияны ажырата алу және көрсете білу;
- ойлау белсенділігіне сай эмоцияны қолдана алу [47, 27-б].

Сөз әдебін меңгертудің бір талабы ретінде қойылатын мәселе адамдардың көңіл күйін, эмоциясын бақылай отырып, сөйлесу екенін ескерсек, ғалымның бұл тұжырымы өте маңызды. Сөз әдебіне қатысты материалдарды меңгерткенде, оқушылардың өз эмоцияларын басқаруға үйрету қатар жүргізіледі. Мысалы, мадақсөз айту мәдениеті осы эмоциялық интеллектімен тікелей байланысты. Мадақсөздер адамдар арасындағы қарым-қатынастың жайлы, тартымды болуына ықпал етеді. Ол үшін мадақсөзді орынды, дұрыс, әдептен аспай қолдану талап етіледі. Сонымен қатар өзіне айтылған мадақсөздерді әдептен қабылдай алу да – мәдениеттіліктің көрсеткіші.

Отандық ғалымдар интеллектуалдық әлеуеттің өсуі, біріншіден, ғылыми зерттеулерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге байланысты болса, екіншіден, сол істі жүргізе алатын мамандандырылған ғалымдар, инженерлер, IT техниктер, ұйымдастырушы басшылардың болуына байланысты болатынын айтады. Бұдан «интеллектуалдық әлеует – қоғамның интеллектуалдық-шығармашылық жемісі болып табылатын ғылым мен білімнің тоғысуынан туындаған адами, материалдық, қаржылық ресурстардың бірлігі» деген қорытынды шығады. Бірақ интеллектуалдық әлеует арнайы мамандандырылған білімсіз адамның жоғары деңгейде өнім беруіне мүмкіндік бермейді [48, 13-б.].

Ғалым А.С. Сәрсеновтың пайымдауынша, «интеллектуалдық әлеует – деп қоғамдағы сұраныс үдесінен шығуға даяр әлеуметтік субъектінің уақыт пен орта алға тартқан міндеттерден, қиыншылықтардан, ұсыныс пен қажеттіліктен, бұрын беймәлім талаптан тұтастай болмаса да, негізінен биік тұрып, ілгерілеу динамикасы мен заңдылығына кіріге, бейімделе алу, соны ел мүддесіне, өз мүддесіне жегу арқылы бойындағы қабілеті мен мүмкіндігін ашу өресі» [49, 18-б.] .

Жоғарыда аталған тұжырымдарды жинақтай келгенде, интеллектуалдық-мәдени әлеуеттілік – әлеуметтік субъектінің немесе адамдар қауымдастығының әуелдегі өзінің табиғи саналы ойлау қабілетін ғылым мен білімді игеру арқылы жетілдіруі, соның нәтижесінде пайда болған қабілеті мен мүмкіндігін өзінің, ұлтының, Отанының мүддесіне жарата алуы. Сондықтан қоғамдағы интеллектуалдық әлеуетті үнемі жетілдіріп отырудың қажеттігі анық.

Міне, осы айтылған тұжырымдардың барлығы да тұлғалық интеллектінің дамуында төл мәдениеттің, оның ішінде ұлттық тілдің, оның аясында сөз әдебінің атқаратын рөліне басымдылық берудің қажеттігін көрсетеді. Өйткені «адами ресурс», «терең ойлау», «парасат» және т.б. ұғымдардың тоғысында адамның белгілі бір ұлттық мүддеге қызмет ету жауапкершілігі айқын көрінеді. Өйткені «интеллектуалдық» пен «төлтумалық» – өзара бөлінбес ұғымдар. Ешкімге ұқсамайтын ұлттық даралығын сақтай отырып, жалпыадамзаттық құндылықтардың ешбірін жатсынбайтын, жаңашылдыққа құмар, еркін де ерікті ел ғана тарих сахнасында өз орнын еншілемек. Ал, өз тамырынан қол үзген жекелеген тұлғалардың қол жеткізген жетістіктері қанша ұлы болса да, олар өз ұлтының материалдық та, рухани да байлығын құрамақ емес. Бұл қағидалар бейіндік мектеп оқушысы үшін тілдің, сөздің әрбір ұлт үшін қаншалықты маңызды екенін, ал сол әр халықтың өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан сөз әдебі нормаларына құрметпен қарауы, оны жете білуі қаншалықты мәнді екенін түсінуінің заман талабынан туындап отырғанын дәлелдейді.

Бұл бағыттағы жұмыстар қажеттік әрі халқымыздың тілдік қарым-қатынас қағидаларын, сөз мәдениеті мен қатынас әдебін жаңғыртуға, білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыруға, әлемдік білім кеңістігіне шығуға жол ашатын негізгі талаптардың орындалуына кешенді түрде мүмкіндік береді. Интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастырудың басты талабы әрі негізгі қол жеткізілетін нәтижесі ретінде қызмет етеді. Жоғарыда айтылғандай, тіл - қатынас құралы, әр халықтың интеллектуалдық деңгейінің, дүниетанымының көрсеткіші. Сондықтан бейіндік мектепте оқушының өзгермелі дүние талаптарына сай өзінің де, өзгенің де сөз әдебін саналы игеруіне қол жеткізуіне мүмкіндік беру міндеті қойылды. Тұлғаның интеллектісі мен мәдени әлеуетін өзара сабақтастықта дамыту жолдарын жетілдіруді, оның әдіснамалық негізін айқындап, әдістемелік жүйесін ұсынуға қатысты болып саналады. Білім алушының интеллектуалдық тұлға ретінде қалыптасуында тіл пәнінен меңгерген білімдерін өзінің адами жағынан толысып өсуіне қажетті субъектілік мәні жоғары факторға айналдыра алуы шешуші рөл атқарады. Сонда оқушының өз әрекетінің иесі ретінде шынайылық дәрежесі жоғары оқу мотивтерінің тууына, сол түрткілер арқылы білімді саналы меңгеруіне мүмкіндік арта түсетіні даусыз.

Бұл айтылған тұжырымдар бүгінгі тәжірибедегі «бейіндік мектепте қазақ тілін оқытудың көптеген өзекті мәселелерімен үндесіп жатыр. Атап айтқанда:

- 1) тілді оқытудың түпкі мақсаты етіп оның грамматикасын үйретуді емес, білім алушылардың сөйлеу мәдениетін, сөз әдебін жетілдіруді қою;
- 2) тілді ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде меңгерту;
- 3) тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқыту;

4) тіл сабақтарын білім алушының логикалық ойлауын, жалпы жеке бас қасиеттері мен интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану;

5) тіл пәнінің білім мазмұнын білім алушының интеллектуалдық және коммуникативтік біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалану;

6) тілді меңгертудің мотивациялық сипатын күшейту;

7) тіл бойынша игерілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталу жүйесін берік ұстану» [50, 106-б.] .

Оқу мотивтері мен тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін дамытудың сабақтастығы білім арқылы жүзеге асады. Бұл орайда білім әлеуметтік құбылыс және үдеріс ретінде, әлеуметтік жүйе және әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Әлеуметтік талдаулар бойынша білімді қолдану нәтижесінде оның екі жағы: әлеуметтік және жеке жақтары анықталды. Олар білімді әлеуметтік институт ретінде қарастырғанда біріктіріледі. Бұл тәсіл білімді әлеуметтік және жеке деңгейлерде қарастыруға мүмкіндік береді. Әлемдік білім беру жүйесі философиялық және мәдени дәстүрлері бойынша, мақсат пен міндет, өзінің сапалық жағдайымен ерекшеленетін әртүрлі ұлттық білім беру жүйелерін қамтиды. Соңғы кезеңдегі зерттеулерде әлемдік білім беру жүйесі дамуының төрт негізгі тенденциясы бөліп көрсетіледі:

а) көптеген елдер элиталық білім беруден көпшілікке бағытталған жоғары сапалы білім беру жүйесіне көше бастауы;

ә) білім беру саласында мемлекетаралық қатынастардың дамуына мүмкіндіктердің кеңеюі;

б) әлемдік білім беру жүйесіне гуманитарлық ғылымдарды оқу үдерісіне қосу, яғни адамға бағытталған ғылыми және оқу курстарының қосылуы, мысалы саясаттану, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, экономика, эргономика;

в) білім беру жүйесіне инновациялардың енгізілуінің елдегі қалыптасқан ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуі. Әлемдік білім кеңістігіндегі бұл тенденциялар отандық білім жүйесінде оқушының жекебас мүддесіне қажетті өмірлік дағдылардың атқаратын қызметі ерекше болуы қажеттігін дәлелдейді. Сондықтан бейіндік мектеп оқушысының тілдік білімге деген оқу мотивтерін қалыптастыруға, сөз өнерін үйренуге, сөз әдебі ережелерін игеруге деген мүдделілік тудыруға қажетті білім қоры мен практикалық дағдыларды ұштастыру міндеті қойылды. Себебі қандай да бір білім сатысы болмасын ол адамды жан-жақты, мәдениетті етіп қалыптастыруға қызмет етуі керек. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіне еркін шыға алатын отандық білім беру жүйесінің дамуына толық мүмкіншіліктері бар. Оның басты міндеті – болашақ адамның адамгершілік қасиеттерін, рухани мәдениеті мен сөйлеу әдебінзаман талаптарына сай етіп қалыптастыру. Ұсынылып отырған «Сөз әдебі» таңдау пәніндегі тұлға мен тіл; тұлға мен діл, тұлға мен құндылық, тұлға мен мәдениет бірлігіне негізделген теориялық материалдар мен әлем халықтарының этикетін

игертуге бағытталған практикалық сипаттағы жұмыстар осы мақсатты көздейді.

Заманауи талап бойынша оқытудың алуан түрлі мәселелерінің ішіндегі «басты әрі негізгі мәселе – қоғамдық-гуманитарлық білім беруді қайта қалпына келтіру. Мұның өзі – гуманитарлық пәндер үлесін көбейту деген ой емес, ол білім алушылардың жоғары дәрежедегі мәдениетін қалыптастыру болып табылады» [51, 14-б.].

Сонымен, оқу, білім ерекше әлеуметтік институт ретінде өз бетімен біршама дербес әлеуметтік қызмет атқарады. Нақтылап айтсақ, әрі танымдық, әрі субъектілік маңызы дұрыс ұштастырылған білім әрбір адамды жан-жақты дамыта отырып, теориямен терең қаруландыруды, әлеуметтік және рухани тәрбиені сабақтастыруды, тұлғаны әлеуметтендіруді қатар жүзеге асырып, тұлғаның интеллектуалды және рухани мүмкіндігін дамытады. Соның нәтижесінде білім алушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетін қалыптастырады.

Тіл мен тұлға мәдениетінің, сөз бен тұлға интеллектісінің бірлігі ертеден-ақ озық ойлы білімпаздардың назарынан тыс қалмаған. Осы бірлікті қамтамасыз ететін адамның ішкі мүддесі мен қызығушылығы екені де үнемі ескеріліп отырған. Сол себепті, әсіресе, гуманитарлық пәндерді, оның ішінде ана тілін оқыту арқылы адамның ақыл-ой қабілетін, оның ішкі мүмкіндіктерін саралаған еңбектерде бұл мәселелер әр қырынан қарастырылып келді. Ұлттық педагогикада адамның білім алып, тұлға ретінде қалыптасуындағы ұлттық тілдің орны туралы әл-Фараби еңбектерінен бастап Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Қ.А.Яссауи, сондай-ақ, Абай, Ыбырай Алтынсарин, Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов тұжырымдарында айтылады.

Кеңестік кезеңнің өзінде де тілді оқытуда білім мен тәрбиенің бірлігі нәтижесінде тұлға қалыптастыру мәселелері білімді ізгілендіру, оқушының дүниетанымдық қабілеттерін дамыту тұрғысынан С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, К.Аханов, С.Жиенбаев, К.Ысқақов, Ж.Адамбаева, С.Рахметова, Б.Кәтенбаева, Н.Оралбаева, И.Ұйықбаев, А.Айғабылов және т.б. еңбектерінде әртүрлі деңгейде зерделенді.

Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ тілінің өзекті мәселелерін тұлға қалыптастырумен сабақтастықта зерттеген Ф.Оразбаева, М.Жанпейісова, Е.Жұматаева, Р.Шаханова, К.Жақсылықова, Н.Оразақынова, Н.Құрманова, А.Сәтбекова, Р.Рахметова, А.Рауандина, Ш.Құрманбаева және т.б. ғалымдардың тұжырымдары қазақ тілі мен әдебиетін, жалпы алғанда сөзді адамды қалыптастыратын үлкен мүмкіндік деп тани отырып, оқушылардың оны саналы меңгеруінің теориялық-әдістемелікалғышарттарын айқындауға жол ашты.

Ж.Дәулетбекова қазақ тілін оқыту үдерісінде мектеп оқушыларының оқу мотивтерін қалыптастыру әдістемесін арнайы ғылыми зерттеу деңгейінде қарастырды. Зерттеуші 5-сынып оқушыларының пәнге танымдық қызығушылығын арттырудың, оқу мотивтерін тудырудың жолдарын

зерделеп, диссертациялық жұмысын қорғады, монография жариялады [11]. Ол қазақ тілін оқытудың сапалық деңгейін арттыратын мотивтердің маңызы туралы былай дейді: «Баланың оқуға деген қатынасы / оқуға үстірт қарай ма әлде оған терең мән бере ме?; өз қалауымен оқи ма әлде сыртқы әсердің жемісі ме?; үй тапсырмасын ылғи да орындай ма әлде баға алатын кезде ғана көзге түсуді көксей ме?; білімді механикалық тұрғыда қабылдай ма әлде оны түсінуге ұмтыла ма?/ оның жеке бас ерекшелігін танытып қоймайды, оқу нәтижесінің бала үшін қаншалықты маңызды екенінің көрсеткіші болып саналады. Әрі олар оқушының оқуға деген әлеуметтік көзқарасын да, субъект ретінде бала үшін оқудың өмірлік мәні қандай екенін де айқындайды. Жоғарыда аталған көрсеткіштер субъект дамуының сапасын танытады» [11, 8-б.]. Осыдан баланың пәнге деген қызығушылық деңгейін толық көруге болады. Өйткені оқу әрекетіндегі оқушының жеке бас ерекшеліктері ретінде «оның оқу мотивтерін ескеру әркезде де баланы өзін-өзі тануға қабілетті «әрекет субъектісі» деп қарағанда толық іске асады»[52, 31-б.].

Сонымен қатар орыс және шетел ғалымдарының арасында адамның тілді меңгерумен байланысты саналы әрекетін ұйымдастырудағы, оның интеллектуалдық әлеуетін дамытудағы оқу мотивтерінің рөлі, мәні Н.С.Автономова, Б.Г.Ананьев, Г.Г. Андреев, Д.Б. Богоявленская, Л.П. Буева, В.В. Гречаный, Ю.И. Ефимов, Р.А. Зобов, М.С. Каган, В.Ю. Краморенко, А.Г. Мысливченко, В.Е. Никитин, В.Л. Обухов, А.С. Панарин, В.М. Порус, Л.И. Сугакова, А.Г.Спиркин, Л.С. Цветкова, алыс шетел ғалымдары Д.Брунер, Г. Келли, Ф.Клике, М. Мид, А. Моль, Х. Хекхаузен және т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Тілді оқыту жүйесінде қалыптастырылатын оқу мотивтерінің бір саласы оқушының әлеуметтендірілуімен байланыста қарастырылады. Соңғы жылдардағы білімді ізгілендіру үрдісімен байланысты туындаған білім философиясындағы сан тарау аспектілердің ішінде тілді меңгерту барысында тұлғаны әлеуметтендіруге айрықша ден қойған зерттеушілердің қатарында Н.Г.Алексеев, Б.В. Горячев, Б.А. Зен, Е.В. Золотухина, И.Ф. Кефели, Е.Д.Клементьева, Б.И. Липский, Ф.Т. Михайлов, П.И. Пидкаситый, В.М.Розин, В.Н. Сагатовский, В.С. Слепаков, В.И. Стрельченко, А.П.Огурцов, В.И. Филипенко, Г.Н. Хон, А. Моль және басқаларды атауға болады. Интеллектуалдық қабілеттерді оқу үдерісімен тікелей сабақтастықта зерттеген ғалымдар П.К. Анохин, А.А. Грякалов, Н.В. Иванников, Т.Л.Ильин, А.А. Корольков, Н.Б. Крылова, Б.И. Липский, Н.Д. Никандров, Л.И. Новиков, М.В.Соколовский, Н.Ф.Талызина, Г.Н.Хон, Г.И.Щукина, В.А.Якунин, Р.Акофф, Д. Отноннеси, Ф.Эмери еңбектерінің де зерттеудің ғылыми негіздерін айқындауда өзіндік рөлі зор болды.

Зерттеудің ғылыми-теориялық негізі ретінде алынған осы ғалымдардың еңбектеріндегі ең басты сәйкестік ретінде интеллектуалдық әлеуеттің орталық мәселесі етіп тұлғаның ақыл-ой қуатымен қатар оның ішкі рухани әлемін қалыптастыруда оқу мотивтеріне сүйене отырып білім меңгертуге мән беретіндігін атауға болады. А.С.Панарин өз зерттеуінде «білім – мәдениеттің

аса маңызды компоненті, тұлғаны әлеуметтендірудің шарты» ретінде оны белгілі бір әлеуметтік ортада дамытатынын айтады [13, 27-б.]. Білім арқылы бейіндік мектепте интеллектуалдық-мәдени әлеуеті жоғары тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыруға болатыны сөзсіз. Білімнің әлеуметтік-мәдени қызметін күшейту нәтижесінде бүгінгідей жылдам өзгермелі ортада өмір сүруге бейім адамның қабілеттерін дамытуға болады.

Тұлғаның болмысмәдениеті оның интеллектуалдық әлеуетінің басты көрсеткіші саналады. Сол себепті зерттеу қағидалары бойынша, «мәденибілім оқу, білім беру үдерісінде үлкен рөл атқарады. Ол білім алушының дүниені тануға, меңгеруге және өзгертуге бағытталған белсенді әрекетіне түрткі болатын сол әлемнің оның сезімдеріне, идеяларына ықпалы мен ой-санасындағы көрінісі ретінде танылады. Сонымен қатар материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі, адамның рухани әлемін дамытудың, оның шығармашылық қабілеттерін ашудың ерекше факторы бола алады» [53, 203-б.]. Осыдан келіп, білім алушы тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту үдерісіндегі оның мәдени болмысын қалыптастыру мен тәрбиелеудің заманауи міндеттері алға шығарылады. Сол себепті қазіргі жаһандану ғасырында мектеп түлегін үлкен өмірге даярлауда оның сөз әдебін меңгеруіне басымдылық беру болашақ қоғам иесінің әрі интеллектуалдық, әрі мәдени деңгейін өсіруге бағытталуының кепілі саналады. Себебі қарым-қатынас әдебіне үйрену адамның өз мақсатына жетуінің басты шарттарының бірі екенін саналы түсінуі оқушының оны меңгеруге деген оқу мотивтерін тудырады.

Бейіндік мектепке ұсынылып отырған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінде әрбір халықтың сөз әдебінде өзіндік қалыптасқан қағидалардың барын тануы оқушының ұлттық тіл мен ұлттық сананың, болмыстың, ділдің бірлігін түсінуіне мүмкіндік береді. Сол қағидаларды білу арқылы өзінің интеллектуалдық әлеуетін, мәдени деңгейін көтеретінін сезінгеннен кейін сөз әдебі нормаларына деген қызығушылығы артады. Осы қызығушылықты тудыру үшін арнайы таңдау пәнін оқытып, қажетті сөз әдебі дағдыларын меңгерту мәселесін шешу маңызды. Сонда оқушы да сөз әдебі нормаларын саналы түрде қолдануға үйренеді. Мысалы, қазақ дәстүріндегі «сүйінші сұрау» салтына қатысты қаншама сөз этикеті бірліктері бар. Жақсы хабар айтушының «Сүйінші!» деп сөз бастауы, оған жауаптың «Қалағаныңды ал», «Сөзіңнің садағасы», «Аузыңа – май, астыңа – тай, қалағаның сенікі» және т.б. сөз орамдары ұлттық болмыстағы кеңпейілділікті, ақжарқын көңілді, тілектестікті (сүйінші сұрап тұрған адамның өзінің де қуанышқа ортақ көңілі аңғарылады), жарасымды қатынасты танытады. Ең бастысы, сөйлеушінің қуанышты хабарды жеткізудің өзінде тыңдаушысын жақсы хабарды қабылдауға психологиялық дайындауы болып саналады. Осыған ұқсас «көрімдік» (жанды затқа), «байғазы» (жансыз нәрселерге) сұрау дәстүрлеріндегі сөз орамдарының да тілдік, мағыналық өзгешеліктері түсіндіріледі, мұның барлығы да оқушының әрі қызығушылығын тудырады, әрі танымын кеңейтеді, әрі білімін арттырады.

Кейінгі жылдарда «интеллектуалдық тұлға» қалыптастыру мәселесіне арналған көптеген жарияланымдар жарыққа шықты, бірқатар ауқымды іс-шаралар да жүзеге асырыла бастады. Дегенмен, кейбір тұстарда, бұл бағыттағы өзгерістердің ойланарлық мәселелері де жоқ емес. Мәселен, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру, халықаралық стандартқа сай білім беру, жаңа әлемде өмір сүруге бейім ұрпақ дайындау секілді маңызды міндеттер білім беру жүйесін «ағылшындырумен» байланысты айтылып жүр. Бірақ бұл әлем тілін меңгерту деген бір ғана талаппен шешілмесі анық. Бұл әлемдік білім кеңістігіне ұмтылған елдің инновациялық жаңаруындағы бір тенденция ретінде жүзеге асырылуы қажет деп санаймыз. Өйткені ағылшын тілінің әлемдік өркениеттегі орнын, дүние жүзі халықтарының өзара қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлін, оның әлеуметтік және заманауи қажеттігін ешкім де жоққа шығармайды. Дей тұрса да, жаһандану жағдайында негізгі басымдылықты өркениетті елдердегідей халықтың, ұлттың өз тарихи тамырынан нәр алып дамуына беру, жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне қатысты мәселелерде дәстүр мен жаңашылдықтың өзара үйлесіммен берілуін үнемі қаперде ұстау қажет. Бұл мақсатқа сай сөз әдебін меңгертуде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мәселесін өзара ұштастыра отырып игертудің маңызы үлкен. Болашақ қоғам иесінің бойында тілді дұрыс, әдеп нормалары мен ережелеріне сай қолдануға деген ішкі бір қажеттілік пен азаматтық мүдде қалыптастыру керек. Ол үшін сөз әдеби нормалары мен талаптары, қағидалары туралы нақты білім бере отырып, өркениетті елдердің сөз әдебіне қатысты ұстанымдары мен қағидаларын оқушының өзіндік ізденісі арқылы танып, игеруіне мүмкіндік беру тиімді болмақ. Сондықтан зерттеу жұмысында «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесін айқындау, оны оқыту үдерісіне енгізу мақсаты қойылды.

Тілді жан-жақты меңгерген тұлғаның іскерлігінің көрсеткіші – ұсынылған тілдік материалдарды, игерген білім мен тәжірибені өздігінен дамытып, қоршаған ортада тиімді пайдалана білуі. Сөз әдебіне басымдылық беріп отырған пән бойынша интеллектуалдық тұлға қалыптастырудағы басты фактор – жан-жақты беріліп отырған білімді тиімді қолдана отырып, мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыру.

Мәдениетаралық коммуникация Қазақстанның жаһандану жағдайдағы полиэтникалық кеңістігіндегі тілдік қарым-қатынастардың негізін құрайды. Қазақстанның полиэтностілдік кеңістігін «тіл және әлеуметтік құрылым», «тіл және мәдениет», «тіл және әлеуметтік тұлға» қатынастары призмасында қарастырып, оның өзіндік ерекшелігін айқындау, әмбебап және ұлттық сипаттағы тілдік модельдің басты концептерін ұсыну – дара тұлғаның қалыптасуына игі ықпал етер мәселелер. Бұл модельде оқушының өздігінен әрекет етуінің тетігі саналатын оқу мотивтерінің орны ерекше болады. Себебі қандай білім көлемі ұсынылса да, оны оқушының игеруі табиғи түрде туындайтын, оның ішкі қажеттігіне негізделген оқу мотивтеріне байланысты болып саналады. Полиэтномәдени кеңістікте оқушының қазақ тілінің

мемлекеттік тіл ретіндегі тұғырын бекіте түсуге ішкі мүдделілігін ояту және оның ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналу үдерісіне өз үлесін қосумүмкіндігін сезіндіру қажет. Бұл, әрине, тілді оқыту жүйесінің сапасын жақсартуға, оны оқушының дара тұлғасына бағыттай отырып, өмірлік дағдыларына бейімдеуге тәуелді болып отыр. Сол себепті сөз әдебіне қатысты білімдер жүйесінде оқушының азаматтық позициясын қалыптастыруға да ерекше мән беріледі. Бұл өз кезегінде білімнің дара тұлғаға бағытталып оқытылуын талап етеді.

Дара тұлғаға бағытталған білім беру бейіндік мектеп түлегінің өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіре отырып дамытуын қамтамасыз ететін өзара тығыз байланысты идеялар, түсініктер және іс-әрекеттер жиынтығынан құралады. Бұл кейінгі уақытта қоғамдық-әлеуметтік сұранымдарға сай білім мен тәрбие беруді үйлестірудің жаңа парадигмаларына, атап айтқанда, жеке тұлғаға бағытталған гуманитарлық парадигмаға сәйкес келеді. Бұл жаңа парадигма білім алушының толық тұлғалық дамуына бағытталған, оның өз бетімен оқуын дамытуға, шешім қабылдай алу қабілетін жетілдіруге, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталғаны белгілі. Сондықтан осындай деңгейге қол жеткізудің басты шарты – оқушының тілді иегруге деген оқу мотивтерін тудыратын жаңа жүйені табу. Осы жүйе жалпы талаптарды меңгертумен бірге әр оқушының өзіндік, дара ерекшелігін сезінуіне; оның өзгермелі ортаға бейім әлеуметтік болмысының қалыптасуына; тұлға ретінде өзіне тән қасиеттері мен мүмкіндіктерін таныту қабілетін дамытуға; оқушының өзін және қоршаған ортаны тануда саналы, шығармашылық белсенділік көрсетіп, жекелік мәні жоғары әрекет жасай алуына қол жеткізуге; өзіндік көзқарасының болуын қамтамасыз етуге қызмет етуі тиіс. Осы талаптар мен критерийлер бейіндік мектепте сөз әдебининтеллектуалдық тұлға қалыптастыруға бағыттап оқытудың сипаттамасын айқындауға мүмкіндік беріп, білім мен ғылымды тоғыстыруда оқушының қажеттіліктерін, ерекшеліктерін, іс-әрекеттерін ескере отырып, олардың жан-жақты, яғни интеллектуалды ойлау қабілетін, өз бетінше шешім қабылдауын, шығармашылық қабілетін дамытуға негіз болады деп санаймыз.

Сөз әдебінің қыры мен жүйесін меңгертуді көздейтін білім мазмұнында оқушының сөйлеу, ойлау, еңбек мәдениетін, тілдік-қатысымдық қабілеттерін, жеке көзқарастарын дамытуға көңіл бөлінді. Категориялар мен барлық ұғым-түсініктерді соған сәйкестендіре жүйелей отырып, сабақта, сабақтан тыс ұйымдастырылатын оқу үдерісінде бейіндік мектеп түлектерінің өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі бағалауына мән берілді. Себебі осындай бағыттағы білім беру мақсаты көзделіп қана қоймай, оқытудың әдістемелік жүйесінің барлық компоненттері: оқыту мақсаты, оқу мазмұны, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері, күтілетін түпкі нәтижесі – түгелдей осы бағытқа жұмылдырылғанда, оқушының сөз әдебін үйрнеуге деген танымдық қызығушылығы артып, оның өздігінен әрекеттенуіне мотив тудыратыны сөзсіз.

«Кейінгі жылдары отандық та, шетелдік те әдіскерлердің еңбектерінде тіл пәнін оқытуға қатысты айтылып жүрген ой-тұжырымдарын саралап қарағанда, мынадай әдіснамалық қағидалардың ерекшеленіп көрінетіні байқалады:

- 1)білім беруді қоғамның сұранымына сәйкестендіру;
- 2)білімді оқушының өміріне ең қажетті біліктіліктерін жетілдірудің базасы ретінде жүйелеу;
- 3)білімді оқушының дүниетанымының, болмыс мәдениетінің, коммуникативтік іскерліктерінің дамуының тетігі ретінде қолдану, оның ішкі мотивациясының негізі ретінде ұстану» [50, 142-б.].

Бұл қағидалар тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуеті мен тілдік-қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған бүгінгі заманның мектебі үшін оқушының өміріне қажетті дағдыларды дарыту маңызды болып саналады. Сондықтан да бейіндік мектепте сөз әдебін арнайы оқыту грамматикалық білімге, қарапайым қатысымдық дағдыларды дамытудан бас тартып, жаңа талапқа сай болуы міндеттеледі. Сөз әдебіне төселу арқылы бір-бірінің ойын, қабілетін танып қана қоймай, оқушылар бірлесе әрекет етуге қажетті дағдыларды меңгереді. Яғни дискурс нәтижесінде өмірлік дағды қалыптасады; субъектілер арасында түсіністік орнайды; қандай жағдайда, кіммен болса да өзара келісімге, жай келісімге емес, әлеуметтік келісімге қол жеткізудің мүмкіндіктерін білетін болады.

Бейіндік мектеп сатысында осы аталған нәтижеге қол жеткізу үшін қазақ тіл пәнінің білім мазмұны сөз әдебін арнайы таңдау пәні ретінде оқытумен толығып, оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетін көтеретіндей, ал практикалық жүйесі оның интеллектуалдық қатынас әдебін қалыптастыратындай бағытта жүзеге асырылуы шарт екені ескерілді.

Сонымен, білім беру жүйесінде интеллектуалдық-мәдени әлеуеті жоғары тұлғаны қалыптастыру мәселесін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін саралай келгенде оқыту барысында үнемі назарда болуы тиіс мынадай қағидалар айқындалды:

- білім берудің әрбір сатысының өзіндік міндеттеріне сәйкес интеллектуалдық тұлға қалыптастыруға бағытталған жоғары сапалы білім беру жүйесіне көшу;
- білім беру саласында оқушының дамуына мүмкіндіктердің кеңеюін назарға алу;
- оқыту жүйесінде инновациялардың енгізілуінің елдегі ұлттық дәстүрлерге және ұлттық негіздерге қарсы келмеуін ұстану;
- білім мекемелерінде білім беру, ғылым, инновациялық қызметтің интеграциясын жүзеге асыру;
- білім берудің басты міндеті ретінде болашақ адамның адамгершілік қасиеттері мен мәдениетін қалыптастыруды қою;
- білім беру жүйесінің гуманитарлық бағытын күшейту.

Осы қағидаларға сүйене отырып, бейіндік мектепте сөз әдебін оқытудың мынадай басым шарттары жүзеге асырылуы тиіс деген тұжырым жасалды:

- бейіндік мектепте оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетін қалыптастыруда тұлғаның ақыл-ой қуатымен қатар оның ішкі рухани әлемін, ішкі мәдениетін дамыту;
- тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін дамытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, мәдени сана қалыптастыруға негіздей жүргізу;
- ХХІ ғасыр адамының бойында еңбек мәдениетін, ойлау мәдениетін және кісілік қатынас мәдениетті қатар дамытуға мән беру;
- интеллектуалдық-мәдени әлеуеті жоғары тұлға қалыптастырудағы басты фактор – білімді тиімді қолдана отырып, мәдениетаралық коммуникацияны меңгерту;
- тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, әр халықтың интеллектуалдық әлеуетінің, санасы мен дүниетаным деңгейінің көрсеткіші екеніне көз жеткізе отырып білім беру;
- тілді үйретуді дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысына негіздей жүргізу;
- қазақ тілі пәнінің әлеуметтік мәнін күшейту;
- қазақ тілінің “үштұғырлы тіл” жүйесіндегі доминанттық рөлін арттырудың жолдарын табу.

Қорыта айтқанда, осы шарттардың барлығы да бейіндік мектепте сөз әдебін ұлттық және жалпыадамзаттық нормалар негізінде үйрету барысында жүзеге асырылатыны даусыз.

1.3 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы сөз әдебін жетілдірудің лингвомәдени танымдық факторлары

Заманауи білім беру жағдайында ғылымдар тоғысын – интеграциялық оқытуды жүзеге асыру оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін арттырудың маңызды шарты болып саналады. Бұл – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға, дүниетанымдық білім алуына оң ықпал ететін бірден бір фактор. Осы тұрғыдан алғанда бейіндік мектепте сөз әдебін, сөз этикеті бірліктерін оқыту үдерісінде тіл мен тарихтың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен этнографияның, тіл мен философияның, тіл мен психологияның, тіл мен тәрбиенің бірлігі мен тоғысы жүзеге асады. Сондықтан тілді оқытудың ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуде антропоэзектік парадигма аясында туындаған ғылымдар тоғысындағы ұстанымдар, қағидалар басшылыққа алынады. Соның барлығында «Сөз әдебі» атты таңдау пәні аясында ұсынылып отырған білім мазмұнын лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан саралау қажеттігі туындайды.

Ең әуелі басын ашып алатын мәселе: «сөз этикеті» мен «сөз әдебі» ұғымдарының аражігі. Ғалым А.Қобыланова бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастырып, олардың айырмашылықтары мен ортақ мәселесін анықтап берді:

«Сөз этикеті – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеу үшін қолданылатын, белгілі бір заңдылықпен орныққан таңбалардың ұйымдасқан жүйесі. Оның өзіндік грамматикасы (таңбалардың бір-бірімен парадигмалық, синтагмалық қатынасы, байланысы және т.б), лексикасы (вербалды: клише, стандарт, формула; вербалды емес: бас иезу, қол беру және т.б.) болады. Ал сөз әдебі дегеніміз осы жүйенің нақты жүзеге асуы деуге болады. Сондықтан сөз этикетін тілмен (язык), ал сөз әдебін сөзбен (речь) салыстыруға болады. Сөз этикеті – белгілі бір жүйемен, заңдылықпен ұйымдасқан, орныққан этикеттік мәні бар таңбалар құрылымы, ал сөз әдебі сол құрылымды нақты жағдайда қолдана білуіміз дегенге саяды» [54, 13-б.].

Оқыту үдерісінде адамдардың өзара қарым-қатынасында әбден орныққан әдеп ережелерінің жиынтығын, этикет заңдалықтарын меңгерту көзделеді. «Сөз этикетін зерттеуде өмірдің түрлі жағдаяттарына сәйкес сөйлеу актілеріне тән тұрақты әрі арнайы жұмсалатын, этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың семантикалық-стилистикалық ерекшеліктерін ажырата білудің мәні зор» [54, 3-б.]. Бұл сөз әдебінің тек тілдік мәселе емес, әртүрлі ғылымдармен шектесіп жатқан күрделі құбылыс екенін қоса танытуды қажет етеді. Сондықтан бұл мәселенің әдіснамалық негіздерін де, әдістемелік жолдарын да ғылымдар интеграциясымен байланысты тұжырымдар бойынша айқындауға болады. Соның ең маңыздысы – лингвомәдениеттаным.

Лингвомәдениеттаным – тіл білімі мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болған, этнос мәдениетінің өз тіліне әсер етуін зерттейтін ғылым. «Таным – өте күрделі үрдіс, оған адамның бүкіл жан дүниесі: түйсіктері, ақыл-ойы, ырқы, сезім тебіреністері, ішкі көкей көзі (интуиция) – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады» [55, 494-б.]. Адам танымына сіңген ұғымның қай-қайсысы да тілде көрініс табады, ол сонымен қатар сол халықтың таным мәдениетінің, сөз мәдениетінің көрсеткішіне айналады. Сол себепті сөз әдебін оқыту бағытындағы лингвистикалық, дидактикалық тұжырымдардың бастау көзі ретінде отандық ғалымдардың ой-тұжырымдарына талдау жасалады.

Қазақ тіл білімінде өздерінің тіл туралы пайымдауларын ұлттың санасымен, болмысымен, дәстүр ерекшеліктермен сабақтастықта зерделеген, алғаш рет тіл мен халықтың, тіл мен танымның, тіл мен ділдің бірлігі жөнінде теориялық тұрғыдан пікір айтқан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтар болатын. А.Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі»-дейді [56, 1-б.]. Ғалым бұл жерде тілдің әрі танымдық, әрі әлеуметтік, әрі прагматикалық қызметтерін бір сөзбен түйіп отыр. Адамның адамдық белгісін дәлелдейтін басты көрсеткіш – сөздің әдеппен жұмсалу деңгейі. Дұрыс жұмсалған жағдайда ғана тіл адамның қажетін өтейтін құралға айналады. Ғалымның тілді жеке дара ұлттың дүниесі болумен қатар, жалпы адамзаттың құндылығы екенін атап көрсетеді. Бұл жайында ғалым Э.Оразалиева дәл пайымдайды. Ол: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін өз алдына оқушауланып тұрған, бір халықтың

игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде, жалпыадамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі» - деп бағалайды [57, 38-б.]. Осы тұжырым үдесінен қарағанда сөз әдебінің өзі де жалпыадамзаттық мәселемен ұштасып жатқаны анық. Өйткені сөз этикеті нормалары – жеке адамдар арасындағы ғана емес, топаралық, ұлтаралық, мемлекетаралық деңгейіндегі қарым-қатынаста сақталуы тиіс ережелерге бағындырылады. Сондықтан онда ұлттық пен жалпыадамзаттық нормалар кірігеді, төлтумалық пен жалпылық қатар көрінеді.

Ал, Қ.Жұбанов тіл мен мәдениеттің, танымның бірлігіне ерекше мән береді: «Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді. Сөйлегендегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі», - деп сөздің ұғынықтылығы мен әсерлілігі сөйлеуші тұлғаның мәдениетіне байланысты екенін атап көрсетеді [58, 8-б.].

Кез келген елдің сөз әдебі сол тілді жасаушы халықтың дүниетанымымен байланысты болатыны сөзсіз. Ал дүниетаным – ғасырлардың жемісі. Ғалым С.Аманжолов тілдің ұлттық дүниетаныммен сабақтастығын былай түйіндейді: «Қай ұлттың болса да, тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі – сананың көрінісі. Сөздің өзі – идеяға айналған саналық зат. Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттық сәулесі» [59, 68-б.]. Бұл жерде ғалым тіл мен сананың байланысынан тұлға мәдениеті танылатынын дәйектеп отыр. Адам тек тіл арқылы өзін танытатыны, тіл арқылы өзгені танитыны тереңдікпен тұжырымдалған. Бұл орайда сөз этикетінің семантикалық, стильдік, әлуметтік сипаттарын айыра білуге үйрету маңызды. Осы арада айта кететін тағы бір жайт: кез келген жұрттың сөз әдебін білу, оны сақтау сол халыққа деген құрмет, әдет-ғұрпын сыйлау мәдениетімен де ұштасып жатыр. Өйткені әр халықтың өзгелерден ерекшеліп тұратын ең басты белгісі осы сөз этикеті болып саналады. Сондықтан тіл үйренудің өзі де осы этикет нормаларын үйренуден басталатыны бекер емес.

Ғалымдардың лингвомәдениеттаным бағытындағы тұжырымдарының мәні М.Иманқұлованың докторлық диссертациясында жан-жақты зерделеніп көрсетілген. Зерттеуші: «А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясының бір ерекшелігі – тіл мен мәдениет тұтастығын бірлікте қарастыра отырып, адамзат болмысын терең зерделеуге ұмтылуы. Кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түп тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен байланысты. Ұлт көшбасшыларының оларды өзара бірлікте, біріктіре қараған ойларын дұрыс айқындау лингвомәдениеттаным ғылымын ілгері дамытады, оның зерттеу нысанын нақтылайды» - деп түйген [60, 29-б.].

Жалпы қазақ сөз этикетіне алғаш мән берген В.Радлов [61], А.Н.Самойлович [62] бұл мәселені этнографиямен байланыста қарастырды. Сөз этикетін сөз мәдениетімен ұштастыра айтқан М.Балақаев [63],

Р.Сыздық[64, 65], Н.Уәли[66,67] болды.

Қазақ сөз этикетін арнайы зерттеу нысаны етіп алған зерттеуші –доцент Айман Қобыланова. Ғалымның пайымдауынша, «этикет – адамдардың арасындағы алуан түрлі қатынастардың нормасы, сол қатынасты реттеп отыратын, олардың өзара байланысына ұйытқы болатын, қоғамның рухани ахуалының сау-саламат болуына септігін тигізетін» өзгеше құрылымдар [54, 3-б.]. Сондықтан бейіндік мектепте сөз этикетін, сөйлеу әдебін арнайы таңдау пәні етіп алудағы мақсат – қазіргі ғаламдану үдерісіндегі оқушы өмір сүретін, білім алатын, ақпараттармен алмасатын ортаның кеңеюіне орай тілдесудің ұлттық және жалпыадамзаттық нормаларынмеңгерту, өзінің күнделікті тәжірибесінде оны дұрыс, сауатты қолдануға төселдіру арқылы өмірлік дағдыларын дамыту. Оқушы үшін бұл таңдау пәнінда сөз этикетінің регулятивтік (реттеушілік), волюнтативтік, аппелятивтік, фатикалық, конативтік (сыпайылық), эмотивтік (сезімдік) қызметтері өзара тығыз байланыста, параллельді түрде жүзеге асырылып отырады. Өйткені сөз әдебінің аталған қызметтері ғылым жүзінде іштей жіктеліп, ажыратылып берілгенімен, олар сөйлеу үдерісінде өте тығыз сабақтастықта қолданылады. Сөз этикетінің байланыстырушылық, қатынасқа ұйытқы болу қызметі нақты көрінеді.Сондықтан оған тұрақты оралымдар, клишелер мен штамптар тән болып келеді. Сөз этикеті кейде сөз ішіндегі микрожүйе, «тіл ішіндегі тіл» деп те қабылданады.

Сөз этикетіне тән ішкі қызметтерді ажырата білу оқушының танымдық қызығушылығын, оқу мотивтерін дамытып, кеңейтіп отырады. Олардың қызығушылығы артқан сайын практикалық әрекеттерінде сөз әдебі нормаларын сапалы меңгеріп, саналы жұмсауға төселеді. Өйткені теориялық білім оқушының тілге көзқарасы мен ол туралы дүниетанымын тереңдетеді. Ал таным тереңдеген сайын, олардың сөз әдебін сақтауға деген мүдделілігі арта түседі.Мәселен, сөз әдебінің тек қарым-қатынастың үзілмеуінің ғана емес, оның сапалы болуының басты шарты екенін білу оқушылардың өз сөзіне жауапкершілігін арттырады.

Адамдардың қатынас мәдениеті мыңдаған жылдар аясында қалыптасқан белгілі бір ережелерді сақтауға негізделген. Орта ғасырлардан бастап бұл ережелер этикет деп аталатын болған. Кез келген тілдік ұғым секілді сөз этикеті мәселесін де тарихпен сабақтастырып отыру – оқушылардың оған деген қызығушылығын артыратын басты факторлардың бірі. Сондықтан оның тарихынан хабардар ету, сөз этикетінің әр халық ұғымында әрқалай қалыптасу заңдалықтарын меңгерту де пәннің танымдық әлеуетін көтеруге септігін тигізіп отырады.

Этикет (француз тілінен аударғанда – жарлық (ярлык), этикетка) – адамның басқа адамдармен сыртқы қарым-қатынасына қатысты мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Онда тұлғаныңайналасындағы адамдармен тіл табыса білуі, сөйлесуі, қолдау формалары, көпшілік орындарда іс-әрекеті, өзін-өзі ұстау мәнері, киім киісі арнайы ережелер түрінде белгіленеді. Ал, қазақ ұғымында, бұл ішкі мәдениеттің, болмыстың, шынайы қарым-

қатынастың бүкілхалықтық сипат алуымен, байға да, жарлыға да ортақ, жазылмаған заң, ресми бекітілмеген, бірақ өмір салтында әбден орныққан әдеп ережелері болып саналады. Қазақтың сөз әдебіне байланысты өмірлік қағидалары арнайы құжатта емес, халықтың төл мұраларында – шешендік сөздерде, мақал-мәтелдерде, тыйым сөздерде кең орын алып отырған. Оны қазақ баласы қалыпты өмір жағдайларында түсініп, түйсініп, қатаң сақтаған. Ол әлеуметтік институттар арқылы: отбасы, әулет, ауыл тәрбиесі негізінде қалыптасқан. Бұл жағынан ұлттық әдеп нормалары ежелгі грек, римдіктердің өміртанымымен ұқсас болып келеді.

Жалпы әлемдік ғылымда этикеттің сыртқы формаларын анықтайтын саналы мәдениет ережелері Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнен басталған деп саналады. «Дәл сол кезеңде адамдарды әсем мінез-құлыққа арнайы баулуға көңіл бөлінген. «Әсем мінез-құлық» ұғымы аясына антикалық адамның ізгі істері, оның адамгершілік және азаматтық туралы көзқарастары енген. Сұлулық пен адамгершіліктің үйлесімін ежелгі гректер «калокагатия» (грек тілінде «колос» – әсем, «агатос» – мейірімді) ұғымына сыйдырған. Калокагатияның негізі етіп сыртқы дене бітімі де, рухани-адамгершілік қасиет те алынған. Адамның сұлулығы мен күштілігінің үстіне әділ, дана, өр, ақылды болуы да ескерілген. Бұл орайда антикалық дәуір адамында этикет ұғымы бүгінгідей тек сыртқы әрекет мәдениетін ғана қамтымаған, өйткені олар үшін сыртқы мен ішкі (этикалық пен адамгершілік) бір-біріне қарама-қайшы құбылыс деп саналмаған» [50, 58-59-б].

Зерттеушілердің пайымдауынша, этикет ережелерінің жиынтығы тұңғыш рет баспа бетінде Испанияда XV ғасырда жарияланған. Ол ережелер тез арада өзге де батысеуропалық елдерге тарап кеткен.

Орыс зерттеушілері «этикет» сөзінің Ресейде XVIII ғасырда пайда болғанын айтады. Иван Грозныйдың тұсында Сильвестер жазған “Домостройда” зиялы қауым ортасында және шіркеуде адамдардың өзін қалай ұстау керектігіне байланысты өзгеше ережелер кодексі жасалған. I Петр заманында орыстардың өміріне түбегейлі өзгерістер енгізіліп, жас дворяндар үшін арнайы нұсқаулар жасалды, онда дворяндардың адамдар ортасында өзін қалай ұстау керектігі ереже түрінде көрсетілді.

Сол кездерде «этикет» сөзі ақсүйектер қоғамына тән қарым-қатынас нормаларына сай, қалыптасқан өзіндік жүйесі бар жасанды сөйлеу әдебі деген мәнде қолданыла бастаған. Ал қазіргі таңда этикет жалпы қоғамның мәдени деңгейінің көрсеткішіне айналып отыр. Яғни «тілдік этикет – адамдардың өзара сөйлесуінің мәдени тұрғыдағы қалыптасқан ережелері, қарым-қатынастың сөйлесімдік формулаларының жүйесі» деп таныла бастады [68, 140-б.].

Сөз әдебі – сөз мәдениетіне тән сөз сапаларының бір саласы. Ол – «тіл қатудың, сөз жұмсаудың қоғам қабылдаған, жұртшылық ұйғарған, ұлттық сипатқа ие ережелері мен тәртібі. Тіл қатудың жағдайы қарым-қатынас жағдаятына қарай жұмсалатын арнайы сөздер мен тұрақты сөз орамдарының жүйесі арқылы жүзеге асады» [69, 22- б.].

Сөз әдебі туралы қағидалардың қай-қайсысы да тіл мен сөйлеудің сабақтастығын айқындап алумен байланысты ашыла түседі. Ж.А.Жақыповтың пікірінше: «... жалпыға түсінікті бір ақиқат бар: тіл – мән, сөйлеу – құбылыс. Философияда дәлелденгендей, құбылыс кеңірек, мән мен құбылыстың бірінсіз-бірі жоқ, бұлар тығыз диалектикалық байланыста тұрады. Сонда, тіл мен ойлау бір нәрсенің екі жағы болып шығады. Тілге – статика, сөйлеуге динамика тән. Тілде ой берілсе, сөйлеуде ой қозғалысқа, өзгеріске түседі» [70, 3-б.]. Бұл жердегі сөйлеу тілдің коммуникативтік мақсатымен толық сәйкес келеді. Ол түрлі өмір жағдаяттарындағы сөйлеу актілері тұрғысынан қарастырылады.

Сөз этикетімен бөлінбестей тұтастықта қаралатын мәселенің бірі сөйлеу актілеріне келіп саяды. Сондықтан сөйлеу актісін талдау үшін оны зерттеудің түрлі қырына назар аудару қажет. Ғалымдар: «сөйлеу актілері теориясы дегеніміз – жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылатын сөйлеу актісінің қарапайым бірлігінің құрылысы, яғни сөйлемнің актуалдануы туралы ілім. Ал сөйлеу акті дегеніміз – белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу. Сөйлеу актілерінің негізгі белгілері ретінде зерттеушілер ниет (интенционалдылық), мақсаттылық және конвенционалдылықты атайды» - деп анықтама беріледі [71, 32-б.]. Олай болса, дәл осы ерекшеліктерді үнемі назарда ұстау оқушының білімді саналы меңгеруіне негіз бола алады.

Сөйлеу актілері теориясында коммуникативтік жағдайдың өз үлгі-моделі қолданылады. Бұл үлгі сөйлеуші, тыңдаушы, түрлі жағдайлар, сөйлемдермен қоса сол сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесін де қамтып отырады. Сол себепті сөз әдебі де әрқилы мақсаттарға жету үшін тілді қолданудың мәдениетіне сай өз механизмін анықтай алуымен тығыз байланыста қаралады. Сөйлеу актісі үш деңгейлі құрылым ретінде қарастырылады: локутивті акт, иллокутивті акт, перлокутивті акт. «Локутивті акт – сөйлеу барысында қолданылатын тілдік құралдар, иллокутивті акт дегеніміз – сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы, перлокутивті акт – сол сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы» [71, 19-с.]. Бұл ұштаған айтылым мазмұнының бірлігін көрсетеді де, сөз әдебі нормаларын сақтаумен байланыста болады. Сөйлеу актілерін жіктеуде иллокутивті мақсат, сөйлеушінің психологиялық жай-күйі, сөйлеу актісіндегі пропозиционалды мазмұнның нақты болмысқа қатынасы, адресант пен адресат мүдделері ескеріледі.

Оқушыларға сөз әдебін үйреткенде олардың оқу мотивтерін қалыптастыру мақсатында ресми, бейресми жағдаяттардағы сөз актілері қатар ұсынылып отыру көзделді. Өйткені оқушылар болашақта қарым-қатынастың осы екі түрімен де бетпе-бет кездеседі. Бұл тұста сөз этикеттерінің жағдаяттың осы екі түріне қарай байланыстырушылық қызметінің ерекшеліктерін Л.А.Киселева өте дәл айтқан: «Под контактом здесь понимается установление, сохранение и укрепление, поддержание

связей и отношений индивидуальных или социально-массовых, многообразных, но сводимых в некоторые типы, среди которых наиболее отчетливо выделяются такие полярные разновидности: 1) установление, сохранение и укрепление дружеских отношений и 2) установление и поддержание официально-вежливых отношений» [72, 40-с.].

«Жақсы сөйлеу, сыпайы сөйлеу – әдептіліктің маңызды шарты. Жақсы, орынды сөйлеп, елдің «тілін таба білу» іскер адамға пайдалы. Ал іскер пайда көздейтін адам болғандықтан, пайдаға жарайтын нәрсенің бәрін білген жөн. Жүздескенде жылы шырай таныту, басқалардың сенімін жоғалтпай, айтқан уәдеде тұра білу, өз бас пайдасын ойлай тұра басқалардың құқығын тәрк етпеу сияқты әрекеттер іскер адамға қажетті құлық, өмірлік ұстаным болуы тиіс» [73, 96-б.]. Сондықтан сөз этикетін оқытудағы қағида – өзгелермен пікір алысудың табиғилығын, нәтижелілігін қалыптастырудың басты факторларының бірі сөйлеудегі ізет, құрмет, сыпайыгершілік секілді кісінің сезіміне әсер ететін құралдарды орынды жұмсауға үйрету. Олар сөйлеу этикетінің түрлі коммуникативтік актілерде (амандасу, қоштасу, ризалық білдіру және т.б.) жүзеге асуы барысында көрініс табады. Сол себепті бұл бағыттағы білім өзінен өзі оқушының ішкі тілегіне сай келеді. Өйткені ол кез келген адам үшін өзгелермен дұрыс тілдесу ең маңызды қажеттіліктерді өтеуге бағытталып отырады. Сонымен қатар оқу үдерісінде оқушылар алдымен «этикет» сөзінің мағынасын терең білуі керектігі ескерілді. Сондықтан оның тарихи бастаулары мен ұлттық ерекшеліктеріне назар аударылды.

Сөз этикеті белгілі бір жағдаятта тілдесудің, сөз саптаудың тәртібіне тән ережелерді сақтауды талап етеді. Сөз мәдениетінің этикалық компоненттері негізінен, сөз актілерінде: өтіну, сұрау, ризалық білдіру, сәлемдесу, құттықтау, қоштасу және т.б. тәрізді белгілі бір мақсатқа көздеп айтылған сөз әрекетінде көрінеді. Оған қатысушылардың жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, туыстық қатынасы, олардың арасындағы қарым-қатынастың ресми/бейресми түрімен байланысты (коммуникатор – тілдесушілер) өзіндік қағидалары сақталады.

Ұлттық сөз әдебі нормалары туралы айтқанда оның бір-бірінен әрі айрықша, әрі өзара ұқсас екі арнадан бастау алатыны ескерілуі қажет. Оның бірі – ұлттық сөз әдебіне қатысты ұстанымдар да, екіншісі – жалпыадамзаттық этикалық құндылықтар. Қазіргі таңдағы этикалық нормаларды құрайтын бұл компоненттерді айыра білу – адамның өз ортасында дұрыс әрекет етіп, көздеген мақсатына жетуінің басты шарты. Себебі “этикалық нормалар – қарым-қатынастың әр түрлі жағдаятына (ситуациясына) тән тілдесу ережелерінің жиынтығы” [74, 18-б.]. Бейіндік мектептің оқушыларына арналған таңдау пәнін оқытуда осы екі мәселе бірге қамтылып отырады. Өйткені олар үшін ұлттық қағидаларды білу ата дәстүрін сақтауды талап етсе, жалпыадамзаттық әдеп нормаларын білу үш жақты міндетті көздейді:

а) өзге жұрттың сөз әдебі мен өз халқының сөз әдебін салыстырып,

олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді саналы түсінеді;

ә) өзгелердің сөз әдебі ережелерін игеруі арқылы оқушының сөз қолданым мәдениеті дамиды, өзге ортадағы қарым-қатынаста өзін еркін әрі жайлы сезінеді;

б) тіл білудің, тілдік әдеп нормаларын білудің ұтымдылығына көз жеткізеді. Бұл қазіргі жаһандану жағдайында қарым-қатынас аясы кеңейген ғаламдық ортада аса қажет біліктердің бірінен саналады. Сол қажеттікті сезіну оқушының оқу мотивтерінің кеңеюіне мүмкіндікті молайтады. Мысалы, академик Р.Сыздықтың пайымдауынша, бір ғана «сәлемдесу формалары әңгімелесушілердің әлеуметтік, биологиялық және т.б. сипаттарына байланысты және қатынастың түрлеріне қарай сараланады. Мағыналық және стильдік реңкке қарай амандасудың қазақ тілінде бірнеше түрі бар» [74, 27-б].

Сөз этикасы – дүниетанымдық компоненттерден, этикеттік компоненттерден және эстетикалық элементтерден тұратын күрделі құрылым. «Әдеп адамдар арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдени деңгейде ұйымдастырылуының басты шарты болғандықтан, ол жеке субъектілердің адами құндылықтарды түсінуіне, оны өз бойынан өткізуіне, сөз жүзінде ғана емес, іс-әрекетінде де дәлелдей білуіне байланысты болады. Бейіндік мектептің мақсаты – оқушының ойында сөз әдебі туралы ұғым қалыптастыру ғана емес, алдымен, сол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сөз әдебі нормаларын, қалыптасқан қағидаларды ұстануына қажетті алғышарттар жасау, сыпайы да әдепті сөйлеуге төселдіру. Мұндай өте пайдалы әрі қажетті білім мен біліктер оқушылар тарапынан үлкен қызығушылықтың тууына мүмкіндікті кеңейтеді де, олардың оқу мотивтерін шынайы түрде қалыптастырады.

Сөйлесушілердің ортақ тіл табысуының, өзара құрмет, ілтипат сезімдерінің көрініс табуының айғағы саналатын әдептік сөз орамдарын қажет жерінде орнымен қолдану оқушының коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының көрсеткіші деп есептеледі. Сол себепті сөз мәдениеті сапаларының ішінде этикалық нормаларды меңгерту мектептің бастауыш сыныптарынан бастап қарапайымнан күрделіге қарай сатылап жүргізілуі қажет» [50, 59-б]. Біз осы идеяны одан әрі өрбітіп, сөз әдебін арнайы таңдау пәні ретінде оқытуды көздедік. Өйткені анықтаушы эксперимент жұмыстарының кезінде бұл мәселенің оқушылар үшін аса қызықты екенін, маңызды, пайдалы болатынын, сондықтан оқу мотивтерін тудыру арқылы тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік мол екені байқалды.

«Күнделікті тұрмыста, ресми жағдаяттардың қарапайым түрлерінде қолданылатын сөз орамдарын бірте-бірте дамытып, кеңейтіп, оқушының сөз дағдысына сіңірудің қажеттігі даусыз. Мәселен, алғыс сезімін білдіруге, өтініш білдіруге қатысты сөз әдебін үйретуден бастау алған оқыту жоғары сыныптарда сөз этикетінің дүниетанымдық компоненттерімен, халықтық танымдағы тіл субъектісінің сөзіне қатысты мақал-мәтел түріндегі пайымдауларымен таныстыруға болады» [50, 134-б.]. Мұндай сабақтастық

сөз әдебі жөнінде оқушының дүниетанымдық білімін кеңейтіп, ой-өрісін өсіреді, өз ана тілінің танымдық көкжиегін жақын білуге талпындырады. Осы талпыныс пен ұмтылыс түпкі нәтижеде оқушылардың пәнді оқу мотивтерін берік ете түсетінен көз жеткізілді.

Сөз мәдениеті мен сөз әдебін арнайы зерттеген ғалым Н.Уәлидің пікірінше, «сөз этикасының этикеттік бөлігі байланыс орнату, байланысты жалғастыру, байланысты аяқтау тәрізді қарым-қатынас тәртібінің ережелерін білу, сол ережелерді коммуниканттың мәртебесіне сай, қарым-қатынастың ресми/бейресми жағдаятында іс жүзінде қолдануға тірек-таяныш болады» [67, 19-б.]. Ғалымдар «этикет – қайырымды адамның кез келген жағдайда өзін-өзі ұстай білуі. Оның негізі сыпайыгершілік, салт-жоралар мен әртүрлі рәсімдерді егжей-тегжейлеріне шейін білуі», - деп анықтама береді. [75, 131-б.]. Әрине, бұл жерде оқушыға бүкіл салт-жораны түбегейлі білдіру қажет деп санамаймыз, тек әрбір тақырып пен тілдік жағдаяттардың ерекшелігіне орай осы білімдер өз мүмкіндігінше ескерілуі міндетті саналады. Осы жерде лингвомәдениеттаным қағидалары сақталуы талап етіледі.

Сабақ барысында сөз этикетін меңгертуге қатысты түрлі оқу мәтіндерімен жұмыс жасатылады. Ондай «тапсырмалар оқушылардың сөз этикеті деген ұғымды саналы түсінуіне мүмкіндік берді. Әлбетте, сөз этикеті ережелерінің сыпайылық принциптеріне негізделетінін, сөйлеушінің өз әріптесіне құрметпен қарауы негізгі талаптың бірі болып саналатынын, сыпайылық, сыйластық, ізеттілік – моральдың, этиканың түп негізі екенін оқушы өзіндік ізденісі мен тілдік талдауы арқылы түсінеді» [50, 265-б.]. Ал бұл өз кезегінде оқушы ғаламдану үдерісімен бірге келгендей көрінетін төзімділіктің (толерантность), яғни ілтипат ұғымының өз халқының әдет-салтында баяғыдан бар екенін де түсінуіне негіз болады.

Сөз этикетімен, әдебімен байланысты ұғымдардың бірі – төзімділік (толеранттық). Бұл психологиялық тұрғыдан қарастырғанда жеке тұлғаның жаңа тәжірибені қабылдауға дайын, өзгермелі ашық кеңістігі болып табылады. Жеке тұлғаға тән сипат ретіндегі толеранттылыққа төмендегідей критерийлер бойынша анықтама беруге де болады: өзін өзгертуге бейімділік, өзінің құқын білуі, басқа адамды құндылық ретінде қабылдау, өзге де топтардың нормалары мен олардың өмір сүру құқын мойындау. Бұл орайда оқушылар кез келген адаммен тілдескенде өз халқының сөз әдебі нормаларын ғана сақтап қоймай, сөйлесіп отырған адамның да халқының сөз әдебі нормаларына құрметпен қарауы маңызды талап екенін білуі керек. Өкінішке орай, осы талаптың ескерілмеуінің салдарынан жақсы қарым-қатынасқа сызат түсуі мүмкін. Сөз әдебінің аясында өзге жұрттардың сөз әдебін қамтудың қажеттігі содан туындады. Мысалы, араб сөз әдебі бойынша тілдесушілер ол адмның жұбайы туралы мүлде сөйлемей қажет болса, неміс сөз әдебінде екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы мүлде жабық саналады. Қалай болғанда да, сөз әдебін жете меңгертуде жағдаятқа сай оқушы қажетті сөздердің мағыналық, жұмсальымдық сипатын толық біліп, оларды түсініп қолдануға үйретіледі.

Түрлі сөз актілерінде жекелеген сөздерді дұрыс қолданудың ойды жеткізудегі мәні туралы ой-пікірлер Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде жиі сөз болады. Ол сөздің ұтымды болуының бірқатар шарттарын атап көрсетеді. Олардың әрқайсысы сөз әдебіне қойылатын талаптармен ұштасып жатыр. Ғалым ойды жеткізудегі сөз талғаудың бір шартын былай түйіндейді: “Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау, жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек” [76, 48-б.]. Тіл мен норманың арақатынасы туралы А.Байтұрсынұлының бұл пікірін бейіндік мектеп оқушысын сөз этикетіне үйретуде үнемі ескеріп отыруды талап етеді. Себебі сөз этикеті тек қажетті сөз орамдарын, клишелерді қолданумен шектелмейді. Онда әрбір сөздің құрамы мен құрылымын сақтап, оларды сауатты қолдана алу тиімді. Мысалы, «кісі есімінің қаратпа ретінде жұмсалудың түрлі жолдары бар. Олардың әрқайсысының өз қолданылу реті, мағыналық ерекшеліктері бар. Әр тілдегі қарым-қатынас жағдайына қарай олар талғап қолданылады, айтушы тыңдаушыға қарата тіл қатқанда, сол ұлттың салт-дәстүрі, дүниетанымы, қарым-қатынас жасау мәдениетіне байланысты аталған тәсілдің бірін таңдайды. Оны әр тілдегі этикет жүйесі реттеп отырады» [77, 41-б.].

Қаратпа сөздердің басым бөлігінде әр ұлттың қайталанбас әдеп ерекшеліктері көрінеді. Бірақ осы қаратпа сөздерді қолдануға қатысты жекелеген еңбектерде жаңсақ пікірлер де кездесіп жатады. Мысалы, сөз этикетіндегі қаратпа (жүгіну) сөздер туралы: «Соңғы уақытта қазақ тілінде орыс тілінен енген азайтқыш жұрнақтар *-очка,-ечка,-енька* қолданылады, орыс тілінде мұндай жүгіну кеңінен қолданылады: Раушаночка, Айгулечка, Айнуручка, Гулжаночка, Саулешка және т.б. Айта кететін жағдай, мұндай жүгінулер тек әйел есімдеріне тән болып келеді. Бұл екі халықтың өзара тығыз қарым-қатынасының белгісін көрсетеді, ал азайту-еркелету жұрнақтарының әйел қауымына тән болуы мүмкін қазақ қоғамындағы гендірлік теңдік, яғни ер кісі – рухани және дене күші, қиындыққа берілмейтін басшы (жауынгер), ал әйел – нәзік, мейірімді әйел, ана болып табылады»- дейтін пікірлер де бой көрсетіп қалады [78, 46-б.]. Біздіңше, бұл – ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін «сөз шұбарлығының» көрінісі. Сондықтан оны ұлттық танымнан тыс, үстірт еліктеу сипатындағы құбылыс деп бағалау орынды. Ал, тіл тазалығын сақтаған үдерісте мұндай құбылыстар болмағаны жөн. Ол жайында ғалымдар «мұндай жағымсыз гибридтер тіл тазалығына, дәлірек айтқанда, этикет сөздердің тазалығына нұқсан келтіреді. Мұндайда бала санасынан экспрессиялық бояуы қанық қосымшалардың потенциялық мүмкіндігі жоғала бастайды. Жеке сөзді, лексиканы жоғалтудан гөрі тілдік элементтердің потенциялық мүмкіндігін жоғалту әлдеқайда қауіпті» екенін айтады [54, 52-б.]. Себебі оларда ұлттың болмысы мен рухы, салт-дәстүр ерекшелігі сақталмаған.

Сөз әдебінің вербалды құралдарымен қатар бейвербалды амалдарын білудің де маңызы зор. Өйткені «тілсіз тіл» деп аталатын бейвербалды амалдардың адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі рөлі вербалды амалдардан бір де кем емес. Олардың да өз «тілі», өз қызметі, өз әдебі бар. Оның барлығы да лингвомәдениеттаныммен тығыз байланысып жатыр. Сол себепті бұл мәселе Б.Момынованың [79, 80] еңбектерінде зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылды.

«Бейіндік мектепте қазақ тілін оқыту жүйесін қоғамдық-әлеуметтік сұраныммен сәйкестікте жетілдіру – мәселені шешудің түп негізі болуы шарт»[81, 229-б.]. Сондықтан бүгінгі қоғам міндет етіп қойып отырған интеллектуалдық әлеуеті жоғары мектеп түлегін дайындауда ғылым мен білімнің интеграциясына ерекше назар аударылды. Зерттеуде сөз әдебінің лингвомәдениеттанымдық негіздерін белгілеуде білім мен мәдениеттер бірлігінің тұжырымдамасы (М. М. Бахтин, М. С. Каган), адамды әлеуметтік тұлға мен әрекет субъектісі ретінде қарастыратын философиялық-антропологиялық қағидалар (Б. Г. Ананьев, Л. С. Выготский, Г. С. Костюк, А. Н. Леонтьев), дара тұлға дамуының мәдени-тарихи тұжырымдамасы (Л. С. Выготский, В. В. Давыдов, Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин), тұлғалық-бағдарлық тұжырымдар (Е. В. Бондаревская, В. В. Сериков, И. С. Якиманская), және адам өз әрекетінің субъектісі болуы тиістілігін негіздеген тұжырымдар (А. Н. Леонтьев, С. Л. Рубинштейн) алынды.

Сөз этикетін үйрену үшін түрлі жағдаяттық тапсырмалар орындалуы талап ретінде қойылады. Өйткені теориялық біліммен бірге практикалық жұмыстардың оқушы тілін жетілдірудегі маңызы зор. Бұл талаптарды кеңестік кезеңде ерекше атап айтқан ғалымдар болды. Оқыту үдерісінде тілді жұмсауға үйретудің шартын ғалым М.Балақаев: “Сөз өнеріне әуестенген жастың “көкірегі сезімді, тілі орамды” болуы үшін тек тықылдаған тілі мен жағына сүйенбей, көп үйренуі, өзгелермен сөз жарыстырып сынға түсуі керек. Өзіңе өзің емес, өзгелер төреші болғаны жөн. Жеңіс алаңына шыққан палуандай, майданға шыққан батырдай шешен де жұрт алдына шығу кезеңінде сыналады”, - деп көрсетті [82,17-б.].

Шетелдік ғылымда тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мәселесін алғаш рет көтерген ғалымдар – Я.Гримм, Р.Раск, А.А.Потебня. В.Гумбольдт тіл мен мәдениеттің тоғысы жайлы мынадай тұжырымдар жасайды:

- 1) материалдық және рухани мәдениет тілге әсер етеді;
- 2) кез келген мәдениет ұлттық нышанға ие, бұндай ерекшелік тілдік жүйеде айқын көрінеді;
- 3) тіл – адам және қоршаған ортаның арасындағы жалғастырушы буын;
- 4) «халықтық рух» пен мәдениеттің белгісі – ішкі форма тілге тән [83, 64-б.].

Лингвомәдениеттанымның басты міндеті – халықтың мәдениетінің тілге әсер етуін жүйелі түрде көрсету және олардың өзара байланысы мен дамуын анықтау. Көп ретте лингвомәдениеттаным этнолингвистика пәнімен

байланысады, біраз мәселелерді шешуде олар басшылыққа алатын ғылыми қағидалар мен әдістер де ұқсас. Ғалым В.Н.Телияның пікірінше, «лингвомәдениеттаным – тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын этнолингвистиканың бір бөлігі» [84, 5-б.].

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы көптеген пәндердің назарын аударады, соның ішінде әлеуметтік лингвистиканы атауға болады. Бұл пән тілдің қоғамға және қоғамның тілдің дамуына әсерін, яғни, тілді қоғам дамуына қатысы тұрғысынан алып зерттейді. Жұмыс барысында коммуникация үдерісіндегі тұлғалардың сөйлеу әрекетіне әлеуметтік факторлардың әсер ететіні және олардың сөйлеу дағдысында қандай көрініс табатындығы байқалды. Сөз этикеті, сөз әдебі тұрғысынан алғанда бұл құрылымдардың басты шарты – осы әлеуметтік талаптармен, нормалармен ұштасып жатады. Өйткені әдептіліктің өзі адамның қай ортада қандай әлеуметтік мәртебені иемденуімен тікелей байланысты.

Лингвомәдениеттанымның зерттеу пәні ретінде төмендегідей объектілерді атауға болады: 1) эквивалентсіз лексика мен лакуналар; 2) аңыздар, ырымдар және салт-дәстүрлердің тілдегі формалары; 3) тілдің паремиологиялық қоры; 4) тіл және дін өзара қатынасы; 5) сөйлеу әрекеті; 6) сөйлеу этикеті және т.б. Жоғарыда аталған бірліктердің ішінде сөйлеу этикеті қарым-қатынас үдерісінің ұлттық-мәдени элементі болғандықтан, оның барлық формалары мен бірліктері лингвомәдениеттаным пәнінің тұрғысынан қарастырылуы қажет деп саналады. Қатынасты орнату, жалғастыру және доғару функцияларын атқаратын сөйлеу этикетінің формулаларына талдау жасалғанда, осы факторлар үнемі назарда болуы тиіс. Мысалы, сөз бастауында тұратын қаратпа сөз бен сәлемдесу – адамдар арасындағы бүкіл тілдесім үдерісіне нәр беретін бөлік. Онда, әсіресе, қаратпа сөз қатынастың өрбуіне, жылылық деңгейіне әсер етеді. Сондықтан қаратпа сөзді әңгіме үстінде орайлы етіп қайталап отыру ұтымды болады. Сыйласымдылыққа (мырза, ханым, аға, бауырым және т.б.) , еркелетуге қатысты перифраздар мен эпитеттерді (қарағым, шырағым, айналайын, және т.б.) модальдық диалогтерде қолданған жарасымды. Мұнда қандай сөзді талғау керектігін анықтауда тілдесушілердің әлеуметтік рөлі мен қатынас жағдаяты маңызды рөл атқаратыны ескертіледі.

Ал, жаңадан таныс болған жағдайдағы тілдесімде жасы мен лауазымына қарай керекті сөздерді талғап қолданған тиімді. Бұл жерде ұлттық және мәдени дәстүрлер сақталғаны жөн. Мысалы, қазақ дәстүрінде қандай жағдайда (ресми, бейресми) болмасын, өзінен үлкен адамның атын және әкесінің атымен қоса айту әдепсіздікке жатады. Өкінішке орай, қазір өзге жұрттардың жат әдетін сіңіріп, ресми жағдайларда осы үрдістің белең алып тұрғаны байқалады. Тіпті оқу мекемелерінде мұғалімдерді өзінің, әкесінің атымен қоса атаудың орнына ер адамдарды «ағай», әйел адамдарды «апай» деп айту әрі ұлттық дәстүрімізге сай, әрі мұғалімнің әлеуметтік мәртебесімен толық үйлесер еді. Ресми қарым-қатынас жағдайында қолданылатын «ағай»

мен «апай» қаратпалары – кейбіреулер айтып жүргендей, ешқандай да туыстық атау емес, ол «профессор», «доктор» сөздерімен барабар қолданылатын статусты, кәсіби мәртебе атауы. Бұл жерде олардың туыстықты білдіретін ұғымы бейтараптанып, әлеуметтік мәртебе білдіретін мағынасы актуалданып тұр. Оның үстіне бұл сөздер – «ханым», «мырза» секілді «жасанды» сөздерден әлдеқайда жылы әрі табиғи шығатыны анық.

В.В.Воробьевтің пікірінше, «лингвистикалық мәдениеттану – тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен өзара әсерін қазіргі заманғы қоғамда қалыптасқан қоғамда норма мен жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, олардың қолданысы арқылы, жүйелі әдістер арқылы тілдік және мәдени мазмұндағы бүтін бір құрылымдық бірлік ретінде көрсететін синтез түріндегі кешенді ғылыми пән» [73, 25-б.]. Бейіндік мектепке ұсынылып отырған таңдау пәні аясында қамтылатын коммуникативтік актілерде маңызды рөл атқаратын сөз этикетіне берілген анықтамаларға талдау жасалынады. Коммуникативтік акт талабы бойынша, ол – белгілі бір ойды баяндау және хабар алмасу, оған кем дегенде екі адам, яғни, хабарлаушы мен қабылдаушы қатысады. Қарым-қатынас үдерісінің төрт құрамдас бөлігі болуы шарт, олар – сөйлеуші, тыңдаушы, тіл және талқылау тақырыбы.

Сөйлеу әрекеті – негізгі құралы ретінде тілді қолданатын, өзінің белгілі бір себебі, мақсаты және нәтижесі бар құбылыс. Қарым-қатынастың мақсаты мен өтіп отырған орнына, коммуниканттардың саны мен айқындамаларына байланысты қатынастың бірнеше түрі белгіленген. Қатынастың кез келген түрінде коммуниканттар белгілі ережелер жүйесіне сүйеніп, бір-бірімен араласады. Сөйлеу мәдениетінде сөйлеуші мен тыңдаушыға қатысты жүріс-тұрыс қағидалары қалыптасқан. Олардың көбі әдептілік және сыпайылық, мәдениеттілік пен қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстай білу ұғымдарымен тығыз байланысты. Адресат пен адресанттың коммуникативтік актідегі іс-әрекеті қандай ережелерге сай болатыны жөнінде және осы қағидалар жұмыстың үшінші бөлімінде көрсетілді.

Сөйлеу этикеті аясында коммуниканттардың қатынас орнату, қолдау және доғару қызметтеріне тән, әлеуметтік белгілермен анықталған ұлттық-мәдени ерекшеліктердің жиынтығы қаралады. Тілдік амал-тәсілдер әлеуметтік белгілерге байланысты түрленіп отырады, бұл мәселені әлеуметтік лингвистика пәні қарастырады. «Сөйлеу этикеті әңгімелесушілердің жасы, жынысы, қоғам мен отбасындағы орны, лауазымы, мамандығы, тұратын жері т.б. белгілер бойынша реттеуші қызметін атқарғандықтан, белгілі бір қарым-қатынас жағдайында коммуниканттардың арасындағы қатынасты реттеп отырады. Коммуникативтік актіде тұлғалар әлеуметтік белгілер бойынша *«жоғары – тең – кіші»*, жас мөлшеріне байланысты *«жасы үлкен – қатарлас – кіші»* болып жіктеледі. Егер әңгімелесушілердің екі немесе одан да көп сипаттары бір деңгейде болса, коммуникация симметриялы, егер олар елеулі белгі-нышандар бойынша ерекшеленетін болса, қарым-қатынас асимметриялы болғаны. Сөйлеу жағдайларының соңғысында адресат пен адресант бір-біріне бейімделіп,

сөйлеу этикетінің ерекше формаларын қолданады» [71, 18-б.].

Қарым-қатынас үдерісіне тән әлеуметтік белгілердің ішінде ең негізгілерінің бірі – жас мөлшері. Бұл критерий бойынша коммуниканттарды бірнеше топқа бөліп, әрқайсысының сөйлеу дағдысын қарастыруға болады.

Коммуникативтік актіде тұлғалардың биологиялық ерекшеліктері (жынысы) бойынша ер адамдар мен әйелдердің сөйлеу дағдысын қарастыруға болады. Өңгімелесушілердің мамандығы мен кәсіби ортасы олардың сөйлеу әрекетіне әсер етіп, із қалдырып отырады. Демек, адресат пен адресант қарым-қатынас барысында қызмет ететін өндіріс саласы немесе жұмыс бабына сай сөздер мен сөз тізбектерін, сөйлеу мәнері мен арнайы тілдік амалдарды қолданады, олардың арасында сөйлеу этикетінің белгілі бір формалары болады. Осы тұрғыдан алғанда таңдау пәнінің білім мазмұнында қазақ сөз этикетінің мысалында ұмытылып бара жатқан ізгі дәстүрлердің жаңару, жаңғыру мүмкіндіктері қаралып, оқушылардың талқылауына ұсынылады. Бұл, бір жағынан, оқушының ойын жетілдірсе, екінші жағынан, олардың тілді игеруге деген ынтасын дамытады.

Мысалы, қазақ әдет-ғұрыптарына тән, өмірдің әрбір сәтіне қатысты ежелден қалыптасқан этикеттік сөз орамдарын сәтті қолдана білу сөйлеушінің білімі мен білігін ғана емес, өз халқының салт-ғұрыптарын сыйлайтын азаматтық келбетін де танытады. Құтты болсын айтудан бастап, сүйінші сұрау, көрімдік немесе байғазы сұрау, құттықтау, тілек айту, шақыру, көңіл сұрау, көңіл айту, сәтсіздіктерде қолдау көрсету, қуанышты бөлісетін әртүрлі жағдаяттардың өзіне ғана тән сөз оралымдарын орынды қолдану – ұлттық ділдің де айқын көрінісі. Бұл сөздерді талғап орынды жұмсай білу – қатысымдық біліктіліктің аса маңызды құрамдас бөлігі, ал оларды білу – тілді жетік меңгергеннің көрсеткіші екенін түсіндіріліп, меңгертіледі.

«Тұлғалардың қоғамдағы орны, мәртебесі, лауазымы және мамандығы олардың сөйлеу әрекетінің сөз әдебіне сай келуі немесе кейбір ауытқушылықтардың болуына әсер етеді» [65, 26-б.]. Адамдардың білім дәрежесі оларды әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілін қолданушылар деп бөлуге мүмкіндік береді. Қарапайым тілде сөйлеушілер тіл тазалығы мен этикет қалыптарына көп көңіл бөлмейді, олар одағайлар мен кірме сөздерді, анайы формаларды қолданады. Ал әдеби тілде сөйлеуші зиялы қауым өкілдерінің сөйлесімі жұмсақ әрі таза, сыпайылық пен мәдениеттіліктің жарқын көрінісі болып есептеледі.

Жоғарыда сөз болған әлеуметтік және биологиялық белгілер мен рөлдер қарым-қатынас барысында белгілі бір жүйе құрап, сөйлеу этикетінің формаларын қолдануда маңызды қызмет атқарады. Этикет қалыптарын қолдануда негізінен үш фактор – коммуниканттардың жынысы, жасы және әлеуметтік мәртебесінің орны ерекше. Осы ерекшеліктерді дұрыс жеткізу мақсатында әртүрлі өмір жағдаяттарын тапсырмалар ыңғайында ұсынып отыру тиімді.

Қазақ және өзге тілдердегі этикеттік оралымдарды салыстыра отырып

білім беру оқушылардың пәнге деген қызығуын арттырады. Мысалы, қазақ және ағылшын тілдерінде есімдіктер тұлғалардың өзі мен әңгімелесушіні атау, сыпайы немесе анайы формаларды белгілеу қызметін орындайды. Оларды қолдануда қос тілде де арнайы ережелер мен қағидалар жиынтығы бар. Сол сияқты орыс тілімен ұқсастығы мен ерекшеліктерін салыстырудың да мүмкіндігі мол. Мысалы, қазіргі қоғамда қалыптасып кеткен, әсіресе, ресми қарым-қатынаста дағдыға айналған адамды атымен, әкесінің атымен атау дәстүріне қатысты этикет нормаларын түсіндіру оқушының тіл жұмсауға саналы көзқарасын қалыптастыруға қызмет етеді. Сыртқы фактордың әсерінен пайда болған этикеттің бұл түрі ресми қарым-қатынаста, әсіресе, қалалы жерде, түрлі ұлт өкілдері аралас ұжымдарда жиі қолданылғанымен, жалпыхалықтық сипат алған жоқ. Орыс тіліндегі сөз этикетін зерттеуші белгілі ғалым Н.И.Формановская өз еңбегінде: «Қостілділік жағдайында орыс тіліне тән аты мен әкесінің атын қосып айтатын арнайы-ұлттық форма одақтас республикалар тұрғындарының тілінде қалыптасқан формаға айналды деп тұжырым жасауға болады» – деп жазғанымен, мұндай форманың қазақ сөз этикетінде жалпы халықтың қажеттілігін өтейтін қолданысқа айналмағандығын күнделікті тіл тәжірибесі көрсетіп отыр [85, 34-б.]. Этикетке ұсақ-түйек деп мән бермеуге болмайтын, өйткені сол қатынастағы ұсақ-түйектердің дұрыс орындалмауынан қақтығыстар мен жанжалдар туып, тіпті мемлекеттер арасы шиеленісетініне тарихта дәйектер көп. Бұл факті де оқушыларға түсіндіріліп, олардың сөз этикетін білуге деген қызығушылығын, мүдделілігін одан әрі дамытуға болатынын тәжірибе дәлелдеді.

Жалпы қазақ қауымы, тіпті зиялы қауым өкілдерінің өзі де көп жағдайда *-ович, -овна* деп тіркестіргеннен қазақи исі бар *Реке, Төке, Нәке* деп қолданғанды я болмаса толық атын ғана атағанды оң көреді. Бұл жөніндегі өз пікірін Р. Сыздықова былайша білдіреді: «Бұл күндегі тағы бір кемшілік – қазақтарға «имя, отчествосымен» пәленше пәленшеевия, пәленше пәленшеевна деп, өзіне қарату да сұхбаттасу үрдісіне келе бермейді. Орыс ағайындардан «жиендік» етіп алып кеткен бұл тәсілді «ұлы, қызы» деген сөздерді қосып, «қазақша киіндіріп» кәдеге асыру әрекеті бұдан да сорақы шығады» [74, 29-б.]. Бұл пікірлер, әдеп нормаларының адамзатқа тән ортақ талаптары болғанымен, бір халықтың дүниесін екінші бір халыққа әкеп таңа салуға болмайтынын дәлелдейді. Бұл да өз кезегінде оқушылардың сөз этикетіне аса жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді, тілдің талғамы мен сезгірлігін, ішкі түйсігін жетілдіреді.

Ғалым Т.Қордабаев: «Қай халық тілінде болса да сөздердің бір-бірімен тіркесуінде ортақ заңдылық болады. Ол заңдылық, біріншіден, сөздердің тіркесімпаздық қабілетіне, екіншіден, сөздердің байланысындағы салаластық немесе сабақтастық қатынасқа негізделіп, өмірдегі сияқты тілде де жетектелуші жетектеушіге ілеседі. Тілде қалыптасқан осы заңдылық орынсыз бұзылғанда, оны тілге енген жаңалық, оның сымбаттылығын арттыратын, оны дамыта түсетін соны туынды деп санауға болмайды. Туған

тілімізде сан ғасырлар бойы айтылып келген, халық ұғымында әбден орныққан атауларды» қолдануымызды қажет. Себебі сөйлеу мәдениетінің жоғары болуы – халық мәдениетінің жоғары болуы, рухани өміріміздің өсуі» -деп ескертеді [86, 7-б.].

Таңдау пәнінде сөз әдебі талаптары бойынша әртүрлі қатысымдық ниетке қарай арнайы этикеттік орамдарды (формулаларды) орынды қолдану да мәдениеттіліктің белгісі болып саналатыны туралы ұғым үздіксіз беріліп отырады. Өтініш айтарда, бірдеңе туралы сұрар алдында «ғафу етіңіз», «Сізден сұрауға бола ма?», «... айтып жібермес пе екенсіз?» «... қайда екенін айтыңызшы» деген сөздер өтініш иесінің сыпайылығын танытумен қатар өзіне керегін жылдам алуына да ықпал ететіні ескертіледі.

Ғылыми зерттеулерде адам қарым-қатынасының құндылығын танытатын диалогтік сөз екендігі айтылады. Диалог ұғымы пайымдау сипатында, яғни екі адамның әңгімелесуі, сұқбаттасуы деңгейінен де жоғары тұрады, одан әлдеқайда кең қазіргі заман дискурсының, мәдени-әлеуметтік контексті деп саналады. Жеке бір тұлғаның басқа адаммен сұқбаты, мәдениеттің басқа мәдениетпен байланысы мен қарым-қатынасы негізінде ғана әлемдегі ізгілікті құндылықтар пайда болады. Сұқбат гуманизмді, адамсүйгіштікті уағыздайды. Диалогтың мақсаты – адамдар арасында үйлесімділікке, өзара түсінушілікке қол жеткізу, түрлі мәдениеттер, ділдер, діндердің ортақ кездесу орнын көрсете білу екенін айтады. Яғни тұлға – тіл-мәдениет бір-бірімен тығыз байланыста өрбиді. Сол елдің мәдениетін білген тұлға ғана тілді терең меңгере алады. Сол елдің мәдениетін, әдебиетін, тарихын құрметтеген тұлға тілдің мәнін түсіне біледі. Біз ұсынып отырған сөз этикеті тікелей осы диалогизацияға (қайымдасуға) оңтайлы, оны міндет деп санайтын қатынас түріне тән заңдылықтарды игертеді.

Ғалымдар мәдениет коммуникацияның құралы болып табылатынын адамзаттың тарихи даму барысындағы қарым-қатынас құралдарының өзгеріп отырғандығымен байланыста дәлелдейді. Қарым-қатынас құралдарының дамуы адамның санасына, іс-әрекетіне орасан әсер етеді. Тіл қатысымдық құрал ғана емес, адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі болып табылады. Яғни бейіндік мектепте сөз әдебі нормаларын арнайы оқыту арқылы танымын кеңейту, оның мәдениетін жетілдіру мәселесі де бірге назарда болады. Тіл – денотативті (белгілі, сигналдық) коммуникация құралы емес, сонымен қатар коннотативті, яғни лингвомәдени, идеологиялық мәні бар құрал. Сөз әдебімен байланысты жаңа ақпараттар оқушының рухани әлемінде өзіндік өзгеріс тудырып отырады. Оларды оқушы өзінің танымдық деңгейіне байланысты әртүрлі қабылдайды. Ол оның ой-өрісіне, талғамына, санасына, танымдық деңгейіне байланысты десек те, жалпы ережелер туралы арнайы білім беру, практикалық тапсырмаларды орындату олардың ой-өрісі мен коммуникативтік дағдыларын өзара бірлікте жетілдіреді.

Осы мақсаттағы жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс аса маңызды мәселе – оқу жүйесінде бейіндік мектеп оқушысының өмірлік мүддесіне сай, соны қанағаттандыратындай мотивациялық технологияларды

калыптастырудың жаңа жүйесін анықтау жайы. Бұл әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей, “пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік парадигмасымен алмастыру арқылы шешіледі” [87, 11-б]. Олай болса, “тілдің ұлттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде оқу-тәрбие үдерісінің түп қазығы болатындығына” [88, 66-б.] “оқушының дара тұлға ретінде дамытылуының, яғни білім жүйесіндегі демократиялықтың, ізгілендірудің, гуманитарландырудың жүзеге асуының бірден-бір тетігі ретінде ана тілінің меңгерілуіне” [89, 15-б.] ерекше мән беру қажеттігі күннен күнге дәлелденіп келеді. Мектептің басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау, ал тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы. Сонымен қатар, оқушының сөйлеу әдебі мен стилінің қалыптасуы да маңызды рөл атқарады. Ана тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі – тілдің адам болмысы мен бірлігіне сүйеніп жасалған жаңа қадам екенін ресейлік ғалым Г.В.Кошанский өзінің «Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности» атты еңбегінде: «Тілдік қатынастың тек ақпараттық қызметпен шектелмейтінін, адамдардың өзара түсінісуінің құралы екендігін оқушыға ұғындыру қажеттігін» - деп көрсетеді [90,143-б.].

«Ал жаңа жүйе, бір жағынан, білім берудің белсенділігін арттыратын компьютерлік технологиялармен байланыста қаралса, екінші жағынан, оның жаңа мәдени парадигмаға сәйкес болуы талап етіледі. Мәселен, бұрынғы кездері адам әрекетінің мәдени негізін оның табиғатқа бейімделу тәсілі құраса, өндірістік революциядан кейінгі дәуірде мәдениет табиғатты өзіне бағындыруға ұмтылыс деңгейімен өлшенді. Ал қазіргі жаңа мәдени парадигма адамзаттан алапат дағдарыстардан жол тауып шығуды қажет етеді. Сондықтан да ХХІ ғасыр адамының бойында еңбек мәдениетін, ойлау мәдениетін және кісілік мәдениетті қатар дамытуға басымдылық берілуі қажет» [53, 58-59-бб.]. Олай болса, ендігі жерде мәдениет белгілі бір дағдыларға емес, мәдени санаға негізділеді. Мәселен, қазақ тілін меңгертуде сөйлеу әдебіне тән қағидалар, қарымс-қатынас әдебіне қойылатын талаптар жете зерделенуі тиіс. Сөйлеуге қойылатын талапта сөз әдебінің ортақ заңдылықтары мен ұлттық ерекшеліктер ұштастырылып отырылуы – мәдени білімнің өзегі. Себебі “мәдениет – ашық жүйе, оның негізгі мақсаты – өз ойын басқаға жеткізу, ол монологтан гөрі диалогқа – сұхбаттасуға жақын. Сондықтан мәдениеттануда өзін-өзі таныту, өзгені тану мақсаты алдыңғы қатарға шығады және бұл жерде осы мәдениетті тарату құралдары (таңбалар, рәміздер, ғибадаттық әдет-ғұрыптар, т.б.) мен оның ішкі мағынасы (менталитеті, ділі, санасы, діні) бірдей қызмет атқарады” [91, 324-б.].

Шын мағынасында тарихи-элеуметтік маңызы жағынан “мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал”. Ғалымдардың пайымдауынша, «мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі бір ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдени білімнің өзегін құрайды. Себебі салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының

айнасы. Олай болса, бүгінгі таңда бейіндік мектепте оқытылатын тіл пәнінің негізі мен өзегі сөйлеу, ойлау, қатынас әдебін жаңа заман талабымен ұштастырып меңгерту болуы тиіс. Заманауи білім беру үрдісіндегі жаңа парадигмалармен үндестіктің жүзеге асу жүйесі, оның ғылыми-танымдық арқауларының қайдан бастау алатынын толық пайымдау жүзеге асады. «Дәстүрлер – мәдениеттің негізгі өзегі болғандықтан, адам қай уақытта болсын этникалық дәстүрлердің әсерінде болады. Ана тілін білмеушілік адамды ұлттық мәдениет ықпалынан шығарып тастайды» [92, 27-б.]. Бұл жерде қазақ тілін оқытуда мектеп түлегінің жалпы тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру үшін қазақ халқының сөз, сөйлеу өнеріне қатысты ұстанымдарын басшылыққа алу қажеттігі айқын көрінеді. Мұны демократияның жемісі, егемендіктің мүмкіндігін пайдаланудың кепілі деуге болады. Ал бұл бағыттағы оқытудың міндеттері интеллект ұғымымен тікелей сабақтастықта қаралуы шарт.

Әлбетте, «сөз этикеті ережелерінің сыпайылық ұстанымдарына негізделетінін, сөйлеушінің өз әріптесіне құрметпен қарауы негізгі талаптың бірі болып саналатынын, сыпайылық, сыйластық, ізеттілік – моральдың, этиканың түп негізі екенін оқушы өзіндік ізденісі мен тілдік талдауы арқылы түйсінеді. Ал бұл өз кезегінде оқушыға тілдік ілтипат ұғымының өз халқының әдет-салтында ежелден қалыптасқанын сезіндіреді, тілді қолдану жауапкершілігін өсіреді» [93, 32-б.].

Қорыта айтқанда, теориялық біліммен бірге практикалық жұмыстардың оқушының функционалдық сауаттылығын жетілдірудегі маңызы зор. «Функционалдық сауаттылық пен оқу мотивациясының арасында тығыз сабақтастық, өзара тәуелділік бар. Олар бір-бірімен үндесім тауып отырғанда ғана тұлғаның тұрақты қасиетіне айналады. Өйткені сауаттылықтың қажеттігі мен мүмкіндігін, өзінің өмірі үшін маңызын сезінуі нәтижесінде оқушының оған қол жеткізуге деген талабы мен мүдделілігі арта түседі» [94, 482-б.]. Осы мақсаттағы жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс аса маңызды мәселе – оқу жүйесінде бейіндік мектеп оқушысының өмірлік мүддесіне сай, қажетін қанағаттандыратындай мотивациялық технологияларды қалыптастырудың жаңа жүйесін анықтау жайы. Бұл орайда әлемдік озық тәжірибеде дәлелденгендей, пәндік-білімдік парадигманы тілге деген сүйіспеншілік, жауапкершілік парадигмасымен алмастыру арқылы мектеп оқушысының интеллектуалдық әлеуетін дамытудың ұтымдылығындұрыс пайдалана білуді бүгінгі уақыт талап етіп отыр.

2-ТАРАУ. БЕЙІНДІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МОТИВТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП СӨЗ ӘДЕБІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыру негізінде сөз әдебін оқытудың философиялық аспектілері

Тіл сабақтарында оқушыларға берілген білім мен қалыптастырылған дағды оқушының түрлі қабілеттерінің, ой-санасының дамуына ықпал етеді. Бұл даму үдерісінде оның тіл туралы ұғым-түсініктері бір сатыдан келесісіне, яғни біршама жетілген, күрделенген жаңа сатыға көтеріліп, ғылыми жолмен тіл туралы дүниетанымға негізделген практикалық сипаты терең күзиреттіліктерге айналады. Бұл соңында оқушының функционалдық сауаттылығының қалыптасуына әкеледі. Осындай сатылы-сабақтастық жолмен дамитын оқу үдерісінің көрсеткішін айғақтайтын бірқатар параметрлерді атауға болады: оқушының тілге деген саналы көзқарасы, өз білімін жаңа жағдайда сынауға бейімділігі, сөз жұмсаудағы жауапкершілігі, тілдік сезгірлігі мен әдепті сөйлеуге деген талғампаздығының артуы.

Оқушының тілге деген көзқарасы оның тіл туралы өзіндік пікірі, тұжырымы қалыптасқан кезде айқындала бастайды. Әрине, ондай көзқарас өзінен-өзі тумайды, тек грамматикаға негізделген оқу жағдайында мүлде болмайды. Сабақта оқушыға адам өміріндегі тілдің мәні туралы ойландыратындай бағыт берілмесе, тілдік сана қалыптаспайды. Тілді әртүрлі қырынан қарастыруға болатын ерекше феномен деп тани бастағанда ғана оқушының тіл жайлы жаңа пайымдамалары пайда болады. Қазақ тілі сабақтарындағы оқу-танымдық мотивтерді оята отырып, берілетін білім мен білік оқушының жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай тіл мен тұлға бірлігі, тіл мен адам тағдыры жайлы мәселелермен ұштастырыла меңгертілген кезде ғана баланың дамуының, ой-пікірінің жетілуінің, өзін-өзі жетілдірудің қуатты факторына айналмақ.

Оқушының тілге деген көзқарасы, тіл туралы дүниетанымының негізі – тілді қарым-қатынас құралы, өз ойын жеткізу мен өзгенің ойын түсінудің құралы, сөйлеуге қызмет ететін, алуан түрлі мағынасы бар, құрылымы бөлекше, өзіндік пікірі мен көзқарасын жеткізуге мүмкіндік жасайтын, ең бастысы айналасындағы адамдармен салауатты, сауатты, қарым-қатынас қағидаларына негізделген сыпайы тілдесім бірліктерінен тұратын өзгеше құбылыс деп тануы.

Тіл туралы оқушының өзіндік көзқарасын дамытып, оның өмір салтына қажетті дүниетанымды құрайтын компоненттер:

біріншіден, жалпы тіл туралы, оның ішінде ана тілінің адам өміріндегі рөлі, маңызы туралы өзіндік ой-тұжырымының болуы; тілдің адам қоғамымен бірге жасайтын, жүйелі, дамушы құбылыс екендігін түйсінуі; тілді ұлттық құндылық, өмірлік мәні терең құрал; адамзатқа жаратылыстан берілген ең үлкен сый; ата-бабалардан қалған аманат ретінде түсінуі;

екіншіден, тілдің қатысымдық-мағыналық мәнін, тілдің деңгейлік сипатын; тіл бірліктері туралы құрылымдық-семантикалық жүйенің ерекшелігін ұғынуы;

үшіншіден, тілдік қатынастың ұлттық сипатының ерекшеліктерінің маңызын, себебін түйсінуі, сөйлеу тілінің функционалдық-стилистикалық сипатына сай қолдану амалдарын меңгеруі. Бұлар бірі-бірімен тығыз байланысты. Осылардың барлығы біртұтастықта қатармеңгертілсе, оқушының интеллектуалдық әлеуетінің дамуына ықпалы күшейе түседі.

Бейіндік мектеп оқушысының, жеткіншектің дүниетанымы туралы айтпас бұрын, философиядағы адамның дүниетанымы деген не деген мәселенің басын ашып алу маңызды. Өйткені оқушының дүниетанымы қоршаған ортаны, айналаны, ғаламды, соның ішіндегі ғылыми білімді меңгеруі арқылы қалыптасады. Сол білімдердің ішінде әрбір пән бойынша алатын, игеретін ұғым-түсініктердің өз орны бар. Әлемдік білім беру жүйесінде үстемдік алып отырған заманауи тенденцияларының бірі – «дүниетанымнан сауаттылыққа қарай оқыту» болуы кездейсоқ емес. Осыған дейінгі кезеңдерде білім жүйесінде әбден орныққан «сауаттылықтан дүниетанымға қарай оқыту» тенденциясы ығыстырылып келеді. Бұл үрдістің мәні - балаға берілетін білім жекелеген ұғымдар мен ережелердің бірлігі түрінде емес, ең алдымен, сол пән бойынша алған білімдердің өміртанымдық маңызы мен оның тұлға қалыптасуындағы рөлі қандай? деген сұраққа жауап іздеуді қажет етуде. Олай болса, қазақ тілі сабағында да оқушы үшін оның тіл жайлы дүниетанымын құрайтын білімдерді біріктіретін басты мәселе адам өміріндегі ең негізгі құндылық – тілдің адамзат әлеміндегі маңызын, мәнін түсінуінен құралады.

Философиялық әдебиеттерде «дүниетаным – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын айқындайтын принциптердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі. Дүниетаным қалыптасуына саяси, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар көп әсер етеді» - деп анықтама берілген [95, 52-б.]. Олай болса, оқушының тілге қатысты, сөз өнеріне байланысты, сөз мәдениеті мен сөз әдебіне қатысты дүниетанымының дұрыс қалыптасуында оқыту жүйесінің барлық кезеңдері оқушының тіл туралы толық әрі жан-жақты түсінік алуына бағытталуы тиіс. Өйткені «ғылыми білімдер дүниетаным жүйесіне ене отырып, адамның немесе бүкіл топтың қоршаған әлеуметтік және табиғат заңдылықтарын бағдарлау мақсаттарына қызмет етеді. Сонымен қатар, ғылым адамды әртүрлі адасулардан құтқарып, оның шындық болмысты ақыл-ойы арқылы тануына жағдай жасайды» [96, 67-б.]. Оқушының тілді тек қарым-қатынас құралы ғана деп емес, оны адамның өмір-тіршілігінің сәттілігінің кепілі, адамгершілік, рухани, әдеп қағидаларына негізделген адами қарым-қатынастың бастауы әрі нәтижесі екенін ұғынуы жас ұрпақтың тілге, сөйлеуге деген саналы қатынасын қалыптастырады әрі оның пәнді саналы меңгеруге ішкі талпынысы мен мотивтерін күшейтеді.

Бастауыш сатыда, одан кейінгі негізгі мектеп жүйесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру тілдің тек теориялық мәселелерін жүйелеп берумен, ол туралы жалпы көзқарастар тудырумен шектелмейді. Өйткені дүниетаным адаммен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық ережелерге жеке тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас орнатудағы негізгі өлшем болғанмен, оның өзіндік заңдылықтарға бағынатыны сөзсіз. «Дүниетаным – адамның дүниені ақиқатпен сезіп, білуі ғана емес, ол әрбір нәрсені теориялық және тәжірибелік жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-тәжірибелік әдіс. Дүниетанымда тұтас адамзат әлемінің үлгісі сияқты мәдениет категорияларының жүйесі көрініс табады» [97, 124-б.]. Олай болса, оқушының дүниетанымын қалыптастыру оқушының тек ойлау қабілетін дамытуды көздемейді, сонымен қатар оның дұрыс, көркем, мазмұнды, сыпайы, этикалық нормаларға сай сөйлеуін қамтамасыз етеді. Өйткені ойлау қабілеті артқан сайын оқушының өз ойын барынша дұрыс, әсерлі, табиғи, орнықты, сыпайы жеткізе білу дағдысы қоса қалыптасады. Өйткені оның санасында «тіл – танымқұралы», «тіл – мәдени мұра», «тіл – тұлға мәдениетінің көрсеткіші», «тіл – ішкі жан дүниенің, адам санасының көрсеткіші» деген секілді дүниетанымның компоненттері қатар, бірге қалыптаса бастайды. Ғалымдардың пайымдауынша, «дүниетаным – адамның өзіне, әлемге, өзінің әлемдегі орнына деген көзқарастар жүйесі» болып саналады [98,7-б.]. Яғни біздің зерттеу нысанымызға алынып отырған бейіндік мектеп оқушысы тілді әдептік, дүниетанымдық тұрғыда түсінуі нәтижесінде тіл мен өзінің, өзі мен әлеуметтік ортаның байланысын терең ұғынады. Өзіміз тәжірибе жүргізген жоғары сынып оқушыларының осы мақсатта өткен сабақтарда өздерінің сөзіне, айналасындағы адамдардың сөзіне, жалпы білімге, оқуға, тілге деген саналы көзқарастарының дұрыс қалыптасқаны – осының дәлелі. Білім философиясы мен тіл философиясының бірлігі арқылы жүзеге асырылатын сөз әдебіне төселдіру үдерісі оқушының тұлғалық жағынан да дамуына оң әсер етті.

Қазіргі уақытта ғылымда интеграция және дифференциация үрдісі бір-бірімен тығыз байланыста жүріп жатыр. Интеграция «дүние біртұтас және оның бірлігі материалдығында» деген философиялық ұстанымды берік ұстап, дүниенің біртұтастығын дәлелдейтін оның салдарының, бөлшектерінің байламы, бір-біріне қатысты шартты әсерін зерттейтін пәнаралық байланыстың жоғарғы түрі болып табылады. Мектептегі «Қазақ тілі» пәнінің басты нысаны болып саналатын тіл де диалектикалық материализмнің табиғатына сай табиғат пен қоғамдық өмірдегі барлық қозғалыстар сияқты қозғалу, даму, өзгеру күйінде болады. Біз бұл бағытта сөз мәдениеті мен сөз әдебі нормаларына қатысты дүниетанымның бір компоненті – «тіл – тұлға мәдениетінің көрсеткіші» екенін оқушы санасына сіңіруде осы заңдылықты ұстанамыз.

Тіл – қоғаммен бірге дамиды, өзгермелі құбылыс. Бірақ ол түбірімен өзгермейді, ұзақ уақыт бойында бірте-бірте өзгеріске ұшырайды. «Тіл – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс» болғандықтан, оның даму кезеңдері белгілі бір тарихи дәуірге сай келіп, сол кезеңдегі қарым-қатынас тілінің дәрежесін, сұранысын, қолданысын көрсетеді. Әр дәуірдің тіл мәдениеті өзінің алдындағы кезеңнің тілдік жүйесін, грамматикалық құрылымын, тіл байлығын, сөздік қорды және сөздік құрамды сақтап қабылдайды да, жаңа кезеңде өзіндік тілдік белгілерін қосады. Мұндай тұжырымдар таңдау пәнінің сөз этикетінің тарихына байланысты білімді меңгертуде қалыптастырылады. Мысалы, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауында үлкен рөл атқаратын қаратпа сөз формулаларын оқытуда қазақ ортасында ежелден қалыптасқан қаратпа сөздер (бәйбіше, байеке, нағашыеке) мен кешегі кеңестік кезеңдегі сөз сәніне арналған қаратпа оралымдар (құрметті жолдастар, пионерлер, комсомол жастар), қазіргі заманда сөз қорымызға еркін енген сөздер (ханымдар, мырзалар, халайық) қарым-қатынас әдебінің де заманға лайық өзгермелі сипат алатынын түсінуге мүмкіндік береді.

«Тіл – іштей өзара байланысты, бір-біріне бағынышты элементтердің жиынтығы» болып саналады [99,11-б.]. Мұндай философиялық тұжырымдар әр сынып сайын ретімен ұсынылатын тіл білімі салаларын оқыту үдерісінде үнемі қайталанып, қайталанған сайын іштей толығып, кеңейіп отыратын ой-пікірлер негізінде қалыптасады. Мысалы, тіл білімінің әрбір саласы тіл туралы толық әрі жан-жақты мағлұмат беру үшін оқытылады. Олар әртүрлі сала болып жіктелгенімен, бәрінің ортақ нысанасы – біреу, ол – қазақ тілінің ең басты құралы сөз. Фонетика сөздің дыбысталуын зерттесе, лексика оның ең басты белгісін – мағынасын қарастырады. Сөзжасам сол сөздің түрлену, өзгеру жолдарын зерттесе, морфология оның құрамы мен түрлі топтарға бірігуін, таптастырылуын зерттейді. Сол сияқты синтаксис сөздердің өзара тіркесуі мен жекелеген сөздердің бірігіп тиянақты бір ойды білдіруін, ал стилистика әрбір сөздің өз мақсаты мен талғамдық сипатына орай қолданылу аяларын зерттейді.

Ал бейіндік мектепте ұсынылатын қазақ тілінің «Сөз мәдениеті мен шешендік өнер» пәнінде осы алдыңғы сатыларда алған білімдер одан әрі толығып, сөз жұмсау, тілдік талғам мәселелерімен тығыз ұштасады. Ұсынылып отырған «Сөз әдебі» таңдау пәнінде олардың ұлттық сипаты, қолданымдық ерекшеліктері одан әрі тереңдетіледі. Бір қарағанда тілдің әртүрлі саласы болып бөлінгенімен, барлығының ортақ нысаны сөз болып шығады. Осындай түсінік оқушының «тіл – жүйелі құбылыс» деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етіп, тіл туралы дүниетанымы мен оны қолдану мәдениетінің бөлшегі ретінде қызмет етеді. Бұл түсінік сөйлем мен мәтін қандай маңызды рөл атқарса, сөздегі жеке дыбыс та сондай мәнді болып саналады. Тіл білімі дамыған сайын оның өз ішіндегі салаларының байланысы терең зерттеле бастауының себебі де осы байланыстың мәнінің арта түсуінде екені күмәнсіз.

Тілдің қоғамдық-әлеуметтік рөліне, тіл мәдениетінің артуына, қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты «Сөз мәдениеті» саласының жалпы тіл білімінен өз орнын алып, бөлек ғылым саласы болып шығуы ғылымдағы дифференциация мен интеграцияның нәтижесі болып табылады. Өйткені бұл сала өзіне дейінгі барлық білімнің басын қосып, бір арнаға тоғыстырады. Ол, әрине, оқушы үшін келесі кезеңдерде меңгертілетін ғылыми білім мен практикалық дағдының нәтижесі болып саналағанмен, дәл осы орта буында олардың бір дыбыстың өзгеруі бүкіл ойды жеткізуде өзіндік рөл атқаратыныны туралы түсінігінің қалыптасуы, сөздердің мағыналық тұрғыдан түрленіп, жетілетіні жайлы ұғымдарының болуы маңызды. Бұлар оқушының тілге байланысты сауаттылығына негіз қалайтын дүниетанымдық білімінің бір бағыты ретінде қызмет етеді.

Философиялық тұрғыдан қарағанда, тіл – ұлттың танымының айнасы. Ал ұлт дегеніміз тегі бір, түбірі бір, сөйлейтін сөзі бір, әлем туралы түсінігі ортақ, ұстанатын салттары мен дәстүрлері біртектес адамдардың ұйымдасқан, ұжымдасқан бірлігінен тұрады. Кез келген тілде сол тілді қолданатын ата-балалардың дүние туралы ойы, пікірі, көзқарасы тұжырымдалады. Оның барлығы сол ұлттың танымын құрайды. Ал жеке адам тұрғысынан алғанда оның сөзінде сол адамның бүкіл дүниетанымы, өмір, орта туралы пікірі көрініс береді. Сондықтан оқушыны сөз әдебін үйренуге жетелейтін мотивтерді оятуда «тіл – ұлттың айнасы», «тіл – адамның айнасы» деген бір-бірімен өзара тығыз бірліктегі ұғым-түсініктер маңызды рөл атқарады. Ондай түсініктер орта сыныптардағы «Қазақ тілі» пәнінің алғашқы «Әдеби тіл және мәтін» деп аталатын тарауларынан бастап әр сыныпта оқытылатын барлық тақырыптар ауқымында үнемі қайталанып, бірте-бірте кеңейтіліп отырылады.

Жас ұрпақтың тілді орынды жұмсау қажет деген тұжырымға құрылған дүниетанымын қалыптастыру тіл философиясы заңдылықтарына сүйенеді, ол заңдылықтар сөз бен таңбалайтын заттың, құбылыстың арасындағы байланысты, тілдің қоғамға, онда өмір сүретін адамдарға қатынас құралы, ойдың құралы ретіндегі қатысымдық қызметін, тілдің мазмұндық қызметін, тіл табыса білу формулаларының мағына-мазмұндық байланысын таныту болып табылады. Соның бірі сана мен тілдің бірлігі туралы танымдық білімге келіп тіреледі. «Қазіргі таңда акмеологиялық тәсіл заманауи мектеп үшін прогрессивті және перспективті болып отыр. Оны білім мазмұнына оқыту технологияларын қолдана отыра, мектепті жұмыс режимінен дамуға ауыстыруға болады, бұл кезде білім сапасы да айтарлықтай артады. Акмеологиялық тәсілдің жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие және басқару процесіндегі қажеттілігі айқын, себебі қоғам мектептен оның түлектері коммуникативті, креативті, еркін ойлайтын тұлға болады деп күтеді» [100,189-б].

Тіл білімі оқушыға бүкіл тілдік жүйені меңгертумен қатар ана тілі арқылы дүниетанымдық көзқарастың қалыптасуына әсер етеді. Өйткені тіл – сананың /ойдың/, материяның көрінісі, негізі. «Тілсіз сана жоқ, ал

санасыз/ойсыз адам болмайды. Тіл мен ой – ажырамас бірлікте. Сана әрдайым белгілі тілдік негізде өмір сүреді, ол тілмен бірге дамиды» [101, 8-б.].

Егер сана мен тіл сабақтастығын ойлау үрдісінің ішкі бірлігі ретінде қарастыратын болсақ, олар өте тығыз байланыста екенін білеміз. Сананың деңгейін тілсіз көзге елестету өте қиын. Егер ми сананың физиологиялық негізі болатын болса, тілді шынайы ойдың «материясы» ретінде түсінуге болады. Айтылған сөз – дыбыс толқындары. Олардың материалдық құбылыс екені – ешқашан дау тудырмайтын ақиқат. Тіл дегеніміз – ойды, адами қатынастарды қамтитын белгілі бір қатынастар жүйесі. Тіл – ойдың сыртқы материалдық қабығы, соның арқасында адамдар бір-біріне неше түрлі ақпараттарды, өз ойларын, сезімдерін, сыйластықтарын жеткізе алады. Сонымен қатар адамның өзіндік санасының өзі тілмен қалыптасады, тілсіз ойлау тіпті мүмкін емес. Тіл мен сана – күміс тиынныңекі беті сияқты бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Олай болса, сөз әдебін үйрену үшін тілдік құралдарды талғап жұмсай алу қандай қажеттік болса, оны ойланып, талғап, екшеп, сол жағдаятқа сай ең сәттісін іріктеп алу да адамның санасына үлкен сын. Мұндай талап оқушының тілді игруге, өз мүддесіне қарай жұмсау сауаттылығына қол жеткізуіне керекті мотивтерді оятады. Ал мотив пен мақсат сай келгенде оның ізденіс әрекетінің жүзеге асуы да жеңілдей түседі, оқушының талаптануына, өз ісінен қанағаттануына, жаңа білімге ұмтылысының тууына оң ықпал етеді.

Тілге байланысты жеткіншектердің дүниетанымына негіздей отырып сөз әдебіне үйрету мәселелерінің мазмұны мен құрылымы интеллектуалдық даму мәселелерінің философиялық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік аспектілерде бірге қарастырылып отырады.

Философиялық тұрғыдан ойлау мен сөйлеу секілді тіл мен сана да тұлғаның интеллектуалдық дамуының құрылымындағы маңызды элемент ретінде саналады. Біздің зерттеу нысанымыз бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып сөз әдебін оқыту жолдарын саралау болғандықтан, философия мен психологиядағы ойлауға қатысты мәселелерді бірлікте ала отырып, біз оны педагогика мен әдістемеде табысты оқыту талабы ретінде қарастырамыз.

Ойлау – адамның айналасын танудағы ең биік сатысы. Ғылыми әдебиеттерде «адам ойлауының екі формада көрінетіні айтылады:

- 1) сезімдік;
- 2) абстрактылы» [20, 156-б.].

Мұнда алғашқысы дүниені нақты заттар бейнесінде тануға негізделсе, екіншісінде ойлау ұғым формасында болады. Ал енді осы танымның, ойлаудың басты құралы – тіл, сондықтан олар өзара тәуелді әрі ажырамас бірлікте сипатталады. Жалпы ешқандай пәнде ойлауды дамытуға арнайы сағат бөлінбеуі оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде оның бүкіл танымдық жұмыстарының өзегін құрауымен байланысты және ешбірі психика механизмдерінсіз адам қалыптастыруда нәтиже бермейтіні ақиқат.

Ұғым арқылы туатын абстрактылы ойлау әртүрлі логикалық операциялар арқылы пайда болады. Оның түрлеріне анализ, синтез, салыстыру, жинақтау, классификациялау жатады. Бұл операциялар сабақта, негізінен, оқушылардың өздік жұмыстарына көбірек орын беріліп, проблемалық сипатта өтілсе, жоғары нәтиже береді. Мысалы, сөз әдебіне қатысты жағдаяттың ерекшелігіне сай сөз қолдану шарттарын ескеру туралы түсінік беріледі. Соның бірі ретінде сөз әдебі нормаларының арнайы толыққанды қалыптасқан этикеттік орамдарда да, одағай, еліктеу сөз, шылаулар, қаратпа сөз түрінде де көрініс тауып отыратыны туралы ой қалыптастыру болып саналады. Тілдегі жекелеген дыбыстың тілдік бірлік ретіндегі орнын, оның басқа тілдік бірліктермен байланысын дұрыс тану үшін оқушы оны жан-жақты талдай білуі керек. Дыбыстың сөз құраудағы мәнін, оның үндестік заңымен байланысын тарата білуі логикалық операцияның жемісі болып табылады, оқушының таным қабілетінің көрсеткіші де болады. Оқушының осы түсінігінде тілдік құбылысқа логикалық та, лингвистикалық та сипат беріледі. Сол арқылы оның тіл туралы жүйелі ойы да қалыптасады. Ал, енді осы түсінік бейіндік мектептегі таңдау пәнінде сөз әдебіне қатысты басқа қырынан ашылады. Мысалы, көңіл-күйді білдіретін одағай ретінде қолданылатын жекелеген дыбыстардың тілдесушілердің қарым-қатынасындағы орны бөлек болатыны дәйектеледі. Ондай дыбыстар, бір жағынан, тілдесімге эмоциялық реңк, беріп, сөздің табиғилығын арттыратыны түсіндірілсе, екінші жағынан, тілдік талғам тұрғысында оны да жұмсаудың өзіндік талаптары бар екені, бір дыбыстың немесе бір дене қимылдарының әртүрлі халықтың сөз әдебінде әрқилы мән алатынын жеткізу оқушылардың тілге деген, оны қолдануға деген жауапкершілігі мен саналы қатынасын қалыптастырады. Тілдесім үстінде «Түу,қандай ғажап!», «А, солай ма?», «Оу, бұлай болуы мүмкін емес!», «А, түсінбей отырмын ба?» деген сөздің әрбірінің мәні, интонациялық сипаты диалогтің, полилогтің одан әрі қалай бағытталатынын шешуі әбден мүмкін. Немесе бейвербалды амалдардың бірі – бас шайқау бір елдің ұғымында «болмайды» дегенді білдірсе, екінші бір жұрт үшін ол «дұрыс» дегенді білдіреді. Міне, мұндай ұғым-түсініктер оқушының қызығушылығын арттырады, сонымен бірге білімін тереңдетеді. Тіл жұмсауда тек вербалды құралдардың ғана емес, бейвербалды амалдардың да рөлін түсінеді. Оның екеуі де оқушының пәнге деген оқу мотивін ұлғайтады.

Сонымен қатар, бейіндік мектеп сатысында оқытылатын таңдау пәнінде оқушының логикалық ойлауын дамытуға сөз әдебіне қатысты тілдік құбылыстың белгілі қасиеттерін түсіндіру ғана емес, сөз әдебіне қатысты ұғымдардың анықтамасын өз бетінше құрастыру жаттығулары арқылы да ықпал етуге болады. Мұнда, біріншіден, оқушының саналы ой түйю қабілеті дамытылса, екіншіден, сөзін дәйектеп жеткізе алуына септігін тигізеді, үшіншіден, өз пікірін қорғауда сөз әдебі нормаларын дұрыс қолдану іскерлігі бекиді[102,74 -б.]

Интеллект— әрі философиялық,әрі психологиялық феномен. Сондықтан болашақ мамандығын гуманитарлық саламен байланыстырып отырған бейіндік мектеп оқушысының тұлғалық қабілеттері мен интеллектуалды даму жүйесі қалыптасуының өзара байланысын табу қажет болды. Интеллектінің осындай ортақ феномен ретінде қарастырылуы философия мен психологиядағы даму түсінігі, оқудағы когнитивтік стиль түсінігі және оның интеллектуалдық дамудағы жүру үдерісінің бірлігін қажетсінеді. Тұлғаның интеллектуалдық даму мәселелері бойынша көптеген ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесі осы мәселенің тілдік санада қалыптасуы мен оқушылардың логикалық ойлауымен байланыста болатынын көрсетті, ол тіл мен ойлаудың өзара байланысына негізделетіні анықталды.

Тарихи қоғамның дүниеге келуі тіл мен сананың да пайда болуымен тең. Тілдің дүниеге келуінің биологиялық алғышарттары ретінде жануарлардың неше түрлі дене қозғалыстары мен дыбыс сигналдарын айтуға болады. Алғашқы тобырда бірігіп, аң аулау барысында ең алдымен «ымдасу тілі», дене қозғалыстары арқылы адамдар әртүрлі хабарларды бір-біріне жеткізеді, сонымен қатар неше түрлі сезім толқындары (қуаныш я болмаса қайғы, ауыру т.с.с.) олардың аузынан неше түрлі дыбыстарды шығарады. Соңында, еңбек құралдарын жасауға көшкен кезде, ой мен тіл шынайы тез қарқынмен дами бастады. Мұндай түсінік оқушы ұғымына тілдің адамзат тіршілігінде пайда болу тарихы тым тереңнен басталатыны туралы ой салады. Жекелеген теориялық тақырыптарды өткен кезде, мысалы, одағай сөздер туралы білім аясында оқушыларға олардың бір кездері толық мағыналы сөз болғанын кейін келе мағынасы көмескіленіп, көмекші сөздер қатарына енгені туралы, одағайлардың этнолингвистикалық сипаты туралы айту арқылы тіл туралы дүниетанымыдамыды.

Әр халық өзінің дүниеге келуі мен даму барысында өзіне тән тілін қалыптастырады. Мыңдаған жылдар бойы жасалған өмір тәжірибелері қорытылып, тіл халықтың рухани байлығына айналады. Статистердің айтуынша, бүгінгі таңда жер бетінде 5500-ға жуық тіл бар, бірақ адамзаттың ой өрісі бірегей, сондықтан да халықтар арасында түсіністік пайда болады. Оның негізгі себебі – ой арқылы дүние заңдылықтарының бейнеленуі. Адамзатты айнала қоршаған орта бір болғаннан кейін, ойлау формалары да ұқсас болатыны даусыз. Бірақ әрбір ұғынылатын дерексіз нәрселер туралы немесе өмір салтына қатысты ұлттық ұғымдар арқылы олар бір-бірінен ажыратылады. Бұл жердегі басты мәселе ұлттық санаға келіп тіреледі. Яғни сана мен тілдің бірлігін ашу үшін қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері оны өзге тілмен салыстыру арқылы ашыла түседі. Мәселен, негізгі мектеп сатысында оқытылатын зат есім тақырыбының алғашқы сабағында қазақ тілінде «Кім?» деген сұрақ тек адамға, ал «Не?» сұрағы басқа жаратылыстың барлығына бірдей қойылатыны туралы айта келіп, оқушыларға етене таныс орыс тілінде бұл мәселенің өзіндік заңдылықтары бар екенін түсіндіру арқылы да тілдің ұлттық санамен бірлігі ашылады. Ал, сөз этикетіне қатысты жекелеген

формулалардың ортақтығы мен айырмашылықтарын ұлттық таныммен, әдет-ғұрыптармен, өмір салттарымен сабақтастықта түсіндіру барысында тілдің ұлттық болмыспен, ұлттық ділмен сабақтастығы айқындалады. Мысалы, сөз әдебінде ерекше орын алатын «Сіз» деген сөздің қазақ және ағылшын тілдеріндегі бейратаптану және актуальдану құбылыстары туралы жаңа ұғым, тосын деректер оқушылардың оқу мотивтерін тудырып, олардың ізденіс аясын кеңейтеді, білімге құштарлығын ұштайды.

Бүгінгі таңдағы дамыған адамзат тілінің жүйелерінеше түрлі құрылымдарды тудырды. Әрбір ғылымның өзінің категориялық аппараты бар. Ғылыми ұғымдар бір-бірімен өте тығыз байланыста болып, сол заттың жүйесін құрайды. Мысалы, биология ғылымын «тұқым қуушылық», «өзгерушілік пен тұрақтылық», «ассимиляция мен диссимиляция», «табиғи таңдау» т.с.с. категорияларсыз көзге елестету мүмкін емес. Философия пәнін құрайтын жүздеген категориялардың ішінен «материя», «сана», «кеңістік пен уақыт», «қозғалыс», «даму», «терістеу» және т.б. атап өтуге болар еді. Жолдағы қозғалысты ретке келтіретін ережелерді алсақ, оның тілі өзгеше т.с.с. Бірақ қалай дегенде де, барлық ғылым, өнер мен өндірістегі жасанды тілдер тек халықтық тілдің негізінде ғана өмір сүре алады. «Егер ұлттық тілді көркемдеп, үлкен ағаштың діңі ретінде көрсетсек, онда басқа жасанды тілдер оның бұтақтарын құрайды. Ал бұтақтарда өсіп тұрған жапырақтар сол саланы құрайтын ұғымдар болып табылады»[103,42-б.]. Ал, халықпен бірге жасасып келе жатқан сөз әдебі нормалары мен құралдары сол дінді құрайтын тілдің ешбір тілге ұқсамайтын даралығын танытатын бөліктер болып саналады.

Өз тәуелсіздігін алған Қазақ елінде қазіргі уақытта ана тілімізді дамытуға көп көңіл бөлінуде. Ана тілі – зор рухани байлық. М.Хайдеггер айтқандай, «тіл – болмыстың үйі»[104,114-б.]. Ал, А.Т.Хроленко: «Тіл дегеніміз – алдын ала түсіндірілген дүние», - деп терең ой тастайды [105,93-б.]. Олай болса, тек ана тілін терең меңгеру арқылы ғана адам өз ұлтына тән сезім мен қабылдауды, көзқарасты өз бойында қалыптастыра алады. Ғалымдарайтқандай, «тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады»[106,18-б.]. Осы мыңдаған жылдар шеңберіндегі қалыптасқан ана тілімізде сөз әдебін сақтап сөйлеудің қалыптасқан ережелерін аса ұқыптылықпен зерттеу, оның талай-талай ашылмаған сырларын жас ұрпаққа жеткізу, сонымен қатар оны жаңа өмір талаптарымен ұштастыру – бүгінгі таңдағы тілді оқыту әдістемесінің ең өзекті мәселелерінің бірі. Оқушыға берілетін мұндай ұғым-түсініктер «тіл – адамзаттық құндылық» және «барлық тілдің түбі – бір» деген ой-тұжырым қалыптастырады да, оның тіл туралы көзқарасы мен сол тілді құрметтеуге, жауапкершілікпен қолдануға бағытталған саналы қатынасын кеңейтеді. Бұл білім де таңдау пәні аясында екінші бөлімнің бүкіл мазмұнын құрап отыр. «Әр елдің салты басқа...» модулінде бірлетін әлем халықтарының этикеті туралы теориялық және практикалық сипаты айқын ізденіс, шығармашылық тапсырмаларды жұптық, топтық жоба түрінде орындау арқылы оқушылар

дүниетанымдық білімдерді игереді. Мысалы, бір ғана амандасу актісіне байланысты әрбір халықтың өзіндік сөз әдебі ерекшеліктерін тану олардың танымдық әлеуетін көтерумен қатар, сөз әдебінің қатынас барысындағы мәнін түсінуіне жол ашады.

Оқушының сөз әдебіне қатысты лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың тағы бір жолы сөйлеу мен ойлаудың бірлігін таныту арқылы жүзеге асырылатын болады. «Адамның ойлауы тіл формасы арқылы өмір сүреді. Материя адам санасынан тыс өмір сүрсе де, адамның дүниені тану үрдісі, объективті шындықта болған нәрсенің, танылғанның бәрі де тілде бейнеленеді» [107, 53-б.]. Сол себепті оқушыларға сөйлеу мен ойлаудың бірлігін таныту барысында олардың практикалық дағдыларына база болатын теориялық түсініктерді қалыптастыру маңызды болып саналады. Бұл орайда оқушылардың тілге саналы көзқарасын қалыптастыру сөз әдебі талаптарымен ұштастырылып отырады.

Лингвист ғалым К.Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты кітабында «Тіл мәдениетіне» арнайы тарау, бөлім арнамаса да, «Тіл білімінің практикалық мәні» атты бөлімінде тіл бөлімінің практикалық мәні – ұлттық мәдениет пен ұлт игілігінің дамуына жағдай туғызып, «әдеби тілдің нормасын белгілеп айқындау және оны өңдеп жетілдіре түсу мәселелері тіл білімінің қағидалары мен деректеріне арқа сүйеудің негізінде шешіледі» деген пікір білдірді [108, 75-б.]. Бұл орайда тұлға мәдениеті мен тілдің арақатынасына назар аударылады. Адамның сөзі мен оның таным, түсінігінің, санасының байланысы туралы ой-пікірлер талданады. Ал теориялық тұрғыдан оқу материалдарын меңгерту жүйесін екіге бөліп қарастыруға болады:

1) теорияны құрғақ түсіндірмей, олардың астарындағы оқушының функционалдық сауаттылығына негіз қалайтын грамматикалық материалдардың қолданымдық мәдениетін меңгерту;

2) жаттығу мәтіндері арқылы оқушыларға тілдің мәні, көркем, жүйелі, дұрыс сөйлеудің рөлі туралы ой салатын материалдарды дербестік, жұптық, топтық жұмыс түрлері арқылы меңгерту.

Оқушы меңгеретін сөз сөйлеу мәдениетін пәнаралық байланыс арқылы зерттегенде, сөз мәдениеті бірінші кезекте әдебиетпен байланысады, өйткені «тіл – әдебиеттің бірінші элементі». Тілдің барлық құдіреті мен сұлулығы, образдылығы, адамға әсерлілігі көркем сөз шығармаларында анық байқалады. Сондай-ақ, ол философия ғылымымен әдіснамалық қағидалар және зерттелінетін ортақ проблемалар жағынан байланысады.

Оқушының өмір шындығына сай реалистік ойлау қабілетін дамыту, өмір тәжірибесін жетілдіру, сөзді болмысты таңбалаудың белгісі ретінде қабылдау, сөз мағынасын өмірдегі белгілі бір ұғымға теліп үйрету, өмірдегі сан алуан құбылыстардың сын-сипатын таныту, өмірлік жағдаяттардағы тіл табыса білу қағидаларын түсіндіру арқылы сөздерді саралап, таңдап-талғап пайдалануға баулу – кешенді мақсаттардың бірі.

Қазақ сөзәдебі – қазақ халқының тарихи жады, қоғам мүшелерінің мақсат-мүддесін атқаратын қаруы, халықтың әлеуметтік өмірі мен барлық тіршілігінің, күнкөріс тәсілдерінің, әдет-ғұрып, салт-санасының айнасы, өскен ортасының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының куәсі, тіл арқылы сақталып қалған аса құнды дерегі, сарқылмас қазынасы.

Халық орнықтырған қатысымдық әдеп нормалары – ұлт бірлігі, тіл бірлігі бірыңғай қоғамдық-әлеуметтік ортада қалыптасады. Қазақ халқының сөзәдебі – нормаланған, біртұтас қалыптасқан қазақ ұлтының қатысымдық құралы. Өйткені адамзаттың әлемі – мәдениеттің әлемі. Мәдениеттің салалары сан алуан болғанмен, мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен түсіндіріледі. Бүгінгі қоғамымызда әдеби тілдің қоғамдық қызметтің сан алуан саласында қолданылуы артып отырған кезде мәдениетті адамның «сегіз қырының» бірі сөз мәдениеті мен әдебін игеру болып табылады, яғни, сөз мәдениеті лингвистиканың әдеби тіл нормалары мен стильдік жүйесіне сүйеніп, әдеби тілдің қоғамдық қызметімен ұштасады. Негізгі мектепте қазақ тіл білімінің салаларын шашыраңқы қалыпта оқытпай бір-бірімен байланыста оқытудың жолын табу міндет. Ол жол – тіл білімінің барлық салаларын әдеби тіл нормасына негіздеп оқыту.

Халықтың ежелден қалыптасқан сөз мәдениетімен байланыстырылған тіл сабағы орфоэпиялық, грамматикалық, стильдік әдеби нормасынан орынды ауытқушылықты қабылдайды, тілдесім, сөйлесім арқылы актив қордағы сөздердің санын көбейтеді, синонимдік алуан түрлілікті туғызады, қанатты, тапқыр сөздерді, фразеологияны орынды қолдануға, сөйлемді дұрыс құру заңдылығын игеруге, сөз сапасын тануға үйретеді. Бұл да өз кезегінде оқушының тілдік танымын арттырады, практикалық сөз жұмсау дағдыларын дамытады. Өкінішке орай, қазір мәдениетті сөйлеуге үйрету мектеп тәжірибесінде кемшін қалып келеді.

Ғалымдардың пайымдауынша, «шынайы әлемнің келбеті жарнамаға қажетсіз мән мен түсініктің жойылуына байланысты оңай және бұлыңғыр болып бара жатыр. Тіл өзінің реңін жоғалтуда, ал онымен қоректенетін бала осыдан бірнеше ғасырлар бұрын ұлы жазушылар мен ақындар суреттеп кеткен адамның жан-жүрегінің, көңіл-күйінің өзгерісін немесе жоғары сезімдерді сезіну мүмкіндіктерінен айрылып отыр» [109, 211-б.]. Демек, жалпылама бұл кері құбылысты осылай бағалау мектеп оқушыларының дүниетанымдарын қалыптастыруда және тілдің қолданылу аясы арқылы адамның өркендеуі мен әлемді тануда басты рөл атқаратынын ұғындыру керек екені күмәнсіз.

Адамды көркейту ортасының таңбалық (негізінде үнемі тілдік) мәселесін қарастыру тілдің антропологиялық мәніне көңіл бөлуді талап етеді, оның антропогенездегі адамның дамуының функцияларына да, сонымен қатар онтогенездегі функцияларына да назар аудару қажет. Тіл философиясының классикалық емес парадигмасында, В.фон Гумбольдтің пайымдауынша, «олар зат әлемі мен адамның жан дүниесінің арасында болады: тіл адам санасының мазмұнымен бірге сыртқы әлемді заттандырады,

ол кезде әлем туралы ойлау мүмкіндігін ашады деуге негізделген. Сөз жасырын қорытуды көрсетеді, өйткені ол тек заттың атын ғана атамайды, ал одан тілдік құбылыстағы бар себептерді бөліп көрсетеді, солар бойынша ол осы заттардың қатарына кіреді. Адам сөз арқылы ойланады, ол олардың мәніне қарап қорытады. Сондықтан да сөздің мағынасы – ойлаудың бірлігі»[83,6-б.].Осындай деңгейге, әрине, оқушының өзіндік ізденісі арқылы қол жеткізіледі. Бұл В. Гумбольдтің мотив тудыруға қатысты пікірлерімен толық үндеседі. Себебі ақыл-ой жұмыстары оқушының өз бетімен құлшына ізденуіне түрткі тудырады. «Умственные занятия оказывают на человека такое благотворное влияние, какое солнце оказывает на природу; они рассеивают мрачное настроение, постепенно облегчают, согревают, поднимают дух»[83, 10-б.].

М.Шелер, А.Гелен сияқты неміс антропологиясының алдыңғы қатарлы өкілдері атап көрсеткендей, антропогенездің ерте сатысында, адамның таңба бойынша ойлау қабілеті және күнделікті әлемдегі жаңа таңбаларды құру адамға өз ақылы мен сыртқы нысандарды еркін басқаруға мүмкіндік берді. Осылайша, тіл жүк түсіруші инстанция ретінде, біздің ата-бабамызға адам күшінің ауырлық ортасын барынша жоғары және барынша төмен еңбектік деңгейге түсіруге көмектесті, ол адамның жүріс-тұрысын мейлінше жақсы және тұрақсыз әлемге бейімді ете түсті, «осы жерде және қазір» шекарасын бағындыруға көмектесті. «Тілдің пайда болуы мен адам санасындағы тың ойлардың қалпы үнемді, орамды болуының нәтижесінде шығармашылық сөз мүмкіндігі туа бастады. Мағынасын құру негізінде жатқан феноменде туындаған тіл тезисі, адамның тілді жүзеге асыру жайындағы тың ойларды бөліп көрсетуге болады» [110, 46-б.].

Ойлау мен сөйлеу секілді философиялық мәселелер адам психикасымен, оның танымымен, мінез-құлығымен де шектесіп жатады. Мұндай ақыл-ой тәжірибелерінің мағынасының бекітілуі жайында психологиялық-семиотикалық зерттеулердің заманауи өкілі И.А.Зимняя«жаңа түсініктердің қалыптасу үдерісіне психиканың дамуы тәуелді болады» дейді[111, 17-б.].Сөйлеу кезінде адам қалай болса солай сөйлей салмайды, ол, ең алдымен, ойланады, сырттағы объективті шындық санаға, ойға әсер етіп, пайымдау туғызады. Сол адам миының ойлау үдерісі нәтижесінде нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы сөз сұлбасы жасалады. Бұл – тек адамның ойлау жүйесіне ғана тән күрделі үдеріс.

Оқушының тілге, сөйлеуге, әдепті сөйлеуге қатысты дүниетанымы туралы тұжырымдар тұлға туралы философиялық байламдармен де ұштасады. «Тұлға» (латынша persona) – ертеден келе жатқан ұғым. Алғаш актерлер сахнада беттеріне киіп жүретін бетпердені осылай атаған. Бүгінгі таңда ол әлеуметтік мәні, қабілеттері мен өзіндік қасиеттері қалыптасқан нақты адамды білдіреді.

Жеке тұлғаның дамуына деген көзқарас қоғамның әр даму формациясында әртүрлі мәнге ие болған. Мәселен, ерте дүниедегі ойшылдар

Платон мен Аристотель адамның дамуы алдын ала табиғи тумысынан белгіленеді, яғни нәсіліне байланысты дейді. Американдық прагматикалық педагогиканың негізін салушылардың бірі Джон Дьюи жеке тұлғаның дамуы жөніндегі теорияны туғаннан пайда болатын инстинктер мен қабілеттер арқылы негіздеп, тәрбиені де соларға тәуелді етеді. Ол: «жеке тұлғаның дамуын оның өзі өмір сүріп отырған қоғамға икемделуі» деп түсіндіреді. Демек, жеке тұлға мәселесін шешуде аталмыш ғалымдардың барлығы да "адамның дамуын өз еркінше, ішкі әрекеттен ғана емес, қоршаған жағдайлардың әсерімен, адамдардың қатынасымен болатынын айтады» [19, 31-б.].

Жеке тұлға – философияның негізгі категорияларының бірі. Өлі күнге дейін философияда жеке тұлғаның маңыздылығы туралы зерттеу аяқталған жоқ. Себебі адам болмысы, оның тұлғалық сипаты мен қалыбы өте күрделі, сондықтан оны өлшеп, пішіп, нақты тоқтау мүмкін де емес. Бірақ кез келген тұлғалық қасиеттерге қатысты зерттеулер тұлға туралы философиялық негіздерге сүйенеді.

Философиялық зерттеулер бойынша, адам толық адам күйіне бірден келмейді, оған бірте-бірте жетеді деген ортақ пікірді аңғарамыз. Дүниетаным мәселесі жалпылама түрде алынғанымен, оның қалыптасуында жеке сөздердің мағынасын түсінудің мәні зор. Өйткені әлемнің мәні, адамзат баласы жинаған әлемді талқылау тәжірибелері тілдің сөз жүйесінде айқын көрінеді. Сондықтан «тілді өз табиғатына сай дамытып жетілдіруге талпынған, өз бетінше өсіп-өркендеу жолын таңдаған шынайы адам, тілді тыңдауға қабілетті және оны өзінде ашуға, онда өзінің әлемді түсіну детерминантын көруге, сонымен қатар, әлемдік көзқарастағы мәселелерді тілдің күшімен өзгертуге, оларды талдау арқылы осы тілдің көмегімен шешуге қабілетті және дайын болады» [112, 16-б].

Ғылымтұжырым бойынша, «заттық әлемді тура тану адамның танымдық іс-шараларының екінші өлшемі сияқты біріншімен қатар тұрады – («адам үшін түсінетін тілді табиғат жасайды»)[113, 71-б.]. Тіл – әлемді тану құралы ғана емес, сонымен қатар саналық іс-шаралардың онтологиялық негізі, жүзеге асып тұрған белгілері, оның мақсаттары болып табылады (сөйлеу мен ойлаудың бірлігі туралы философиялық-психологиялық жағдайы). Зерттеушілер: «Мидың санамен жасалмаған жұмыстарының сөйлеумен байланысы жоқ. Ойлап тұрған субъект бұл үдерістерді тілдік емес қалыпта қабылдайды», -деп те айтады[114, 68]. Сондықтан мақсаттары тілектерді тілдік қалыпқа өткізу қабілетімен байланысты болатын тілдік құбылыс бар, ол – мәтін. Білімде мұндай ақыл-ой әрекеттерінің вербализациясын дидактикалық қамтамасыз ету (метакогниталық дайындық) адамның шығармашылық өсу мүмкіндіктерін, оның табиғаттан дарыған мүмкіндіктерін іс жүзінде жоғарылатады. Бұл бейіндік мектеп оқушыларының сөз әдебіне қатысты өзіндік дүниетанымын қалыптастыру үдерісінде де үлкен рөл атқарады. Мұнда білімнің тағы

бірқызметі айқындалады: білім оқушыны тілді қолдануға бағыттайды және оның даму кезеңінде болып жатқан өзгерістерге дұрыс баға беруге үйретеді. Тіл әлем бейнесін көрсететін болғандықтан, нақты бір халықтың ой-санасында, танымында қалыптасқан ұғымдардан құралады десек, қазақ тілін оқып үйрену мен сезіндіру әртүрлі қалыптағы тілдік тәжірибелердің антропологиялық қызметін күшейте түседі. Психолінгвистикалық зерттеулер жүйелік ойлау мен тілді оқып үйренудің арасындағы өзара байланысты тапты. Ғалыми еңбектерде: «Туған тілдің сөйлеу бірліктерінің шет тілдік эквиваленттерін дамыту нәтижесінде өтетін тілдің символикалық функциясын ұғыну, сөйлеушіні әрекеттердің әдеттегі құбылыстарын қайта бағалауға итермелейді, ол абстрактілі ойлауды дамытуға жетелейді. Сондықтан да тілдік білімді қалыптастыру – адам табиғатын дамыту функцияларына тек мына жағдайда жауап бере алады: егер бала өзінің тілдік құзіреттілігінің осылай қалыптасуын ғана мақсат етіп қоймаса, ал жүйелі әсерлердің билингвалды болуына назар аудару қажет (мысалы, әлемнің шынайылық қабілеті, артикуляция тереңдігі туған тілде де, шет тілінде де керемет нысандардың концептуалдығы, өзінің бірдей кері әсерлеріне қабілеттілігі және басқа елде туған мәдениетті көрсету тәсілдерін білуде, жалған коммуникативтік деңгейді төмендету және үнемдеу, шет тілінде де, өз туған тілінде де, тілдер арасындағы тілдік ойындарда алмастыру тәсілдерін табу және т.б.)»- деп көрсетілген [114, 7-б.]. Бұл, әсіресе, ұсынылып отырған таңдау пәні аясында әлем халықтарының сөз этикетін таныту арқылы бірқатар жетістікке қол жеткізетін болады. Бір жағынан, танымын ұлғайтады, соның әсерімен, екінші жағынан, білімді меңгеруге, дағдыларды игеруге қызығушылығын арттырады, үшіншіден, өзіндік ізденіс жасауға итермелейді. Бұл үдеріс оқушылардың рефлексивтік басқару дағдыларының қалыптасуына да оң ықпал етеді. «Рефлексивтік басқару мазмұнына оқушының өз әрекетіне азаматтық нормалар негізінде талдау жасауға мақсатты түрде ынталы болуы, өзінің тұжырымдары мен істерінің жауапкершілігін сезіне білуі; рефлексияның жүзеге асу технологиясына қатыстылығын түсінуі; өзгелердің өз позициясын анықтауға көмек бере алуы енеді» [115, 661 -б.]. Осы аталған дағдылардың қай-қайсысы да оқушының сөз әдебін жетілдіруде маңызды орын алады. Өйткені сөз әдебінің тәлімдік, тәрбиелік бағыты жоғары тұрады.

Халықтық сөз әдебі нормаларының ерекшеліктерін тану арқылы адам дамуындағы тіл мен сананың, сөйлеу мен ойлаудың, тіл мен дүниетанымның арасындағы байланыстар ашылады. Жеке оқушының тілдік тәжірибесінің ауқымы кеңейеді де, когнитивті негізде қаруланады.

Соңғы он жылдықта оқу-тәрбие үдерісіне жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен жеке тұлғаның дүниетанымын дамытуға үлкен мән беру – Қазақстанда болып жатқан өзгерістер мен жаңашыл ізденіс қадамдарының айғағы. Соның бірі – сапалы білім беру талабының қойылуы. Бұл – қоғамдағы сүбелі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына

байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Сол себепті оқу үдерісіндегі оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру негізінде олардың сөйлеу сауаттылығын дамытудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін ұлттық, жалпыадамзаттық философиямен, психологиямен оқу-тәрбие бағытындағы адамзаттық қағидалармен өзара бірлікте зерделеудің өзектілігі арта түсуде.

Білім берудің антропоөзектік парадигмасы тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үдерісінде сезімдік және рационалдық жақтардың бірлігін сақтау маңызды саналады. Қазіргі заман адамының ғылыми, рационалдық танымы басыңқы рөл атқарып, көркемдік танымының әлсірегендігі байқалады. Әлемді тану тек білімге негізделіп, сезімдік компоненті әлсіз болса, таным үдерісі де сыңаржақ, ал таным әдістері шектеулі болады. Қатысымдық күзіретті тұлға парадигмасына негізделген оқыту тілдік тұлғаның әлемнің тұтас бейнесін қабылдау мүмкіндігін арттыруға жол ашады, тұлғаның толыққанды қалыптасуына ықпал жасайды. Қазақ тілін оқытуда танымдық (тілдік) үдерістер қазақ тілін меңгеру арқылы сол тілді қолданып отырған ұлт, халық, мемлекет жайлы жан-жақты білімдерді меңгерумен байланысты болса, ал қатысымдық (сөйлесімдік) үдерістер осы тілді әдеп нормаларына сай сауатты қолданумен байланысты. Сол себепті оқушының танымдық-қатысымдық сауаттылығына жеткізетін дүниетанымын қалыптастыру «білім – білім үшін» түсінігінен алшақтап, білім дүниетаным қалыптастырудың негізі болуы тиіс» деген қағиданың өміршең болуын қамтамасыз етеді.

Қорыта айтқанда, тіл – халқымыздың рухани-мәдени мұрасы, ұлттық мінездің, психологияның көрінісі ретінде оқушының жан-дүниесіне, мінез-құлқына әсер ететін ең мәнді фактор. Әр оқушы өз халқының, өзге халықтың тіл арқылы сақталып қалған өмірсүру тәжірибесінен үлгі алады. Оқушы «МЕН» концепциясы арқылы өзінің қоғамға, адамдарға керектігін, қабілетін, қоғамдағы орнын анықтайды. Таңдау пәні етіп ұысынылып отырған «Сөз әдебінің» әр сабағында оқушылар дамуының интегралды-психогенді факторлары арқылы олардың талабы, қабілеттігі, қажеттілігі, бағыттылығы, өзіндік «МЕН»-і жүзеге асады. Тіл арқылы ақыл-зерде, ой-өрісі, парасаты, мәдениеті, әлеуметтік, бейімділік күзіреттілігі дамиды. Оқушының қазақ сөз әдебі мен өркениетті елдердің сөз этикеті жайлы лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру жеке тұлғаға бағыттала отырып, оның көзқарасын, ойын, сезімін, рухани құндылығын, моральдық-этикалық ұстанымдарын, көзқарастарын кеңейтеді деуге толық негіз бар.

2.2 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы сөз әдебін меңгерудің психологиялық аспектілері (Абай тұжырымдары негізінде)

Мотив – адамды әрекетке бағыттайтын ішкі қозғаушы күш. «Мотив болмаса, әрекет те болмайды,» - дейді ғалым А.Леонтьев[116, 12-б.]. Өйткені адам баласын алға ұмтылдырып, оны саналы әрекет етуге мәжбүрлейтін ішкі қуат, қозғаушы тетік – мотив. Мотив – адамның нақты бір әрекетіне қатысты ғана болмайды, сол адамның бүкіл тағдыр-талайының, болмыс-бітімінің қалыптасуында ерекше орын алады. Өйткені ішкі қуат болғандықтан, ол адам бойындағы әртүрлі қабілеттердің оянуына, қасиеттердің қалыптасуына айрықша әсер етеді. Мотив – адам өмірінің тегершігі ретінде оның келешегінің бағыт-бағдарын, жүрер жолын, әлеуметтік тұлға ретінде жетілу жүйесін дамытудың алғышарты да болып саналады.

Ғылыми әдебиеттерде «Мотив(латын тілінде *moveo* – қозғаушы, итермелеуші) – адамды белгілі бір іс-әрекет етуге мүдделі ететін ішкі субъективтісебеп, оның қажеттіктері мен мүдделерін білдіруге бағытталған саналы, мақсатқа сәйкес әрекет бөлігі деп бағаланады. Пиғыл, ынта, мақсат ұғымдарымен үндес. Табиғи және қоғамдық ортаның талаптары адамның мотивтерін жүзеге асыру кезінде ерік-жігерін жұмылдыруды қажет етеді» деп көрсетілген[12, 122-б.]. Бұдан шығатын қорытынды: нақты бір мақсатқа сай ұйымдастырылатын арнайы әрекеттердің нәтижелі болуы оған қозғау салатын мотивтің тууына тікелей тәуелді.

Арнайы ұйымдастырылатын әрекеттер қатарында ең бірінші кезекте жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу ісі тұратыны хақ. Олай болса, оқу мотивтерін дамытып, жетілдіру білім беру ісін тиянақты жүргізуге байланысты болса, өз кезегінде дұрыс жолға қойылған оқу мотивтері білім сапасының арттырылуының басты шарты болып саналады. Сондықтан бейіндік мектептерде жеткіншектерге «Сөз әдебі» пәнін меңгерту үдерісін ұйымдастыруда оқу мотивтерін жіті зерттеу қажеттігі туындайды. Бұл орайда ұлттық таным жүйесіндегі адам әрекеті, әрекет мотиві мәселелерінің өз топырағымыздан шыққан ойшылдардың еңбектерінде зерделенуіне баса назар аударудың, олардың айтқан пікірлерін, түйген тұжырымдарын саралап қолданудың екіжақты ұтымдылығы бар. Біріншіден, білім берудің ең өзекті мәселелерін ұлттық қағидалар тұрғысынан бағамдау бұл салада сапалы өзгерістер жасауға негіз болады. Өйткені ұлттық білім мен тәрбиенің кез келген мәселесі оның төл негіздерінен бастау алуы тиіс. Екіншіден, мотив мәселесі тікелей тұлға психологиясы мен болмысына қатысты болғандықтан, оқыту үдерісін ұйымдастырудың жолдары да ұлттың психологиясымен біртұтастық сипатта айқындалады. Сондықтан оқу мотивтерінің тұлғаның қалыптасуындағы мәнін ұлы Абайдың қарасөздеріндегі ой түйіндерімен сабақтастықта зерделеудің ғылыми-танымдық тұрғыдан маңызы зор.

Абай қарасөздері адам өмірінің мәні, тіршілігінің тегершігі саналатын еңбекті өнімді етудің, әрекетке жұмылдырудың, сол еңбек арқылы адам

баласының рухани дүниесін жетілдіру жолдарын саралаудың аса тиімді әрі ғылыми-танымдық, әрі әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы көркем үлгісі екені даусыз. Өйткені ғұлама ойшыл өзінің қарасөздерінде адам өмірінің мәні туралы ілім негізін жасады. Сондықтан адамның өмір сүруінің басты шарты саналатын еңбекке, сол еңбекке талпындыратын ішкі қуат көздеріне, яғни мотив мәселесіне ұдайы көңіл аударып отырады. Абай, әрине, бұл ұғымды мотив деп атаған жоқ, бірақ адам өміріндегі еңбектің рөлін ашуда, оны әрекетке құлшындырудың, іске жұмылдырудың жолдарын жан-жақты зерделегенде түрткі, ниет, пиғыл, ынта, мақсат, мүдде мәселелерін терең философиялық, психологиялық аспектіден жан-жақты қарастырған.

Үшінші қарасөзінде Абай: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады», - дейді [117, 21-б.]. Адам бойындағы енжарлық, көре алмаушылық, өтірікшілік, мансапқұмарлық секілді барлық дауасыз дерттің түбінде жалқаулық, әрекетсіздік жатқанын айтады. Яғни адамды пайдалы әрекетке итермелейтін ішкі қозғаушы күш болмаса немесе тым әлсіз болса, ол аза бастайды. Әрекетсіздіктің салдарынан әуелі өзіне, өзінің күшіне сенімі жойылады, үрейге бой алдырады, қорқақтық бойын жайлаған соң, жігері жасиды, ерік-күшінен айырылады. Сол шарасыз күйін сыртқы көзден жасырамын деп өзін-өзі мақтап, елге күлкі болады. Надандығының салдарынан арын жоғалтады, еңбегін сатудың орнына сұрамсақтанып қадірін кетіреді. Ешкімге қайыр қыла алмайтын дәрежеге жеткен соң, өзгенің қайырының қадірін білмейді, тойымсыздыққа ұрынады, түптің түбінде жалғыз қалып, елден жырақтай береді. Абайдың тұжырымынша, өздігінен әрекет ете алмайтын адам ортадан өз орнын таба алмайды. Әрекетке талпынбаған адам әлеуметтен де алмақ емес. Осы жерден шығатын түйін: Абай қазір ғылым тілінде оқу мотиві және әлеуметтік мотив деп аталып жүрген адамды әрекетке талпындырушы күштердің тамыры ортақ, түпкі нәтижесі бір-біріне байлаулы екенін дәл бағамдайды. Шын мәнінде, оқуға, білуге ұмтылмайтын адам ортадан оңай жырақтайды, тез ұмыт болады, елеусіз қалады. Сондықтан бұл жерде өзін-өзі қамшылау, алға ұмтылу болмаған жерде өзінді табу, өзгені тану, өзінді таныту да мүмкін емес деген пікір қорытуға болады.

Абайдың қарасөздерінен жеткіншек кезеңде оқушылардың болашақ кәсіби жолын таңдауында құр елес арманға бой алдырмай, алдына нақты мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында дұрыс шешім қабылдауының, әрекетке ұмтылуының арқасында беделі артып, әлеуметтік ортадан өз орнын иемдене алатынын дәйектеуге қажет тұжырымды ой түюге болады. Сондықтан таңдау пәні ретінде ұсынылып отырған «Сөз әдебі»

оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың оқуға деген, сөзді сыпайылық талаптарына сай қолдануға деген ішкі ұмтылысын тудыруға ықпал етеді деп санаймыз. Өйткені бұл пәнде меңгертілетін тілдік және коммуникативтік сөйлеу дағдылары оқушылардың өзіне сенімділігін күшейтуге ықпал етеді. «Сөз әдебі – адамгершілік нормалары мен ұлттық-мәдени дәстүрлерге негізделген сөйлесім ережелері» болғандықтан, оны барлық оқушы қызыға меңгереді[118, 21-б.]. Мысалы, «Сөз әдебі» таңдау пәнінің барлық тақырыптарының тек білімдік тұрғыдан емес, практикалық қажеттігін таныта оқыту оқушының оны игеруге деген ықыласын тудырады. Нақты қойылған мақсаттар, сол мақсатқа сәйкес белгіленген күзінеттіктер оқушы үшін абстрактылы жалпылық дүние емес, ізденіс, түсінік арқылы меңгертілетін қажетті дағдылардан тұруы оның оқудың мәніне сенімділігін тудырады. Бұл сенім олардың ішкі тілгіне қозғау салады. Мәселен, «Сөз әдебі және ұлттық таным. Тіл және Таным» тақырыбы аясында берілетін білім оқушылардың этикеттік бірліктердің этимологиясын, дәстүрмен сабақтастығын қоса тануға, сөйтіп, олардың мәдени-танымдық күзінеттіліктерін дамытуға ықпал етеді. Сөз әдебінің қызметтерін меңгеру, сол қағидаларды сақтаудың сөз әдебінің деңгейін көтеруге әсер ететінін түсінген оқушы өз әрекетінің жемісін анық сезінеді, оның бойында оқудың шынайы нәтижесін тану қабілеті күшейеді, сол арқылы мотивтері кеңейеді.

Ұлы ойшылдың Үшінші қарасөзінде адамның күйбең тіршіліктің құлына айналуы да осы әрекет мотивтеріне келіп саятыны туралы тың тұжырымдар берілген. Әр адамның өз пайдасын көздеймін деп ойлап тапқан амалы мен оның түпкі нәтижесінің арасалмағы тағы да келіп әрекет мотивімен байланысты екені ұтымды дәйектеледі. Өз басын өзі саудаға салып, өзгенің қайғысынан өз нәсібін көбейтсем дейтін «пысықтардың» бүкіл болмысын әшкерелейді.

Абай қарасөздерінде адамның әрекеттенуінің ішкі түрткісі ретінде көрініс табатын «уайым-қайғы» категориясы әртүрлі сипатта, әр тарапты мақсатта жұмсалып отырады. Ғұлама айтатын уайым – адамды тұңғыққа батыратын қауқарсыздықтан, шарасыздықтан қалыптанған күй емес. Абай алға тартып отырған уайым – ойлаудан, ойланудан, өз ісіне деген жауапкершілікті сезінуден туатын көңіл алаңы. Ол «Төртінші қарасөзінде» былай дейді: «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!». Бұл тұжырым қазақтың «Жаман айтпай жақсы жоқ» дейтін мақалында түйілген өмір байламымен астасып жатыр. Үнемі өзін-өзі қамшылап, алдағы ісін жоспарлап, бар ынта-ықыласын соны шешуге бағыттап, өзіне тыным

бермейтін ішкі қозғаушы күшті дана ойшыл «уайым-қайғы» деп атайды. Мысалы, оның мына бір ойына назар салайық: «Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды харекет табу керек һәм қылу керек» - дейді. Сырттай қарағанда бір сөйлемде үш рет қайталанып тұрған «уайым-қайғыны» жылдам түсініп қабылдай қою оңай емес. Бірақ ойшылдың осы сөйлеміндегі ойдың түпкі мәніне үңілген сайын оның соншалықты терең пәлсапалық жүк көтеріп тұрғаны аңдалады. Біздіңше, бұл жердегі алғашқы уайым-қайғы – тынымсызқозғалысқа, үзілмейтін ізденіске бастайтын ішкі түрткінің баламасы ретінде алынса, екінші рет қайталанатын «уайым-қайғысыздық» - кейбір сәттерде адам бойын билейтін самарқаулық пен енжарлыққа келіп саяды. Сондай дауасыз дерттен құтқаратын тек қана орынды іс, орнықты әрекет екенін көрсетеді. Олай болса, бейіндік мектеп оқушысына ұсынылатын әрбір тапсырманың өзі үшін қажеттігін таныту, берілетін білім мен біліктің келешек өмір жолындағы маңызын түсіндіре отырып, соған көз жеткізе отырып орындату оқу мотивтерін жетілдірудің басты шарты болып саналады. Бұл орайда таңдау пәнінде оқытылатын әрбір тақырыптың оқушының танымдық қызығушылығын арттыруына назар аударылды. Мысалы «Сөз әдебі және ұлттық діл. Тұлға және діл» тақырыбы аясында ұсынылатын білімдер оқушылардың топтық және жұптық жұмысы түрінде орындалуы олардың бір-бірімен бәсекелесуіне, топтық рухтың қалыптасуына ықпал ете отырып, бірлесіп шешім жасауға әкеледі. Өзара араласа отырып, аталардан қалған сөз әдебі нормаларын меңгеру арқылы онда өз ұлтының ешкімге ұқсамайтын әдеп ерекшелігін, сыйластық сырын ұғынады. Оған сөз актілерінде қолданылатын туыстық атаулардың қаратпа сөз ретінде қолданылуындағы әдеп амалдарын ұлттық менталитетпен бірлікте түсіндіру және оны қолдану жолдарын меңгерту оқушының сол халықтың өкілі ретінде қалыптасуына ықпалын тигізеді. Мысалы, «нағашыеке, жиен, балдыз, жезде» және т.б. сөздердің қаратпа сөз ретінде жұмсалымының әлеуметтік тұрғыдан, ұлттық таным тұрғысынан дұрыс түсіндірілуі оқушының өз тілінің ерекшелігін дұрыс қолдану дағдыларын дамытады, соны білуге деген шынйы ұмтылысын тудырады. Ең түпкі нәтижеде тілдің тек қарым-қатынас құралы емес, әр халқтың өзіндік мәдениетін де көрсететінін, оның ішкі заңдылықтарының ролін білетін болады. «Бауырмен», «жиенмен» арадағы қарым-қатынас әдебінің жазылмаған ережелеріне терең бойлайды, үстірт көзқарастан арылады, сол арқылы ұлттық тәрбиенің жүйесін сақтауға мүдделілік танытатын болады.

Абай адам әрекетінің орындалу сатысын да дәл бағамдайды: әуелі ойланып тап, сосын орында. Қандай істе де ойланып, жеті рет өлшеп, бір рет кесудің қажеттігін алға тартады. Қайта-қайта қадап айтып отырған «орынды әрекет» белгілі бір мақсаттан туып, сол мақсатты ары қарай жалғастырып, дамытатын, кеңейтетін жол, адамның ерік-жігерін шыңдайтын іс деген байлам жасалады. Осы іс өз иесінің барлық шаруасында жинақы болуға ықпал етеді, сол жинақылық түптің түбінде ісінің қайырлы болуын

қамтамасыз ете келіп, жақсылыққа жеткізеді, игілікке айналады. «Төртінші қарасөзінің» соңында Абай еңбексіздіктің, hareketсіздіктің адамды «көз сүзіп, қулық сауған, адам сауған арсыздыққа апарып соғарын» тағы бір ескертіп кетеді. Уайым-қайғының бір басында шығар есігін таба алмай, сары уайымның ішіне қамалып қалатын рухы әлсіз, бірақ сыртқа сыр бермейтін пысықтар мен екінші басында жаратушыға сыйынып, өз қайратына сүйеніп, еңбегін сауып, жеңіс пен еңістің аражігін ажырата алатын көзі ашық, көкірегі ояу адамның арасалмағы ақыл таразысына салынады.

Жеткіншек кезеңде осындай адамдық қасиеттердің өзгелермен қарым-қатынас барысында қалыптасатыны өзіміз ұсынып отырған «Сөз әдебі» таңдау пәнінің әрбір тақырыбында қамтылып отырады. Мысалы, «Сөз әдебі және мәдениет. Тұлға және мәдениет» тақырыбы бойынша оқушылар ізденімдік-шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды дербес орындауы арқылы олардың өз көзқарастарын ешкімге ұқсамайтындай, даралық сипатта жасауына мәжбүр етеді. Бұл олардың өзіне деген сенімін ғана емес, оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын да ширата түсті.


Абайдың «Жетінші қарасөзінде» адамның өсіп жетілуіне себеп болатын ішкі түрткі мәселесі терендікпен талданған. Дана ойшыл бұл жерде білуге, тануға итермелейтін рухани ынтызарлықты «жан құмары» деп, ал ішуге, жеуге, ұйықтауға мәжбүрлікті «тән құмары» деп атайды. Бұл екеуінің де адамға жаратылыстан берілген қасиет екенін атап көрсетеді. Абай «тән құмарын» мансұқ етпейді. Керісінше, тән мен жанның бір-бірімен тығыз байланысты екенін қадап айтады. Жанның толып, толысуы үшін, қуаттанып отыруы үшін тәннің қызметін бағалайды. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар - тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [117, 25-б.].

Дананың тұжырымдауынша, адам бойына табиғаттан дарыған осы екі құмарлықтың арақатынасының өзгеруі жан мен тән иесінің өзіне ғана байланысты. Өсе келе сол құмарлықтың қайсысы белең алса, оның кісілік деңгейі де сонымен өлшенеді. Адам баласы өзінің жанын "әуелде Құдай тағала хайуанның жанынан ірі жаратқанын, сол әсерін көрсетіп жаратқанын» сезіне алмаса, өзіне берілген барлық мүмкіндікті өз ісімен шектейді. Осы тұста Абай жан құмарын тұсайтын салғырттықтың, бойкүйездік пен жалқаулықтың адамды адасушылыққа ұрындырарын қадап көрсетеді. Дүниенің сырын тануға ұмтылмайтын, білуге құмартпайтын жанды адам қатарына қоспайды. «Ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болатынын»

айтады. Адамдықтың ең бірінші белгісі оның білуге, үйренуге талпынуы деп санайды. Сөйтіп, «қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екенбіз?»[117, 26-б.] деген сұрақтың жауабын іздейді. Баланың бойы мен ойы қатар өсуі үшін Абайдың бұл бағыттағы тұжырымдарын әлемнің озық ойлы ғалымдарының пікірлерімен байланыстырғанда кең ашылады. Сондықтан Абай тұжырымдарын психолог зерттеушілердің пікірімен ұштастыра қараймыз.

Психологтардың пайымдауынша, жеткіншек кезеңде жас адамның өз «МЕН»-іне деген жауапкершілігі мен талабы күшейе бастайды. Соның салдарынан өзіне деген қарым-қатынасы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі дамытуы әрқилы жүреді. Жеткіншектің өз «МЕН»-інің бейнелері күрделі әрі бір мәндес болмайтыны белгілі. Мұнда нақты, динамикалық, мұраттағы, қиялдағы, өзге де толып жатқан «МЕН»-дер болады (№1 кесте).

№1 кесте. Жеткіншек «МЕН»-інің қырлары



Адам өмірінің ең бір тәрбиелеуге немесе бетбұрыстар жасауға қолайлы сензитивтік кезеңі ретінде бірқатар ғалымдар осы жеткіншек кезеңді атайды. Баланың әр нәрсеге әуесқойлығы, сезімталдығы түрліше болып кездесетін мерзімдер туралы мәселені тұңғыш рет көтерген Италияның педагогі Мария Монтессори (1870-1952). Одан кейін Л. С. Выготский, Н.С.Лесгафт бұл мәселеге қатысты құнды пікірлер таратты. Мұндай жас кезіндегі мен есейген кездегі тануға деген, білуге деген құштарлықтағы алшақтықтың себебін сол жас кезеңде білім алушыны неге үйрету керек, қалай үйрету керек? деген сұрақтар төңірегінде қарастыру абзал.

Өзіндік «МЕН»-нің қалыптасуы жеткіншектің өзін-өзі тәрбиелеуіне, қоғамдық ортадағы өз орнын бекітуіне, басқалармен дұрыс қарым-қатынас жасай алуына, ең бастысы өзіндік санасының оянуына әсер етеді. Ол өзіне де,

өзгеге де теңдей қатынас жасауға тырысады. Осы образда ол өзіне-өзі талап қояды.

Ғылыми әдебиеттерде «МЕН» образының үш құрауышы болады деп көрсетілген: «Біріншіден, *танымдық құрауыш*: өзінің бойындағы қабілеттер, сыртқы бейнесі, әлеуметтік орны және т.б. туралы оң немесе теріс ұғым-түсінігі. Екіншіден, *эмоционалды-бағалауыштық құрауыш*: өзін-өзі сыйлауы, өзін-өзі сынауы, өзін сүйуі немесе керісінше, өзін-өзі жоққа шығаруы және т.б. Үшіншіден, *мінез-құлықтық (еріктік) құрауыш*: түсінікті болуға, өзгелердің көңілін жаулауға, достары мен мұғалімдердің құрметіне ие болуға, өз мәртебесін көтеруге немесе, керісінше, елеусіз қалуға, өзгелердің сынына ұшырамауға, олардың бағалауынан алшақ болуға, өзінің кемшіліктерін жасыруға ұмтылыс» [119, 21-б.].

Жеткіншектің «МЕН»-і – әлеуметтік қарым-қатынастың әрі алғышарты, әрі нәтижесі. Сипатына қарай ол тұрақты болмайды, өзгеріп, түрленіп отырады. Себебі ол сандық өлшемге бағынбайды, тұлғаның сапалық деңгейін құрауға ықпал етеді, үнемі даму үстінде болады. Сонымен қатар ол оқушының өзін-өзі тәрбиелеуіне мүмкіндік береді. Ол кейде өзіне-өзі есеп беру жолымен, кейде өзін қоршаған ортадағы адамдардың пікірімен санасу арқылы өзін-өзі қамшылап, жетілдіруге дайын болады. Бұл жеткіншектің өзгеге еліктеуге, өзі туралы өте биік қиялға еріп, қол жетпес армандарға бой ұруына жол ашады, үлкен жоспарлар құруға ықпал етеді. Мұндай кезде мұғалім олардың жанының мүмкін еместі қалауының салдарынан жараланып, «сынып» кетпеуіне жол көрсетуі тиіс. Ол үшін оқушылардың өзін-өзі дұрыс бағалай білу қабілетін дамыту шарт. Сонда ғана ол өзінің барлық мүмкіндіктерін дұрыс таразылап, жоспарлауға үйренеді. Бұл жерде ол өзінің бойындағы қабілеттері мен күшін әлеуметтік орта арқылы тани алады. «Өзгелерден өзін көре алуға» үйренуі тиіс. Сондықтан сөз әдеби пәнінде оқушыларға түрлі аудио-, бейне материалдарды ұсынып, өзінің, достарының, өзге де кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасатып отыру ұтымды болады. Сонымен бірге сөз әдеби оқушылар үшін абстарактылы ұғымдар туралы оқытатын пән емес, әрбір теорияның практикалық маңызы мен жолы бірге меңгертілетін пән ретінде оқытылуына назар аударылды. Бұл пәнді таңдаған оқушылардың өз таңдауларына өкінбейтініне, керісінше, одан қанаттанып отыратынына кепіл болады.

Психология ғылымында адамның психикалық күйіне оның сезімдері (көңіл хошы, аффектілері), зейіні (тиянақты, шашыранқылығы), еркі (сенімділігі, сенімсіздігі), ойы (күдігі) және т.б. жатқызылады. Ал психикалық қабілеттеріне оның ақылы, ойлауы, мінезіндегі, темапарментіндегі ерекшеліктері кіреді деп көрсетілген. Абай осы ерекшелікті де дөп басып көрсетеді. «Егер адам баласы табиғаттың заңына бағынса, «сәби күнінен құмарланып жиған қазынасын көбейтсе керек еді, бұл жанның тамағы еді», - дейді. Ол қазына, әрине, адамның өзін қоршаған әлем туралы дүниетанымдық білімі екені даусыз. Ұлы ойшыл құмарлық отын өшіретін ең басты кінәліні тап басады. Дәл осы тұста ой мен бой, жан мен

тән, білім мен білімсіздік арақатынасы алға шығарылады. «Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық». Ал осы билетпеудің түпкі сыры неде дегеннің де жауабын нақты береді. Ол – ықылас пен ниеттің (яғни мотивтің) жетпеуі. Осы жетіспеушілік зейіннің үстірттігіне әкеледі. Ал үстірт меңгертілген білім ешқашан оң нәтижеге жеткізбейді.

Абай қарасөздері дүниені көзбен тану, көңілмен тану мәселесіне де назар аудартады. Ол әрқашан барлық дүниенің ішкі сыры мен сыртқы бейнесін қатар алғанда, оның ішкі мәнін жоғары қояды. Ішкі сырды көруге көкірек көзі, көңіл көзі керектігін, ал сол көздің ашық болуы адамның ішкі құмарлығына тәуелді болатынын айтады. Кез келген нәрсенің ойға қонуы, санаға сіңуі, сөйтіп, білім қорына айналуы адамды жан әрекетіне итермелейтін мотив – түрткіге келіп тірелетінін мойындатады. Өзінің өлеңінде түрткіні «талап» деп атайды: «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге, Көкірегінде болсын көз» деген өлеңіндегі талап – ғылымда «мотив» деп аталатын жан құмары. Талап жоқ жерде білуге талпыныс жоқ, талпыныс жоқ жерде алға жылжу да болмақ емес. Тіпті, ондай жағдайда алға жылжу емес, кері кету жылдамдайды. Ондай адамды хайуаннан да төмен санайды. «... ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, Тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» - дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз» [117, 27-б.].

Абайдың бұл ойымен үндес пікірлерпсихолог ғалым А.В. Петровский еңбектерінен табылады. Ол: «Сана – психиканы біріктіруші ең жоғары өмір әрекеті формасы, адамның еңбек әрекетіне орай басқалармен тұрақты тілдік қатынасқа келу арқасында қоғамдық тарихи шарттарға сай қалыптасуының нәтижесі. Сана – қоғамдық болмыс. Сана құрылымында төрт негізгі сипаттың бірі ретінде сана мен тілдің бірлігі көрсетіледі:

1) Сана – қоршаған дүние жөніндегі білімдердің жиынтық бірлігі, оның құрылымына барша танымдық процестер енеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял.

2) Санада субъекті мен объектінің айырмашылықтары бекиді. Органикалық әлем тарихында тек адам өзін басқалардан бөлектеп, олармен салыстыра алады. Тіршілік иелері арасында жалғыз адам ғана өзін тануға, яғни психика әрекетінің бағытын өзіне бұруға қабілетті.

3) Мақсат болжастыру әрекетін қамтамасыз ете алады. Адам табиғат берген заттың формасын өзгертеді, сонымен бірге өзін өзгерту ісін заңдық сипатқа ие саналы мақсатпен ұштастырып, іс-әрекетінің сипаты мен тәсілдерін алдын-ала белгілейді, ерік күшіне бағындырады. Осыдан сана қызметі: мақсат қалыптастыру, себеп-салдарын анықтау, еріктік шешім қабылдау, іс-әрекеттің орындалу жолын айқындау және т.б. болады.

4) Сана құрылымында әрекетке орай қатынастар орнығады. Адам санасы міндетті түрде өз ішіне күрделі объектив, ең алдымен, адам қатысқан қоғамдық қатынастарды бейнелейтін сезімдер жүйесін қамтиды. Сананың жоғарыда аталған бүкіл арнайы қасиеттерінің қалыптасуы мен көрініс беруінің міндетті шарты – тіл, сөз. Тіл –қоғамдық тарихи тәжірибе немесе қоғамдық сананы бекіткен ерекше объективтік жүйе. Нақты адам тарапынан қабылданған тіл – сол адамның нақты санасының көрінісі», -деп тұжырымдайды [120, 28-б.].

«Тұлға – қоғам мен мәдениетте айқындалады» дейтін көзқарасты ту етекпен неофрейдизм бағытын қолдаушылар да әрекетке қатысты мотивациялық категориялардың ішінде адамның элеуметтік-мәдени ортасы мен оның құндылықтарына ерекше тоқталады. Мәселен, адамның этикалық мінез-құлықтарының бастауын адамның өзінен іздеген гуманистік этиктердің еңбектеріне сүйене отырып, Эрих Фромм «моральдық ұстанымдар адамның ішкі қасиеттеріне негізделуі керек, әйтпесе оларды бұзу тұлғаның психикалық және эмоциялық құлдырауына әкеледі» деген тұжырым жасайды. Осыдан келіп гуманистік психоанализдің мақсаты шығады – гуманистік этиканың құндылықтарын меңгеру, өзінің ішкі табиғатын танып-білу және «өмір сүру өнерін» игеру арқылы адамның ішкі мүмкіндіктерін дамытуына, өмір сүруге ұмтылуына ықпал ету. Э.Фромм еркіндік және жаттану категориялары арқылы адамдардың басым көпшілігі өзінің нағыз «МЕН»-ін, «Өздігін» емес, «Жалған МЕН»-ін дамытатынын, осы үдерістің нәтижесінде өзін жоғалтып, ештеңеге айнала алмайтынын көрсетеді. Бірақ Э.Фромм адамның онтологиялық және тұлғалық сипаттамаларына, әсіресе, «үміт» элементіне сүйене отырып, оптимистік болжамдар жасайды. Оның пікірінше, «үміт» – өмір құрылымының ішкі элементі, ол пассивті үміттену, күту емес, белсенді әрекетке дайын болу, адам рухының динамикасы, адам болмысының маңызды шарты», сондықтан да Э.Фромм адамды Homo sperans (үміті бар тіршілік иесі) деп сипаттайды» [121, 25-б.]. Олай болса, жоғары сыныпта да оқушының пәнге қызығушылығын тудырудың басты факторы ретінде тіл мен сананың, тіл мен мәдениеттің, тіл мен құндылықтардың бірлігі алынуы заңды. «Сөз әдебін» меңгерту үдерісінде ғалым айтқан «гуманистік этиканың құндылықтарын меңгеру», «өзінің ішкі табиғатын танып-білу» және «өмір сүру өнерін» игеру арқылы адамның ішкі мүмкіндіктерін дамытуына, өмір сүруге ұмтылуына ықпал ету» талаптарын түгел жүзеге асыру мүмкіндігі жоғары.

«Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. ...Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз». Абайдың осы тұжырымдарына талдау жасату барысында оқушыларға білім мен тілдің, ойлау мен сөйлеудің байланысын аша отырып, сөз әдебі мен тұлға мәдениетіне мән бергізіледі. Әсіресе, білімділік пен сөйлеу әдебінің өзара қатынасына терең бойлауға мүмкіндік жасалады. Ол үшін мектеп оқушыларына әртүрлі қайнаркөздерден (көркем шығармадан,

кинофильмдерден) алынған үзінділерді ұсына отырып, кейіпкерлерге мінездеме жаздыру, олардың сөйлеу тіліне талдау жасату ұтымды болады. Бұл жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында кейіпкерлер арасындағы диалогтерді өзгерту сипатындағы жұмыстар жүргізілді. Мысалы: диалогтегі бір кейіпкердің сөзін көп нүктемен беріп, оны өздеріне толықтырту; кейіпкерлердің диалогтік сөзін кері сипатта қайта құрату; бар диалог мәтінін толықтырып қайта жаздыру және т.б. Мұндай жұмыстардың жүргізілуінің тілдік, коммуникативтік және лингвомәдени құзіреттіліктерді қалыптастырудағы мәні, біріншіден, оқушының жағдаятқа сай сөздерді іздеп табу; екіншіден, диалогке түскен адамдардың психологиялық және жас ерекшелігіне сәйкес сөйлеу дағдыларын болжау және оны шынайы өмірге, кейіпкердің болмысына лайықты етіп талғай алу; үшіншіден, тілдің адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай қолданылу ерекшеліктерін екшей білу; төртіншіден, игерген теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыру дағдыларының біртұтастықта қамтылуында. Бұл жерде оқушылар әрі бағалаушы әрі өзіне қажет өмірлік дағдыларды белсенді игеруші ретінде қатысады. Бұл жұмысты орындауға деген ішкі мотив ретінде жұмыстың сапалы орындалуына байланысты сыртқы бәсекелестік қана емес, сөзді талғампаздықпен ұтымды жұмсай алуға мүдделілік өзара бірлікте жүзеге асырылады.

Диалогтік мәтіндерді іріктеуде:

- диалогтің оқушы өмір сүріп отырған ортамен байланыстылығы;
- оқушының жас және психологиялық деңгейіне сәйкестігі;
- диалог мәтіні тілінің оқушының сөз әдебіне қатысты алған білімдерін толықтыру мүмкіндіктері;
- диалог мазмұнының тартымдылығы;
- диалогке түсушілердің сөз ұтқырлығы және т.б. критерийлер басшылыққа алынды.

Ғалымдар осындай проблемалық жағдаяттардың оқушының пәнге қызығушылығын арттырудағы мәнін айта келіп, ондай тапсырмалардың нақтылығы мен шынайылығына ерекше мән береді: «В зависимости от различных обстоятельств, которыми характеризуется проблемная ситуация, одна и та же задача может решаться как с помощью воображения, так и с помощью мышления. Есть основания сделать вывод, что воображение работает на том этапе познания, когда неопределенность ситуации весьма велика. Чем более привычной, точной и определенной становится ситуация, тем меньше простора дает она фантазии» [122, 122-с.]. Сол себепті оқушыларға ұсынылатын тапсырмалардың нақтылығы олардың сөз әдебі нормаларын дұрыс игеруіне мүмкіндік береді.

Абайдың Алтыншы қарасөзінде «Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың», - дейді. Адамның қалыптасуындағы еңбек, ақыл, жігер бірлігінің маңызын ашып көрсетеді. Өзіндік ізденіске бағытталған еңбек қана ақылды дамытатыны, оған ішкі қуат пен жігер күш беретіні үнемі ескеріліп

отырады. Сондықтан өзіміз ұсынып отырған таңдау пәнінде оқушылардың жан құмарын арттыруға, олардың білім-білігін тереңдетуге мүмкіндік беретін, жаңа, тосын мәліметтерді барынша кең қамтуға назар аударылады. Бұл таңдау пәнінде тек теориялық материалдар негізінде ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өзін іздендіре отырып, әлем халықтарының сөз әдеби нормалары мен олардың өмір салтын ұштастыра таныту көзделді. Оқушылар әр халықтың сөз әдебінің ерекшеліктерінің сырын тануға, оларды құрметтеудің мәнін түсінуге үйретілді. Ол үшін арнайы жоба жұмыстары ұйымдастырылды.

Он екінші қарасөзінде: «Адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі - иманның игтиқатын махкамлемек керек, екінші - үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды», - дейді. Абайдың бұл тұжырымы оқушыға тапсырмаларды ұсынғанда оларды тиянақтылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге қажетті күшті сақтауға үйренудің жолын табуды қажет ететінін көрсетеді. Мұғалім тарапынан бұл бағытта оқушылардың оқу мотивтерін жоғалтып алмай оны үнемі жетілдірудің жолдарын іздестіру маңызды. Ол бірде білім мазмұны, бірде оқытудың жаңашыл, интербелсенді түрлерін дұрыс қолдану арқылы мүмкін болады. Ойшылдың бұл пікірінің де негізділігін ғылым дәлелдеп отыр. Мысалы, психология ғылымында қарастырылған «ойлау мотивтерінің екі түрі айқындалған:

1) арнайы танымдық мотивтер. Бұл орайда ойлауға итермелейтін қозғаушы күштерге танымдық қажеттіктерде көрініс табатын оқушының мүдделері мен мотивтері жатады. Оқушы бірден алдына мақсат қойып, белгілі бір білім деңгейіне жетуге қызығушылықпен кіріседі;

2) қосалқы мотивтер. Бұл жағдайда оқушының ойлауына таза танымдық мүдделер емес, сыртқы себептер әсер етеді. Мысалы, оқушы тапсырманы өзі қызыққандықтан емес, оқымай келуге намыстанғаннан немесе оны міндетті деп санағандықтан, орындауы мүмкін. Бірақ оқу материалындағы жаңа деректер, білімдер бірте-бірте оның шынайы қызығуын тудырады да, ол өзінің сол білімге қалай тереңдеп «кіріп кеткенін» байқамай қалады. Егер мұғалім бұл үдерісті шектемей, ары қарай жандандыра алса, оқушының білім-ғылымға қызығуы арта береді»[123, 152-стр.].

Абай өзінің Отыз екінші қарасөзінде адамның ғылым-білім үйрену жолындағы әрекетінің баянды болуының басты шарттарын рет-ретімен көрсетіп береді. Осы сөзінде ол адам баласының ғылымды үйрену мотивінің даму иерархиясын талдап көрсетеді (№2 кесте).

Осы жүйеге салып түсіндіргенде, бейіндік мектеп оқушысына сөз әдеби қағидаларын үйретуде олардың алатын білімнің мазмұнын меңгеруіне ғана емес, оның өмірлік маңызын түсінуіне мән беріледі. Сөз әдебінің тек сыпайы сөйлеумен шектелмейтінін, оның аясында әр халықтың дүниетанымы, өмір салты, қарым-қатынас мәдениеті өзара бірлікте көрінетінін, оны білу сол

халықтың өкілі үшін парыз, ал өзге халықтар үшін сыйласымдылық шарты, тұлға мәдениетінің көрсеткіші, интеллектуалдық әлеуетінің белгісі екені түсіндіріледі. Бұл оқушының талабын туғызып, өзіндік ізденіске итермелейді. Жаңа білім олардың көңілінде шынайы құмарлық пен ынтықтықты оятады.

№ 2 кесте

Тұлғаның ғылым-білімді үйрену мотивінің даму иерархиясы

ҒЫЛЫМ-БІЛІМДІ ҮЙРЕНУ МОТИВІНІҢ ДАМУ ИЕРАРХИЯСЫ				
		Т А Л А П		
Ізденіс		Құмарлық		Ынтықтық
<i>Білімнің беріктігі</i>				
АҚЫЛ			АР	
Білім – дәулет			Білу – хасил (рахат)	
<i>Жаңа ұмтылыс (мотив)</i>				
Үміт	Қызығушылық	МЕЙІРІМ	Мақсат	Адалдық
М А Х А Б Б А Т				
Мұлахаза (ойлау, тұжырымдау, түйю)		← ҚАРУ →	Мұхафаза (сақтау, қорғау)	
САУЫТЫ : МІНЕЗ				
ҚАҒИДАТЫ:				
Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі				

Өзі қызығып орындаған жұмыстар нәтижесінде олардың білімі берік бекіп, ойына түйінделеді. Ол оқушының ақыл-ойын дамытады да, оның рухани байлығына, дәулетіне айналады. Шынайы әрі адал, пайдалы білім жас өркеннің ар тазалығына кепіл болады. Ол бахасшылдықтан аулақ, иесінің жүрегіне қуаныш ұялататын, оны рахатқа бөлейтін, рухани ләззат сыйлайтын қорға ауысады. Ақыл мен арға негізделген білім енді жаңа ұмтылыстардың тууына әкеледі. Жас өскіннің өз болашағына деген үміті нығаяды, қызығушылығы артады, өз мақсатын айқындайды, өзіне де, өзгеге де адал болуға мүдделі етеді. Ал оқушыны осындай деңгейге жеткізетін қозғаушы күш – ғылым-білімге деген мейірім мотиві. Эксперимент жұмыстарын жүргізген кезде бейіндік мектеп оқушыларына ұсынатын білім мазмұнын анықтау, оларды оқытудың жолдарын саралау барысында осы пәнде алатын білімнің өзі үшін, келешегі үшін пайдасын, қажеттігін сезіндіру мақсат етілді. Тіл мен тұлға мәдениетінің байланысын түсіндіруге бағытталған тапсырмаларды орындатуда сөз әдебін үйренудің адами факторлармен сабақтастығына көз жеткізуге басымдылық берілді.

А.Н.Леонтьев еңбектерінде білім үйрену үдерісінде оқушы тарапынан мағынаны түсіну мен білімнің жеке тұлғалық мәнін түсінуінің өзара

арақатынасы терең түсіндірілген. Ғалым бұл жайында: «В отличие от значений личностные смыслы... не имеют своего «наиндивидуального», своего «не психологического» существования. Если внешняя чувственность связывает в сознании субъекта значения с реальностью объективного мира, то личностный смысл связывает их с реальностью самой его жизни в этом мире, с ее мотивами. Личностный смысл и создает пристрастность человеческого сознания. Личностный смысл, т.е. особую значимость для человека, приобретает то, что связывает цели деятельности с мотивами ее осуществления, то, в чем оказываются запечатленными его потребности», - дейді [116, 153-б.].

Өзінің өмірлік ұстанымында үнемі Жүректі алға қоятын ұлы ағартушы Абай сол жүректің ең басты қасиеті МЕЙІРІМ мен МАХАББАТ деп біледі. Мейіріммен меңгерген білімді күшейтудің екі қаруын: мұлахаза мен мұхафазаны тең ұстауды ұсынады. Оның бірі алған білім мен ғылымды ойға тоқуға, ал екіншісі өзіндік көзқарас қалыптастыруға негіз болатынын пайымдатады. Ой мен көзқарастың тоғысында адам мінезі қалыптасатынын, ал сол мінездің тұрақтылығы ғылым мен білімнің зораюының кепілі екенін дәйектеп көрсетеді. Адамның тұлға ретінде дамуы мен қалыптасу жолын тиянақтап берген осы байламында Абай бүкіл үдерістің қозғаушы тетігі (мотиві) МЕЙІРЛЕНУ екенін өте тереңдікпен жеткізеді. Мейірімге құрылған таным әрекеті адамның білімін арттырып, мінезін қалыптастырады деген түйін жасайды. Бұл да қазақтың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ұлағатты сөзімен ұштасып жатыр. Бұл жердегі ұлықтық мансап пен дәреженің ұлықтығы ғана емес, ғылым-білімге ұлықтық деп санаймыз. Адам ақылды, білімді болған сайын оның парасаты мен мәдениеті биіктей түседі. Сол себепті Абайдың «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» деген сөзінің мәнісі оқушыға сөз әдебі нормаларын үйретуде үнемі ескеріліп отырады. Адами қарым-қатынаста ұсақ-түйек деген нәрсе болмайтынына, сөз әдебіне қатысты тілдік және тілдік емес құралдардың барлығының өз орны, өз рөлі бар екенін білуге деген ішкі құштарлығын ояту арқылы білімге мейіріммен қарауға үйрету басты мақсат болды. Өйткені осы жас кезеңінде жоғары сынып оқушысының өзін тануға деген ұмтылысы оның өз әрекеттерін жүйелі жүргізуіне, оған терең талдау жасап отыруын талап етеді.

С.Л.Рубинштейн көрсеткендей, «жеткіншектің құндылықтық бағдары айқындала бастайды, дүниетанымдық қабілеті жетіледі, өмірге саналы қатынасы қалыптасып, өмірдің мәнін түйсінеді» [124, 52-б.]. Сол себепті дәл осы кезеңде оқу әрекетіне түрткі болатын мотивтерге көңіл бөлу қажеттігі арта түседі. Оқушының өмірлік позициясының қалыптасатыны да осы кез. Бозбаланың білімі мен тәжірибесі қатар жүреді, өзіндік пікірі пайда болады. Өзіне қатысты өмірлік мәселелерді шешуге тырысады. Олар кез келген мәселеге өз көзқарасы тұрғысынан келеді. Өзіне де, өзгелерге де адамгершілік-этикалық нормалар тұрғысынан баға береді. Бұл өз кезегінде сөз әдебі туралы пәннің нәтижелі болуына алғышарт қалыптастырады.

Жеткіншек кезеңде оқушының әлеуметтену бағдары, өзін ортадағы орны арқылы бағалауы, өзін өзгелерге танытуға мүдделілігі арта түседі. Оның әлеуметтік рөлдері көбейеді, соның нәтижесінде жауапкершілігі, әртүрлі рөліне сай болуға деген ішкі талаптары күшейеді. Сондықтан олар өзінің эмоциясын барынша икемді етуге, түрлендіруге бейімделеді. «В юношестве заканчивается формирование механизмов внутреннего эмоционального торможения и способности избирательно реагировать на внешние воздействия» - дейді психолог ғалым И.В.Шаповаленко өз еңбегінде [125, 54-б.].

Жеткіншек өзінің эмоцияларын ашық көрсететін қарым-қатынас әлемінде батыл болуға тырсады, айналасындағыларға өзін мойындататын әсерлі сәттерден де бас тартпайды. Ол үшін өзінің құрдастары әралуан ақпараттар көзі ретінде қызмет етеді. Өзін жаңа қырларынан танытудан тартынбайды. Достық пен махаббатқа да жаңаша көзқараспен қарайды. Үлкендермен де еркін қатынас жасауға қажеттік туындайды. Міне, осының қай-қайсысы да сөз әдебіне үйрететін таңдау пәнінің оқушының ішкі қажеттігімен толық үйлесімді жүргізілуіне қолайлы екенін дәлелдейді. Себебі адами қарым-қатынас өзара сөйлесіп отырған адамдардың бір-біріне шынайы сыйласымдылығын көрсетіп, бірін-бірі құрметтеп, әдептен озбай, әр сөзіне есеппен қараған жағдайда, бір-бірінің ішкі әлеміне үңіле білгенде, сезімін сыйлап, әрекет мотивтеріне түсіністік танытқанда ғана дұрыс болады. «Қарым-қатынас үстінде біз адамның жан-дүниесіне үңілеміз», - дейді К.С.Станиславский [126, 123-б.]. Ал осы қабілеттің арқасында әрбір жас адамның өзіндік «МЕН»-і қалыптасады, тұлғалық және жекелік тұрғыдан дара жолы анықтала бастайды. Бұлар жинақтала келгенде осы жас кезеңіне тән сапалық өзгерістердің өзегі болып саналады.

Оқушының өзіне берген бағасы, басқалардың бағасы, топтағы тұлғалық бағасы – бұл үш көрсеткіш тұлға құрылымына енеді де, оны сол адам қалай ма, қаламай ма, бәрібір, осы индикаторлар бойынша берілген бағалармен санасуына тура келеді. Сонда ғана әр адам өзінің орнын, жетістігін, позициясының дұрыс/бұрыстығын түсіне алады. Бұл оның әлеуметтік байланыстарын, бағдарлары мен құндылықтарын қалыптастырудың тетігі болып табылады. Бұл бағалар тұлға дамуының динамикасын айқындап, өзіне сенімділік тудыруға әсер етеді. Ең бастысы, оның өзгеруінің ішкі себептеріне объективті түрде талдау жасай алу дағдыларын қалыптастырады да, соның арқасында дара тұлғаның өмір сүруге қажетті функционалдық сауаттылығын жетілдіріп, интеллектуалдық әлеуетін көтереді.

Бұл жайындағы топшылаулар Абайдың Қырық үшінші қарасөзінде толық берілген. Абайдың өз заманындағы озық ойларды дәл бағамдап, дәйек етіп қолданғаны көрінеді. «Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинһар, соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам ұғылы хайуан болды, адамшылықтан шықты. Біреуі не көрдің, не есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді.

Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді.... Енді біреуі әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды. Үшіншісі, жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық - бұл төрт нәрсебірлән кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды.... Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол - көп жиғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын - бәрін де бағанағы жиған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. ...Жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей каласың», - дейді.

Қорыта айтқанда, дана Абайдың қарасөздеріндегі ой қазынасы заман өткен сайын өткірленіп, өзектене түсетініне тағы бір көз жеткізілді. Көз жеткізу арқылы ұлттық білімге қатысты, ұлт болашағын шешуге байланысты әрбір мәселенің шешімін іздегенде, оның сырын да, зерделеу жолын да ұлы ойшылдың даналық сөздерінен табатынымызды көңілге түйдік. Бұл Абай тұжырымдаған осынау қағидалардың заманауи білім беру жүйесін дамытуға бағытталған ғылыми пайымдаулармен толық үндесіп отырғанын зерделедік. Абайдың ертеңгі ел болашағына жауапты ұрпақтың білім алуға деген ішкі қуат көздерін: ынтасын, ықыласын, ниетін, талабын, мақсатын бірге жұмылдыратын ортақ тетік – оқу мотивтерін қалыптастыру мәселесінің күрмеулі тұстарын зерттеп, тануда, оның теориялық қана емес, практикалық маңызды мәселелерін жүзеге асыруда толық бағыт-бағдар беретініне көз жеткізілді. Ұлы Абайдың «Махаббатсыз дүние – бос, Хайуанға оны қосындар», деген сөзінің түпкі мәнін «бүкіл дүниені, қоршаған ортаны, Жаратылыстағы әрбір хақиқатты таны, махаббатпен сүй, оны қастерле!» деп түсінген абзал. Сол жаратылыстағы ең орталық тұлға – Адам. Сондықтан ұсынылып отырған «Сөз әдебі» таңдау пәнінің басты мақсаты – адамдардың өзара сыйласымдылығында тілді құрал ретінде дұрыс, сыпайы, мәдениетті пайдалана алуға, бірін-бірі құрметтеуге, сүйуге, махаббатпен қарым-қатынас жасауға үйретуге түрткі болатын ішкі қуатты, тілекті, ниетті, ынтаны, ықыласты ояту. «Адамзаттың бәрін сүй «бауырым» деп!» - деген ұлы қағиданың мәніне терең бойлата отырып, сөз мәдениеті мен қарым-қатынас әдебінің заңдылықтарын, тәсілдерін үйрету арқылы болашақ ұрпақтың бойына кісілік қасиеттерді сіңіру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтауға, құрметтеуге баулу.

2.3 Бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін қалыптастыра отырып сөз әдебіне үйретудің лингводидактикалық негіздері

Оқу – адамзат баласының бүкіл ғұмырында жетекші рөл атқаратын үш әрекеттің бірі ғана емес, бірегейі. Ол бала шақтағы ойыннан бастап есейген кездегі еңбек әрекеттерінің саналы, сапалы ұйымдастырылуының алғышарты болып саналады. Сол себепті қандай пәнді де оқыту жайын қарастырғанда оның педагогикалық негіздерін айқын білу, оны нақтылау қажеттігі туындайды. Бейіндік мектепте оқытылатын «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытуда да сол сатыдағы мектеп оқушысының игерген білімдерінің саналы меңгертілуі, оқу мотивтерін тудыруға ықпалы оқытудың лингводидактикалық мәселелерін жете зерделеуді керек етеді.

Оқыту үдерісінде оқу әрекетінің жүзеге асуы мен оған түрткі болатын мотивтердің нәтижеге жету жолы, объективтік дүниенің субъективтіге ауысуы – интериоризация үдерісі сатылап жүреді. Осы жүйенің ішкі бөліктері мен іске асу кезеңдеріне сай әрекет компоненттері өзара алмасып, бірігіп отырады. Оқу мотивтері туғызған әрекеттер тізбегі белгілі бір мақсатқа бағындырылған бірнеше оқу ісінен құралады. Яғни, әрекет нақты іс түрінде жүзеге асады. Осы істің жүзеге асуында мотив пен мақсат өзара сәйкес келуі міндетті. Мақсат орындалуы үшін оған объективті жағдайлармен сай келетін шарттар мен ойлау операциялары орындалуы керек. Зерттеушілердің айтуы бойынша, «Әрекет мотивтердің қозғауымен, оқу ісі мақсаттың жетегімен, операция шарттарға бағындырылып жүргізіледі. Сондықтан оқу әрекетін ұйымдастыруда осы бөліктерінің бір-бірінен туындайтын ішкі байланысы мен өзара қатысы ескеріліп отырады» [11,86-б.].

Оқу мотивтері объективті түрде әрекетке, оның дамуына талдау жасау арқылы танылады. Субъективтік жақтан олар жанама құбылыс ретінде – мақсатты орындауға тілек, талпыныс, ұмтылыс түрінде көрінеді. Осымен байланысты мотивтердің мақсатқа ауысуының басқыштары, сатылары туралы қазақ білімпазы М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде: «Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер қайраттың мақсатқа жету үшін жанның алға ұмтылуының бірінші басқышы»- деп көрсетілген [9, 16-б.].

«Білім алушының білімдік әлеуеті жоғары болу үшін ол әр түрлі өмір жағдаяттарында өздігінен шешім жасап, жол тауып, кез келген мәселеге қатысты ой-пікірін анық та ашық, түсінікті де дәйекті айта алатын құзыреттілікке ие болуы тиіс. Бұл әрине тілді меңгертуде оқушының әлеуметтік дағдылары мен коммуникативтік қабілетінің қалыптастырылуына қаншалықты мән берілуіне байланысты. Мұндай деңгейге ол білімді сапалы игеру нәтижесінде қол жеткізетіні анық». [127, 3-б.] Қазақ тілін оқушылардың танымдық қызығушылығын оята отырып оқыту мәселесінің педагогикалық негіздерін айқындауда қазақ баласының тілін дамытуға, ойын өсіруге ерекше көңіл бөлген М.Жұмабаевтың тұжырымдары мен пікірлерінің орны бөлек. Ол: «Жанның терең түкпірінде жатқан ойларды, жүректің жетпіс қабат

астында жатқан ыстық сырларды ашып, шешіп беретін адам сөзінен қымбат дүниеде не бар? Міне, бізді басқа адамның жанымен шын табыстыратын нәрсе – осы сөз бен сезім», - дейді [9, 165-б.]. Осылайша ол адамдардың өзара тіл табысуының да, бірлесір өмір сүруінің де кепілі сөз екендігін түйіндеп жеткізеді. Ол тілді тек қатынас құралы деп емес, ұлттың өмір сүруінің басты шарты деп те бағалаған. Жас ұрпақтың талғамын, сұлулық сезімдерін тәрбиелеуді ұсынады. Оның қатарында тек жаратылыстың сұлулығын ғана емес, сұлу искусствоны сезінсін дейді: «Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін. Сұлу сөздер мен сұлу өлеңдер жаттасын», - деп бағыт береді [9, 208-б.]. Мұнда ол баланың ес біле бастаған шағынан өмір бойы адамға қажет болатын нәрсені айтып отыр. Бұл, әсіресе, қазіргі таңда оқушыларды қазақ сөзінің әуезділігін, ұйқасымдылығын, үнділігін танытуды көздейтін тіл сабақтарында да кеңінен қолданыс табуы тиіс әдістің бірі болғаны тиімді. Сондықтан сөз шеберлігі мен әдебіне бастайтын бір жол – оқушының әртүрлі сипаттағы, әртүрлі жанрдағы мәтіндерді таңдап, талғап оқуына, оларды түсініп жаттауына орайлы оқу материалдарын сабақ барысында көбірек пайдалану. Бұл оқушының есте сақтау қабілетін шыңдаумен бірге әуезді, мазмұнды, сұлу сөйлеуге үлгі ретінде де ықпал етеді. Сондықтан бейіндік мектеп оқушысына да сөз әдебін, сөз шеберлігін үйрету бағытындағы жұмыстарды бұл әдістер үнемі ескеріліп отырды.

Қазақтың педагогикалық психология ғылымының негізін қалаған Ж.Аймауытов: «Тәртіп пен оқыту жақындасып айқасу керек. Жақсылықтың не екенін білу аз, жақсы істі ете алатын ерлік керек. Бұл – оқыту мен тәртіптің істері. Бала әлеуметтік рухында тәрбиеленуі керек. Шәкірт көңілі соққан нәрсеге емес, істеуге міндетті нәрсеге үйретілуі керек. Ол мектеп ережесін құрметтей біліп, әлеумет, мемлекет тілегіне өз тілегін бағындырып үйрену керек», – дейді [128, 346-б.]. Ғалым пікірінің заманауи педагогикада демократиялылық пен ізгілендіруді білім мен тәрбиенің аясында жүзеге асыруды көздеп отырған үздіксіз білім жүйесінде атқаратын рөлі зор. Оқу үдерісінде оқушыға еркіндік беріп, мақсатқа жеткізу үшін оның жеке мүддесі мен қоғам мүддесін өзара бірлікте қарау қажеттігі туындайды. Сөз мәдениеті мен әдебін оқушыға меңгертуді көздейтін бүгінгі оқыту үрдісінде мемлекеттің де, баланың да мүдделері тоғысып жатқаны айқын. Себебі академик Рәбиға Сыздықтың сөзімен айтқанда, «Мәдениетті тіл ғана мәртебелі». Әр кезде де сыпайы, мәдениетті қарым-қатынас жасауға, сөз шеберлігіне, тиянақты ой айтуға үйрету оқушы мен мектептің өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің тілегі мен көздеген түпкі нәтижесімен қабысатыны даусыз.

Білім беру жүйесінің әрбір сатысында болса да, ана тілін меңгерту тек грамматиканы меңгертумен немесе сөйлеу тілін жетілдірумен шектелмейді. Өйткені ана тілі – дүниені танудың кілті. Бұл пән оқушының білім алу дағдыларын: ойлауға үйрететін танымдық дағдыларды да, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім секілді сөйлеу әрекетіне қажетті қатысымдық дағдыларды да, сонымен қатар оқушының ұлттық болмысын,

әлеуметтік рөлін қалыптастыруға қажетті амал-тәсілдерді меңгерудің де бірден-бір негізі болып саналады. Сондықтан да тілді сөз әдебі тұрғысынан меңгерту үдерісі қиындығымен, көп аспектілігімен және көп факторлығымен ерекшеленеді. Өйткені сөз әдебі сабақтарындағы оқу үдерісінің нысанасына тек тілдік ұғымдар ғана «алынбайды» және басқа да ауқымды, тілге деген қарым-қатынастан шыққан мәселелер де, оқушылардың жеке қасиеттерінің, тіл, тілдік қатынас туралы дүниетанымы мен сөйлеуге төселуі де бір мезгілде қатар жүреді. Өзінің болашақ бағдарын белгілеп алған бейіндік мектеп оқушысының тілді әдеп нормаларына сай меңгеруге деген мотивтерін қалыптастыруда бұл мәселе үнемі назарда болуы тиіс.

Сөз әдебі, сөйлесім заңдылықтары туралы дүниетанымды немесе көзқарасты қалыптастыру мәселесі бейіндік сатыдағы «Қазақ тілінің» оқу бағдарламасында көрсетілген сөз мәдениеті мен шешендік өнер туралы жалпы мағлұматтарда, тілдік құрылымдарда, сөйлеу стильдерін оқу үдерісінде толық жүзеге асырылмайды. Бұл үдерісте сөз әдебіне қатысты жалпы бағдар берілгенімен, оның сыры мен қыры толық ашылмайды. Сондықтан біздің зерттеу жұмысымыздың барысында ұсынылатын таңдау пәнінде адами қатынастың ең маңызды тетігі саналатын сөз әдебін ұлттық және жалпыадамзаттық тұрғыдан арнайы үйретудің әрітеориялық, әрі практикалық жолдары өзара ұштасып беріледі. Онда заманауи педагогика талаптары бойынша, оқушы тұлғасын дамытудың негізгі бағыты бағдарлама материалдарында тілдік бірліктерді дүниетанымдық, қатысымдық, мағыналық және қолданымдық тұрғыдан меңгерту болып белгіленіп отыр. Олардың қатарында тілдік сезгірлік, тілдік талғам, тілдік әдеп нормаларымен қатысты мәселелер тілдік тұлға ұғымымен бірлікте ұсынылады.

Тілдік сезгірлікті дамыту – оқушыны сөз әдебіне төселдірудің басты талабының бірі. Тілдік сезгірлік – айналасындағы адамдардың сөзінен үйренген немесе мұғалімнің басшылығымен меңгерген білімдеріне сүйене отырып, өзінің сөзін сезінуі, өз тілін өзі бағалауға бейімділігі, «сөз әдебі нормаларын қатесіз сақтай білуі» [129, 35-б.].

Бейіндік мектеп оқушысының тілдік сезгірлігінің екі жағы болады: норманы сезінуі, стильді сезінуі. Біріншісінде оқушы ол нәрсені басқаша айтуға болмайды деген қағиданы ұстанса, екінші жағдайда бірнеше мүмкін нұсқалардың ішінен ең тиімдісін таңдай алуға үйренеді.

Норманы сезіну тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларды білумен бағаланады, оған тіл білімінің сәйкес салаларын оқу үдерісінде қол жеткізіледі. Стильді сезінуі тілдік құралдарды таңдауға негіз болатын сөздің қолданылу аясын, сөздің тақырыбын және жанрын сезінуі арқылы көрінеді. Бұл бейіндік мектеп оқушысының жас және психологиялық ерекшелігіне сәйкес шығармашылық, өзіндік ізденіс бағытында жүргізілетін өзіндік, ізденіс жұмыстарында, тіл стильдеріне байланысты тақырыптар мен сөз мәдениеті мен шешендік өнер түрлерін оқу барысында дамытылады. Ал

арнайы ұсынылып отырған таңдау пәнінде сол білімдер одан әрі жетілдіріліп, нақты практикалық дағдыға айналдырылады.

Таңдау пәнін оқыту үдерісінде тілдік сезгірлікті қалыптастыру әдістемесі екі бағытта қатар жүреді:

а) оқушылардың назарын үнемі сөз әдебі нормалары қамтылған әртүрлі мәтіндердің стиліне аударту жұмыстары арқылы;

б) оқушының жазбаша немесе ауызша орындаған жұмыстарын сол бағытта шебер жазылған өзге мәтіндермен салыстырып отыру. Бұл, біріншіден, оқушының өз сөзін жетілдіруге мотивін тудырса, екіншіден, олардың өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытады.

Тілді қолдануда өзіне-өзі бақылау жасау сөз әдебіне үйренудің көрсеткіші болып саналады. Оқушыларды өз әрекетіне өзі бақылау жасай білуге үйрету, соның ішінде диалогтік, полилогтік қарым-қатынаста өзінің ауызша немесе жазбаша сөйлеу тіліне жауапкершілікпен қарауға үйрету – сөз әдебіне қатысты таңдау пәнінің басты міндеттерінің бірі. Өз сөзін бақылай алу екі жағдайда жүзеге асады: біріншіден, сөйлеу талаптарын сақтай білгенде; екіншіден, өз сөзіне өзі түзету жасай алғанда.

Оқушының өз сөзін өзі бақылауына база болатын екі себеп, түрткі бар: біріншісі – қазақ тілінің әдеби тіл нормаларын жетік білу; екіншісі – өзінің сөйлеу тілін жетілдіруге деген мүдделіліктен туатын оқу мотивтері. Сол себепті тіл пәні мұғалімі оқушы бойынша осы негіздердің қалануына жауапты. Өйткені бұл екі мәселеге назар аударылмаған жерде өзін-өзі бақылау дағдылары қалыптаспақ емес. Өзін-өзі бақылау үшін де оқушының тілге, сөйлеуге деген саналы көзқарасы қалыптасуы тиіс.

Өз сөзін өзі бақылаудың екі міндеті бар. Алғашқысы – тілдік тұрғыдан да, сөз мазмұны тұрғысынан да қате болдырмауға тырысу, ал қате бола қалса, оны тез түзете алу. Қатені түзетудің уақыт жағынан алғанда екі түрі бар: *тікелей бақылау жасау* (сөйлеп тұрған сәтте-ақ өз сөзін қайта түзету); *соңыра бақылау жасау* (араға біраз уақыт салып барып өз сөзіне түзету енгізу). Тікелей бақылау жасау айтып не жазып отырған кезде бірден жүзеге асады да, соңыра бақылау жасау жазу жұмысына немесе айтқан сөздерін бейнежазбаға немесе аудиожазбаға түсіріп алып қайта түзету барысында орындалады.

Егер оқушының өз сөзіне өзі бақылау жасай білуі оның өз деңгейіне қарай, кездейсоқ жүргізілетін болса, оның түпкі нәтижеге жетуі, яғни тұрақты дағдыға айналуы өте баяу жүреді. Сол себепті мұғалім оның өзін-өзі бақылауын қалыптастыруды мақсатты түрде жүзеге асырып отыруы шарт. Монологтік, диалогтік және полилогтік қарым-қатынас жағдаяттарына қарай оқушының өз сөзін түзетудің түрлі тәсілдерін үйренуі міндетті. Оқушыға қатесін көрсетіп, оны қалай түзеу керектігін үйретіп отырғаны абзал. Қатесіз сөйлеудің мәнін түсінуі де оқушының тілге деген құрметін арттырумен қатар, өз сөзіне жауапкершіліктің өз тіліне жауапкершілікке ұласуына әкеледі. Бұл да өз кезегінде оқушының сөз әдебін сақтау дағдыларын кеңейте түседі әрі оқу мотивтерін тудырады. Мұнда заманауи ақпараттық-техникалық

құралдардың көмегімен аудио-, бейне таспаларды қолданудың ықпалы ерекше болады. Бұл орайда оқушылардың әртүрлі тілдік жағдаяттарда сөз әдебі нормаларын сақтап сөйлеу дағдылары мен рөлдік ойындарды орындаудағы өзге жұрттың сөз әдебін білу, оны дұрыс қолдана алу мүмкіндіктерін өз тарапынан тексеріп, «түзету» енгізу жолдарын өз қатесін табу арқылы үйренеді. А.Байтұрсынұлы айтқандай, бұл тәсіл «оқушыны үйренуге үйрету» жолы ретінде оқушының сөз әдебіне қажетті дағдыларды жылдам әрі саналы меңгере алуына өз ықпалын тигізеді.

Соңғы жылдары көптеген педагог ғалымдар заманауи әдістемелік ғылымдағы «әдістемеліктің күрделілігі» туралы көп айтып жүр, оның ішіне осы ғылымның аумағындағы лингводидактика мәселесі кіреді. Мысалы, ғалым Л.В. Заньковтың көзқарасы бойынша, «көптеген ғылымдардың күрделілігіне байланысты тілдерді оқыту үдерісінде де ғылыми білімді жоғарылату керек»[130, 14-б.]. Бұл пікірдің мәні, біздің ойымызша, тілді оқыту үдерісінде оқушының логикалық ойлауын, дүниетанымын, сөзді қолдана алу мәдениетін қалыптастыруға көңіл бөлу керек дегенді білдіреді. Өйткені жалаң білім беретін оқу үдерісінің қазіргі өркениетті елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, оқушыға ешқандай пайдасы жоқ. Бүгінгі педагогикалық талап бойынша, білім оқушыға, оның келешегіне қызмет етуі керек, оның тұлғалық қабілеттерін дамытуы шарт. Сондықтан оқушының оқу мотивтерін тудыра отырып, функционалдық сауаттылығын дүниетаныммен өзара бірлікте қалыптастыру маңызды. Егер функционалдық сауаттылық оқушының өмірлік дағдыларын жетілдіруге қызмет етсе, тіл мен қарым-қатынас мәдениеті, сөз әдебі туралы дүниетаным оқушының тілге деген қатынасын, көзқарасын тудыру арқылы тілді өзінің өмірінде дұрыс, сауатты қолдануға алғышарт қалыптастырады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, қазіргі мектеп оқушыларының сабақты оқуға ынтасының төмендеуінің барлық себептері олардың оқу мотивтерін қалыптастыруға бағытталмауынан деп санайды. Йеркс-Додсонның заңы бойынша, әрекеттің нәтижелі болуы мотивацияның деңгейіне тәуелді деп көрсетіледі. Зерттеушілер әрекеттің орындалу нәтижесі мен оның мазмұнына ықпалы жағынан мотивтерді сандық тұрғыдан «күшті» және «әлсіз» деп, ал сапалық тұрғыда «ішкі» және «сыртқы» деп бөледі. Егер әрекет тұлға үшін маңызға ие болса, онда ол ішкі мотивтердің тууын талап етеді. Сондықтан сөз әдебін меңгертуде практикалық дағдылардан бұрын оның теориялық бөлігін ұсыну арқылы оқушының сөз әдебі туралы саналы көзқарасын қалыптастыруға көңіл аударылады. Бұл оқушының оқуға деген танымдық қызығушылығымен тікелей байланысты. Өйткені оқуға құштар оқушылар өздерінің бойындағы қабілет деңгейлерінің жетімсіздігіне қарамай-ақ, қабілетті бірақ оқу мотиві төмен оқушылармен салыстырғанда әлдеқайда жемісті нәтижелерге қол жеткізе алады. Сондықтан оқу нәтижесінің жоғары болуын қамтамасыз ету үшін мотивтердің шешуші рөл атқаратынын мойындаған зерттеушілер оқу үдерісінің мотивациясын күшейту ұстанымын алғашқы орынға қояды. Әйтсе де, оқу мотивациясын жан-жақты зерттеген

А.К.Маркованың пікірінше, «оқу әрекеті мотивтерінің қалыптасуын басқару әрекет пен операцияның өзін басқарудан гөрі әлдеқайда күрделі»[131, 35-б.]. Сондықтан мұғалім оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастырар алдында, оларды әбден танып, өзінің шындық жағдайда қандай қиыншылықтарға тап болуы мүмкін екенін екшеп ала білуі үлкен рөл атқарады. Бұл орайда лингводидактиканы жетік білу де маңызды орын алады.

Лингводидактика – қазір өз алдына дербес қалыптасқан, тілдік білім беру мәселесін зерттеуде бағыт-бағдар алуға мүмкіндік беретін ғылыми пән. 1970жылдардан бастап әдістемелік ғылым өзінің теориялық негіздерін нығайтуға ұмтылды, яғни, тілдерді оқытудың педагогикалық үдерісінің негізгі заңдылықтары, нысанды оқу базасын құру мақсатында жүзеге асты, олардың әрі қарай жүзеге асуы мен оқыту әдістерінің белсенділігін арттыру жолдарын белгілеу қажеттігі туындады. Дәл осы кезеңде өркениетті елдерде, оның ішінде ТМД елдерінің бірқатарында жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай өзгерді, қоғамның түрлі салаларында инновациялық тенденциялар пайда болды. Соның бірі тілді меңгеруге деген талап пен мақсаттың өзгеруінен көрінеді. Ендігі жерде тілді ұлттық құндылық, оны білуді бәсекелестікке қабілеттіліктің бір шарты деген түсінік қалыптаса бастады. Мұндай талаптарда көптеген адамдар үшін өз тілін жетік білу тілдік қажеттілікке айналды әрі оның рухани мәдениетінің, азаматтық позициясының, елжандылығының көрсеткіші деп саналатын болды.

Заман қойып отырған мұндай талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыру педагогика мен пәнді оқыту әдістемесі ғылымында икемді және нұсқалы жүйе құрып, тілді оқытудың тәсілдерін, формаларын, құралын, түрлі әдістемелік жүйелерді жетілдіруді керек етті. Тілді оқытудағы нұсқалардың және үйрету құралдарының көп түрлілігі мұғалімге жаңа талаптар қоя бастады, онда жаңа педагогикалық талаптарда қатал тәртіппен, тек жазылғандармен ғана жұмыс істемей, өзінің ой-санаңмен сай келетін жүйедегі мүмкін әдістерді таңдап алып, яғни, оқу талаптарына сай келетін әдістермен жұмыс істеу қажеттігі арта түсті. Бұл үшін оқу талабында тілді практикалық тұрғыдан да, дүниетанымдық тұрғыдан да тұлға мәдениетін арттырудың басты құралына айналдыра алатындай етіп меңгерту жолдарын іздеу және табу маңызды саналды.

Жаңа білім «идеологиясы» әдістемелік қиындықтарды шешуді, түрлі оқу талаптарында білім алушыларға тілді оқыту жолдарын қайта құруды, соны ізденістер жасауды талап етті. Бұл жерде тілді оқытуда, үйретуде тілдік материалдарды эмпирикалық тұрғыдан ғана емес, теориялық жағынан да әрі түсінікті, әрі жүйелі меңгертуге назар аударыла бастады. Мұндай жаңа бағыт оқушылардың тіл туралы дүниетанымдарын қалыптастыру, сөз мәдениетін жетілдіру үдерісін зерделеудің жаңа жолдарын табумен ұштасып жатқаны белгілі. Басқаша айтқанда, шетелдік және отандық әдістемелік ғылымда жүргізілген лингводидактикалық зерттеулерде тілді оқытудың теориялық және практикалық базаларын қатар күшейтуге жалпы бағыт беріле бастады.

Бұл теориялық тақырыптардың санын көбейтуге емес, олардың оқытылу сапасын арттыруға мән беруге, сол арқылы оқушылардың оқу мотивтерін күшейтуге мәжбүрлік тудырды. Сол себептен де бейіндік мектепте сөз әдебін оқытудың бағдарламасын түзуде, оның мазмұндық-құрылымдық жүйесін жасауда теория мен практиканы қатар қамту көзделді. Бағдарламаның алғашқы жартысында сөз әдебінің жеке адам, тұлға, ұлт өміріндегі рөлі мен маңызын таныту, екінші бөлігінде әлем халықтарының сөз этикетін салыстыра, жарыстыра меңгерту арқылы оқушының өздігінен ой түюіне, теория мен практиканы тең түсініп, саналы түрде игеруіне алғышарт жасалды.

Расында, мұндай талап ғылымдардың интеграциясын қажет ете бастады. Тіл, тарих, этнопедагогика, мәдениеттану, әдебиет, этнопсихология және т.б. ғылымдардың тоғысына құрылған білім мазмұнын меңгерту сапасын талапқа сай дамытып отыру үшін оқушылар өзіндік ізденіс жасауға, жаңа білім аймақтарына баруға мәжбүр болады. Бұл орайда тілді оқыту үдерісінде оқушының тілдік дүниетанымы мен оқу мотивтерін қалыптастыру мәселесін шешу педагогтердің, психолінгвистердің, әдіскерлердің бір бағытта ізденуін керек ететіні белгілі. Е.И.Пассовтың пікірі бойынша, «тек лингводидактика жаңа ғылым бола отырып, тілді меңгеру механизмін жан-жақты сипаттай алады, сонымен қатар, оқу талаптарындағы осы механизмдерді басқарудың ерекшелігін де көрсетуге қабілетті бола алады»[132,28-б.].

Зерттушілер ұсынған тілді оқыту концепциясының негізінде үш тәуелсіз және өзара бір-бірімен тығыз байланыстағы ғылыми пәндердің жүйесі белгіленген. Олар:

- тілдерді оқыту теориясы;
- лингвистика дидактикасы;
- бір тілді оқыту әдістемесі немесе жеке пән әдістемесі[133, 11-б.].

Жоғарыда аталған ғылыми пәндердің ортақ нысанасы адамның қарым-қатынас мақсатында тілдікбілімдерін практикалық тұрғыдан дұрыс қолдану қабілеті болып саналады. Айта кететін жайт, адамның қабілеттерінің, сөйлеу қарым-қатынасының алға шығарылуы тілді оқыту үдерісіне жаңаша леп әкелді. Өйткені бұлардың барлығы да тілдік тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған сөз әдебін меңгерту үдерісінде оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы тілді оқыту әдістемесін жасау сол тілдік тұлғаның дамуына бірден бір қызмет ететін әрі оқушының тұлғалық қасиеттерін жетілдіретін аса маңызды шарт болып табылады.

Лингводидактикалық зерттеулердің өзіндік ерекшеліктерін айтсақ, олардың қайсысының болса да негізін тіл теориясын құрайды, ол ерекшелік түрлі тілдік қарым-қатынастармен байланыста болады, олардың әрқайсысы зерттеудің басты категориясы – сөйлесімге, тілдік қарым-қатынасқа, сөз әдебіне қатысты қабілеттілікке келіп тіреледі. Мысалы, лингводидактика оқушының алған білімін өзінше талдап, түсінуін қарастырады, тілді меңгеру үдерісіндегі басқару және модельдеу жолдарын зерттейді. Осы кезде тілді

меңгерудегі ішкі құрылымдық-бейнелік үдерістер мен механизмдердің түсіндірілуі маңызды саналады.

Дидактикалық мәселемен айналысатын маман үшін сөйлеуге, қарым-қатынасқа қабілеттілік пен сөз шеберлігі оқытудың стратегиялық мақсаты ретінде алынса, жеке тіл пәнінің әдістемесінде бұл оқудың нақты талабыретінде қойылып, оқушының сол тілде қарым-қатынасқа қабілеттілігін зерттеу мен соның жолын табу үдерісі маңызды қадам болып табылады. Сондықтан оқушының сөз әдебі мен оған қатысты дүниетанымын қалыптастыруда тілдің тәрбиелік мәні мен танымдық-практикалық бағытын ұштастыру жолдары бірге қаралады. Тілдің дидактикасы оқу мотивтерін дамыту бағытындағы құралдарды жетілдіру, оқу мазмұнын ұйымдастыру мен таңдалған мәселелерді зерттеумен айналысатын ғылыми бөлім ретінде қызмет етеді.

«Үдерістер, әсер ету, іс-шаралардың жүйесі, оқу үдерістерінің мазмұнының қиындығы соншалық, дидактика расында мынадай өзектіжәне күрделі, маңызды сұрақтарға жауап беруі керек: не? (білімдердің жалпы көлемі), неге? (оқушылар үшін оқытудың мазмұнының бағасы мен маңыздылығы), не үшін? (мақсатты іс-шаралар мен оқу кезіндегі оқушылардың қажеттілігі), қашан? (оқып үйренушілердің жасымен жеке ерекшеліктері, оқудың талаптары), қалай? (түпкі жоспарланған нәтижелерге жету, оқушылардың шеберлікті үйрену мүмкіндіктері, оларды бағалауға, сонымен қатар тәжірибе жүзінде қолдануға да мүмкіндіктері)»[134, 29-б.]. Тақырыбымызға қатысты бұл ойдан екі түрлі қорытынды жасауға болады:

біріншіден, дидактика, зерттеушілердің түсінігі бойынша, тілді оқып үйрену туралы ғылым, нақтырақ айтқанда, бұл ғылым, теориялық негізделген тілді оқыту мен сабақ беру мақсатымен айналысады, оқу мазмұнын ұйымдастыру жолын таңдап алумен айналысады, кез-келген гипотетикалық мүмкін оқу жағдайларында оқытудың әдістері мен құралдарын жетілдірумен айналысады. Ғылым аумағындағы пәнді осылай түсіну «тілдің дидактикасы» сияқты тілді оқытудағы отандық жалпы әдістерде зерттеулік заттық-нысандық аумағымен сәйкес келеді;

екіншіден, тілдің дидактикасы немесе тілді үйренудегі жалпы әдістеме лингводидактикамен тікелей аналогияны иемдене алмайды. Ең соңында, дидактика мен әдістемеге қарағанда, оқушылардағы тілдік білім, қабілет, шеберлікті беру үдерісі емес, тілді меңгеру үдерісі қызықтырады, яғни, адамның тілді меңгеруі, оның механизмдері, оқу талабындағы тілді ішкі құрылымдық-бейнелік үдерістермен меңгеру, тіл түрлі жағдайлардағы нысан сияқты енеді, бәрінен бұрын оқу талабында ол анық аңғарылады. Қалай болғанда да, мектеп оқушыларының тіл туралы, қарым-қатынас әдебі туралы дүниетанымын қалыптастыру үшін алдымен білім мазмұнына, оқыту әдістемесіне, күтілетін нәтижелерге назар аударылады. Ол үшін теориялық тақырыптардың мазмұнында да, оқу жаттығуларының мазмұнында да оқушының тіл туралы түсінігін кеңейтетін, ұғымын жетілдіретін, оқу мотивтерін қалыптастыратын материалдарды іріктеу қажеттігі көрінеді.

Зерттеу жұмысында отандық тілші-ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар негізге алынып отырды. Бейіндік мектепте де оқушыларға берілетін тіл туралы білімнің басында қазақ тілінің әдеби тіл екендігі, оның өзіндік ерекшелігі тұруы заңды. «Қазақ тілі – әдеби тіл» деген ғылыми білімнің өзі оқушының тіл туралы дүниетанымы мен оның әдеп нормаларын меңгертудің бір компоненті болып саналады. Ол үшін «әдеби тіл» деген ұғымның өзіне терең мән беріледі. Әдеби тілдің лексикалық қорының молдығы, олардың қоғамның барлық саласында, бес стиль түрінде толық қолдануға қабілеттілігі қандай маңызды болса, оның қалыптасқан нормаларының болуы да сондай маңызды. Әдеби тілдің бір-бірімен өте тығыз байланыстағы екі қыры зерттеушілердің еңбектерінде қалай айтылғанын талдай отырып, олар зерттеу жұмысымыздың лингводидактикалық негізін құрады. Ол үшін қазақ әдеби тілінің өзіндік ерекшелігі ашып көрсетілді.

Академик Р. Сыздықова қазақ әдеби тілінің ұлттық белгілері мыналар деп көрсетеді:

– аса бай ауыз әдебиеті (ауызша туып, ауызша тараған поэзия мен прозалық үлгілер) тілінен алған ұзақ дәстүрлі үлкен тарихи бар тіл екендігі;

– аса бейнелі тіл екендігі, яғни бейнелі (образды) фразеологизмдердің молдығы, теңеулердің көптігі және т.б.;

– лексикасы бай тіл екендігі, яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның, жарыспалы қатарлардың молдығы;

– лексикалық, грамматикалық мүмкіндігі зор тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құбылымға бейімділігі;

– қазақ халқы мекендеген барлық аймаққа ортақтық қасиетінің күштілігі, яғни диалектілік ерекшеліктердің аз көрінуі [135, б-б.].

Осы пікірде айтылғандай, бастау көзін халық ауыз әдебиетінен алатын қазақ әдеби тілінің ұзақ тарихын көрсету үшін 5-11-сыныптардың оқулықтарында Орхон-Енисей жазба мұраларынан бастап қазіргі заманғы әртүрлі стильде жазылған оқу мәтіндеріне талдау жасатуға мән беріледі. Бұл оқушының тілдің терең тарихынан хабардар болуына, сол арқылы «тіл – тарихи мұра» деген ұғымының, тіл туралы дүниетанымының бір компоненті бола отырып, оқушының өз тілінде дұрыс, сыпайы, әдепті сөйлеуіне жауапкершілігін тудыруға ықпал етеді.

Академиктің әдеби тілдің екінші және үшінші ерекшелігі ретінде айтқан «аса бейнелі тіл екендігі, яғни бейнелі (образды) фразеологизмдердің молдығы, теңеулердің көптігі», «лексикасы бай тіл екендігі, яғни синонимдердің көптігі, халықтық терминологияның, жарыспалы қатарлардың молдығы» деген сипаттамасына қатысты айтылатын тіл туралы түсініктерді синоним, антоним, омоним, тұрақты тіркестер, сөз орамдары мен этикеттік бірліктерге қатысты теориялық және жаттығу тапсырмалары арқылы меңгертуге болады. Сол сияқты «қазақ тілі – таза тіл» ұғымына өзек болатын әдеби тілдің келесі бір белгісі «қазақ халқы мекендеген барлық

аймаққа ортақтық қасиетінің күштілігі, яғни диалектілік ерекшеліктердің аз көрінуі» туралы ойлардың да оқушының өз тілінің ерекшелігін тануында, ана тілінің артықшылықтарын нақты деректік материалдар арқылы меңгеруінде үлкен рөл атқарады. Бұл білімнің оқушының өз сөзіне жауапкершілікпен қарауына, тіл тазалығын сақтауға деген ішкі талабының тууына ықпалы зор болады. Бұл тіл туралы дүниетанымның оның сөйлеу тіліне өздігінен талдау жасап, жетілдіруіне де негіз болатынын дәлелдейді.

Ал, қазақ тілінің « лексикалық, грамматикалық мүмкіндігі зор тіл екендігі, яғни сөз жасау тәсілдерінің икемділігі, өзге тілдерден сөз қабылдау қабілетінің күштілігі, семантикалық құбылымға бейімділігі» деген сипатына қатысты ұғымдар кешені, сөз жоқ, оқушының сөз әдебіне қатысты өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етіп, оқушының ана тіліне сүйіспеншілік тудыратын ішкі мотивтерін оятады, оның өзіне тән қағидаларын саналы игеруге қызығушылығын тудырады. Қызығушылық – қай пәнді болсын оқытуда оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетінің дамуына ықпал ететін бірден-бір шарт. Сондықтан сөз әдебін оқытуда **білімнің мотивациялық сипатын арттыра оқыту ұстанымы** басты ұстаным болып белгіленді.

Сөз әдебін саналы меңгеруге ықпал ететін әдеби тілдің екінші қыры – әдеби тіл нормаларының сақталуы. Қазақ тілінің, өзге тілдер сияқты, ерекшеліп, қырналған, тұрақталған нормалары (зандылықтары) бар. «Ол заңдылықтар сөздерді дұрыс тандау, орнымен жұмсау (лексикалық нормалар), бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөйлемдерді құрастыра білу, яғни дұрыс конструкциялар жасау (грамматикалық нормалар), дұрыс жазу (орфографиялық нормалар), дұрыс айту (орфоэпиялық нормалар) салаларын қамтиды» [135, 8-б.]. Әдеби тілдің нормалары туралы білімдер де оқушының тілді қарым-қатынас әдебіне сай қолданысына қажет ғылыми білімдер жиынтығын құрайды. Әсіресе, этномәдени сипаттағы сөз этикеті бірліктері мен оралымдарын сауатты қолдану үшін олардың маңызы үлкен.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде сөздің өңді, ұнамды болуына ықпал ететін бірнеше шарт аталады. Олардың әрбірі оқушының сөйлеу тіліне қойылатын талаптармен үндес келеді. Ғалым сөз талғаудың бір шартын былай көрсетеді: «Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау, жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек» [136,48-б.]. Бұл, әсіресе, сөз актілерінде фразеологиялық орамдарды, клишелерді дұрыс қолдануда ескеріліп отырылады. Олардың ұлттық таныммен, ұлттық сөз әдебі нормаларымен сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

А.Байтұрсынұлының тілдік нормаға қатысты айтқан пікірі оқушының тілді қолдану туралы өзіндік ойын қалыптастыруда да үнемі ескеріліп отырады. Өйткені әдеби тіл нормасы тіл тазалығын сақтауға қызмет етеді. Таңдау пәнінде бейіндік мектепке арналған «Сөз әдебіне» байланысты

теориялық материалдардың барлығы да әдеби тіл нормаларын қолдану тұрғысынан үнемі қайталанып, одан әрі жетілдіріліп отырды.

Сөз дұрыстығымен сабақтас қаралатын мәселенің бірі сөз қолданым екендігіне дау жоқ. Себебі «сөз қолданым – сөйлеу не жазу үдерісінде сөз таңдау, қолдану ұстанымы, сондай-ақ әдеби тіл нормалары тұрғысынан сөз жұмсаудың ережелері мен заңдылықтары» деп саналады [137,60 -б.]. Әртүрлі тілдік жағдаяттарда сөз әдебін сақтап сөйлеу үшін ойды мүлтіксіз жеткізуге қызмет ететін грамматикалық тұлғалардың сөз мазмұнын анық та нақты, түсінікті жеткізуде рөлі ерекше, сол себепті сөйлеушіден тұлға мен мазмұнның сәйкестігін сақтау талап етіледі. Олай болса, сөз қолданым мәселесі тілді оқыту арқылы сөз әдебі туралы дүниетаным қалыптастырумен де тікелей байланысты болатындығы дау тудырмайды. Бұл өз кезегінде сөз әдебін меңгертуге бағытталған таңдау пәнін оқытудың басты ұстанымдарының қатарында **тілдік дүниетанымды қалыптастыра отырып оқыту** алғашқы қатарға шығарылады.

Оқушыны сөз әдебін жетілдіру әдеби тілдің грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгерту, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білуге үйрету дегенді білдіреді. Бұл тұжырым тіл туралы дүниетанымның аясына енетін бір-бірімен тығыз сабақтасып жатқан тілдік мәселелердің нақты екі бөліктен тұратынын пайымдауға негіз болады: біріншіден, әдеби тіл нормаларын, екіншіден, сөйлеушінің сөз қолданым дағдылары мен әр ұлттың өзіне тән сөз әдебінің табиғатын шеберлікпен игеру деңгейіне қатысты мәселелерді қамтиды. Егер сөз шеберлігін меңгеру сөз дұрыстығы сатысынан кейін қалыптасса, пәнге қатысты білім мазмұнының **сатылы-сабақтастық ұстаным** негізінде өрбуі қажет екені аян. Оқытудың жүйелілік, сабақтастық, қарапайымнан күрделіге қарай немесе жеңілден ауырға қарай секілді дидактикалық ұстанымдарына сүйене түзілуі тиіс білім мазмұны да бейіндік мектептердегі «Қазақ тілі» пәніне қосымша ұсынылатын таңдау пәндерінің өн бойында сөз дұрыстығы, яғни сөйлеу нормалары аясындағы білім көлемін үнемі қайталау, пысықтау қажеттігін көрсетеді. Өйткені әдеби тіл нормаларына “тұрақтылық, қолданыс аясының кеңдігі, жалпылама қолданымдық, жалпыға ортақтық, тілдік жүйенің өзіндік дәстүрі мен мүмкіндіктеріне сәйкестік тән” [138,72 б.].

Қай адам да ойын дұрыс, әрі жатық, әрі әсерлі жеткізуге тырысады. Себебі сол арқылы басқалармен оң қарым-қатынас орнатып, көздеген мақсатына жетуге мүдделі болады. Ол үшін, ең алдымен, сөз бен тіл, сөз бен болмыс, сөз бен тыңдаушының санасы, сөз бен қарым-қатынас жасау жағдайларының арақатынастары жүйесін білу қажет. Осыларды қарастыру арқылы адам сөздің әртүрлі қасиеттерін айыра алады. Ондай қасиеттер – сөздің дұрыстығы, қысқалығы, дәлдігі, қисындылығы, байлығы, мәнерлілігі. Бұл тізімді әрі қарай толықтыруға және нақтылай түсуге де болады. Алайда, сөздің ұғымдылығы мен өтімділігін қамтамасыз ететін негізгі ерекшеліктер

осылар деп аталып жүр. Әрине, негізгі мектепте (5-9-сыныптарда) бұларды арнайы тақырып етіп қарастырмағанмен, тіл білімі салаларын өткенде әр тақырыптың осы мәселелерге қатысын **оқушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту ұстанымын** басшылыққа алу да қажет шарттың бірі болып саналады.

Ғалым Ф.Оразбаеваның айтуынша, «кез келген тіл адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асырады» [139,72-б.]. Ғалымдар осы қарым-қатынас, сөйлеу құралы болып табылатын тілді әртүрлі ерекшеліктеріне қарай жан-жақты зерттеп келеді. Л.С.Выготский: «Адам басқа адамдармен қарым-қатынас жасамаса, толыққанды дами алмайды. Қарым-қатынасқа түскенде жағымды не жағымсыз ынталануы орталыққа әсер етіп, оны толықтырып отырады», - деп тұжырымдай келе, қарым-қатынасты әлеуметтік мәдени тұрғыдан дамыту функциясына көңіл аударған. Бұл ғылыми мәселенің тіл білімінде анықталуы тілді оқытуға байланысты тілдік қатынас теориясын туғызды. «Тілдік қатынас – бұл сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық, әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы екені белгілі» [139,39-б.]. Сол себепті бейіндік мектеп оқушысына сөз әдебін үйретудің басты ұстанымдарының бірі ретінде оқытуда **тұлғаны әлеуметтендіру** ұстанымдарына сай болуы талап етіледі.

Оқушының сөз әдебі туралы танымының тағы бір мәселесі осы тілдік қатынас теориясын сөз әдебіне қатысты берілген тақырыптармен өзара сабақтастықта қамтып отыру арқылы шешіледі. Тілдік қатынас теориясы арқылы оқушылардың тілдесім әрекетін дамыту әдістемесінде А.Байтұрсыновтың оқушының сөйлеу тіліне қойған талаптары басшылыққа алынды. Себебі ғалымның сөздің түсінікті болуы, дұрыс қолданылуы, тыңдаушысына ұғынықты жетуі жайлы айтқан құнды пікірлері оқушылардың сөз әдебін дамытуға өз септігін тигізеді. Бұл нысандар «Сөз әдебі» тақырыбы аясындағы оқу материалдарында жан-жақты қамтылуы талап етілді.

Қазақ тілін оқытуда білім алушыға меңгертілетін тілдік-қатысымдық бірліктер – сөз, сөз тіркестері, фразеологиялық тіркес, сөйлем және мәтін. Бұлар – ойды жеткізуге қызмет ететін ерекше тұлғалар. Сондықтан таңдау пәніндеолар қатысымдық құрал тұрғысынан қарастырылады. Жаттығу жұмыстарында сөз тіркестерінің тіркесу қабілеті, бағыныңқы, басыңқы сыңары, қайсысы күрделі сөз, қайсысы сөз тіркесі немесе тұрақты тіркес екендігі, етістікті әлде есімді тіркес екендігін ажырата білуіне көңіл аударылады. Бұл жөнінде Зейнехан Күзекова өзінің зерттеу еңбегінде былай дейді: «Оқу материалдары – сөздің, мәтіннің, ереженің жай ғана қоймасы емес, олардың мазмұны стандарт құрылымы бар жаттығулар нысанында көрінеді. Оқу тапсырмаларының бірінші құрылымдық компоненті әрекет

нұсқауларынан тұрады. Яғни, тіл құралдарын пайдалану арқылы сізбен әңгімелесуші, пікір алмасушы әріптестік қатынас жасай алуы қажет. Оқулықтың мазмұндық жоспары оның лексикасынан, мәтінінен, көрнекілігінен, кестелерінен ғана көрінбейді, оның коммуникативтік және шартты коммуникативтік әрекеттерінен де көрінеді»[140,20-б.]. Олай болса, оқушының сөз әдебіне байланысты танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда әр оқу тақырыбының не үшін қолданылатынына мән беріп отыру арқылы олардың әрі теориялық, әрі практикалық маңызы қатар көрсетіліп отыруы керек екендігі анықталды. Бұл білімнің **теория мен практиканың бірлігі ұстанымына** негізделіп жүргізілетіндіктен, оқушының тілге деген жауапкершілігін оятады, саналы көзқарасын қалыптастырады, ары қарай даму бағыттарын белгілеуіне жол көрсетеді.

Оқытудың нәтижелігі әр оқушының жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, лингводидактикалық ұстанымдарға сай жүйеленген білім мазмұны мен адамдық, жауапкершілік сезімдерге негізделген педагогикалық талаптардың бірлігінен тұратын оқу үдерістерінің бағытына тәуелді болмақ. Мұндағы басты мәселе оқушылардың сөз әдебін меңгеруіне қажетті оқу әрекетіне түрткі тудыратын оқу мотивтерін қалыптастыру болып есептеледі. Соған сай мұғалімнің міндеті оқытуды бейіндік мектеп оқушысының таңдаған бағытына сәйкес етіп әрі болашақ мамандығына қатысты оқушының дамуына қарай бағыттау болып саналады. Бұл мәселе оқушыны өз әрекетінің субъектісі деп бағалауды, оның жеке мақсаттарын қоғам талаптарымен ұштастыруды қажет етеді. Бұл жерде оқытуды ұйымдастыру **білімнің субъективтік сипатын арттыра оқыту ұстанымына** негізделіп жүргізіледі.

«Каков ни был учитель, как бы он хорошо ни узнал свой предмет, но если он не сумел вызвать и организовать собственную творческую деятельность учащихся, содержательное и разумное их общение, большого успеха он не добьется. В лучшем случае его ученик бойко ответят на экзаменах затверженные знание, но, творческого огня в их души он не внесет»¹ - деп жазады Л.А.Киселева [141, 15-б.]. Сол себепті оқу үдерісін баланың әрбір даму кезеңдерінде пайда болатын ішкі қажеттіктеріне сәйкестендіру керек. Одан соң сол қажеттікті қанағаттандыру талап етіледі. Әрекетке себеп болатын мотивтердің өзін қоршаған дүниені танытуға ұмтылу, сол танымға қажетті әрекет тәсілдерін меңгерту, өзін жеке тұлға ретінде бағалай алуға әрі өзін өзі дамытуға баулу және т.б тұрғысында қалыптастырудың мәні мектеп алдында тұрған үлкен міндеттің – жеке тұлға қалыптастыру міндетінің – жүзеге асуының алғышарты болып табылады. Сөз әдебін меңгерту де оқушының әртүрлі өмір жағдаяттарында қисынын тауып, қиыстыра сөйлеп, ұтымды амал-тәсілдерді қолданып, көздеген нәтижесіне қол жеткізу үшін оқытылады. Бірақ бұл оқушының өзбетінше ізденіп, өзгеше жол табуын, тосын шешім жасай алу қабілеттерін жетілдіруге қызмет етеді. Сол себепті мұндай білім мен дағдыларды **оқытудың креативтік ұстанымын** басшылыққа алған жағдайда ғана жүзеге асыруға болады.

Егер мұғалім өзінің білім, біліктері арқылы оқушысының санасында өз бетінше әрекет етуге деген құлшынысын оята алса, бұл – ең дұрыс жол. Оқушының бойындағы қабілеттерін танытуына мүмкіндік туғызу, қажет жерінде дұрыс бағыт беру, білімге деген ынтасын оятып, оқуға саналы көзқарасын қалыптастыру – мұғалімнің тікелей міндеті. Дайын фактілерді жай ақпарат түрінде шәкірттерге ұсыну, олар//дан тек соны қайталауды талап ету жемісті нәтиже бере алмайды. Сондықтан оқушының пәнге қызығушылығын арттыруда тілді бірнеше ғылым салаларымен, атап айтқанда, философиямен, психологикамен, әдебиетпен, тарихпен, мәдениеттанумен **интеграциялап оқыту** ұстанымы басшылыққа алынды.

Ендігі жерде бейіндік мектепке ұсынылатын таңдау пәнін оқытуда оқушының өзін өзі дамытуына, өз бетінше білім алу іскерліктерін дұрыс қалыптастыруға жете көңіл аударылуы тиімді. Л.Фридманның пайымдауынша, «Танымдық, шығармашылық бағыттағы жұмыстарда төмендегідей факторларға:

- оқушылардың танымдық мүмкіндіктерінің (зейін, ойлау, ес, елестету) даму деңгейіне;

- оқушы қабілетінің даму деңгейлеріне;

- оқу әрекеті мотивациясының сипатына мән берілуі – басты талап»[142,141-б.].

Бұлардың сақталуы, ең біріншіден, оқушының оқу әрекетін ұйымдастыруға тірек болатын мотивациялық қажеттік қырларының жеке ескерілуіне байланысты шешіледі.

Сабақтарда саралап, даралап оқытудың психологиялық негіздерін білу әр оқушының таным, білік деңгейлерін дұрыс болжауға да көмектеседі. Ал, оқушыны дұрыс «тану» – оның даму бағытын айқындаудың негізгі шарты. Сондықтан да педагогикалық психологияның, лингводидактиканың оқушының саналы әрекетіне ерекше мән беруінің бір дәлелі осы. Зерттеуші В.С.Ледневтің пікірінше: «Адам – үнемі даму үстінде болатын және айналасындағы балалармен өзара қарым-қатынас үстінде жеке тұлға ретінде қалыптасатын динамикалық құрылым... Жеке тұлға динамикасы дегеніміз, біріншіден, оның әрекеті, екіншіден, оның қасиеттері мен сапаларының әрдайым өзгеруі, үнемі дамып отыруы. Сондықтан жеке тұлғаға даму үстіндегі құбылыс деп қарау бұл саладағы зерттеу еңбектері үшін ең маңызды кілт болып саналады» [143,8-б.]. Сонымен қатар «бұл мәселе білім берудегі жаңа бағыттармен: оқушылардың белсенділігін арттыру, білімнің өзі үшін қажеттегін сезіндіру, оқу ісіндегі демократиялықтың өріс алуы, білімнің гуманитарландырылуы, оқушыны әрекет субъектісі деп тану, білім берудің мотивациялық сипатын күшейту секілді талаптармен де үндес» [144, 402-б.] Осы талаптарға сай сөз әдебін оқытуда интербелсенді әдістер үнемі жүзеге асырылып отырды. Сабақ барысында ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды орындату үдерісінде А.Әлімов негіздеп көрсеткен төмендегідей оңтайлы әрі жаңашыл әдіс-тәсілдер мен стратегиялардың төмендегідей түрлері жиі қолданылды [160]:

«Жұптас. Ойлан. Пікірлес» стратегиясы – оқушыларға қандай да бір тақырып бойынша сауал, тапсырма берілгеннен кейін оны орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Тапсырма жазылғаннан кейін әр оқушы өзінің пікірін белгіленген уақыт аралығында (3-5 минут) қағазға түсіреді. Келесі кезеңде өзінің парталасымен жазбаларын 3-4 минут талқылайды, талдайды, пікір алмасады, ортақ түйінге келеді. Мұғалімнің рұқсатымен кезегі келгенде өз тұжырымдарын сынып алдында айтады. Бұл әдіс көбінде теориялық материалдарды жылдам әрі тұжырымдап алу мақсатында қолданылды. Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдауға, ортақ түйіндер жасауға үйренеді. Сынып түгел қатысып, белсенділігі артады. Бұл «Сөз әдебі» пәнінің 1-модуліндегі теориялық материалдарды игертуде өз нәтижесін көрсетті. Мысалы, оқушылар сөз әдебінің қызметінің түрлерін толық түсінуі үшін осы әдіспен жұмыс жасады. Нәтижесінде олар бір-бірінің жауаптарын талқылап, ортақ шешім жасауға үйренді.

«Жеңілдетілген анықтама» – сабақты қорытындылау кезеңінде жүргізуге қолайлы тәсіл. Мұғалім өтілген тақырып бойынша бірнеше термин сөзді таңдап оқушыларға үлестіреді. Мысалы, регулятивтік, волюнтативтік, аппелятивтік, фатикалық, конативтік, эмотивтік секілді терминдердің мағынасын өзіндік жұмыстар, ізденістер арқылы меңгертуде бұл тәсіл тиімділігін көрсетті. Әр жұп сыныпқа өздері алған термин сөзді түсінікті әрі ғылыми тұрғыдан талдап, айтып түсіндіреді. Тапсырманы терминнің ауыр-жеңілдігіне орай жекелей де, жұп/топтық тапсырма ретінде де орындатуға болады.

«Брундық қозғалыс» - ең қызықты, ең белсенді әдістің бірі. Бұл таласты мәселелерде оқушылардың жалпы түсіктерін, ой түйіндерін анықтау мақсатында және сыныптың өзара пікірлесуін жүзеге асыру үшін ұйымдастырылады. Ең бастысы, бұл әдіс жеке оқушылардың бірнеше пікірлерді тоғыстырып, олардан ортақ тұжырымдар жасауға үйретуде ең тиімді әдіс болып саналады. Мысалы, 1 және 2-модульді аяқтау кезеңінде 2оқушылар «осы оқылған теориялық тақырыптардың, онда орындалған тапсырмалардың қайсысы есте қалды, несімен есте қалды? Қай тақырып жеңіл? Қай тақырып күрделі болды?» деген сұрақтарға сыныпты аралап жүріп, оқушылардан жауап алады. Сол арқылы болашақта пәнді оқытуға, оқушыларға бөрілетін тапсырмамаларды іріктеуде үлкен септігі тиді. Ең бастысы оқушылар білімді үстірт меңгермей, барынша талаптанып, талдап, бағалап отыруға да үйренеді. Сонымен қатар, өздері бір-бірімен пікір бөлісуге, ойын тиянақты әрі дұрыс жеткізуге, өзгелердің ойынан түйін жасауға төселеді.

«Жағымды сөздер» тәсілі – таңдау пәнінің барлық мақсатымен, одан күтілетін нәтижелерге саналы қол жеткізудегі артықшылығымен ерекшеленетін әдістемелік ұтқырлығы айқын жол. Бұл тәсіл бойынша жаңа ұғымдардың қалай қабылданғанын анықтауға болады. Ол үшін оқушыларға ортақ сұрақ қойылады: Сабақ барысында қандай жағымды сөздер, тың ойлар мен тосын жауаптар естідіңдер? Жауаптың нәтижесі бойынша сабақ

қорытындыланады. Оқушы сабақ барысында мұғалім, сыныптастары тарапынан айтылған жағымды сөздерді, түйінді ойларды еске түсіреді, айтады. Бірін-бірі бағалауға, білім жинақтауға мүмкіндік беріледі.

«Төрт сөйлем» тәсілі – мәтіндегі күрделі, маңызды ақпараттарды талдауда, сол оқығандары бойынша ой қорытындылауда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Оның формуласы:

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

«Тірек сөздер» стратегиясы – ұжымдық тұрғыдан ұйымдастырылатын, сонымен бірге дербестік сипаты да жоғары жұмыс болып саналады. Жаңа тақырыпнегізінде тақтадағы плакаттарға бірнеше тірек сөздер жазады. Оқушылар кезек-кезек тақтаға шығады. Маркерлерді пайдаланып, тірек сөздерден ассоциативті кұрайды. Тірек сөзді неліктен сол сөзбен, сөз тіркесімен байланыстырғандығын түсіндіріп, айтады, пікірін дәлелдеуге үйренеді. Дұрыс, сауатты жауап беруге талпынуының нәтижесінде оқу мотивтері тұрақты түрде қалыптасады.

Салыстыру кестелері–оқушылардың алған білімдерін жинақтау мен тиянақтауда тиімді қолданылатын тәсіл. Бұл таңдау пәнінің екінші модулінде тұрақты түрде қолданылып отырады. Себебі оқушылар тұсаукесер жасағанда әлем халықтарының сөз әдебіндегі түрлі тосын құбылыстарды, салт-дәстүрмен байланысты ерекше үлгілерді өзге халықтың тіліндегі сөздермен салыстырып, саналы түсінуге ықпал етеді. Оның үстіне салыстыру түрінде жүргізілетін жұмыстардың барлығы да оқушының логикалық ойлауын, өз ойын дәлелдеп жеткізуін талдап етеді. Сондықтан бұл әдіс те өз тиімділігі айқын танытты. Салыстырулар, кесте, диаграмма, сызба түрінде жасалады. Бұл да оқушының тұжырымдау дағдыларын дамытып, танымдық қызығушылықтарын тудырып отырады. Тақырыптардың ретіне қарай таңдау пәнінде *T-кестесі* жиі қолданылды. Ол – бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын атауларды не пікірлерді келтіруге арналған кесте. Ол барлық тақырыптарда қолдануға қолайлы болды .

«Аквариум» тәсілі – оқушылардың тақырып бойынша қандай да бір мәселені диалог сипатында талдау тәсілі. Оны жұптық жұмыс түрінде де, топ ішіндегі топ арқылы да жүргізуге болады. Талқылауды не мұғалім, не бір белсенді оқушы жүргізеді. Ол басқаларға сөз беріп, онымен пікір алмасуды ұйымдастырады. Сыныптағы басқа оқушылар аталған мәселені шағын топтың қалай талдағанын бақылап, тыңдап тұрады. Ең соңында шағын топтың мәселені қалай шешкендігі жайлы олардың көзқарастары сұралады, жұмыс орындаған жұптардың ішінен ең жоғары көрсеткішке жеткендері анықталады. Бұл жоғары сыныптарда алдын-ала дайындалған бағалау критерийлер негізінде жүргізілгендіктен, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Таңдау пәнінде бейіндік мектеп оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай күрделі, көлемі үлкен ғылыми, ғылыми-

көпшілік сипаттағы мәтіндерді талдауға біршама орын берілді. Осы жұмысты жеңілдету әрі сапалы орындату мақсатында «ЖИГСО» - «*Бөлшекте, жинақта!*» тәсілі жиі қолданылды. Бұл тапсырманың талабы бойынша сынып үш не төрт топқа бірігеді. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3, №4 деп белгіленеді. 1-кезеңде әр топтағы оқушылар мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігін оқиды. 2-кезеңде әр оқушы нөмірлеріне сәйкес басқа топтағы оқушылармен жеке топ болып бірігеді. Олар өздері оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдайды, ой бөліседі. 3-кезеңде топ мүшелері қайта өз орындарына барады да, жалпы мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларын жинақтайды. 4-кезеңде әр топ өз жұмыстарын сынып алдында қорғайды. Бұдан өзге де интербелсенді әдістердің жиі қолданылуы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды. Білім мазмұнының дұрыс әрі нәтижелі меңгертілуіне өз ықпалын тигізді.

Жалпы алғанда, оқу әрекеті педагогикада да, оның ішінде дидактикада да негізгі рөл атқарады. Білім беру саласына қойылып отырған басты міндетті оқушының жеке тұлға ретінде дамып, қалыптасу мәселесінен тыс қарау мүмкін емес, ал даму қашан да әрекетпен ажырамас бірлікте болады. Адам еңбегінің оның танымының негізі екендігі туралы ғылыми тұжырым адам туралы зерттеумен айналысатын барлық ғылымдардың әдіснамалық тірегі болып саналады. Олай болса, оқушылардың жетекші әрекеті – оқу әрекеті туралы қағидалар да осыған сүйеніп талданады.

Оқу әрекетін дұрыс қалыптастыру үшін оның өзіне тән ерекшеліктері мен құрылымын, оқушының азамат деңгейіне жетуіндегі атқаратын қызметін тану керек. Өзінің құрылымы жағынан ол да үш кезеңге бөлінеді: мотивациялы-даярлық, орталық-еңбектік, бағалау-бақылау. Осы кезеңдерге сай негізгі құрамдық бөліктері де ажыратылады. Оқу әрекетінің құрылымы, оны қалыптастырудың жолдары туралы арнайы база етіп алынатын лингводидактикалық факторлардың ескерілуінің пайдасы мол.

Сонымен, бейіндік мектеп оқушыларына «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың нәтижелілігін артыратын лингводидактикалық факторлар ретінде білім мазмұны мен қоғамдық-әлеуметтік сұранымның үйлесімді болуын, білім мен тәрбиенің қатар қамтылуын, ғылым мен білімнің интеграцияланып жүргізілуін, білімнің тұлға қалыптастырушылық қызметінің жандандырылуын, тілдік білімнің ұлттық-мәдени аспектісін арттыра оқытуды және т.б. атап айтуға болады.

3 ТАРАУ. БЕЙІНДІК МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА «СӨЗ ӘДЕБІ» ТАҢДАУ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҮЙЕСІ

3.1 Базалық-нормативтік құжаттар мен оқулықтарда бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін меңгерудің жайы

Бейіндік мектепте «Сөз әдебі» атты таңдау пәнін енгізудің ғылыми-әдістемелік мәселелерін айқындау мақсатында, ең алдымен, жалпы білім беретін мектептің негізгі және бейіндік сатыларындағы қазақ тілін оқытудың нормативтік-базалық құжаттарына: «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына», «Қазақ тілінің оқу бағдаламаларына, «Қазақ тілі» оқулықтарына және бүгінгі таңдағы оқыту жүйесіндегі жағдайды анықтау үшін бейіндік мектептегі қазақ тілін оқыту үдерісіне талдау жасалды. Осы талдау нәтижесінде мынадай мәселелерді анықтауға жол ашылды:

1. «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында» (авторлары: Р.Әмір, Ж.Дәулетбекова, Ғ.Қалиев, Г.Қосымова) қазақ тілі пәнін оқытудың мақсаты «білім беру жүйесінің негізгі және бағдарлы мектеп сатыларында ана тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсінген, тілдің қызметін жүйелі меңгерген, қарым-қатынастық білігі дамыған, сөз мәдениетінің талаптарына сай іскерліктерді меңгерген дара тұлға даярлауға мүмкіндік туғызу» деп атап көрсетілген[35, 7-б.]. Одан әрі қарай қазақ тілін оқытудың екі бағыты: танымдық және практикалық бағыттары ажыратып берілген. Танымдық бағыттың аясында «оқушының лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру», «тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру», «сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру» «оқушылардың логикалық ойлауын дамыту» мәселелері қамтылған. Біздің зерттеу нысанымызға сәйкес келетін осы міндеттер деп тануға болады. Өйткені сөз әдебіне үйрету үшін бағдарлы мектеп оқушысының тілдің грамматикалық құрылымының негізінде дамытылатын лингвистикалық дүниетанымымен қатар бағдарлы мектепте оқытылатын сөз мәдениеті тақырыптары бойынша да оның тіл туралы, оның ішінде сөз әдебі туралы өзіндік көзқарасы мен танымы міндетті түрде қарастырылуы керек. Нормативтік құжаттағы «тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру», «сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру» секілді міндеттердің де сөз әдебімен тікелей байланысы бар. Себебі тілдің әлеуметтік мәні сөз әдебінің оқушының қоғамда саналы әрі сапалы әрекет етуінің кепілі болары сөзсіз.

Сөз әдебі сөз мәдениетінің құрауыштарының бірі болғандықтан, ол сөз мәдениетінің адам тіршілігіндегі мәнін ұғындыру мәселесінен алшақ кете алмайды. Егер оқушы сөз әдебіне төселудің өзі үшін жекелік, ал орта үшін қоғамдық маңызын түсінбесе, оның оқу мотиві де тумайды, ал мотивсіз еш

әрекет дұрыс нәтижеге жеткізбейді. Сондықтан бұл міндеттерді танымдық тұрғыдан дұрыс қойылған деп санаймыз.

Білім беру стандартының практикалық бағыттағы міндеттерін талдағанда, түгелдей өз зерттеу нысанымыз тұрғысынан дұрыс қойылғаны байқалды. Базалық-нормативтік құжатта бұл міндеттер: «тілдік жағдаяттарға лайық, дұрыс қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету»; «оқушылардың тілдік-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру», ұлттық этикет нормаларына сай тіл мәдениетін жетілдіру», «сөйлесім әрекетіне қажетті заңдылықтар мен талаптарды игерту» деп көрсетілген [35, 7-8-б.]. Стандартта осы мақсат пен міндеттерге сай «Қазақ тілінің жаңа білім мазмұнын меңгерудің функционалдық-семантикалық, коммуникативтік-әрекеттік аспектілерін күшейтудің қажеттігі арта түседі» деп орынды айтылған.

Қазақ тілі пәнінен білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандартына талдау жасау барысында анықталған жайттар: Қазақ тілі бойынша жасалған білім стандартында оқушылардың сөйлеу біліктіліктеріне қатысты бірқатар мәселелер қамтылған. Мысалы, қазақ тілінің білім мазмұнындағы «Әдеби тіл және мәтін», «Тіл мәдениеті», «Стилистика», «Пунктуация», бөліктері, «Сөз мәдениеті және қарым-қатынас» пәнінің жүйесі түгелдей оқушының тілдік және қатысымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Стандартта «Сөз мәдениетінің» 10-сыныпта «Сөз мәдениеті және қарым-қатынас», 11-сыныпта «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» бойынша оқытылатыны нақтыланып, осы жүйенің бірінші басқышында «Бағдарлы мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейіне қойылатын талаптар берілген. Осы талаптар аясында біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты бірқатар білім нәтижелері «Білімі» бөлігінде былайша сараланған:

- адам өміріндегі сөз мәдениетінің мәнін білу;
- тіл табысуға қажетті коммуникативтік дағдыларды саралай білу;
- тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын білу;
- іскерлік қатынасты тіл табысуға қажетті тілдік амалдарды білу» [35, 17-б.].

Ал осы жердегі оқушы меңгеруі тиіс «Білігі» қатарында:

- тіл табысуға қажетті коммуникативтік іскерліктерді орынды жұмсай білу;
- әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы әртүрлі жағдайларға сай сөздерді орынды қолдана алу;
- іскерлік қатынасқа тән сөз орамдарын қолдан алу;
- сөйлеуде, жазуда әдеп нормаларын сақтай білу» деп белгіленген [35, 18-б.]. Білім беру стандарты мен «Қазақ тілінің» 5-11-сыныптарына арналған оқу бағдарламаларында (авторлары: Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова) осы идея ары қарай кеңейтіліп, тереңдетіле түседі. Оқу бағдарламасында «қарым-қатынас әдебіне арнайы сағаттар бөлінеді» [36]. Оқу бағдарламаларында 10-

11-сынып материалдары нақты тақырыптар бойынша сағаттарға бөлініп, олардың әр сыныбында күтілетін нәтижелер көрсетілді.

Көріп отырғанымыздай, осыдан 15-18 жыл бұрын-ақ стандарт пен оқу бағдарламаларының авторлары оқушылардың сөз мәдениетін тілдік білім нәтижесі ретінде негіздеп, оны оқытудың тиімді жүйесін ұсынған. Осы құжатқа негізделген оқу-әдістемелік кешендер жарық көрген. Олар екі бағытқа: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттарына лайықталып, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде жүзеге асырылған. Мектептерге таратылып берілген.

Стандартта салынған оқушыны сөйлеу мәдениетіне үйрету идеясы ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде әр қырынан қарастырылды. Оны оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелері бірнеше ғылыми диссертацияларда, мақалаларда, баяндамаларда талданды, бағыттары кеңейтілді. Өкінішке орай, жалпы білім беретін мектептердің бітіруші түлектерінің оқу жетістіктері мен білім нәтижелері Ұлттық бірыңғай тест түрінде бағалау жүйесінің енгізілуінің салдарынан бұл идея толық шешімін таппады. Заманауи талапқа кері жүру үдерісі көрінді.

Дегенмен, жоғарыда аталған талаптарда да жетілдірілуі тиіс мәселелер бар еді. Олардың қатарында зерттеу нысанымызға қатысты «Сөз әдебі» тарауының білім мазмұнының үстірт берілуінен оны оқытуда бірқатар кемшіліктер орын алғанына көз жеткізілді. Мысалы, «Сөз әдебі» – сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі. 10-сынып бағдарламасында бұл мәселеге арнайы сағат (7 сағат) көлемінде материалдар берілген. Ал «сөз дұрыстығын» немесе «Нормативтік сапаларды» оқытуға негізгі мектеп бағдарламасы түгел арналған. Сөздің коммуникативтік сапасына қатысты мектеп бағдарламасы бойынша 10-сынып материалдары түгелдей арналуы тиіс еді. Өкінішке орай, бағдарлы мектептің алғашқы сатысындағы оқулықтар мен оқу бағдарламаларында 9-сыныпта оқытылып кеткен стиль, әдеби тіл нормасы туралы білімдер 10-сыныпта қайталанып берілген. Әрине, білім беру саласында сабақтастықтың сақталуы – маңызды дидактикалық шарт десек те, осы орынсыз қайталаулардың әсерінен бағдарлы мектепте меңгерілуі тиіс сөз мәдениетінің аспектілері толық қамтылмай қалған. Бұл, әрине, оқыту жүйесінде оқушының өмірлік дағдыларын терең қалыптастыруға қызмет ететін сөз мәдениеті аясындағы білімдердің толық меңгерілмеуіне әкеліп соққан. Соның салдарынан оқушылардың сөз әдебіне қатысты білімдерінің ауқымы тарылған. Оған бағдарлы мектептің 10-сыныбына арналған «Қазақ тілі. Сөз мәдениеті» оқулығында [145] ҮІ бөлімнің «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» аясында жалпы тілдік қатынас туралы түсінік пен әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік қатынастағы сөз әдебіне жасалған шолу материалдар мен сөйлеу актілерінің жекелеген түрлері бойынша ұсынылған жалпылама мағлұматтардың өте аз көлемде берілуі дәлел.

Қазақ тілінің оқулықтарында оқушыларға ұсынылған тапсырмалар ішінде де олардың практикалық дағдылары мен коммуникативтік

күзiртгiлiктерiн дамытуға қатысты материалдар жоққа тән. Түрлi көркем шығармалардан алынған мәтiндерге тек тiлдiк, теориялық тұрғыдан талдау жасату сипатындағы жұмыстар орындалады. Мысалы, 131-жаттығуда: «Төмендегi сөздер мен сөз тiркестерiнен аяу, мүсiркеудi бiлдiретiн сөздердi бiр бөлек, кешiрiм мәнiн бiлдiретiн сөздердi бiр бөлек жазыңыз», -делiнсе, 133-жаттығу тапсырмасында: мына сөздердiң баламасын табыңыз және оны сөйлеу әдебiмен байланысты түсiндiрiңiз. Сөздердiң құлаққа қатқылдау тиетiн мағынасын жұмсартып айту тiл бiлiмiнде қалай аталады?» деп берiлген. 135-жаттығуда «Керектi тыныс белгiсiн қойып, көшiрiп жазыңыз. Қоштасу сөзiнiң астын сызыңыз. Оларға байланысты қойылған тыныс белгiңiзге түсiнiк берiңiз» және т.б. Кей тұстарда тақырып бойынша шығарма жаздыру, кейде мақал-мәтелдердiң мағынасын таратып айту секiлдi тапсырмалар да бар. Бiрақ бұлардың ешқайсысы да тiлдiк жағдаяттар берiп, оқушының өз бiлiмiн қолдануына мүмкiндiк беретiн интерактивтiк белсендi әдiстер арқылы меңгертiлетiн, оқушының өзiндiк iзденiсi мен шешiмiне құрылатын тапсырмалардың орнын алмастыра алмайды. Өздiгiнен iзденiс жасалмағандықтан, ол оқушылардың пәнге қызығушылығын да тудыра алмақ емес.

Оған қоса, бұл сыныптағы сөз әдебiне байланысты барлық оқу материалдары оқу жылының ең соңында берiлгендiктен, оқулықтың соңғы бөлiгiне енген. Бұл да оқушылардың демалыс алдындағы әдетiнше бiлiмдi үстiрт меңгеруiне себеп болады.

Мектеп оқушыларының сөз әдебiн қалыптастыру бағытындағы негiзгi мектептiң 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тiлi» оқулықтарына да сараптамалық талдау жүргiзiлдi. Талдау нәтижелерi 5-сыныпқа арналған «Қазақ тiлi» оқулығында[146]«Сөз әдебi» деп арнайы тақырып берiлмегенмен, бұл мәселенi оқушы санасына сiңiруде, олардың әдептi сөйлеу дағдыларын дамытуға оң ықпал ететiн жаттығулар мен тапсырмалардың мол қамтылғаны байқалды. Оқулықтың «Алғысөзiнде» оқушының тiлдi оқудағы мақсатын айтқан тұста бұл мәселеге назар аударылады. Кейiнгi бөлiкте сөз әдебi мәселелерi грамматикалық оқу материалдарын сөз әдебiмен байланыстырған жағдайларда, көбiнде, оқу жаттығуларының мәтiндерiнде қамтылған деуге болады. Мысалы, «Табу», «Эвфемизм мен дисфемизм», «Тұрақты тiркестер», «Мақал-мәтелдер» тақырыбында сөз әдебiне қатысты нақты ой-тұжырымдар берiлген. Ал жаттығуларда тыйым сөздердi, мақал-мәтелдердi талдату, жаттығу мәтiнiндегi сөз әдебiне қатысты материалдарды талдау жұмыстарын жүргiзуге арналған тапсырмаларда бұл талап үнемі ескерiлiп отырған. Осы сынып оқулығының ең соңғы тарауы «Тiл мәдениетi» деп аталады да, сол жердегi қайталау сипатындағы жаттығулардың басым бөлiгi (174 беттен 187-бетке дейiнгi берiлген 20-ға жуық мәтiндер оқушының сөз әдебiн, сөйлеу мәдениетi нормаларын қамтыған. Атап айтқанда, 30-дан аса жаттығулардың шарттары мен мазмұнында сөз әдебi мәселесiне көңiл бөлiнген. Бiрақ олар да шашыраңқылық басым болғандықтан, қызықты жаттығулар деңгейiнен

аса алмағандығы көрінеді. Тағы бір кері себебі бұл материалдардың да жылдық қайталау жұмыстары аясында ғана қалып қою дер едік.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында[147]26 жаттығу; 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында[148]19 жаттығу; 8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында [149] 14 жаттығу; 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында[150]17 жаттығудың оқушының сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас әдебіне бағытталғаны анықталды. Бұл, әрине сандық тұрғыдан да, сапалық тұрғыдан да сөз әдебіне үйрету жұмысының оқулық мазмұнында да тиісті деңгейде назар аударылмай, үстірт қаралып келе жатқанының белгісі.

Бұл талдаулар сөз әдебі туралы ғылыми-мәдени түсініктердің де, оларға қатысты практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмалардың да жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісінде жүйесіз және жалпылама ақпарат түрінде ғана беріліп отырғанын көрсетеді. Осы шиеленісті шешу үшін бағдарлы мектепте сөз әдебін арнайы таңдау пәні арқылы оқыту керек деген тұжырым жасалды. Ол үшін сөз әдебін меңгеруге деген бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивтерін тудырудың амал-тәсілдерін қолдану жоспарланды. Бейіндік мектептегі қазақ тілі пәнінің білім мазмұнын тағы да толықтырып, саралап, оны меңгерудің жаңа жүйесіне қатысты оқу-әдістемелік базаны жетілдіру мақсатында сөз мәдениетінің аса маңызды құрауышы ретінде сөз әдебін меңгертуге арнайы көңіл бөліп, таңдау пәні ретінде дәстүр мен инновацияның тоғысына бейімдеп жүргізудің қажеттігі негізделді.

2. Жалпы білім беретін мектептің қай сатысына, қай бағытына қатысты болса да, таңдау пәндері, негізінен, оқушылардың ерікті түрде, өз ынтасымен, қызығушылығымен қатысуын талап етеді. Ал мұндай оқу мотивтерін тудырудағы басты факторлардың бірі – оқу пәнінің білім мазмұнының оқушының ішкі мүддесімен үйлесімді болуы, екіншіден, оларды пәнге қызықтыруға оң ықпал ететін оқытудың жаңашыл, инновациялық, интербелсенді әдіс-тәсілдері, яғни ұйымдастыру жұмыстарының түрлеріне келіп саятыны белгілі. Бұл алдымен мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігіне, интеллектуалдық әлеуетіне тікелей байланысты.

Жаңа замандағы білім берудің басым бағыттарының мәнін түсініп, шығармашылықпен еңбек етіп жатқан мұғалімдер бар. Әйтсе де мектеп тәжірибесі жаңа ағымдардың өмірге енуінде көп кедергілер мен қиындықтар бар екенін де көрсетті. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жүйесінде еңбек етіп жүрген мұғалімдердің басым бөлігінің осыған дейінгі қалыптасқан оқыту дәстүрлері мен әлемдік білім беру кеңістігіндегі озық идеяларды ұштастыруға қауқарсыздық танытып отырғаны жасырын емес. Оның бірқатар объективті және субъективті факторлары бар. Мәселен, қазіргі оқыту саласында дәстүрдегі жүйелі, нақты, өзара сабақтас білім берудің орнына ҰБТ-ның жалаң тілдік білімді схоластикалық күйде меңгерту әдетінен арыла алмау фактілері жиі кездеседі.

Оқу үдерісіндегі қалыптасқан жағдай оқушыларды қоғам өміріне араласуға күзіретті, жауапты әрі шығармашылық тұрғыдан қатыстыра отырып даярлауға бағдарланған заман талаптарының жете ескерілмей отырғанын дәлелдейді. Бұл – жаңа талап пен схоластикалықтан арылмаған оқыту жүйесінің арасындағы кереғарлықтың айқын көрінісі. Осы орайда оқушылардың білімін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру және олардың қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға түрткі болатын тетіктерді таба білу іскерлігі керек. Сөз мәдениетінің мазмұндық құрауышы болып саналатын тілді адам өмірін қалыптастырудың аса маңызды факторы ретінде түсінуге үйрететін жалпымәдени және пәндік күзіреттіліктердің дамуына ықпал ететін білімнің жиынтығын шала түсіну мен жүйесіз оқыту салдары осыны растайды.

Оқушының өзі үшін білімнің жекетұлғалық мәнін түсінуіне әкелетін жаңа білімді игертудің іс-әрекеттің бөліктері – қазіргі әлеуметтік қоғамда өмір сүруге қажетті жалпымәдени және пәндік күзіреттіліктерді кешенді қалыптастыру да олардың оқу мотивтерін тудыра отырып білімді саналы игеруіне алғышарт қалар еді. Бірақ бұл да көп жағдайда мұғалімдер назарынан тыс қалып жатады.

Мектептегі оқу пәндері арасындағы «Қазақ тілінің» жетекші қызметін жүзеге асыруда ағымдағы білім стандарттары мен оқу бағдарламаларында берілген білім мазмұнына, оны меңгертудегі мұғалімдердің кәсіби біліктіліктеріне мәдени-танымдық аспект тұрғысынан талдау жасалды. Соның нәтижесінде қолданыстағы білім стандарттарындағы, оқу бағдарламаларындағы жаңашылдықты білім берудің жаңа жүйесіне сәйкес жетілдіру қажеттігі, ал пәндік қолданбалы құзыреттіліктерді нақтылай түсу қажеттігі байқалды. Мектептің бейіндік сатысындағы таңдау пәнінен алынатын нәтижелерді жекелеген білім, білік түрінен қазақ және өзге де халықтарды сөз әдебіне қатысты өмірлік дағдылар мен құзырлылық түрінде қалыптастыру қажет деген тұжырым жасалды.

Бақылау эксперименті барысында тілді оқытудағы жаңа бағыттарды мұғалімдердің қаншалықты түсінгенін сараптау мақсаты қойылды. Жалпы білім беретін мектепте үздіксіз оқытылатын «Қазақ тілі» пәніне бөлінген сағат саны жеткілікті. Дегенмен, мұғалімдер бұл сағаттарда грамматикалық тақырыптарды ғана меңгертуді көздейді. Қазақ тілінің білім стандарттарындағы, оқу бағдарламаларындағы «Оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптарды» бірқатар мұғалімдер біле бермейтіні байқалды.

Ағымдағы нормативтік құжаттарда оқушы нені білуге тиіс, онда оқушының сөйлеу қабілеті қандай деңгейде болуы керектігі жөнінде басты талаптар берілген. Оқушы бойында тілдік сезімді, тілдік-эстетикалық талғамды, тілдік қабілеттерді, сөз мәдениеті мен сөз әдебін дамыту жайы талданған. Әйтсе де, «Мектеп тәжірибесінде ана тілін көп пәннің бірі деп санау басым, оның жалпы оқушының қалыптасуындағы бірегейлік рөліне үстірт қарау белең алып отыр. Тілді сүю, тілді құрметтеу, шебер сөйлеу

дегендер жалаң уағыз, жалпы ұран қалпынан, яғни декларациялық сипаттан аса алмай келеді. Ана тілінің адам өмірге келген сәттен бастап-ақ оның бүкіл даму жүйесінің бірден-бір мәдени факторы екендігіне назар аударылмайды. Егер тіл өзінің табиғи ортасында қажет деңгейде бағаланбаса, баланың тілдік сезімі жетілдірілмесе, онда мектеп я басқа да білім мекемелеріндегі оқулықтарды, білім стандарттарын қанша жетілдірдік десе де пайдасы жоққа тән» [50, 164-б.].

Бейіндік мектеп оқушысы тілдің өз өмірінде атқаратын мәнін сезінуі шарт. Жеткіншектер де тілдің діл қалыптастырушылық тұрғыдан маңызы зор, ұлттық құндылық екенін саналы түсінуі тиіс. Сол арқылы оқушы тіл өз ойын сыртқа шығарудың құралы болумен қатар, жалпыадамзаттық маңызы бар құбылыс, ұлттық танымның айнасы екенін, оны сақтауда, келешекке жеткізуде өзінің де бойында міндеттілік болуы керектігін түсінеді. Сөз қадірі мен өз қадірінің тұтастығын таниды. Бұл тілді әдеппен қолдануға міндеттейді. Ондай жағдайда сөз әдебіне қатысты білімдерді меңгеруге құштарланады. Оқушының өз ана тілінде шешен, тапқыр, жүйелі, сыпайы, әдепті сөйлеуге деген қызығушылығы туады. Бәсекелестікке құрылған бүгінгі қоғамда адамның білімі емес, оның ортада тіл табыса еңбек етуге бейімділігі мен өз көзқарасын дұрыс, әдеп нормаларына сай жеткізе білуі үлкен маңызға ие болып отыр. Сондықтан жаңа заманда жастардың бойындағы батылдық, алғырлық, қарым-қатынас әдебі ерекше бағаланады. Сонымен, бейіндік мектептің таңдау пәнінде оқылатын қазақ тілінің бүкіл өнбойында сөз әдебін үйретуге басымдылық берудің, оны арнайы пән етіп енгізудің қажеттігі оқушылардың өмірлік дағдыларын жетілдіруден туындайды деген түйін жасалды.

Мектеп мұғалімдерінің өз пәніне деген қатынасын, оның деңгейіне ықпал ететін факторларды саралау міндеті қойылды. Сондықтан анықтау эксперименттің келесі сатысындағы сауалнама сөз әдебін меңгертуге кедергі келтіретін факторларды анықтау және сөз әдебін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін нақтылау мақсатын көздеп жүргізілген болатын. Оған эксперимент жүргізілетін үш мектептен 69 оқушы, 11 мұғалім қатыстырылды.

Сауалнама нәтижесінде сөз әдебін қалыптастыруға кедергі жасайтын төмендегідей объективті факторлар анықталды:

- қоғамдық ортадағы сөз әдебін сақтауға немқұрайды көзқарастың болуы;
- әлеуметтік ортада сөз әдебін үстірт түсіну, оны жасанды қарым-қатынас деп санау;
- сөз мәдениеті талабы мен сөз әдебінің маңызына мән бермеу;
- қоғамдағы ізгілікті қатынастар деңгейінің төмендеуі;
- сөз әдебі туралы білім беру жүйесінде арнайы оқу курстарының ұйымдастырылмауы;
- тіл сабақтарында оқушыларға өмірлік дағды қалыптастыру мәселесінің жете назар аударылмауы;

- тілді меңгеру нәтижелерінің ҰБТ-ға бейімделіп, грамматикаға басымдылық берудің кең етек алуы.

Оқу үрдісіне қатысты мектеп оқушыларының сөйлеу әдебінің төмен болу себептері пән сабақтарына қатысу, мұғалімдердің күнтізбелік, шығармашылық жұмыс жоспарларымен танысу жұмыстарының нәтижесінде анықталды. Оқыту үрдісіндегі сөз әдебін қалыптастыруға кері ықпал ететін себептер: бейіндік мектепте оқу бағдарламасындағы «Сөз мәдениеті мен шешендік өнер» бойынша түзілген білім мазмұнының тиісті деңгейде меңгертілмейтіні, ҰБТ-ға байланысты қазақ тілінің мақсаты тек грамматикалық білім беру деген түсініктің орын алуы; мектеп мұғалімдерінің басым көпшілігінің қазақ тілін оқытуда стереотиптік көзқарастан арыла алмауы; оқушылардың сөз мәдениеті мен сөз әдебін меңгерудің заман талабымен байланысты түсіндірілмеуі; тілдік білімнің оқушының өмірлік дағдыларына негізделуінің назардан тыс қалуы; қоғамда гуманитарлық салаға қатысты кері көзқарастардың орын алуы салдарынан қазақ тілі пәнінің әлеуетінің төмендеуі, оқушылардың әлеуметтік-қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға тиімді тілді тереңдетіп оқытатын таңдау курстарының ұйымдастырылмауы.

Зерттеудің бастапқы кезеңіндегі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, біріншіден, оқушының сөз әдебін дамытуға қажетті мүмкіндіктерді пайдаланудың жолдары анықталды. Екіншіден, әдістемелік еңбектер мен жаңа технологиялар талданды. Стандарттарға, оқу бағдарламалары мен оқулықтарға сүйеніп жүргізілетін оқу-әдістемелік бағыттағы жұмыстардың сапасын айқындау барысында оқыту үрдісіндегі жетістіктер мен олқылықтар сараланды.

Мұғалімдер тарапынан білім беру жүйесіне инновацияларды енгізу деген мәселені оқыту үдерісінде жекелеген жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізу деп түсінілетіні анықталды. Мәселен, негізгі және жоғары сыныптардың өзінде бастауыш сыныптарға лайық, тым жеңіл, қарабайыр «Ыстық алақан», «Жылы лебіз» секілді ойын-тәсілдерді, «Бағалау ағашына» стикер жапсыру секілді бағалау түрлерін қолдану сияқты сыртқы формалық еліктеу сипатынан арыла алмай отырғаны байқалды. Бұл мұғалімдердің білім берудегі инновацияны сыртқы форма ретінде үстірт қабылдауының салдары екені сөзсіз.

Қазіргі таңда оқушылардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру бағытында жүргізілуі тиіс жұптық, топтық жұмыстарды жүргізуде де жаңсақ түсініктер орын алған. Олардың оқыту формасы және оқыту технологиясы деңгейінде жүргізілуіндегі ерекшеліктердің аражігін ажырата алмағандықтан, орындалатын жұмыстардың нәтижелілігі сапалы болмай отырғаны байқалады.

Оқыту технологиясын жаңартуға мүмкіндік беретін ақпараттық техникалық құралдарды технологиямен шатастыру, ақпараттық құзіреттіліктерді тек техникамен жұмыс жасау қабілеті деп түсінетіндер де аз болған жоқ. Өйткені мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру

курстарындағы оқу материалдарында, негізінен, осындай техникаларды қолдану, оқытудың сыртқы формалық жағынан өзгеше тәсілдерді меңгерту мәселесіне басымдылық беріп отырады.

Сонымен, тіл сабақтарында жүргізілген талдау жұмыстары бейіндік мектеп сатысында оқушылардың сөз этикеті, сөз әдебі туралы дүниетанымын қалыптастыра оқытуды арнайы таңдау пәні деңгейінде ұйымдастырудың өзектілігін бекіте түседі. Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол адамдардың тіл табыса, бірлесе қызмет етуінің құралы, қарым-қатынасты реттеуші, адамның мәдени деңгейінің өлшемі, салт-дәстүрлерді сақтаушы және т.б. ұғым түсініктерден құралатын тіл туралы көзқарастар да оқушының сөз әдебінің мәнін түсініп, оны өмірінің мұратына айналдыруға ұмтылуына, яғни шынайы оқу мотивтерінің тууына ықпал етті. Сол себепті сөз әдебін жетілдіру, алдымен, оқушының ойлау қабілетін, тыңдау қабілетін, қарым-қатынас әдебін дамыту арқылы жүзеге асатыны дәлелденді.

Оқушы кез келген пәнге оның өз тіршілігі үшін қажеттігін сезінгенде және оның өмірлік маңызын түсінгенде қызығушылығы артып, мотивациясы қалыптастыны анықталды. Сөз әдебіне үйретуді мақсат етіп қойған таңдау пәнінің әр оқушының келешегі үшін маңызы жоғары болды. Бұл бағыттар біздің зерттеу болжамымыздың, алға қойған мақсатымыздың шынайылық дәрежесін айқындап, оның дұрыстығын дәлелдеді.

Қалыптастырушы экспериментті жүргізер алдында мұғалімдермен арнайы әңгіме жүргізілді. Олардың бұл курсқа қатынасы бағдарланды. Бейіндік мектеп кезеңіндегі оқыту жүйесіндегі жаңа бағыттардың жүзеге асырылуына алдын-ала дайындық жасау мақсатында мұғалімдермен мынадай сұрақтар негізінде сұқбат жүргізілді:

- а) бейіндік мектепте қазақ тілін оқытудағы басты ұстанымыңыз қандай?
- ә) сөз мәдениетінің сапалық қырларының қайсысы ең маңызды деп санайсыз? Неге?
- б) оқушыларыңыздың сөз әдебі туралы түсінігі қандай?
- в) пәннің мелекеттік білім стандартындағы сөз әдебі талаптарына қатысты не айтар едіңіз?
- г) бейіндік мектепте «Сөз әдебі» атты таңдау пәнін енгізуге өз көзқарасыңыз қандай?

Мұғалімдердің басым бөлігі (74%-ы) бірінші сұраққа «оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» деп көрсетті; 15 %-ы әдеби тілде сөйлеуге үйрету, ал 11 %-ы «оқушының сөйлеу мәдениетін жетілдіру» деп жауап берді. Әңгіме кезінде мұғалімдердің басым бөлігінің сөз мәдениеті мен сөз әдебін бір деп түсінетіндері анықталды.

Екінші сұрақ бойынша мұғалімдердің барлығы тілдің ұлттық құндылық екенін, ұлттық сана, ұлттық діл қалыптастырушылық маңызы бар екенін өте дұрыс атап көрсетті. Дегенмен, сөз сапасы, оның ішінде этикалық сапасы туралы білімдерінің үстірт екені байқалды.

Үшінші сұраққа мұғалімдер оқушылардың сөз мәдениеті мен сөз әдебін үйренуден гөрі жоғары оқу орнына түсу үшін теске көп көңіл бөлетінін

айтты.Егер білім нәтижесін сөз мәдениеті мен сөз әдебіне қатысты білім біліктер бойынша тексерсе, оның оқушы үшін тиімді болатынын атады.

Төртінші сұраққа берілген жауаптардың 85%-ында «стандарт талаптарын оқыған жоқпын» деген жауап басым болды.

Бесінші сұраққа «сөз әдебін оқытуға арнайы сағат бөлінсе» (91%), «оқушыларға шығармашылық жұмыстар орындатуға көңіл аударылса» (100%) деген жауаптар берілген. Бұл мұғалімдердің жаңа бағытты қолдайтынын дәлелдеді.

«Сөз әдебі» таңдау пәнінің сағат санын белгілеуде «білім беру стандартындағы»: «Бағдарлы мектептерде оқушылардың мамандық саласына қарай қосымша білім беру бағдарламалары - таңдау пәндерінің бағдарламалары жасалады. Жеке бағдарламалар бойынша берілетін материалдар көлемі 17 сағаттан кем болмауы және 34 сағаттан аспауы тиіс. Қосымша білім беру бағдарламасы топпен немесе жеке жүргізілетін арнайы курстарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады» деген талаптар ескерілді[35, 10-11-б.].

Қорыта айтқанда, бейіндік мектептің 10-сыныбында «Сөз әдебі» таңдау пәнін енгізу – қазіргі қоғамдық-әлеуметтік сұраным талаптарына толық сай келетін, оқушылардың тұлғалық-мәдени және интеллектуалдық әлеуетін арттыруға оң ықпал ететін, білімнің субъектілік маңызын арттыру арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын тудыратын, сөйтіп, саналы білім алуына мүмкіндікті кеңейтетін шешім. Сондықтан оның білім мазмұнын анықтап, түтілетін нәтижелерін дұрыс жүйелеу маңызды міндет болып саналады.

3.2Бейіндік мектепте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың әдістемелік жүйесі: мазмұндық-құрылымдық моделі

Ғаламдану үдерісі әкелген үлкен өзгерістің белгісі ретінде әлемдік кеңістікте тіларалық қарым-қатынастың ұлғаюына байланысты тіл мамандары мен психологтар, мәдениеттану және әлеуметтік лингвистика мәселелерімен айналысушы ғалымдар ұлттар мен ұлыстардың арасындағы өзара байланыс пен әр этностың өзіндік белгілері мен сипаттарын зерделеуге ерекше назар аудара бастады. Кез келген ұлттың этно-мәдени ерекшеліктері коммуникация үдерісі және сөйлеу әрекетінде байқалатындықтан, қарым-қатынас феномені әртүрлі аспектіде және бірнеше пәннің ғылыми тоғысы тұрғысынан қарастырылуда.

Бейіндік мектеп оқушыларының ертеңгі қоғам иелері, белгілі бір мамандықтың иелері екені ескеріліп, мынау өзгермелі ортада өмір сүруге бейімдеу қажеттігі уақыт өткен сайын өткірлене бастады.«Бейіндік оқыту – оқушылардың қызығушылықтары, бейімдіктері және қабілеттері есепке алынатын, оқушылардың кәсіпті таңдауларына сәйкес олардың дамуына жағдай жасалатын, оқу қызметін ұйымдастырудың дифференциялау және даралау түрін жүзеге асыру кезеңі» [151, 308-б.]

Сол себепті бағдарлы мектепте таңдау пәндерін енгізіп, оларда оқушының болашақ өміріне қажетті тілдік-қатысымдық дағдалырды жетілдіру мақсатына сай қызмет ете алатын білім мазмұнын айқындау күн тәртібіне қойылды. Ширек ғасырдан астам уақыт тәуелсіздік алған елдің жас ұрпақтарына ұлттық әрі жалпыадамзаттық құндылықтардың тоғысындағы арнайы пән енгізу жоспарланды. Оған қоса бұл пәннің оқушының болашақ гуманитарлық сала мамандары болатынына байланысты олардың өздері таңдаған кәсіби мамандықтарына да айтарлықтай үлес қосу мүмкіндіктері ескерілді. Бұл пәннің оқушының жеке бас мүддесі мен елдік мүдденің өзара тоғысын қамтамасыз етуі назарға алынды. Осы бағыттағы таңдау пәнінің мазмұнын құру, оны меңгертудің заманауи технологияларын қолдану жолымен оқу мотивтерін қалыптастыру арқылы саналы тәрбие, сапалы білім беруге болатыны ескерілді.

Алдыңғы тарауларда қазіргі мектеп тәжірибесінде бейіндік мектеп оқушылары қазақ тілі сабақтарында негізгі мектепте алған теориялық білімдерін тереңдете отырып, сол игерген білімін нақты өмір жағдаяттарында қолдануға төселдіретін «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» негізінде оқитыны, оның жалпы мазмұндық-құрылымдық жүйесі туралы айтылған болатын. Сол себепті бұл тараушада бейіндік мектептің 10-11-сыныптарына арналған «Сөз әдебі» таңдау пәнінің әдістемелік жүйесі туралы нақты мәселелер қарастырылады.

«Сөз әдебі» таңдау пәнінің қарастыратын негізгі нысаны– қазақ және әлем халықтарының сөз этикеті оқыту үдерісі.

«Сөз әдебінің» пәні: қазақ және әлемнің өркениетті елдер тіліндегі сөйлеу этикетінің қызметі мен ерекшеліктері.

«Сөз әдебі» таңдау пәнінің мақсаты– адамзат өміріндегі сөз этикетінің маңызы, қызметі, оның ұлттық және жалпыадамзаттық нормаларының қалыптасу жүйесі туралы теориялық мағлұмат бере отырып, оқушыларға сөз этикеті бірліктерін меңгерту, әр тілге тән сөз этикеті формаларын салыстырмалы түрде игерту арқылы өмірлік дағдыларын, тілдік дүниетанымын қалыптастыру, оқу мотивтерін дамыту.

Осы мақсаттың жүзеге асуы үшін таңдау пәнінда мынадай міндеттер қойылды:

- сөз этикетінің адамзат қоғамындағы маңызы, туралы ұғым қалыптастыру;
- сөз этикетінің қызметтері туралы білім беру;
- сөз әдебінің лингвомәдениеттанымдық сипатын таныту;
- сөз этикетінің ұлттық құндылықтық, жалпыадамзаттық мәнін ұғындыру;
- сөз әдебінің тарихи негіздері мен заманауи талаптар тоғысындағы рөлін көрсету;
- қазақ сөз әдебінің өзге тілдерден айырмашылығын талдату жолымен оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын, тілдік талғамын жетілдіру;

- қазақ сөз этикеті нормаларын меңгерту;
- өзге халықтар тілінің әдеп нормаларын игерту.

Бейіндік мектеп оқушыларына арналған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің білім мазмұны екі үлкен модульге бөлініп ұсынылады. Кіріспе сабақта оқушыларға осы пәннің мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні, білім мазмұны, таңдау пәнінде ғы оқу жүйесінің өзіндік әдістемелік жаңалықтары, орындалу талаптары туралы жалпы мағлұмат беріледі. Бұл бірінші кезекте оқушылардың таңдау пәніне қызығушылығын ояту, оқу мотивтерін тудыру мақсатын көздейді. Оқушылардың пәнге жағымды қатынасын тудыруда таңдау пәнінің өз келешектері үшін маңызына басымдылық беріледі. Сөз әдебінің тарихи, этнолингвистикалық, этномәдени қырлары туралы айтылатын шолу ақпараттар, қазіргі заманғы білімнің негізіне салынып отырған «Тарих– Білім– Мәдениет» макромоделіндегі білімнің дүниетанымдық, практикалық пайдасы мен жүйесі, тұлғаның интеллектуалдық-мәдени әлеуетін дамытудағы сөз этикетінің талаптары мен нормаларын сақтауға қажетті мағлұматтар олардың пәнге қызығушылығын тудыру міндеттерімен сәйкес түсіндіріледі. Бұл тек теориялық жалпы мәлімет түрінде емес, интерактивтік әдістермен жеткізілуі оқушылардың ынтасы мен зейінін шоғырландыруға қызмет етеді.

Таңдау пәнінің бірінші модулі «Сөз әдебі: теориясы, қағидалары» деп аталады. Бұл модуль аясында алдымен, сөз әдебінің адамзат қоғамындағы маңызы, рөлі туралы жан-жақты ғылыми көзқарастар мен ой тұжырымдар топтастырылып, олар оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру бағытында меңгертіледі. Онда оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, білімді оқушылардың өздігінен игеруіне қолайлы жағдайлар жасалады. Дербес, жұптық, топтық жұмыс түрлері бойынша ізденімдік, шығармашылық тапсырмалар орындалады. Бұл жерде оқытудың ізгілік ұстанымына ерекше назар аударылады. Өйткені пәннің бүкіл мазмұны адамдар арасындағы ізгілік қатынастардың ішінде сөз жұмсау әдебіне үйрету көзделеді. Сол жүйеде сөз әдебіне қатысты барлық білім мен игертілетін қатысымдық біліктер оқушылардың өміртанымы мен өмір дағдыларын өзара сабақтастықта меңгертуге бағытталады.

«Сөз әдебі – сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі. Сөз сапалары. Сөз әдебі тарихы. Тұлға және тіл» деп аталатын бірінші тақырып мазмұнында оқушылардың «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» бойынша білімдері мен алған мағлұматтарының негізінде сөз сапалары туралы ұғымдары кеңейтіледі. Оқушылардың сөз мәдениетінің өлшемі болып саналатын нормативтік және коммуникативтік сапалар мен сөз әдебінің арасындағы байланыстарды өздігінен талдау жасап түсінуіне қажетті алғышарттар қалыптастырылады. Тіл – мәдениет – дүниетаным; Тіл – әдеп – Тұлға; Тіл – қарым-қатынас – құзіреттілік бірлігіндегі көзқарас қалыптастырылады. Ол оқушылардың теориялық ойлауы мен эмпирикалық дағдыларын өзара бірлікте меңгертуін көздей отырып жүргізіледі. Оқушылар ағымдық жұмыстарда «Жұптас. Ойлан. Пікірлес» стратегиясы бойынша тақырып

бойынша түрлі ғылыми пікірлерді бірлесіп талдайды. Сол материал бойынша ұсынылған сауал, тапсырмаларды орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл арқылы жұмыс жасайды. Тақтаға тақырып бойынша тапсырма жазылғаннан кейін әр оқушы өзінің пікірін берілген уақыт ішінде (3-5 минут) қағазға түсіреді. Өз жұбымен өздерінің жазған пікірлерін бөлісіп, мәселені 3-4 минут талқылайды, талдайды, пікір алмасады. Мұғалімнің рұқсатымен өз тұжырымдарын сынып алдында қорғайды. Ең соңында оқушылардың пайымдамаларынан сабақ қорытындысы жазылып, ой түйіні жасалады.

Теориялық бөлімнің екінші «Сөз әдебі және сөйлеу актілері. Сөз әдебі және ұлттық таным. Тұлға және таным» тақырыбы аясындағы оқу материалдарының мазмұнына қатысты мол материалдар оқушы талқысына салынады. Осы тақырыпта сөз әдебінің барлық қызметтері де шоғырланып ұсынылды. Мысалы, аппелятивтік қызмет атқарушы этикет сөздердің қатарына антропонимдер, туыстық қатынасты білдіретін сөздер, эмоционалды-экспрессивті сөздер, адамның жыныстық ерекшелігіне, әлеуметтік жағдайын, кәсібін тағы басқа сипатын білдіретін сөздермен қатар басқа да тілдік бірліктер жатса, солардың арақатынасы мен өзгешеліктерін таныту көзделді. Алдымен, сөз әдебі мен сөйлеу актілері туралы айтылады. Сөз этикеті бірліктерінің қолданылу орны мен жұмсалыу аялары баяндалады. Сөз актілері: сәлемдесу, танысу, қоштасу, өтіну, құттықтау, кешірім сұрау және т.б. қазақ сөз әдебіндегі ұлттық-танымдық ерекшеліктері туралы мағлұматтар беріледі.

Таным – адамның жеке басына тән қасиеттен бастап бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр мен рухани, материалдық байлықтың бәрін қамтитын өте күрделі ұғым. Танымдық мәдениет адамдардың өмірі мен іс-әрекетінен, олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінеді. «Белгілі бір қоғамның, мемлекеттің, этностың, ұжымның мүшесі ретінде адамдар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүреді. Өзара алуан қырлы қарым-қатынас жасайды. Адамдардың қоғамның өзге мүшелерімен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы этикет нормалары арқылы жүзеге асады» [65, 35-б.].

Кез келген халықтың танымын зерттеп-білуде, тілін үйренуде этикет нормаларын, оның ішінде сөз этикетін үйренудің маңызы ерекше. Себебі бөгде бір тілді үйренуші адам, ең алдымен, сол халықтың тіліндегі сөз этикетіне ден қояды. Сол арқылы кез келген халықтың болмысын, сана-сезімін, дүниеге деген көзқарасын, жалпы ұлттық танымын түсінуге болады. Бүгінгі күні бұл мәселені жан-жақты, арнайы қарастырудың маңызы ерекше екені сөзсіз. Кез келген ұлттың этнотанымдық әлемі қарым-қатынас үдерісінен де, сөйлеу әрекетінен де көрінетіндіктен, сөз этикетіне тек тілші-ғалымдар ғана емес, сонымен қатар этнографтар, психологтар, педагогтар да айрықша көңіл бөліп отыр. Бүгінгі тіл мәселесі үшін қарым-қатынас кезінде тұрақты және арнайы жұмсалатын, этикеттік мәнге ие болатын сөздер мен сөз тіркестерін, грамматикалық тұлғаларды, олардың құрылымдық, семантикалық, стилистикалық, прагматикалық, әлеуметтік және т.б. да

ерекшеліктерін оқып-үйренудің, зерттеудің маңызы зор.

«Сөз этикетінің қызметтері. Тұлға және мәдениет» тақырыбы бұл курстағы білім мазмұнында ерекше орын алады. Өйткені бұл сабақта «Тіл ішіндегі тіл» жайы сөз болады. Сөз этикетінің регулятивтік, волюнтативтік, аппелятивтік, фатикалық, конативтік, эмотивтік қызметтері таратылып түсіндіріледі. Олардың өзара қатынасы мен рөлі, маңызы, практикалық тұрғыда қолдану талаптары мен жолдары жинақталып беріледі. Әрине, бұл бағыттағы мәліметтер одан кейінгі барлық сабақтарда қайталанып, жетілдіріліп отырады. Сөз этикеті бірліктерінің қызметтерін айқындай алуға дағдыландырылады.

Онда тіл мен мәдениеттің өзара байланысы көптеген пәндердің назарын аударатыны, сондықтан әлеуметтік лингвистикамен байланысына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл пән аясында тілдің ұлттық қоғамға және сол қоғамның тілдің дамуына әсерін, яғни, тілді ұлттық салт-дәстүрлерге қатысы тұрғысынан алып зерттелетіні айтылады. Жұмыс барысында коммуникация үдерісіндегі тұлғалардың сөйлеу әрекетіне әлеуметтік факторлардың әсер етуін және олардың сөйлеу дағдысында қандай көрініс табатындығы байқалды. Лингвомәдениеттанымның зерттеу пәні ретінде төмендегідей объектілерді атауға болады: 1) эквивалентсіз лексика мен лакуналар; 2) аңыздар, ырымдар және салт-дәстүрлердің тілдегі формалары; 3) тілдің паремиологиялық қоры; 4) тіл және дін өзара қатынасы; 5) сөйлеу әрекеті; 6) сөйлеу этикеті және т.б. Жоғарыда аталған бірліктердің ішінде сөйлеу этикеті қарым-қатынас үдерісінің ұлттық-мәдени элементі болғандықтан, оның барлық формалары мен бірліктері лингвомәдениеттаным пәнінің тұрғысынан қарастырылуы қажет. Қатынасты орнату ұлттық сөйлеу этикетінің формаларымен бірлікте талданады.

Мұсылман халықтарында қалыптасқан игі дәстүр бойынша амандасу үдерісінде *Ассалаумағалейкум!* сәлемдесу формасы мен оған тән *Уағалейкумассалам!* жауабының мәні түсіндіріледі. Сәлемдесудің гендерлік қырлары салт-дәстүрмен сабақтастықта талданады. Тілімізде сәлемдесу кезіндегі *Ел-жұртың, мал-жаның, қора-қопсың аман ба?* деген конструкциясы халқымыздың ұлттық-мәдени ерекшелігінің бірі болып табылады. Бұл ерекшелік сөйлеу этикетінің биологиялық критерий бойынша дифференциацияға түсуімен түсіндіріледі. Қазақ тілінің этно-мәдени ерекшеліктеріне байланысты өтініш жасау, сәлем айту, алғыс білдіру, көңіл-күйі мен ризашылығын білдіру, қайтуға рұқсат сұрау, тілек айту, Алла тағалаға (псевдоадресат ретінде алып) тіл қату формалары кездеседі, олардың белгілі бір түрін қолданғанда коммуниканттар тіл мен мәдениеттің этно-мәдени ерекшеліктерін ескеріп отыратыны көрсетіледі. «Диалог- ең табиғи пікір алысу түрі, бір- бірін түсінудің негізі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас шарты, адам тілінің қажетті құралы»[152, 84-б.]. Коммуникативтік актінің қоштасу кезеңінде ұрпақтан ұрпаққа тарап, әлі күнге дейін мәнін жоғалтпаған *сый тарту* деген қазақ салты бар, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сақталған осы рәсім тіл мен дәстүрдің кірігіп, мәдени өлшем

ретінде бекуінің айғағы болып табылады. Қазақ этносының болмыс-бітімінде тағы бір жақсы дәстүр бар, ол – қонақ үйден аттанар кезде оның жұмысы мен сапар мақсатын анықтау және үй иелерінің бірі қонағынан «*бұйымтай*» сұрау салты, бұндай әрекеттер ұлттық-мәдени ерекшеліктерді айғақтай түседі» [54, 16-б.]. Сөз этикеті бірліктерінің атқаратын қызметтерінің маңызы кешенді жұмыстар арқылы орындалады. Ол туралы ұғымдар «Тіл – мәдениет – Тұлға» бірлігі туралы көзқарасқа негізделеді. Бұл жерде де шығармашылық тапсырмалар орындалады.

«Сөз әдебі бірліктерінің әлеуметтік сипаты. Сөз әдебі және ұлттық болмыс. Тұлға және діл» деген атаумен ұсынылған келесі сабақта адамның әлеуметтік рөлі: тұрақты және өзгермелі рөлдер. Коммуниканттың әлеуметтік әдебі мен қарым-қатынас шарттары. Қазақ ортасындағы әлеуметтік институттар және сөз әдебі талаптары. Қазақ қоғамындағы демократия және сөз саптау әдебі. Ресми және бейресми жағдаяттардағы ұлттық сөз саптау ерекшеліктері жайлы мағлұматтар беріледі. Тіл мен ұлттық болмыстың арақатынасы негізінде ұлттық этикет нормаларының қалыптасту жолы мен мүмкіндіктері қарастырылады. Этнос болмысын танып-білуге өзіндік үлес қосатын қоғамдық ғылым салаларының бірі – лингвомәдениеттану. Мәдениеттану адамдардың мәдени әрекеті және қоғамдық орындардағы тәртіп пен әдеп салты ұғымдарының дамуы мен қазіргі күндегі орнын қарастырады. Тіл де мәдениеттен тысқары болмағандықтан, лингвистикалық мәдениеттану ғылымының негізгі бір саласы ретінде анықталады. Тіл мен мәдениеттің, тіл мен болмыстың өзара байланыстылығын ғылыми тұрғыда дәйектеу В.фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алады. Ғалымның «кез келген мәдениет тілге әсер етеді, кез келген мәдениеттің ұлттық нышаны тілден айқын көрінеді» деген пікірін [83, 98-б.] психологиялық, әлеуметтік лингвистикалық, этнопедагогикалық, этнолингвистикалық зерттеу жүргізуші ғалымдар өз еңбектерінің теориялық негізі ретінде ұстанады. Осы тұрғыдан алғанда оқушыларға ұлттық болмыстың сөз әдебімен ішкі сабақтастықтары талдатылады. «Ғылымда тіл мен мәдениеттің өзара байланыстылығы, тілдік қарым-қатынастың мәдени аспектісі, қарым-қатынастағы бейвербалды компоненттердің қызметі, тілдік қарым-қатынас жасаушылардың этнопсихологиялық болмысы т.б. мәселелер жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, ғылыми еңбектер жазылды. Г.Штейнталь мен М. Лацарус еңбектерінде этнос психологиясының тілге әсері, В. Вундт еңбегінде тілдің әлеуметтік сипаты қарастырылады. А.А.Потебня халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелердің ерекшеліктері арқылы тіл халық мәдениеті мен болмысының негізгі қайнар көзі екендігін дәлелдейді. Ф. Де Соссюр еңбегінде халық мәдениетінің, салт-дәстүрі мен дүниетанымының тілге әсері этнолингвистикалық тұрғыда зерттеледі» [77, 16-б.]. Лингвистикалық мәдениеттану этнолингвистикамен тікелей байланысты, көп ретте ғылыми ұстанымдары ұқсас келеді.

«Этнос – белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, айналысатын тіршілік-тірлігі, мінез-құлқы ұқсас, діні, ділі, тілі бір, салт-дәстүрі мен әдет-

ғұрпы ортақ, өздерінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы. Этнос болмысы дегеніміз– этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және оның болмысы. Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз – этностың сонау бала кезегінен бүгінгі есейген шағына дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай қазынасы» [153, 23-б.]. Этнос болмысы мен бейнесі, ол өмір сүрген табиғи орта мен қоғамдық қатынастары, жан дүниесі, танымы мен талғамы т.б. туралы толып жатқан деректер мен мәліметтер негізінен тіл арқылы жететінін оқушылар түрлі декректөздерден алынған оқу материалдары бойынша орындалатын жұмыстар арқылы түсінеді. Этностың тіл әлемі– оны танып-білудің қайнар көзі. Әр этностың өзіндік ерекшелігі адамгершілік қарым-қатынастың бастауы болып табылатын сәлемдесу рәсімінен, өзге де сөз әктілері– өзіндік ұлттық ерекшелігі, қалыптасқан жүйесі бар күрделі құбылыс. Қазақ халқының бұл ерекшеліктері ұлттық этикеттен анық байқалады.

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистиканың қиылысатын тұсы екеуі де этнос болмысын тіл арқылы танып-білуді мақсат тұтады. Этнос мәдениеті– әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. «Өмір– тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т.– осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал, соның бәрін танып-білудің ең басты құралы– тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындайды» [154, 103-б.]. Олай болса, оқушыларға ұсынылатын барлық оқу материалдары, диалог түрлері мен көркем шығармалардан алынған үзінділер оқушының өзіндік ой түйіндерін жасауына бағытталып отырады.

«Сөз әдебі бірліктерінің семантикалық сипаты. Сөз әдебі және ұлттық құндылықтар. Тұлға және құндылық» деп аталатын тақырып оқушының өз ана тілі мен өзге тілдердің арасындағы сабақтастық пен ерекшеліктерді ортақ заңдылықтар, қағидалар тұрғысынан ашуды көздеп енгізілді. Бұл сабақта этикеттік бірліктер мағынасының актуальдануы мен этикеттік бірліктердің бейтараптануы туралы ұғым қалыптастырылады. Ресми және бейресми қарым-қатынастағы сөз әдебі бірліктерінің семантикалық ауысулары мен оған тән ұлттық ерекшеліктер мен жалпыадамзаттық құндылықтар қатынасы да осы тұста түсіндіріледі. Бұл тақырып ауқымында тілдің құндылықтық мәні сөз этикетінің адамдар арасын байланыстырушы дәнекерлік қызметімен байланысты ашылады. Тілдің жеке адам үшін, ұлт үшін, жалпы адамзат үшін құндылықтық сипатына сөз этикеті арқылы бағыт-бағдар беріледі. Фатикалық қызметінде атқаратын этикет тілдік бірліктер коммуниканттар арасындағы байланыстың үзіліп қалмауын, нығаюын, сақталуын, жалғасуын қамтамасыз етеді. «Конативтік қызметінде этикет сөздер тобына құтты болсын айту, кешірім сұрау, өмірдің түрлі жағдайларындағы сыпайылық

таныту үшін, рахмет айту үшін қолданылатын түрлі тілдік бірліктер жататыны танытылады. Эмотивтік қызмет атқаратын тілдік бірліктерге тыңдаушының көңілін аулау, жұбату, тыныштандыру, сабыр шақыру, сәтсіздікті елеусіздеу етіп көрсету, алғыс айту, құттықтау, тілек білдіру, бата беру мақсатында жұмсалатын тілдік құрылымдар жатады» [77, 102-б.]. Сондықтан бұлар да тілдің адамдар арасын байланыстырушы құнды қатынас құралы болатынын дәлелдейді. Сыпайылық пен ізгілік дәстүрлердің тілдегі көрінісі адамның ішкі әдебімен, мәдениетімен, талғамымен, тіршілігімен байланыста көрсетіледі. Осы тақырып бойынша ресми және бейресми қарым-қатынас жағдайларындағы сөз әдебі нормаларын қолданудың ерекше қағидалары сөз болады. Сөз этикетінің волонтерлік қызметімен байланысты шақыру, өтініш жасау, рұхсат ету, кеңес беру, ұсыныс айту мақсатында жұмсалатын этикет тілдік бірліктердің атқаратын рөлі мен әрбір тілдегі ортақ және ерекше белгілері танытылады.

Халықтың салт-дәстүрі мен мәдениеті тек адам санасы арқылы ғана емес тіл арқылы да ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, тіл арқылы сақталып, діл арқылы көрініс табатындықтан, пәннің бір тақырыбы осыған арналды. «Сөз әдебі бірліктерінің бейресми жағдаяттардағы стильдік сипаты. Сөз әдебі және ұлттық салт-дәстүрлер. Тұлға және дәстүр» атты тақырыпта лингвистикалық мәдениеттану ғылымының қағидалары тіл білімі мен мәдениеттану ғылымының тоғысуында пайда болған, халық мәдениетін тілге әсер еткен, тіл арқылы ұлт діліне ықпалы мен көрінісін зерттеуде басшылыққа алынады. Мұнда ұлттық салт-дәстүрлердің Қазақ сөз әдебіндегі ерекше сөз актілері: ұлттық дәстүрлерге қатысты бата беру, сәлем салу, сүйінші сұрау және т.б. Тұрмыстық-әлеуметтік қатынас жүйесіндегі сөз әдебі оралымдарының имплицитті, эксплицитті (қаратпа сөздер) мәнде жұмсалуды. Вербалды және бейвербалды құралдардың ұлттық дәстүрлермен байланысы ашылады. Әрине, заманауи өмір, өркениет талаптары, әлем халықтарымен қарым-қатынастың кеңеюі мәдениетте өзінің таңбасын қалдырады және кез келген халықтың тілі мен салт-дәстүрін қолданысқа әкеледі және олармен қоса сөздер, тілдік бірліктер, олардың орнына заманауи даму бағытына сәйкес келетін жаңалықтары пайда болады [154, 79-б.].

Тіл білімінде коммуникативтік акт вербалды және бейвербалды компоненттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Коммуникацияның бейвербалды амалдарын зерттеумен тіл білімінің паралингвистика деп аталатын саласы айналысады. «Паралингвистика (грек. *para*– маңы және лингвистика)– 1) әр алуан хабарды вербалды (сөзбен сөйлеу арқылы) тәсілмен қоса вербалды емес (тілден тысқары) амалдармен жеткізетін тіл білімінің бір саласы; 2) сөйлеу коммуникациясына қатысатын вербалды емес (сөйлеу тілінен тысқары) тәсілдердің жиынтығы» [155, 65-б.]. Сол себепті бұл тақырыпты меңгеруде де оқушылар түрлі ақпарат көздерінен алынған оқу материалдарын зерделей отырып тұжырым жасауға үйренеді. Оқушыларға ізденімдік, шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды кешенді түрде

орындату нәтижесінде оқушылардың Тіл– Дәстүр– Тұлға бірлігін сөз әдеби тұрғысынан сақтау қабілеттері дамытылады.

Теориялық бөлімнің соңғы тақырыбы «Сөз әдеби бірліктерінің ресми жағдайлардағы стильдік сипаты. Сөз әдебінің ресми қарым-қатынас түрлеріне тән ерекшеліктері. Тұлға және стиль» деп аталды. Ресми жағдаяттардағы сөз этикетінің реңктік ерекшеліктері: көтеріңкі, бейтарап, бәсең. Ресми қатынастағы сөз әдебінің вербалды және бейвербалды құралдар арақатынасы. Қаратпа сөздердің жұмсалу ерекшеліктері мен нормалары. Әрине, сөз актілері осыған дейінгі барлық оқу материалдарында үнемі сөз болып отырады. Бірақ осы тақырыпта сөз әдебінің құрылымдары мен мазмұндық сипаты тілдің прагматикалық қызметімен бірлікте алынды. Соныашу үшін сөз актілерінің түрлерін жүйелей отырып, оларды егжей-тегжейлі тиянақтап беру мақсаты қойылды. Мұндай жинақтамалық тақырып осы уақытқа дейінгі алған білімі мен меңгерген практикалық біліктерін бір нүктеге тоғыстырып, ендігі кезеңде әлем халықтарының этикетіне талдау жасау барысында қолданылатын тілдік ұғымдар мен деректерді жүйелеп алуды қажет еткендіктен ұсынылды. «Өйткені өмірдің өзі үнемі даму үстінде болатын заңдылықтар үйлесімі.... Онда сөздің мәні ерекше. Ал тұлғаның қалыптасуының және бір шарты – есті сөзге мән беру» [156, 86-б]. Қазіргі таңда қалыптасқан зерттеулер нәтижесі прагматиканы тілдің басқа салаларынан ажыратарлықтай нақты шекарасының жоқтығын көрсетіп отыр. Оның үстіне тіл прагматикасының көптеген аспектілері қазақ тіл біліміндегі кейбір зерттеу жұмыстарында прагматикалық аспект деп атап көрсетпесе, сөздің тыңдаушыға әсері, қолданыстағы қуат-күші зерделенеді. Бұл жайында академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» атты еңбегіне жазған алғы сөзінде былай дейді: «Осы кітаптың «Сөз құдіреті» деген әсем атауының екі құрамы да астарлы: бұл жердегі «сөз» дегеніміз «тілдің ең кішкентай кірпіші»– «жеке сөз» деген мағынада емес, «тілдің қолданысы» (орысша «речь»), яғни «көркем әдебиеттегі тілдің көрінісі» деген ұғымда жұмсалып тұр, ал «құдірет» сөзі «құпия, тылсым» деген танымда емес, адамға ететін әсер, «қолданыстағы тілдің көркемдік қуаты, күші» деген мәнде келіп тұр. Демек, сөз құдіретін таныту дегеніміз сөйлеуші тілінің көркемдігін, сол көркемдікті жүзеге асырып тұрған тілдік құралдар мен тәсілдерді көрсету болып шығады» [157, 6-б]. Осы тұжырымды негізге ала отырып, бұл жердегі басты міндет– сөз әдебінің прагматикалық мақсаттармен ұштасатын, сол арқылы адамзаттың игілігіне қызмет ету мүмкіндіктерін көрсету болып табылады.

«Этикеттік тілдік бірліктер– тілдің қоғамдағы алуан салалы қызметінен туындаған әлеуметтік, әлеуметтік-лингвистикалық, тарихи, мәдени, философиялық, этикалық категория. Бұл ерекшеліктер сол тілдің өзіндік заңдылығымен қатар ұлттық дүниетанымға, салт-дәстүрге, мәдениетке, қоғамда қалыптасқан нормаларға байланысты қалыптасқан» [158, 36-б.]. Себебі этикеттік тілдік бірліктер бір мезгілде бірнеше ғылымның нысанасы бола алады. Этикет тілдік бірліктер – адамның әлеуметтік белсенділігінің бір түрі және ол адамның алуан түрлі қызметімен тікелей

байланысты болғандықтан, ол семиотикалық, оның ішінде прагматикалық тұрғыдан да қарастыру көзделді. Осы тақырып бойынша қол жеткізілетін нәтижелер аясына оқушылардың ресми жағдаяттардағы ұлттық және жалпыадамзаттық нормалардың тоғысы туралы ұғымы, ресми қатынасқа тән сөз әдебі ерекшеліктерінің маңызын түйсінуі, ресми жағдайлардағы сөз этикеті оралымдарын тілдік қатынастарда сауатты қолдана алуы белгіленді.

Ғалымдардың пайымдауынша, «тілдік қатынастың шарттары:

- тілдесіп отырған кісіге жайдарылық таныту;
- сөйлесуге мүдделілік таныта алу;
- өзара түсіністікке ұмтылыс;
- ойды шынайы білдіру;
- зейін қоя әңгімелесу;
- тілдесушінің деңгейіне сай сөйлесу;
- ортақ тақырыптың болуы;
- диалогтік, полилогтік тілдесімнің ауанына қарай сөйлеу;
- үнқатымды орынды пайдалану;
- бет-жүз құбылыстарын, қол-дене қимылдарын орынды жұмсау;
- жүзбе-жүз сөйлескенде көзбен ұғысу және т.б.

Осы арқылы сөз әдебі адамгершілік нормалары мен ұлттық-мәдени дәстүрлерге негізделген сөйлесім ережелері екені түсіндіріледі [159, 108-б.]. Тіл– Стиль– Тұлға бірлігіндегі сөз әдебінің рөлін білуіне, қолданылуына ерекше мән берілді.

Оқу бағдарламасының екінші модулі тікелей практикалық сипат алады. Ол модуль *«Әлем халықтарының сөз этикеті: ортақ және ерекше ережелер»* деген атпен ұсынылды. Бұл бөлімде оқушылар бірінші модуль аясында алған білімдерін практика жүзінде дәлелдейді; сөз әдебі нормаларын бойларына сіңіреді; қатысымдық әдеп дағдыларын жүйелі тапсырмаларды орындау арқылы меңгереді. Бірінші модульдегі тақырыптарда негізгі бағдар етіп қазақтың сөз этикеті алынғанымен, ретіне қарай өзге халықтардың, оның ішінде ағылшын тілінің сөз этикеті үнемі өзара сабақтастықта, салыстыру сипатында алынып отырады. Екінші модульде бұл үдеріс одан әрі жалғасып, тереңдетіледі. Ең алдымен, қазақ сөз әдебінің өзіне тән ерекшеліктері танылады. Әрі қарай өзге халықтардың сөз әдептері нысанаға алынады.

Ең алдымен, әлемдегі 5000-нан аса тілдің ішінен дәл осы тілдерді іріктеуде қандай критерийлері басшылыққа алынды? дегенге жауап беру қажет деп санаймыз. Таңдау пәнінің екінші бөліміндегі тілдерді іріктеудің критерийлері:

- халықаралық тіл мәртебесінің болуы;
- жаһандану жағдайында сөз әдебін үйрену қажеттігі ерекше тіл болуы;
- Қазақстанның әлемдік кеңістікте өзара байланыс орнатқан мемлекеттер тілінің болуы;
- өзіндік ерекше бай дәстүрлерінің сақталуы;

-жалпыадамзаттық өркениеттің дамуына ықпал ете алатындай мүмкіндіктері мен мәдени деңгейінің жоғарылығы.

Осы критерийлер мен таңдау пәніне бөлінген сағаттың арақатынасын есептей келе «*Ағылшын сөз әдебі*», «*Француз сөз әдебі*», «*Қытай сөз әдебі*», «*Жапон сөз әдебі*», «*Араб сөз әдебі*», «*Италиян сөз әдебі*», «*Үнді сөз әдебі*», «*Неміс сөз әдебі*» тақырыптары жүйеленді.

Екінші модульдегі жұмыстар түгелдей көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған **тұсаукесер** сипатында болады.

Жұмысты тұсаукесер сипатында ұсынудағы мақсат– оқушының бірінші модуль соңында игерген білімдері мен дағдыларын нақты практикалық кешенді жұмысты орындау арқылы түпкі нәтиже ретінде көрсетуіне мүмкіндік тудыру. Таңдау пәніндегі сөз әдебін оқыту, үйрету, негізінен, бейіндік мектеп оқушысының сөйлесім әрекеті түрлеріне бағыттала жүргізілетіні белгілі. Онда оқушылар тыңдалымға, айтылымға, оқылымға, жазылымға, тілдесімге қажетті дағдыларға төселдіріледі. Ал соның барлығының нәтижесін осы тұсаукесер тапсырмасын орындау барысында қолданады және сол арқылы өзі меңгерген білім нәтижесін көрсетеді. Кез келген мәселе егер оны орындаушы шын қаласа, өзі үшін аса маңызды деп таныса және сол ойларымен бөлісуге ынталы болса ғана жоғары нәтижеге жетуге болатыны белгілі. Сондықтан көпшілік алдында сөйлеуге мүдделілік тудыратын және өзінің де сөз әдебін қаншалықты меңгергенін өзі бағалауы үшін жинақтық тапсырма ретінде жұмыстың осы формасы тандалды.

Екі модульдің бақылау жұмыстарының түрлері мен оларды орындау туралы барлық әдістемелік талаптар эксперимент барысында толық ашылады (диссертацияның 3.3 тақырыпшасын қараңыз).

Сөз этикетін меңгертуде қолданылған оқыту формалары мен әдіс-тәсілдері жұмыстың мазмұны мен орындау мақсатына қарай түрлендіріліп, бір-бірімен сабақтас жүргізіліп отырды. Онда оқытудың интербелсенді әдіс-тәсілдері жаңа технологияларға сай тандалды.

Оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін **таңдауда:**

- білім сапасын арттыруға ықпалының жоғары болуы;
- инновациялық сипатының айқын көрінуі;
- оқушылардың өзіндік ізденістері мен шығармашылық қабілеттерін арттыру мүмкіндігінің кеңдігі;
- интербелсенділікке құрылуы;
- нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағыттылығы секілді **критерийлер** алынды.

Енді соның өзіміз жүргізген таңдау пәнінде ойтүрткі жаттығулары, дайын үлгілер бойынша сөз әдебін қалыптастыру жаттығулары, ой қорытуға баулу жаттығулары, шығармашылық-ізденімдік жаттығулары, функционалдық сауаттылық қалыптастыру жаттығулары деген бес типінанықталды (№3 кесте).

Бұл жаттығулар оқушыларды ойлануға, ізденуге дағдыландыру мақсатын көздеді. Жаттығулардың әрқайсысының өз мақсаты,

ұйымдастырылу амал-тәсілдері және күтілетін нәтижелері айқындалды. Жаттығуларды іштей бөлуде мынадай критерийлер басшылыққа алынды:

- жаттығулардың оқушының оқу мотивтерін оятудағы мәні;
- жаттығулардың оқушының пәнге қызығушылығын арттырудағы нақты мақсатқа сәйкес келуі;
- нақты бір нәтижеге бағытталуы;
- оқушылардың сөз әдебіне қатысты ұғымдар мен түсініктерді өздігінен игеруіне тиімді ықпал етуі.

1. Ойтүрткі жаттығулары. Аты айтып тұрғандай, осы топқа енетін жаттығулардың мақсаты оқушының ойлау қабілеттерін дамыта отырып, оқу мотивтерін ояту болды. Бұл көп жағдайда күрделі теориялық немесе ақпараттық мәндегі кең көлемді мәтіндерді «Ойлан. Пікірлес» стратегиясы бойынша талдау арқылы жүргізілді. Түпкі нәтижеде оқушылардың алдымен өзіндік ой қорытып, соңынан бірлесіп, кеңесуге, ой бөлісуге дағдыланып, келісіп, ортақ ой тұжырымдауға үйренуі көзделді.

2. Оқушыларды сөз әдебі нормаларына сай тілдесуге үйрету үшін арнайы жаттығу түрілері ұсынылды. Олар **«Дайын үлгілер бойынша сөз әдебін қалыптастыру жаттығулары»** деп аталды. Оқушы бірден сөз әдебін үйреніп кетуі екіталай. Сондықтан оларға алдымен дайын үлгілер беріліп, сол мәтіндердегі негізгі ойды анықтай келе, онда қолданылған сөз этикетіне байланысты дайын сөз орамдарын, клишелерді, стандарттарды екшеу, оның сол жағдаятқа сәйкестігін анықтау, бағалау, өзгерту міндеті қойылды. Бұл оқушылардың дайын мәтінге талдау жасау жолымен өзінің сөз әдебін жетілдіруіне мүмкіндік тудырды. Ұсынылған оқу материалдарын редакциялау, толықтыру, жүйелеу жолымен сөз этикеті бірліктерінің рөлі мен сипатын таныту мақсаты көзделді. Бұл жаттығуда көбінесе «Жеңілдетілген анықтама», «Броундық қозғалыс» секілді тәсілдер кең қолданылды. Сөз этикетін қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталған мұндай тапсырмалардың нәтижелері жоғары болды.

3. Сөз әдебіне үйрету, ең бірінші кезекте оқушының креативті ойлау дағдыларын дамыту жолымен жүргізілетіні сөзсіз. Сондықтан сабақ барысында оқушылардың өзіндік ой қорытындыларын жасап отыруына көңіл бөлінді. **«Ой қорытуға баулу жаттығулары»** деп топтастырылған жаттығулардың мақсаты салыстыру, ой тұжырымдау, жинақтау әдістері арқылы оқушының теориялық ойлауы мен тілдік талғамын дамыту болды. Мұнда оқушы өздігінен ой түйінін жасай отырып, өзі үшін білімнің мәнін түсініп, сөз әдебінің нормаларын сақтауға қатысты өзбойындағы олқылықтарды бағалауға, оны дамытудың жолдарын табуға ұмтылады. Сондықтан «Жағымды сөздер», «Төрт сөйлем» тәсілі, «Тірек сөздер» секілді стратегиялар негізінде ұйымдастырылатын бұл жаттығулар арқылы оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамыту талдау, сараптау, бағалау дағдыларын қалыптастыру бағытында жүзеге асырылды.

4. Кез келген әрекеттің нәтижелілігі оқушының шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған жұмыстарды шешу арқылы жүзеге асырылады.

Өйткені оқушы үшін қалыпты, дағдылы тапсырмалардан гөрі өзінің қабілеті мен қарымын анықтауға, соны өзгелерге танытуға мүмкіндік беретін жұмыстарды орындау ұтымды. Сондықтан оқушылардың сөз әдебіне үйренуіне оң ықпал етіп, олардың оқу мотивацияларын кеңейтетін жаттығулар құрамында **«Шығармашылық-ізденімдік жаттығулардың»** рөлі басым болды. Бұл жаттығулардың мақсаты оқушылардың сөз этикеті бірліктерін қолдануға қатысты шығармашылық қабілеттерін дамыту деп белгіленді. Ол да «Салыстыру кестелері», «Аквариум» секілді әрі танымдық, әрі интерактивтік сипаттағы тәсілдермен жүргізілді. Ғылыми-ізденімдік қабілеттері мен тұсаукесер жасау, жоба жұмыстарын орындау дағдыларын ширату аталған жаттығулардан күтілетін нақты нәтиже ретінде қаралды.

5.Сөз әдебіне үйрену түпкі нәтижеде оқушылардың өмірлік дағдыларын дамыта отырып, өзгермелі дүние жағдайына бейімделуіне әкелуі тиіс деп саналады. Сондықтан да **«Функционалдық сауаттылық қалыптастыру жаттығуларынсыз»** оқушыны сөз әдебіне баулу мүмкін емес. Бұл қатардағы жаттығулардың мақсаты халықтың сөз әдебін зерттеуге баулу, ұлттық сөз этикеті бірліктерін талғап қолдануға үйрету деп қойылды. Осы орайда топтасып атқарылатын көлемді оқу материалдарын талдауға бағытталған «ЖИГСО»- «Бөлшекте, жинақта!» әдісінің де, оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған «Синектика» секілді жаңаша жолдарды қолдану нәтижесінде оқушының түрлі өмір жағдаяттарына сай функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту міндеті қойылды.

№3 кесте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытуда қолданылған жаттығу типтері мен әдіс-тәсілдері және күтілетін нәтижелері

№	Жаттығу түрлері	Мақсаты	Әдіс-тәсілдер	Күтілетін нәтижесі
1	<i>Ойтүрткі жаттығулары</i>	Оқушының ойлау қабілеттері мен оқу мотивтерін ояту	«Жұптас. Ойлан. Пікірлес» стратегиясы	Мәтіндерді талдау арқылы өзіндік ой тұжырымдауға үйрену
2	<i>Дайын үлгілер бойынша сөз әдебін қалыптастыру жаттығулары</i>	Оқу материалдарын редакциялау, толықтыру, жүйелеу жолымен сөз этикеті бірліктерінің рөлі мен сипатын таныту	«Жеңілдетілген анықтама», «Броундық қозғалыс»	Сөз этикетін қолдану дағдыларын жетілдіру
3	<i>Ой қорытуға</i>	Салыстыру, ой	«Жағымды	Креативті

	баулу жаттығулары	тұжырымдау, жинақтау әдістері арқылы оқушының теориялық ойлауы мен тілдік талғамын дамыту	сөздер», «Төрт сөйлем» тәсілі, «Тірек сөздер» стратегиясы	ойлау дағдыларын дамыту, <i>талдау, сараптау, бағалау дағдыларын дамыту</i>
4	Шығармашылық-ізденімдік жаттығулары	Оқушылардың сөз этикеті бірліктерін қолдануға қатысты шығармашылық қабілеттерін дамыту	«Салыстыру кестелері», «Аквариум» тәсілі	Ғылыми-ізденімдік қабілеттері мен тұсаукесер жасау, жоба жұмыстарын орындау дағдыларын ширату
5	Функционалдық сауаттылық қалыптастыру жаттығулары	Әр халықтың сөз әдебін зерттеуге баулу, ұлттық сөз этикеті бірліктерін талғап қолдануға үйрету	«ЖИГСО» - «Бөлшекте, жинақта!», «Синектика»	Өмір жағдаяттарына сай функционалдық сауаттылық дағдыларын дамыту

Мұндай жаттығуларды орындату үдерісінде белгілі әдіскер-ғалым А.Әлімов еңбегі бойынша [160] төмендегідей оңтайлы әрі жаңашыл әдіс-тәсілдер мен стратегиялардың төмендегідей түрлері жиі қолданылды:

«*Ойлан. Пікірлес*» стратегиясы – оқушыларға қандай да бір тақырып бойынша сауал, тапсырма берілгеннен кейін оны орындауға бағытталған интербелсенді тәсіл. Бұл әдіс көбінде теориялық материалдарды жылдам әрі тұжырымдап алу мақсатында қолданылды. Оқушылар бір-бірін мұқият тыңдауға, ортақ түйіндер жасауға үйренеді. Сыныптың белсенділігі артты.

«*Жеңілдетілген анықтама*» – сабақты қорытындылау кезеңінде жүргізуге қолайлы тәсіл. Тапсырмалар терминнің ауыр-жеңілдігіне орай жекелей де, жұп/топтық тапсырма ретінде де орындатылды.

«*Броундық қозғалыс*» - ең белсенді әдістің бірі. Бұл таласты мәселелерде оқушылардың жалпы түсіктерін, ой түйіндерін анықтау мақсатында және сыныптың өзара пікірлесуін жүзеге асыру үшін ұйымдастырылды.

«Жазғымды сөздер» тәсілі – таңдау пәнінің барлық мақсатымен, одан күтілетін нәтижелерге саналы қол жеткізудегі артықшылығымен ерекшеленетін әдіс. Бұл әдіс бойынша жаңа ұғымдардың қалай қабылданғаны анықталды.

«Төрт сөйлем» тәсілі – мәтіндегі күрделі, маңызды ақпараттарды талдауда, сол оқығандары бойынша ой қорытындылауда пайдаланылатын тиімді әдіс-тәсілдердің бірі. Оның формуласы:

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

«Тірек сөздер» стратегиясы – ұжымдық тұрғыдан ұйымдастырылатын, сонымен бірге дербестік сипаты да жоғары әдіс. Жаңа тақырыпнегізінде тірек ұғымдарды түсіндіріп, пікірін дәлелдеуге үйренеді.

Салыстыру кестелері–оқушылардың алған білімдерін жинақтау мен тиянақтауда тиімді қолданылатын тәсіл. Бұл таңдау пәнінің екінші модулінде тұрақты түрде қолданылып отырады. Салыстырулар, кесте, диаграмма, сызба түрінде жасалады. Бұл да оқушының тұжырымдау дағдыларын дамытып, танымдық қызығушылықтарын тудырды.

T-кестесі– бір-біріне қарама-қарсы немесе салыстыруға болатын атауларды не пікірлерді келтіруге арналған кесте. Ол барлық тақырыптарда қолдануға қолайлы болды.

«Аквариум» тәсілі– оқушылардың тақырып бойынша қандай да бір мәселені диалог, полилог сипатында талдау тәсілі. Бұл жоғары сыныптарда алдын-ала дайындалған бағалау критерийлер негізінде жүргізілгендіктен, оң нәтижелерге қол жеткізілді.

Таңдау пәнінде бейіндік мектеп оқушыларының жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай күрделі, көлемі үлкен ғылыми, ғылыми-көпшілік сипаттағы мәтіндерді талдауға біршама орын берілді. Осы жұмысты жеңілдету әрі сапалы орындату мақсатында «ЖИГСО»- «Бөлшекте, жинақта!» тәсілі жиі қолданылды. Бұдан өзге де интербелсенді әдістердің жиі қолданылуы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды. Білім мазмұнының дұрыс әрі нәтижелі меңгертілуіне өз ықпалын тигізді.

Курс соңында бейіндік мектеп оқушылары мынадай күзiреттiлiктерге қол жеткізді:

*** ақпараттық күзiреттiлiк бойынша:**

- сөз әдебіне қатысты оқу-танымдық мәтіндердегі негізгі және қосалқы ақпараттарды ажырата алды, оларды өз мақсатына сай қолдана алды;
- сөз әдебіне байланысты сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда түрлі дереккөздердегі ақпараттарды талғап қолданды;
- сөз этикетіне қатысты тілдік құралдарды оның түрлі қызметтеріне қатысы тұрғысынан анықтай алды;

- ақпараттар негізінде көздеген мақсатына сай сөз этикеті қолданылатын мәтін түрлерін құрауда тілдік дағдыларды орынды қолданды;

*** коммуникативтік құзіреттілік бойынша:**

- сөз актілерінің ерекшелігіне сай сөз этикеті бірліктерін сауатты қолдануға үйренді;

- жағдаяттық тапсырмаларда ауызша/жазбаша сөйлеу ережелерін, сөзді таңдау амалдарын білді;

- сөз әдебіне қатысты грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларды терең меңгерді;

- түрлі тілдік жағдаяттың ерекшеліктеріне тән сөз әдебі дағдылары дамыды;

- ұсынылған тақырып пен тілдік жағдайларға сай қарым-қатынастың бейресми, ресми деңгейлерінде сөз оралымдарын, клишелерді орынды жұмсауға төселді;

- ұлттық-мәдени ұғымдарды ажыратып, қатысым нормаларын меңгерді;

- сөз әдебінің ұлттық және жалпыадамзаттық талаптарын өзара бірлікте таныды.

*** мәдени-танымдық құзіреттілік бойынша:**

- сөз әдебіне қатысты тірек сөздердің, этикеттік сөз орамдарының мәнін ұлттық ділмен байланыста аша алды;

- ұлттық-мәдени ұғымдарды ажырата алды, этнопсихологиялық, этнопедагогикалық тұжырымдарды меңгерді;

- тілдің ұлттық құндылық екенін сөз этикетіне қатысты фактілер негізінде анықтады, қарым-қатынасты ұлттық этикеттерге сай құрды, т.б.

Бұл меңгертілген білім мен біліктер оқушының тұлғалық қабілеттерін арттырып, олардың сыпайы, мәдениетті түрде диалог құруына, полилог жүргізуіне мүмкіндік берді. Түпкі нәтижеде оқушының сөз әдебін сәтті шешімдерге, жеңіске қол жеткізудің аса маңызды шарты екенін түсінді. Сол тілді жұмсау арқылы ғана оқушы өзінің адамдық келбетін ғана емес, ұлттық құндылық ретінде өз ана тіліне деген қатынасын да танытады. Бұл білімнің тәрбиелік қуаты мен эстетикалық, этикалық аспектілерінің деңгейіне де тікелей тәуелді.

Зерттеу қорытындылары бойынша бейіндік мектеп оқушыларына арналған «Сөз әдебі таңдау пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі жасалды (№1 Қосымша)

3.3 Сөз әдебін оқытудың эксперименттік жүйесі мен нәтижелері

Бейіндік мектепте «Сөз әдебі» атты таңдау пәнін меңгертудің проблемаларын алдын-ала анықтап, оны шешудің өзіміз ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан қарастырған жүйесін сыннан өткізу мақсатында эксперимент жұмыстары ұйымдастырылды. Зерттеу тақырыбы бойынша ұйымдастырылған эксперимент жұмыстары тиісті кезеңдер бойынша жүргізілді. Эксперименттің мақсаты оның әр кезеңіне сай қойылған міндеттер мен ұйымдастырылу ерекшелігіне қарай анықталды.

Эксперимент жұмысы үш кезеңге бөлініп ұйымдастырылды: анықтау, қалыптастырушы, қорытынды.

3.3.1 Анықтау эксперименті жүйесі мен нәтижелері

Анықтау экспериментінің сипаты: оқушылардың сөз әдебін меңгеру деңгейі мен оны оқыту проблемаларын зерттеу, таңдау пәнін меңгертудің ғылыми-әдіснамалық негіздеріне сай оқыту жүйесінің жүргізілу жобасын анықтау, білім мазмұнының берілуі тиіс деңгейін айқындау, оқу материалдарын жүйелеу мәселелерін қарастыру. Анықтау экспериментінің болжамы: бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін меңгерту арнайы таңдау пәні ретінде жүргізілсе, онда оқушылардың тілге, сөз этикеті бірліктерін сауатты қолдануға қызығушылығын тудырып, оқу мотивтерін қалыптастыруға болады. Эксперименттің 1-кезеңінің мақсаты: «Сөз әдебі» таңдау пәнін ұйымдастырудың бағыттарын белгілеу, білім беру саласындағы жаңа парадигмаларға сай сөз әдебін оқытудың жайын және зерттеу жұмысындағы жетекші идеяларды өмірге енгізудің мүмкіндіктерін анықтау, оқушының сөз әдебін дамытуға қатысты идеялардың сенімділігін тексеру.

Эксперимент базалары ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы №1 жалпы орта мектеп КММ, Т.Бигелдинов атындағы №16 жалпы орта мектеп КММ, №22 жалпы орта мектеп КММ-нің 10-сыныптары алынды.

Эксперименттің 1-сатысында бейіндік мектепте сөз әдебін оқытудың, сол арқылы оқушылардың оқу мотивтерін дамытудың негізгі бағыттары мен тұғырлары нақтыланды. Бейіндік мектепте сөз мәдениетінің оқытылуымен байланысты оқушылардың сөз этикетін білуі менәдепті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру бағытынайқындау үшін оқушылар арасында сауалнамалар жүргізілді, мұғалімдердің озық тәжірибелері, білім стандарты мен оқу бағдарламасы мен оқулықтар сарапталды. Озық тәжірибелі мұғалімдер мен жас мамандардың сабақтарына қатыстық.

Сауалнамаға жалпы саны 60 оқушы (10-11-сынып), 12 мұғалім қатыстырылды. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің (68%) сөз әдебі дегенді тек сыпайы, мәдениетті және бөтен сөз араластырмай сөйлеу деп түсінетіні, сөз этикетін вербалды құралдармен шектейтіні (60%) байқалды. Оның басты себебі: оқушылардың сөз әдебі туралы білімдерді

үстірт меңгеруінде. Сөз әдебінің төмендігіне оқушылардың бұл туралы арнайы білім алмағаны, сөз әдебін сақтауды жасанды қарым-қатынас деп түсінетіні, жаргондармен сөйлеудің сәнге айналуы әсер етеді деген тұжырым жасалды. Оның себептері анықталды (№4-кесте).

№4- кесте

Оқушылардың сөз әдебінің төмендігінің себептері

№	Сұрақ	Жауап нұсқалары	Пайыздық көрсеткіш
1	«Сөз әдебі» деген не?	«әдепті, «бөтен сөз», диалект сөз араластырмай сөйлеу»	18%
		«мәдениетті, сыпайы сөйлеу»	68%
		«жасанды сөйлеу»	14%
2	Сөз әдебін арнайы оқыту керек пе?	“керек”	59%
		“міндетті емес”	30%
		“әркім өзі үйренуіне болады»	11%
3	Сөз әдебін сақтау маңызды ма?	“маңызды”	65%
		“маңызды емес”	25%
		“әркімнің өз қалауына қарай болуы тиіс”	10%
4	Сөз әдебін сақтау міндетті деп ойлайсыз ба?	“міндетті”	81%
		“міндетті емес”	11%
		“бұл туралы ойланбаппын”	8%
5	«Сөзі сынық, ойы анық болу» дегенді қалай түсінесіз?	“әсерлі сөйлеу, пікірін анық айту”	85%
		“жағымды сөзді ашық айту”	12%
		“этикеттік сөздермен сөйлеу”	3%
6	Сөз әдебіне үйрену үшін не істеу керек?	«сөз әдебі туралы жүйелі білім берілуі қажет»	90%
		«қоғамда сондай талап қойылуы керек»	6%
		«әркім оны өзіне міндет деп түсінуі керек»	4%
7	Егер таңдау берілсе, қай елдің сөз әдебін үйренер едіңіз?	«тек қана қазақ сөз әдебін»	35%
		«қазақ сөз әдебімен қатар өзге халықтардың да сөз әдебін»	60%
		«тек өзге халықтардың сөз әдебін»	5%

Анықтау эксперименттің 2-сатысындағы сауалнама сөз әдебін меңгертуге кедергі келтіретін факторларды анықтау және сөз әдебін меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін нақтылау мақсатын көздеп жүргізілді. Оған 69 оқушы,

11 мұғалім қатыстырылды. Сауалнама нәтижесінде сөз әдебін қалыптастыруға кедергі жасайтын объективті факторлар анықталды.

Оқушылармен, мұғалімдермен сұқбат барысында, біріншіден, оқушылардың сөз әдебін білу деңгейі анықталды. Екіншіден, оқушылардың қатысымдық дағдыларын сөз әдебімен ұштастыра дамытудың тетіктері анықталды. Үшіншіден, қалыптастыру экспериментін жүргізуге қажетті білім мазмұнының жоба-жоспары жасалды. Нәтижесінде: ағымдағы стандарттар мен оқу бағдарламаларында сөз әдебіне қатысты білім нәтижесі нақты көрсетілмегені анықталды, сондықтан жаһандану заманының талабына сәйкес бейіндік мектепте «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқыту керек деген тұжырымның дұрыстығына көз жеткізілді.

Эксперименттің келесі сатысында, яғни қалыптастырушы кезеңде жүргізілетін «Сөз әдебі» пәні бойынша мектеп мұғалімдеріне семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Анықтау эксперименті кезеңінде жүргізілген бағдарлау жұмыстары отандық білім беру жүйесіндегі олқылықтар мен жетістіктерді саралай отырып, сөз әдебін таңдау пәніретінде оқытудың өзектілігін көрсетті. Осы мақсатты жүзеге асыруда мынадай мәселелерді шешу қажет болды:

1) бейіндік мектеп оқушыларының өмірлік дағдыларын қалыптастыра отырып, оқу мотивтерін арттыру мақсатында «Сөз әдебі» арнайы таңдау пәнін ұйымдастыру;

2) пәнге оқу мотивтерін арттыру үшін білім мазмұнында қазақ сөз әдебінің ұлттық-мәдени құндылықтарымен қатар жалпыадамзаттық озық үлгілерді де қамту;

3) жаһандану заманының талабына сәйкес қазақ және өркениетті елдір тіліндегі сөз әдебі нормаларын тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін интеграциялық жолмен меңгерту;

4) сөз этикеті бірліктерін оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану жолдарын анықтау;

5) таңдау пәніндегі білім мазмұнын оқушының мәдени-қатысымдық біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалану;

6) сөз әдебін оқытудың мотивациялық сипатын күшейту;

7) сөз әдебін оқытудың әдістемелік жүйесін (оқыту мақсатын, міндеттерін, білім мазмұнын, оқыту түрлерін, оқыту әдістерін, оқыту нәтижесін) оқытудың заманауи талаптарымен жаңа технологияларға сай құру.

Зерттеудің бастапқы кезеңіндегі жүргізілген анықтау экспериментінің нәтижесінде «Сөз әдебі» таңдау пәні бойынша жасалған бағдарлама жобасы жетілдірілді, экспериментке дайындалды. Оқу үдерісін бақылау арқылы сөз әдебін меңгеру деңгейлерін анықтау да осы кезеңдегі міндеттердің бірі етіп белгіленді. Сондай-ақ, мұғалімдер тәжірибесінде сөз әдебіне үйретудің әдістемесін білу дәрежесін анықтау мақсатында сұқбат жүргізілді, сауалнамалар ұйымдастырылды. Сабақтарға қатысу нәтижесінде оқушылардың сабақта, сабақтан тыс уақыттардағы сөз әдебін бағалауға

мүмкіндік туды. Арнайы тілдік, жағдаяттық тапсырмалар да экспериментке қойылды.

Анықтау экспериментінің соңында «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің бағдарламасы жасалды. Оны түзуде қазақ халқының *«Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл»* деген өмірлік ұстанымы негізге алынды. Барлық білім жүйесі осыны өзек етіп ұстану нәтижесінде түзілді. Сөз әдебі аясында тіл ғылымы өзге жеті ғылым саласымен интеграцияланды, қазіргі замандағы жеті өркениетті елдің сөз әдебі нысанаға алынды, олардың әдеп нормаларына қатысты бастапқы білімді меңгерту көзделді. Білім мазмұнының екінші модулін практикалық сипаттағы жұмыстарға негіздей отырып жүргізу қажет. Ол үшін оқушылардың ізденуіне бағытталған тапсырмаларды анықтап, оларды бағалау критерийлері жасалуы керек деп тұжырымдалды. Сол мақсаттағы экспериментке ұсынылатын оқу материалдары даярланды.

3.3.2 Қалыптастырушы эксперимент кезеңінде жүргізілген оқу жүйесі мен нәтижелері

Қалыптастырушы эксперименттің мақсаты– бейіндік мектеп оқушыларына ұсынылып отырған «Сөз әдебі» атты таңдау пәнін меңгертуге арналған оқу материалдары мен әдістеменің тиімділігін сынақтан өткізіп, ғылыми-әдістемелік тұрғыда дәйектеу, дәлелдеу.

Эксперимент материалдары бейіндік мектептің 10-11-сынып оқушыларына ұсынылды. Пәннің білім мазмұны бойынша мәтіндер, теориялық материалдар, жаттығу-тапсырмалар, модульдік бақылау тапсырмаларының түрлері әзірленді. 10-11-сыныптарда “Сөз әдебі” таңдау пәні түрінде жүргізілетіндіктен, оған ұсынылатын барлық оқу материалдары эксперимент нысаны ретінде толық сыннан өткізілді.

Эксперимент барысында «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқыту бойынша білім мазмұнына енетін оқу материалдарын таңдауда негізінен екі мәселе басшылыққа алынды:

- 1) пәннің білім мазмұнының жаңашылдығы;
- 2) күтілетін нәтижеге және оқу мотивін қалыптастыруға бағыттылығы.

Оқушыларға сөз әдебіне қатысты дағдыларды тиімді меңгерту үшін жағдаяттық тапсырмаларға басымдылық беріліп, дербес, жұптық, топтық және ұжымдық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруға ерекше мән берілді. Мұнда, ең алдымен, сөз әдебін меңгерту мақсатына сай оқушылардың бейресми және ресми қарым-қатынастағы сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, түрлі өмір жағдаяттарына сай жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарды орындатуға назар аударылды.

Эксперимент барысында интерактивтік әдістер бойынша ұйымдастырылған тапсырмалар бейіндік мектеп оқушыларының әрі білімін, білігін кеңейтуді, әрі олардың пәнге қызығушылықтарын тудыруды көздеп отырды. Төменде қалыптастыру эксперименті барысында білім мазмұны оқушыларға ұсынылған (№5 кесте).

**«Сөз әдебі» таңдау пәні бағдарламасының
мазмұндық-құрылымдықжүйесі**

№	Тақырып	Сағат саны	Мазмұны	Күтілетін нәтижелері
1	2	3	4	5
1	Кіріспе сабақ. «Сөз әдебі» таңдау курсының пәні, мақсаты мен міндеттері. Сөз әдебі – ғылым нысаны: категориялары.	1	Сөз әдебі – ғылым нысаны: категориялары. Сөз әдебі және сөз этикеті. Адамзат өміріндегі тілдік қарым-қатынас әдебін сақтаудың маңызы. Сөз әдебіне қатысты вербалды және бейвербалды құралдар.	Пән туралы ұғым. Сөз әдебінің нысаны мен категорияларын ажырата алу. Сөз әдебі мен сөз этикеті туралы ұғым мен көзқарас. Сөз әдебіне тән вербалды және бейвербалды құралдарды қолдану мәдениеті туралы түсінік.
I	1-модуль. СӨЗ ӘДЕБІ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ			
1.1	Сөз әдебі – сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі. Сөз сапалары. Сөз әдебі тарихы. Тұлға және тіл.	1	Сөз сапасы. Сөз әдебі және этикалық сапа. Сөз этикетінің тарихи арналары: ұлттық және жалпыадамзаттық нормалардың қалыптасуы. Нормативтік және коммуникативтік сапа көрсеткіштері мен сөз әдебі талаптарының арақатынасы.	Сөздің этикалық сапасының мәнін түсіну. Сөз әдебі мен сөз мәдениетінің аражігін ажырата алу. Сөз әдебінің тарихы туралы дүниетаным; Тіл – әдеп – Тұлға; Тіл – қарым-қатынас – күзиреттілік бірлігіндегі көзқарас қалыптастыру.
1.2	Сөз әдебі және сөйлеу актілері. Сөз әдебі және ұлттық таным. Тұлға және таным.	1	Сөз этикеті бірліктерінің қолданылу орны мен жұмсалы аялары. Сөз актілері: сәлемдесу, танысу, қоштасу, өтіну, құттықтау және т.б. қазақ сөз әдебіндегі ұлттық-танымдық ерекшеліктер.	Сөз әдебі мен сөз актілерінің арақатынасы туралы түсінік. Сөз актілерінің түрлері мен олардың ерекшеліктерін ажырата алу. Қазақ сөз әдебі мен ұлттық таным байланысын түсіну.
1.3	Сөз этикетінің қызметтері.Тұлға және мәдениет.	1	«Тіл ішіндегі тіл». Сөз этикетінің регулятивтік, волюнтаривтік, аппелятивтік, фатикалық, конативтік, эмотивтік қызметтері . Олардың өзара қатынасы мен рөлі, маңызы.	Сөз этикеті бірліктерінің қызметтерін ажырата алу. Сөз әдебі қызметтерінің маңызы туралы ұғым. Тіл – мәдениет – Тұлға бірлігі туралы көзқарас.
1.4	Сөз әдебі бірліктерінің әлеуметтік сипаты. Сөз әдебі және ұлттық болмыс. Тұлға		Адамның әлеуметтік рөлі.: тұрақты және өзгермелі рөлдер. Коммуниканттың әлеуметтік әдебі мен қарым-қатынас шарттары. Қазақ ортасындағы	Әлеуметтік әдеп нормалары туралы ұғым. Тұлғаның әлеуметтік мәртебесі мен сөз әдебінің сабақтастығын ажырата алу. Сөз әдебі

	және діл		әлеуметтік институттар және сөз әдебі талаптары. Қазақ қоғамындағы демократия және сөз саптау әдебі. Ресми және бейресми жағдаяттардағы сөз саптау ерекшеліктері.	бірліктерін әлеуметтік рөліне сай қолдау дағдылары. Тілдік жағдаяттардағы сөз әдебі шарттары мен ережелерін, ресми/ бейресми жағдайдағы сөз әдебі нормаларын меңгеру.
1.5	Сөз әдебі бірліктерінің семантикалық сипаты. Сөз әдебі және ұлттық құндылықтар. Тұлға және құндылық.		Этикеттік бірліктер мағынасының актуальдануы. Этикеттік бірліктердің бейтараптануы. Ресми және бейресми қарым-қатынастағы СӘ бірліктерінің семантикалық ауысулары. СӘ-не тән ұлттық ерекшеліктер мен жалпыадамзаттық құндылықтар қатынасы.	Тілдік жағдаят ерекшеліктері мен сөз этикеті бірліктерінің байланысын туралы дүниетаным. Сөз этикеті бірліктерінің мағыналық өзгерістерінің мәнін түсініп қолдану. Тіл – ұлттық құндылық – Тұлға бірлігін сөз әдебі тұрғысынан түйсіне алу.
1.6	Сөз әдебі бірліктерінің бейресми жағдаяттардағы стильдік сипаты. Сөз әдебі және ұлттық салт-дәстүрлер. Тұлға және дәстүр.		Қазақ сөз әдебіндегі ерекше сөз актілері: ұлттық дәстүрлерге қатысты бата беру, сәлем салу, сүйінші сұрау және т.б. Тұрмыстық-әлеуметтік қатынас жүйесіндегі сөз әдебі оралымдарының имплицитті, эксплицитті (қаратпа сөздер) мәнде жұмсалуды. Вербалды және бейвербалды құралдар.	Қазақ сөз әдебіне тән сөз актілерінің маңызы мен ерекшеліктері туралы ұғым. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттардағы ұлттық сөз саптау әдебінің тілдік және ділдік мәнін түсіну. Қазақ дәстүріне тән сөз әдебі оралымдарын қолдану дағдылары. Тіл – Дәстүр – Тұлға бірлігін сөз әдебі тұрғысынан сақтау.
1.7	Сөз әдебі бірліктерінің ресми жағдайлардағы стильдік сипаты. Сөз әдебінің ресми қарым-қатынас түрлеріне тән ерекшеліктері. Тұлға және стиль.		Ресми жағдаяттардағы сөз этикетінің реңктік ерекшеліктері: көтеріңкі, бейтарап, бәсең. Ресми қатынастағы сөз әдебінің вербалды және бейвербалды құралдар арақатынасы. Қаратпа сөздердің жұмсалуды ерекшеліктері мен нормалары.	Ресми жағдаяттардағы ұлттық және жалпыадамзаттық нормалардың тоғысы туралы ұғым. Ресми қатынасқа тән сөз әдебі ерекшеліктерінің маңызын түйсіну. Ресми жағдайлардағы сөз этикеті оралымдарын сауатты қолдана алуы. Тіл – Стиль – Тұлға бірлігіндегі сөз әдебінің рөлін білу, қолдану.

II		2-модуль: «ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА...»		
			Әлем халықтарының сөз этикеті: ортақ және ерекше ережелер	Қазақ сөз әдебі мен өркениетті елдердің сөз әдебі нормаларын білуі, қолдануы
2.1	Қазақ сөз әдебі		Қазақ халқының сөз әдебі: тарихи арналары мен қазіргі деңгейі. Сөз актілеріне сәйкес қазақ сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Қазақ сөз әдебінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Қазақ сөз әдебіндегі тыйымдар.	Қазақ сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.2	Ағылшын сөз әдебі		Ағылшын халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес ағылшын сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Ағылшын сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Ағылшын сөз әдебіндегі тыйымдар.	Ағылшын сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.3	Француз сөз әдебі		Француз халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес француз сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Француз сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Француз сөз әдебіндегі тыйымдар.	Француз сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.4	Қытай сөз әдебі		Қытай халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес қытай сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Қытай сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Қытай сөз әдебіндегі тыйымдар.	Қытай сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.5	Жапон сөз әдебі		Жапон халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне	Жапон сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді

			сәйкес жапон сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Жапон сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Жапон сөз әдебіндегі тыйымдар.	орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.6	Араб сөз әдебі		Араб халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес араб сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Араб сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Араб сөз әдебіндегі тыйымдар.	Араб сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.7	Үнді сөз әдебі		Үнді халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес үнді сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Үнді сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Үнді сөз әдебіндегі тыйымдар.	Үнді сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.8	Неміс сөз әдебі		Неміс халқының сөз әдебі. Сөз актілеріне сәйкес неміс сөз әдебіне тән ерекшеліктер. Неміс сөз этикетінің ұлттық сипаты мен жалпыадамзаттық нормалармен сабақтастығы. Неміс сөз әдебіндегі тыйымдар.	Неміс сөз әдебіне тән этикеттік бірліктерді орынды жұмсау дағдылары мен мәдениетін меңгеру.
2.9	Жағдаяттық тапсырмалар		Әр халықтың этикет нормаларын қолдануға қатысты жағдаяттық тапсырмалар.	Әр халықтың этикет нормаларын қолдануға қатысты жағдаяттық тапсырмаларды орындау сауаттылығын қалыптастыру, таңдау курсында меңгерген біліктері мен алған білімдерін қолдану деңгейлерін бағалау.
III	ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ			

Қалыптастырушы эксперимент барысында оқу бағдарламасы материалдары 17 сағат көлемінде аптаның сенбі күндері сабақтан тыс уақытта 2 сағаттан өткізіліп отырды. Таңдау пәні болғандықтан, оқушылар өз еркімен жазылды. Оқушылардың пәнге қызығушылығын ояту мақсатында 10 және 11-сынып оқушылары үшін арнайы пәннің таныстырылымы өткізілді. Оқушылардың пәнге деген оқу мотивацияларын ояту үшін таңдау пәнінің мақсаты мен міндеттері, білім мазмұны жөнінде қысқаша мағлұмат берілді. Пәнді оқытудың жаңа жүйесі, интербелсенді әдістерінің түрлері, талаптары мен жүргізілу сипаты бойынша шолу-хабарлама жасалды. Эксперимент тобына таңдау пәніне жазылып, осы бағытта білім алған оқушылар іріктелді. Ал қалған оқушылар бақылау тобы ретінде белгіленді. Эксперимент материалдарының тиімділігін анықтау барысында 10-11-сыныптағы оқушылар тобының білім деңгейлері салыстырылып отырды.

«Сөз әдебі» таңдау пәнінің 1-модулін оқыту үдерісінде қолданылған жаттығу жұмыстарының бес түрі бойынша төмендегідей тапсырмалар берілді.

1. Ойтүрткі жаттығулары. Мақсаты: оқушының ойлау қабілеттерін дамыту және танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру. Мәтін талдау дағдыларын дамыту, өзіндік ой-тұжырым жасауға, ой бөлісуге төселдіру. Өз ойын сөз әдебі нормаларына сай жеткізуге үйрету.

1.1 *Даналар сөзін оқып, мәнін сөз әдебімен байланыстырып түсіндіріңіз.*

1) “Көп біліп, дөп сөйлеген– шешен, аз біліп, көп сөйлеген–мылжың.” (З.Қабдолов.) 2) Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлеме, сөйлесең шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын (Йүгінеки).

1.2 *Мәтінді оқыңыз.*

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік,
Ер табылса жарайды қылса сұқбат...

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халінша.

Бір жерде бірге жүрсең, басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Бірінді бірің ғиззат, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып...

Жолдастық, сұқбаттастық бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес» [161,55-б.]

1. Мәтінде қандай мәселе көтерілген? Сөз кімге арнап айтылған?
2. Мәтінде қай стиль түрі басым көрінеді?
3. Мәтін мазмұнына сүйеніп, сөз әдебімен байланысты қандай тұжырым жасауға болады? Сөз әдебінің қандай қызметі көрсетілген?

1.3 *Қазақтың ақын-жыраулар поэзиясындағы сөз әдебіне қатысты ой-тұжырымдарды тауып жазып, талдау жасаңыздар.*

1.4 *Қазақ басылымдарынан ашық хат мәтіндерін тауып, ондағы этикеттік сөз орамдарының қолданысына талдау жасаңыз. Өзіңді толғандырып жүрген бір мәселе жөнінде белгілі бір тұлғаның атына ашықхат жолдаңыз.*

Ойтүрткі жаттығуларын орындатудың нәтижелері:

- мәтіндерді талдау арқылы өзіндік ой тұжырымдауға үйренеді;
- сөз әдебіне қатысты теориялық білімдерін практикада қолдануға төселеді;
- сөз әдебі туралы өзіндік көзқарастарын дәйектеп жеткізуге дағдыланады.

2. Дайын үлгілер бойынша сөз әдебін қалыптастыру жаттығулары.
Мақсаты: оқу материалдарын редакциялау, толықтыру, жүйелеу жолымен сөз этикеті бірліктерінің рөлі мен сипатын таныту.

2.1 **Жұптық жұмыс: «Аквариум».** Төмендегі мәтінді оқыңыздар. 5 минут Қаһан мен күйшінің диалогін «жаңғыртып» дайындаңыздар. Онда кейіпкерлердің сөз саптауын ұлттық сөз әдебіне тән етіп қайта құрыңыздар. Әр жұптағы оқушылардың сөзін бағалаңыздар. Олардың жетістігі мен кемшілігін салыстырыңыздар (сөз саптауы, еркін сөйлесуі, өзін ұстау әдебі, сөз этикеттерін жұмсауы, тілдесу әдебі және т.б. бойынша).

«Қаһанның шатырына Жошының қуанышты хабарларын жеткізетін шабармандар апта сайын келіп тұрушы еді. Бір апта болды, тырс еткен сыбыс жоқ. Жалғыз көзді қаһан қаһарына мінді:

– Жаманат хабар жеткізгеннің басы алынады. Түз заңы осындай! - дейді де, баласын іздеуге әскер аттандырады.

Жошының нөкер сарбаздары ханның алдына баруға батылдары жетпей, жоқ іздеген жауынгерлерді жапан далада қарсы алады да, тізерлеп отырып, өз кеуделеріне өздері қанжар салып өле береді. Әскерлер Шыңғыстың алдына кіреуке-сауыттарын шешіп, беттерін дала-дала ғып жыртып келеді де, тақтың алдына көлденең түсіп, үнсіз жатады, ал қаһан олардың бастарын өз қолымен шабады.

Алдияр алдындағы үнсіздік ажал себеді. Қазақ жері қан сасиды.

Қазақ жігіттері бірінен соң бірі қырыла береді. Қаһан ойын-күлкіден қалып, әбден қанына қараяды. Жер бетін қасірет жайлап, қыршынынан кеткен боздақтарды жоқтаған зарлы әуен бір тынбай, ел басына қаралы күн, шерлі түн-түнек орнайды. Сөйтіп отырғанда, Шыңғыс ханға найман ішіндегі болатшы деген кішкентай жауынгер рудан шыққан бір кәрі домбырашы, ел кезген жыршы келеді. Аты Кет екен, көз орнында үңірейген тесік қана бар.

– Не шаруамен келдің, көр соқыр?

Кет үндемейді. Домбырасын алып, қос ішекті қағып-қағып жібереді. Сонда домбыра ен далада еркін жайылған құландар жайлы, көз жеткісіз кең жазира туралы, өз үйірін аянбай қорғайтын ашулы ақсақ айғыр жөнінде, тірі пендеге зиянын тигізбей тыныш жайылып жүрген жуас үйірдің шырқын бұзған адам жайында, адам мен айғыр арасында болған айқас туралы сыр шертеді. Домбыра бәрін де жасырмай баяндайды.

– Тоқта! Бұл не тантиғаны?! -деп шарт үзеді ашулы қаһан күй сарынын. — Ажал дей ме?!

– Ұлың өлді дейді. Өзің де ұзамай өлесің дейді! -деп жауап қайтарыпты Кет.

– Алындар басын соқырдың! - деп ақырады Шыңғыс тағындағы тіреудің алтын балдағын шеңгелдеп.

– Алдияр, ажал жайлы жаманатты мен емес, домбыра айтты. Түз дәстүрін бұзуға болмайды. Атам заманнан бері жаманат жеткізген шабарман жазаға кесіледі. Мен Жошы ханның шабарманы емеспін, күйшімін, жыршымын. Ажал жайын саған алдымен домбыра айтты да, өзің бірінші болып қайталадың. Сонда жендет менің басымды алуы керек пе, әлде менің домбырамның мойнын үзуі керек пе?

–Ендеше, домбыраның көмейіне қорғасын құйындар!- деп айғайлайды сөзден жығылған қаһан шатыр ішінде зыр жүгіріп, аһлап жүріп.

Жендеттер “Ақсақ құлан” күйі тұңғыш тартылған домбыраның көмейіне балқыған қорғасын құяды» [162, 200-б.]

2.1 Өзіңіз қалаған қазақ фильміндегі бір кейіпкердің сөз этикеті бірліктерін қолдану мәдениетіне талдау жасаңыз. Кейіпкерге мінездеме беріңіз. Сөз этикеті бірліктерін қолдануында қателер болса, өз нұсқаңызды ұсынып, ойыңызды дәлелдеңіз.

2.3 Теориялық тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектердің ішінен өзіңізге ұнаған 2 абзацты оқып, талдау жасаңыз. Ондағы ғылыми пікірді өз сөзіңізбен «сындырып» баяндап айтыңыз.

2.4 Өзіңізге ұнаған бір прозалық шығармадағы сөз этикеті бірліктерінің қызметіне сай қолданылу ерекшеліктеріне талдау жасаңыз. Мәтіндегі диалогті «редакциялаңыз».

2.5 Өзіңізге ұнаған бір шетелдік фильмнің дубляжды нұсқасындағы сөз этикеті нормаларының қолданылуына талдау жасаңыз. Онда ұлттық нормалардың сақталуы мен көрінісіне мән беріңіз. Калька этикеттік сөздерді анықтаңыздар. Оларды қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырыңыздар.

Нәтижесінде:

- сөз этикеті бірліктерінің түрлерін айыра алады;
- сөз этикеті бірліктерінің жағдаятқа сай қолданылу шарттарын ажырата біледі;
- сөз этикетін қолдану дағдылары жетіледі.

3 Ой қорытуға баулу сипатындағы жаттығулар.

Мақсаты:Салыстыру, ой тұжырымдау, жинақтау әдістері арқылы оқушының теориялық ойлауы мен тілдік талғамын дамыту.

3.1 Энциклопедиялардан немесе арнаулы зерттеу еңбектерінен ежелгі зерттеушілердің сөз этикеті мен сөз әдебіне қатысты 3-4 пікірін тауып, оларды салыстыратын диаграмма жасаңыз.

3.2 Мәтінді оқып, сөз әдебіне қатысты термин сөздерді теріп жазыңыз. Олардың мағынасын түсіндірме сөздікке сүйеніп, анықтаңыз.

«Атақты грек ойшылы, алыптардың алыбы, жаратылыстану, логика, этика, психология, педагогика, тарих, саясат, эстетика ғылымдарын түп-тамырынан қозғап зерттеген Аристотель (б.з.д. 386-322 ж.) еді. Ол – “Риторика” дейтін күрделі еңбектің авторы. Аристотель шешен сөйлеудің сырларына шаншыла үніледі. Сөз саптау мәселесіне тоқталады. Сөздің анықтығына мән береді әрі тым бәсең де шықпауын, әсіреқызылдыққа да үйір болмауын қатаң ескертеді.

“Риториканың, яғни шебер сөйлеудің мәнді, мағыналы элементі – мақамдап, мәнерлеп, нақ-нағымен жеткізіп айту шеберлігі болса керек”, - деген ойды айқындаған да Аристотель еді» [163, 155-б.]

3.3 Мәтінді рөлге бөліп оқыңыздар. Диалогтегі қазақ сөз этикетіне тән белгілерді анықтаңыздар. Сөз этикеті бірліктерінің семантикалық сипатына талдау жасаңыздар.

«Қараменде бидің сипаттауынша: “Аузынан гүл төгіліп, көзінен от төгіліп тұрған жас бұлбұл” Бөлтірік небір дау-шарларда, салтанатты мәслихаттарда түйдек-түйдек толғамдарды, кесек-кесек билік, нақыл, қанатты сөздерді, ақықтай жарқыраған асыл ойларды тереңнен қозғап, теңіздей толқытқан.

Әділдіктің, дұрыстықтың, туралықтың жолында алмас қылыштай тілін аямай жұмсаған. Ойын бүкпесіз айқын жеткізген, сүйектен өткізген. Бірде Бөлтірік Тезек төремен сөз жарыстырады. Ол былай өрбіген екен:

– Бөлтірік, Ысты қанша ел болады? - депті Тезек төре.

– Ысты аз болса, Дулаттан ғана аз болар. Алайда алпыс үйлі төреден аз емес қой, - депті суырылған Бөлтірік.

– Бөлтірік, менің шаңырағымның дәмі қандай екен? - деп сұрапты төре. Шынында да, сары алтындай балқыған қазы-қарта, жал-жая көзді де, көңілді де сүйсіндіреді екен. Солай болса да “ақылы бай, нақылы сай”, “құланнан ұшқыр, қудан жүйрік” Бөлтірік шешен:

– Төрем, Сіздің үйдің дәмінен елдің көз жасының соры татып тұр ғой! - деп, тілімен түйрепті. Бөлтіріктің біздей, удай тілінен біраз дағдарып қалған Тезек төре:

– Атымды сынап көріңізші, - дейді.

– Бұл сенің ұстаған жылқыларыңның тұқымынан емес. Құлан мойын, күлте құйрық кара көк осындай жылқылар Ыстыдағы Таздар елінікі - деп, төбеден жай түсіргендей айтып салады Бөлтірік шешен. Ондағысы төренің сонау бір жылдарда сол елден бір үйір жылқы қосып алғанын кінәлау, яки мойындату еді.

– Босағада жатқан тазымды сипатташы! - дейді әлгіні мойнына алмаған, төзімі бордай тозған Тезек төре.

– Тазың құмайға ұқсас жүйрік екен. Тал бойында тарыдай бір мін жоқ. Ит иесіне тартады ғой. Бірақ та көзі бір орнында тұрмайды екен. Ойнақтап, жүйткіп тұр. Әр үйден ет ұрлап жеуді де дағды қылған ба деймін, - депті шыншыл шешен.

Сөзбен шарпысудан шаршаған Тезек төре:

– Япырм-ай, басымның мәңгіріп тұрғаны-ай! - дегенде, Бөлтірік:

– Құдай сақтай гөр, төре баласы мен түйе ботасының басы қисайса, мал болмаушы еді, - деп түйіндепті.

Сонда сөзге де, ойға да ұста қас жүйрікке танданған Тезек төре:

– Қазақтан сендей ғажайып семсер тілді дүлдүл туа берер ме екен! - деп, шешеннің қанды қақпандай сарт етіп қауып түсетін алғырлығына разы болыпты» [162, 200-б.].

- Бөлтірік шешеннің сөздеріне сүйене отырып, оның ұлттық болмысы туралы өз ойларыңызды жазыңыздар.
- Бөлтірік пен Тезек төренің диалогінен қазақтың сөз әдебіне қатысты ой түйіндеңіздер.
- Мәтіннен сөз әдебіне қатысты қандай ұлттық үрдісті байқадыңыздар? Ойбөлісіңіздер.
- Мәтінді негізінде сахналық шағын қойылым дайындап көрсетіңіздер. Ретіне қарай, сөз этикеті бірліктерін қолданыңыздар.

3.4 Төмендегі тақырыптардың қалаған біреуі бойынша ресми немесе бейресми жағдаяттағы диалог мәтінін құрып жазыңыз. Қажетті этикеттік сөздерді қолданыңыздар. Оның себебін түсіндіріңіздер.

1. Сын–өнер ме, ғылым ба?
2. Нарықтық экономиканың заңдары.
3. Нанотехнологиядағы соңғы жетістіктер.
4. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір...»

3.5. «Қазақфильмнің» өзіңізге ұнаған, ұлттық сөз саптау үрдістері ерекше көрсетілген бір туындысы бойынша сөз этикеті бірліктерінің қолданысына салыстырмалы талдау жасаңыз («Қыз Жібек», «Жау жүрек мың бала», «Қазақ хандығы» және т.б.).

Нәтижесінде:

- оқушылардың креативті ойлау дағдылары дамытылды;
- мәтінді талдау, салыстыру, бағалау дағдылары жетілдірілді;
- Сөз этикеті бірліктерін сауатты қолдануға үйренді.

4. Шығармашылық-ізденімдік жаттығулары.

Мақсаты: оқушылардың сөз этикеті бірліктерін қолдануға қатысты шығармашылық қабілеттерін дамыту

4.1 Жұптық жұмыс: Сөз әдебінің мәні туралы 2 минуттық сөз дайындаңыздар. Қозғап отырған тақырыбыңыздың өзектілігін негіздеңіздер. Аудиторияның назарын аударатын тәсілдерді қолданыңыздар. Қажетті сөз этикеті бірліктерін қолданыңыздар.

4.2 Жүйелі, тапқыр сөз туралы мақал-мәтелдерді, даналық сөздерді кірістіріп, «Қазақ сөз әдебі» тақырыбында теледидар хабарында сөйлейтін сөз мәтінін дайындаңыз, айтыңыз.

4.3 Егер досыңыз «Сөз әдебіне қалай үйренуге болады?» деп сұраса, не дер едіңіз? Пікіріңізді таратып, дәлелдеп айтыңыз.

4.5 “Мектеп оқушыларының сөзәдебі” тақырыбы бойынша пікірталас өткізу Сізге тапсырылды. Дайындықты неден бастар едіңіздер? Өзіңіз атқаратын істердің мазмұны мен ретін жоспарлап, жазыңыз.

Нәтижесінде:

- оқушылардың ғылыми-ізденімдік қабілеттерін дамытылады;
- тұсаукесер сөз әдебіне үйренеді;
- жоба жұмыстарын орындау дағдылары қалыптасады.

5. Функционалдық сауаттылық қалыптастыру жаттығулары.
Мақсаты: Әр халықтың сөз әдебін зерттеуге баулу, ұлттық сөз этикеті бірліктерін талғап қолдануға үйрету.

5.1 Мәтінді оқыңыздар. Этикет туралы өз ойларыңды айтыңыздар.

«Этикет ережелерінің жиынтығы тұңғыш рет баспа бетінде Испанияда 15 ғасырда жарияланды. Ол ережелер тез арада өзге де батысеуропалық елдерге тарап кетті. Орыс тілінде “этикет” ұғымы 18 ғасырда пайда болды. Иван Грозныйдың тұсында Сильвестер жазған “Домостройда” зиялы қауым ортасында және шіркеуде адамдардың өзін қалай ұстау керектігіне байланысты өзгеше ережелер кодексінің болғаны да рас. Бірақ мұнда этикет үй қожасының еркіне, оның өз үйінде қандай қатынастың болуын қалайтынына қарай түрліше қалыптастырға келіп саятын. Отбасы қожасының қолындағы мұндай шексіз билік қоғамдық қатынастарда боярынның, әскербасыларының, патшаның өз қалауынша “тәртіп” қалыптастыруына ұласатын. Петрге дейін Ресейде этикет әйелдер қауымына қатынасқа байланысты сақталатын. 1 Петрге дейін әйелдер ерлер арасында сирек болатын, тіпті соның өзінде олар санаулы минөттерден кейін кетіп қалатын.

1 Петрдің заманында орыстардың өміріне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Жас дворяндар үшін арнайы нұсқаулар жасалды, онда дворяндардың адамдар ортасында өзін қалай ұстау керектігі тайға таңба басқандай анық көрсетілді. 1717 жылы 1 Петрдің бұйрығы бойынша “Юности честное зерцало” немесе “Наказание к житейскому обхождению” деген кітап жазылды. Оны жазуға бірнеше асторлар тартылды. Бұл кітапқа батысеуропалықтардың жалпы азаматтық этикетке байланысты ережелер жиынтықтары енгізілді. Соған орай сарайдың, кейіннен жалпы дворяндықтардың күнделікті өміріне, оның ішінде киім киюі мен бала тәрбиелеу ісінде ағылшындар этикетіне сүйене жасалған батысеуропалық үрдістер кең орын алды.

Патшалық Ресей тарихының кейбір кезеңдерінде этикеттің әсерімен өзгелерге еліктеу, жат елдіктердің алдында бас ию, өзінің ұлттық құндылықтарына мұрын шүйіру секілді жағымсыз тенденциялар да бой көрсетті. Көптеген елдерде сарай этикетіне қойылатын талаптардың тым асыра сілтеуге апарғанын, кейде тіпті ашық ақымақтыққа айналдырылғанын көруге болады. Мәселен, әр түрлі әлеуметтік топқа кіретін әйелдердің табалдырықтан аттау үшін олардың қайсысы өз көйлегінің етегін қаншалықты көтеруге болатыны да ереже түрінде жазылғаны соның дәлелі» [159, 68-б.]

5.2 Мәтінді мәнерлеп оқыңыздар. Екі тұлғаның сөз әдебіне сүйеніп, оларға мінездеме беріңіздер. Екі алыптың сөзіне әлеуметтік сипаты тұрғысынан талдау жасаңыздар.

Жарасым

«Әйгілі актер Қалибек Қуанышбаев сырқаттанып ауруханаға түседі. Мұхтар Әуезов болса, біразға дейін көңілін сұрауға келмесе керек. Мұны Қалибек Қуанышбаев көңіліне

қатты алады. Содан Қалибектің сырқаты қайтып, ауруханадан енді шығамын деп жүргенде, Мұқаң келіпті. Қал-жай сұрасады.

– Е, о дүниеге барып қайттық қой, - депті Қалибек салқын шыраймен, Мұқаң болса, бұл сөзге қатты мән беріп:

– Қойшы, Қалекей, шынымен-ақ науқасың ауыр болған екен-ау, апырай, ә! - деп абыржып қалады. Сонда Қалибек:

– Ойбай-ау, Мұқа-ау, айтып отырғаным жоқ па, о дүниеге барып қайттым деп. Рас, о дүние дейтінін көрдім, кешегі Күләш, Манарбектер менен бұрын жеткен екен. Аузынан жалын шашқан мұңкір-нәңкір мені кеудеге қағып, әрі қарай жібермей-ақ қойғаны. “Өртіс пен әнші көбейіп кетті, бізге керегі жазушы!”, - деп шаңқ-шұңқ етеді. “Е, ондай өнерім жоқ еді” деп қайтып келдім! - депті.

Алғашқыда кәдуілгідей ұйып тыңдап отырған Мұқаң сөздің соңында балаша қызарып, Қалибекті бетінен сүйіпті.

– Кінә менен, Қалекей, тіршілік мойын бұрғызбай, көңілді сұрай келмеген айып мойнымда! - деп, Мұхтар кешірім сұрапты» [164, 35-б.] .

5.3 «Әр елдің салты басқа...» Әлем халықтарының этикеті бойынша тұсаукесер жасаңыздар.

5.4 Түрлі өмір жағдаяттары бойынша сөз актлеріне сәйкес тапсырмаларды орындаңыз.

Нәтижесінде:

- тұсаукесер жасаудағы сөз әдебі ережелерін меңгереді;
- жағдаяттарға сай сөз әдебі қағидаларын ұстанады;
- өмір жағдаяттарына сай функционалдық сауаттылық дағдылары дамытылады.

Қалыптастырушы экспериментке ұсынылған «Сөз әдебін» оқытуға байланысты жаттығулар мен тапсырмалардың бағалау критерийлері жасалды. «Сөз әдебі» таңдау пәні теориялық-практикалық бағыттары теңқамтылатын пәнболғандықтан, оның білім мазмұны арнайы модульдер мен соның аясына енетін мәдени-танымдық, мәдени-қатысымдық бағдардағы тақырыптар негізінде түзілді. Бұлай оқыту бейіндік мектеп оқушысының сөз әдебі нормаларын шағын мақсаттарға сай меңгеру үрдісін жеңілдетумен қатар оның әр кезеңдегі сөз әдебі білігін игеру деңгейін дұрыс анықтауға мүмкіндік берді. Пәнді оқыту барысында бақылаудың үш түрі ұйымдастырылды. Олар: тақырыптық-ағымдық бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау.

Ағымдағы бақылау оқушының таңдау пәнінде меңгерген білімі мен білік-дағдыларының деңгейін анықтау мақсатында күнделікті сабақ үстінде жүргізілетін сынақ-тапсырмалар жүйесінен құралды. Онда шығармашылық, ізденімдік-танымдық тапсырмалар мен бес типті жаттығулар орындалатылды.

Қазақ тілін оқытуда практикалық жұмыстарда оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар жүйесі оның өздік ізденіс арқылы мынадай сөйлеу әрекеті компоненттеріне (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) сәйкес шығармашылық сипатта ұсынылды:

Тыңдалым: оқушы әртүрлі тақырыптағы мәтіндерді, техникалық құралдар арқылы ұсынылатын бейне-, аудио-материалдарды тыңдап

түсінеді. Олардағы сөз әдеби нормаларының қолданылуына қатысты өз пікірлерін, толықтыруларын жүргізеді.

Бағалау критерийлері:

- тыңдаған, көрген материалдардың мазмұнын талдай алуы;
- өзпікірін сөз әдеби нормаларына сай жеткізіп, толықтыра алуы;
- сол материалдар бойынша өз көзқарастарын білдіре алуы.

Оқылым: оқушы мұғалім немесе басқа оқушылар ұсынған мәтіндерді немесе өзі түрлі ақпарат көздерінен алған материалдарды оқиды. Оқылым әрекеті бейіндік мектеп оқушысының сөз әдебіне байланысты ақпараттардың мазмұнын талдаумен қатар, олардың функционалдық сауаттылығын, тілдік талғамын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға оң ықпал етті. Оқушылар әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-қоғамдық салаларға қатысты ғылыми, ғылыми-көпшілік, көркем-әдеби, танымдық сипаттағы мәтіндерді оқып, оларға тілдік, мазмұндық тұрғыдан талдау жасады. Қажет жерінде оны сөз этикетіне қатысты толықтырып, редакциялады. Бұл оқушылардың өзіндік ойлау қабілетін, сараптау, саралау, оқығанынан ой жинақтау, пікір айту дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздей жүргізді.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың маңызын түсінуі;
- мәтіндегі ойды талдай алуы;
- оқығанынан өзіндік ой түйе алуы;
- оқығаны бойынша пікірталасқа түсе алуы.

Айтылым: оқушы ұсынылған тақырып бойынша өз түсінігін айтады; талқыланып отырған мәселе жөнінде өз пікірін, көзқарасын білдіреді; бірнеше пікірден ортақ ой түйіп айтады; өзінің немесе өзге біреудің атына айтылған сын-пікірлерге қарсы не құптау сипатында жауап бергенде жеке ой-пікірін орынды әрі сөздің нормативтік, коммуникативті және этикалық сапаларына қойылатын талаптарды сақтау міндеттеледі. Бұл оқушының ауызша сөз мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бағалау критерийлері:

- көтерілген мәселелерге қатысты өз жауабын тиянақтап, дұрыс айта алуы;
- мәселеге өзіндік көзқарасын дұрыс әрі жүйелі айта алуы;
- өзгелердің пікіріне, жағдаятқа және сөз актілерінің түрлеріне сәйкес сөз әдебі талабын сақтай отырып, араласа алуы.

Жазылым: оқушы ұсынылған материалдар бойынша және өзі ізденістері негізінде жазба жұмыстар орындайды. Жазылым – оқушының ойлау, өз пікірін жүйелі жеткізу қабілеттері мен тілдік сауаттылығын дамытушы сөйлесім әрекетінің маңызды компоненті. Онда ойтолғам, эссе жазуға мән берілді.

Бағалау критерийлері:

- сөздерді орфографиялық нормаға сай сауатты жаза алуы;

- талап етілетін стильге тән талаптарды сақтай отырып өз пікірін жаза алуы;

- ұсынылған мәтіндерден ой түйіп жаза алуы;

- қажетіне қарай сөз этикеті бірліктерін қолдана алуы.

Тілдесім: жоғарыда көрсетілген сөйлеу әрекеті түрлері негізінде оқушылар бірлесіп түрлі жұмыстар орындайды. Тілдесім оқушылардың пікірлесу, ойталқы, ойкөкпар, пікірсайыс үшін берілетін тапсырмаларды орындауы барысында, тұсаукесер рәсіміндегі сөздерде, жоба жұмыстарында, жағдаяттық тапсырмаларда, мәтіндерді талқылауда айқын көрініс табады.

Бағалау критерийлері:

- бір-бірімен сөз әдебі талаптарына сәйкес пікірлесе алуы;

- диалогтік, полилогтік сөз әдебі талаптарын сақтай алуы;

- бейресми, ресми тілдесім үстінде сөз этикеті бірліктерін талғап қолдана алуы.

Сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша берілген барлық тапсырмалар өзара сабақтастықта, оқушылардың таңдау пәнінде меңгерген білімдерін өмір жағдаятына сай қолдана алу және коммуникативтік біліктіліктерін дамыту, соған сай бейресми және ресми жағдайларда сөз әдебі нормаларын игеру деңгейлерін (№ ... кесте) дамыту мақсатында жүргізілді.

№6 кесте

Таңдау пәнінде ағымдық жаттығуларды орындату барысында оқушылар меңгерген сөз әдебі дағдыларының түрлері мен пайыздық көрсеткіші

№	Сөз әдебі дағдылары	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1	Сөйлеу актілерінде сөз этикетінің бірліктерін талғап қолдана алуы	24 %	85%
2	Жағдаятқа сай өз ойын нақты әрі әдепті жеткізуі	42 %	90 %
3	Сөз әдебіне тән ұлттық нормаларды сақтауы	28%	81 %
4	Сөз этикетінің вербалды және бейвербалды құралдарын орынды жұмсай алуы	23 %	85 %
5	Бейресми және ресми қатынастағы сөз әдебін меңгеруі	25%	82 %

Ағымдық бақылау жұмысының аясында шығармашылық тапсырмаларға ерекше ден қойылды. Оның себебі:

1) білімді оқушының өзі ізденуі арқылы алуын қамтамасыз етеді;

2) оқушылардың оқуға ынтасын арттырып, мотивтерін дамытады.

Шығармашылық тапсырмалар (одан әрі - ШТ) оқушыларға әр аптада бір рет, әр модуль бойынша үш-үштен ұсынылатын, олардың өзіндік ізденісі мен шығармашылық дағдыларын дамытуға арнайы бағытталған, өзара жалғас жүргізілген жұмыстар шоғыры (циклы). Таңдау пәнінің 1-модулінде бес рет орындалатын ШТ-нда тапсырмасында оқушылар даралық, жұптық сипаттағы жұмыстарды орындады. Оларға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері жасалды. Онда көрнекі сызба, карта, диаграммалар, кестелер түзу арқылы өз ойларын жазбаша және ауызша жеткізе алу дағдыларын дамыту, жұрт алдында сөз әдебін игеруге қажетті біліктерін жетілдіру мақсаты көзделді.

ШТ-1: “Тіл - құндылық” (эссе). Талаптар:

- Көлемі – 250-280 сөз.
- А 4 қағазына 14 шрифтпен 1,5 интервалмен жазылуы қажет.
- Тіл мен сөз этикеті бойынша тұжырымды ой айтылуы керек.

Бағалау критерийлері:

- Тақырыпқа мазмұнның сәйкестігі -1.
- Ой жүйелілігі – 0,5 б.
- Қосалқы материалдардың пайдаланылуы – 0,5 б.
- Тілдік сауаттылығы – 0,5 б.

ШТ-2: Жұптық жұмыс: Тіл мен Тұлға қатынасы бойынша көрнекі сызба. Талаптар:

- А 3 қағазына көрнекі етіп безендірілуі тиіс.
- Жұмысты безендірудің идеясы ашылуы керек.
- Өтілген материалдар қажетіне қарай қамтылуы қажет.
- Сөз әдебі талаптары ескерілуі қажет.

Бағалау критерийлері:

- Көрнекі сызбаның безендірілуі – 0,5 б.
- Тақырыптың ашылуы -1.
- Қосалқы материалдардың пайдаланылуы – 0,5 б.

ШТ-3: Рөлдік ойын (жұптық жұмыс): Сөз этикетіне қатысты жазылған еңбектің тұсаукесері. Талаптар:

- Көлемі 10 слайдтан кем болмауы тиіс.
- Ғылыми-зерттеу жұмысы болуы қажет.
- Әркім өз рөліне сай сөйлеуі тиіс.
- Тұсаукесер Power point бағдарламасымен слайдтар арқылы қорғалады.

Бағалау критерийлері:

- Тақырыпқа мазмұнның сәйкестігі -1 б.
- Тілдік сауаттылығы – 0,5 б.
- Көрнекі материалдардың қолданылуы – 0,5 б.

ШТ-4: Жағдаяттық тапсырма: «Рұқсат етіңіз... ». Талаптар:

- Бейне-ролик жасалуы керек.

- Сөз әдебімен байланысты болуы қажет.

Бағалау критерийлері:

- Бейнероликтің тақырыпқа сәйкестігі -1 б.
- Тілдік сауаттылығы – 0,5 б.
- Безендірілу сауаттылығы – 0,5 б.

ШТ-5: «Әлемде талай қызық бар...» (Әлем халықтарының өзгеше этикеттері). Талаптар:

- Сөз тезісі жазылуы қажет.
- Мағлұмат жаңа әрі қызықты болуы керек.

Бағалау критерийлері:

- Материалдың тосындылық дәрежесі -1 б.
- Көрнекілігі – 0,5 б.
- Тілдік сауаттылығы – 0,5 б.

Қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген шығармашылық тапсырмалар бойынша эксперимент тобындағы оқушылардың өздігінен ізденіс жұмыстарын жасауына, шығармашылық, креативтік қабілттерін дамытуға көңіл бөлінді. Ол жұмыстардың оқу мотивтерін тудыруға ықпалы үнемі ескеріліп отырды. Сонымен қатар сөз әдебі туралы білім, біліктерін қалыптастыруда оқушылардың сөз этикеті бірліктерін сауатты қолдана алуына басымдылық берілді. Әрбір орындалған ШТ тапсырмаларында, ағымдағы жұмыстарда оқушылардың СЭБ қолдану дағдылары дамытылды, нәтижесінде олардың көрсеткіш деңгей төмендегідей болды:

№7 кесте

Эксперимент сыныбы оқушыларының жұптық, топтық жұмыстарды сөз этикеті бірліктерін қызметтеріне қарай қолдану деңгейлері

№	Сөз этикеті бірліктерін (СЭБ) қызметіне қарай қолдана алуы	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
1	СЭБ аппелятивтік қызметіне сай қолдана алуы	54%	85%
2	СЭБ волонтивтік қызметіне сай қолдана алуы	35%	82%
3	СЭБ фатикалық қызметіне сай қолдана алуы	48%	74%
4	СЭБ конативтік қызметіне сай қолдана алуы	56%	80%
5	СЭБ мотивтік қызметіне сай қолдана алуы	65%	90%

Модульдік бақылау - әр модульдің ішіндегі мазмұны ұқсас шағын тақырыпшаларды өткеннен кейін сол тақырыптар аясындағы оқушы меңгерген білім мен біліктің деңгейін анықтау үшін жүргізілетін бақылау түрі.

Онда:

а) жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталас түрлері ұйымдастырылды; реферат жұмысы жазылды.

в) нақты тақырыпта шағын мәтін-тұжырым жазу ұсынылды. Бағалау жүйесінің ағымдағы бақылау талаптарымен сәйкес келуіне назар аударылды.

«Сөз әдебі: теориясы, қағидалары» атты 1-модульдің бақылау тапсырмасы ретінде дербес жұмыс сипатында әр оқушы өзі таңдаған тақырып бойынша реферат жазды. Реферат жұмысының мақсаты – оқушының өздігінен іздену қабілеттерін дамыту, ауызша және жазбаша тілдік дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық мәдениетін және қатысымдық күзiреттiлiктерiн жетiлдiру, ғылыми ойлауға баулу; Сөз этикеті мен сөз әдебіне қатысты теориялық білімін практикада қолдануға дағдыландыру.

Талап бойынша оқушы өзіне ұсынылған тақырыптардың ішінен біреуін таңдай отырып, реферат дайындайды. Реферат тақырыптарында пәндегі білім мазмұнына қатысты интеграциялық сипаттағы тіл мен ділдің, тіл мен тарихтың, тіл мен ел болашағының, әртүрлі ғылым салаларының тоғысындағы сөз әдебінің маңызын ашатын тілші-ғалымдардың еңбектері бойынша талдау жасалды.

Оқушы реферат жазу жұмысын жүйелі жүргізу үшін оқу бағдарламасында айқындалған апталық жұмыс сатылары бойынша нақты тапсырмаларды орындайды. Мәселен, бірінші аптада рефераттың тақырыбын таңдаса, екінші аптада рефераттың жоба-жоспарын жасайды. Үшінші аптада рефераттың мақсат, міндеттерін, аппаратын анықтайды. Төртінші аптада реферат тезисін әзірлейді, ал бесінші аптада рефераттың жобасы дайындалады. Алтыншы және жетінші апталарда реферат жұмысын қорғайды. Осылайша оқушы білімді өздігінен меңгере отырып, түпкі нәтижеге жүйелі әрі жоспарлы жолмен көтеріледі. Әр қадам сайын ол ғылыми ізденіске керек дағдыларды саналы меңгеріп отырады. Сол алған білімдерінің негізінде өзінің ізденіс нәтижесін аяқталған шағын ғылыми жұмыс - реферат түрінде тапсырады.

Реферат көлемі 5-7 бетболуы талап етілді. Ал оның безендірілуі талапқа сай болуы ескерілді. Реферат міндетті түрде сыныпта қорғалды. Бұл оқушының өзі жазған жұмысын көпшілік алдында қорғай алу дағдыларын дамытты. Ең алдымен, оқушы этикет талаптарына сай көпшілік алдында сөйлеуге үйренеді. Қорғау барысында жұмысының тақырыбын таныстырады, зерттеудің мақсат-міндеттерін, тақырыптың өзектілігін дәйектей отырып, жұмыстың қысқаша мазмұнымен, соған сәйкес нақты ой-тұжырымдарын баяндайды. Келесі кезеңде аудиторияның сұрақтарына жауап береді. Одан кейін алдын-ала тағайындалған ресми екі оппоненттің пікірі айтылады. Егер олардың сөздерінде сын-пікірлер айтылса, баяндамашы оған жауап береді. Ең соңында өз қалаулары бойынша бейресми оппоненттер сөйлейді. Қысқа болса да, осы жұмыстардың жүргізілуі, біріншіден, оқушылардың жауапкершілігін арттырды. Екіншіден, бірі-бірі тыңдау мәдениетін қалыптастырды. Үшіншіден, қойылған сұрақтарға жылдам әрі

нақты жауап беру дағдыларын жетілдірді. Төртіншіден, этикеттік бірліктерді түрлі жағдаятқа сай қолдануға төселдірді. Бесіншіден, жұмыс туралы сын-пікір айтуға да, қабылдау жағдайында сөз әдебін сақтауға дағдыланды.

Рефератқа қойылатын талаптар:

- Рефераттың көлемі 5-7 беттен кем болмауы тиіс.
- 5-аптада рефераттың жазбаша нұсқасы өткізіледі.
- Реферат жазбаша дайындалып, ауызша қорғалады.
- Дайын материалдардан көшіруге болмайды.

* Рефератта тақырыпқа лайық көрнекіліктер (сызбалар, карталар, фотосуреттер, кестелер, т.б.) қамтылуы қажет.

* Реферат мазмұны бойынша Power point бағдарламасы бойынша слайдтар (10-12) дайындалуы тиіс.

Рефератты бағалау критерийлері (жазбаша, ауызша бөлім бойынша):

Жазбаша бөлім бойынша (5):

- Рефераттың безендірілу талабына сәйкестігі – 1.
- Реферат тақырыбының ашылуы – 1.
- Бөлімдер арасындағы сабақтастықтың болуы – 1.
- Рефератта қосымша материалдардың қолданылуы – 1.
- Рефераттың тілдік сауаттылығы - 1.

Ауызша бөлім бойынша (5):

- Сөз әдебі нормаларын сақтау сауаттылығы – 2.
- Көрнекіліктерді пайдалану дағдысы – 1.
- Аудиториямен байланыс – 2.

Таңдау пәнінің білім мазмұнына сәйкес реферат тақырыптары ұсынылды (№ Қосымша).

Екінші модуль қорытындысындағы модульдік бақылау тапсырмасы «Әр елдің салты басқа...» деп аталады. Онда оқушының көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті мен сөз әдебін қалыптастыруға бағытталған тұсаукесерсипатында жоба жұмысы ұсынылды. Мұнда тақырыпты оқытушы ұсынбайды. Оқушылар өз қалауы бойынша бағдарламада көрсетілген әлем халықтарының бірінің сөз әдебіне қатысты тақырыпты таңдайды. Өздері қалаған тақырыптардың біреуін алады, дамытыла жүргізілетін дайындық сатыларынан өтеді. Көпшілік алдындағы сөз ауызша қорғалғанмен, дайындық барысындағы материалдар жазбаша тапсырылады.

Тұсаукесер тапсырмасының мақсаты – оқушының 1-модульде алған білімдері мен меңгерген біліктерін нақты практикалық кешенді жұмысты орындау арқылы түпкі нәтижені бағалау. Сондықтан оқушының оқу мотивациясын тудырудың алғашқы басқышы олардың ерікті түрде тақырып таңдауымен байланысты туады. Ең алдымен, көпшілік алдында өзі қалаған елдің сөз әдебін танытуға деген мүдделілік тудыратын тапсырма қызықты әрі тартымды болуы нәтижесінде оқушының мотивтерін оятуға оң ықпал етті.

Тұсаукесердің дайындық барысы бағдарлама жүйесімен жүргізілді. Тұсаукесерді қай аптада өткізсе де, алдымен оның тақырыбы таңдалды,

мақсат, міндеттері нақтыланды. Жоспары жасалып, жобасы әзірленді. Кесте бойынша тұсаукесер жұмысы қорғалды.

Тұсаукесер болғандықтан, жұмыс ауызша қорғалды. Ал жұптық жұмыс түрінде дайындалған сөз мәтіні тезис ретінде рәсімделіп, А-4 қағазына басылып, мұғалімге өткізілді. Мұндағы мақсат жұмыстың тек формасына мән бермей, оқушылардың өз ойын жұптық жұмыс түрінде ауызша жеткізу дағдыларын дамыту болды. Жазбаша сөз мәтінін дайындау барысында екі оқушы өз бөліктері бойынша мәтін түзу, ой қорыту, ой жинақтау іскерліктерін шыңдауға мүмкіндік алды. Бұл орайда оқушылар этикеттік сөз бірліктерін, тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, түрлі статистикалық мағлұматтарды орынды кірістіруге, өз сөздерінде қолдануға үйренді. Сонымен қатар өз ойларын жүйелеп, бір-бірімен кезектесе отырып көркем тілмен сөйлеуге төселді. Олардың әрқайсысы тұсаукесердің басында, барысында, бір-біріне сөз ұсынарда, аудаиторияның сұрақтары мен талдауы кезінде сөз этикеті бірліктерін орынды қолдануға, өздеріне берілген уақытқа сыйымды сөйлеуге дағдыланды. Мұның барлығы да оқушының таңдау пәнінен алған білімін тиянақтап, нақты әрекет түрінде көрсетуіне мүмкіндік берді.

Тұсаукесер аудитория алдында өткізілді. Тұсаукесер жасайтын жұпқа қойылатын басты талаптың бірі – аудиториямен жанды байланыс орнату, аудиторияны өз тақырыптарына барынша қызықтырудың түрлі амал-тәсілдерін пайдалану. Бұл бағытта оқушылар түрлі қызықты сұрақтар, викториналық ойындар, жарыс сипатындағы өзге де жұмыстарды ұйымдастырды. Бұл да олардың сөз әдебі мен сөйлеу шеберлігін шыңдаудың бір жолы болды. Тұсаукесер жасау арқылы оқушылар бірлесіп жұмыс істей алуға үйренді, тек өз ойы мен білген ақпаратын жеткізумен шектелмейді, аудиторияны басқару өнеріне де төселді.

Тұсаукесер жұмысын бағалау критерийлері

Тұсаукесерге қойылатын талаптар:

- Тұсаукесер тартымды, қызықты болуы тиіс.
- Слайд көлемі 10-13-тен аспауы керек.
- Тұсаукесер мәтіні жазбаша дайындалып, ауызша қорғалады.
- Жұптық жұмыс орындайтын оқушылар қойылған сұрақтарға, оппоненттің пікіріне кезектесіп, сөз әдебі талаптарына сай жауап беруі керек.
- Тұсаукесер рөлдік ойын сипатында болуы қажет. Тұсаукесер иелері сол елдің өкілі ретінде сөйлеуі тиіс. Тұсаукесерде оқушылардың шығармашылық ізденісі мен креативті ойлау, әрекет ету дағдыларын дамыту үшін этикетке тартымдылық беретін өзге де ұлттық атрибуттарды (ұлттық киім, бұйымдар мен ұлттық тағам, бейне-роликтерді және т.б.) материалдарды қолдануға мүмкіндік береді.
- Тұсаукесер Power point бағдарламасымен слайдтар арқылы қорғалады.

Тұсаукесерді *бағалау критерийлері* (5 балл):

- Тұсаукесердің безендірілу талабына сәйкестігі – 1.
- Тұсаукесер тақырыбының ашылуы – 1.
- Тұсаукесер жасаушы оқушылардың шешендігі мен сөз әдебі - 1.
- Оқушылардың артистизмі – 1.
- Аудиториямен байланыс жұмыстарын жүргізуі – 1.

Қалыптастырушы эксперимент барысында модульдік бақылау жұмысын орындау арқылы бейіндік мектеп оқушыларының өзіндік ізденіс дағдылары, ой қорыту, ой жинақтау дағдылары дамытылумен қатар олардың көпшілік алдындағы сөз әдебі талаптарын меңгеруге деген мүдделілігі артты, ол өз кезегінде оқушылардың шынайы оқу мотивтерінің кеңеюіне қол жеткізді.

№ 8 кесте

Модульдік бақылау жұмыстарын орындау арқылы оқушыларда қалыптасқан оқу-танымдық мотивтерінің түрлері мен олардың сапалық көрсеткіштері

№	Бейіндік оқушысының танымдық түрлері	мектеп оқу-мотивтерінің	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
1	Жаңа білім қызығушылығы	алуға	42 %	87 %
2	Оқу материалдарындағы тілдік заңдылықтар мен ұстанымдарды мүдделілігі	игеруге	54 %	90%
3	Білімді өздігінен ынталылығы	игеруге	46%	95%
4	Ғылыми-танымдық қолдануға қызығуы	әдістерді	40 %	93 %
5	Өз білімін жетілдіру жолдарын игеруге қызығушылығы		60 %	98 %

№ 9 кесте

Модульдік бақылау жұмыстарын орындау арқылы оқушыларда қалыптасқан әлеуметтік мотивтерінің түрлері мен олардың сапалық көрсеткіштері

№	Бейіндік мектеп оқушысының әлеуметтік мотивтерінің түрлері	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
1	Сөз әдебі жайлы білімнің өзі үшін жекелік мәні мен қажеттілігін түсінуі	36 %	93 %
2	Ана тілі үшін жауапкершілігін түсінуі	41 %	100 %
3	Жұптық, топтық жұмысты орындауда өз беделін сақтауға ұмтылысы	52 %	88 %
4	Бірлесіп креативті шешім жасауға ұмтылысы	33 %	85 %
5	Өзіндік «МЕН»-ін қалыптастыруға мүдделілігі	65%	95%

№10 кесте

Модульдік бақылау жұмыстарын орындату барысында анықталған білім-білік деңгейлері


№	Оқушылардың сөз әдебін меңгерудегі функционалдық сауаттылық дағдылары	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1	Сөз этикеті мен сөз әдебі туралы көзқарасын дәйектеп жеткізе алуы	20 %	87 %
2	Сөз әдебі мен өзге ғылым салаларының сабақтастығын дәлелдей алуы	22 %	75 %
3	Көпшілік алдында сөз әдебі нормаларын сақтауы	45 %	86 %
4	Өзіндік ізденістер арқылы жаңа білімді игеруі	33 %	82 %
5	Теория мен практиканы ұштастыра меңгеруі	35 %	89 %
6	Сөз актілеріне қатысты жағдаяттарда сөз этикеті бірліктерін қолдана алуы	47 %	90 %
7	Тұсаукесер әдебін меңгеруі	38 %	92 %

Эксперимент нәтижелерін топтап, жинақтай келе бейіндік мектепте арнайы ұйымдастырылған «Сөз әдебі» таңдау пәнінде оқушылардың сөз әдебінің теориялық аспектілері мен практикалық талаптарын меңгеру деңгейлері анықталды. Олар модульдік циклдағы тілдік, этикеттік нысандар бойынша жүйеленіп берілді.

Эксперимент кезінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту үшін ұсынылған жұмыстардың барысында орындалған шығармашылық, ізденімдік, мәтінмен жүргізілген жаттығу жұмыстарының тиімділігі ерекше болды. Сондықтан бейіндік мектептегі таңдау пәнібойынша оқушылардың сөз әдебін меңгеруге қатысты оқужетістіктері жүйеленіп, топтастырылып берілді. Жоғарыдағы кестелерде курсқа қатысқан оқушылардың білім сапасына, оқу мотивтеріне байланысты жетістіктері экспериментке дейінгі көрсеткіштермен де, бақылау тобындағы оқушылардың білім деңгейлерімен де салыстырылып көрсетілді.

Эксперимент барысында бейіндік мектепте жүргізілген таңдау пәні бойынша дамытылған оқушылардың сөз әдебі дағдылары нақтыланды. Онда оқушының сөз әдебі бойынша меңгерген этикет нормаларының деңгейі мен оларды қолдану білігі жинақталып берілді.

Таңдау пәнінде сөз әдебі бойынша жүргізілген тәжірибелік сынақ негізінде оқушылар меңгерген сөз әдебі дағдыларының көрсеткіштері анықталды (1-сурет).



1-сурет – Оқушылардың сөз әдебі дағдыларының салыстырмалы көрсеткіштері
(сол жақта – эксперимент сыныптары, оң жақта – бақылау сыныптары)

3.3.3 Эксперимент жұмыстарының жалпы қорытындылары

Эксперименттің үшінші кезеңінде зерттеу нәтижелері бір жүйеге түсіріліп, жинақталды, қорытындыланды. «Сөз әдебі» таңдау пәнінің оқу бағдарламасындағы білім мазмұны, оны оқыту әдістемесі жетілдірілді. Бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және

сапалық талдау жасалды. Зерттеу негізінде «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытуға арналған оқу-әдістемелік құрал әзірленді. Зерттеу жұмысының нәтижелері докторлық диссертация түрінде жинақталды.

Эксперимент қорытындылары:

- сөз әдебін арнайы таңдау пәні ретінде оқыту, оның білім мазмұнын әлеуметтік сұраныммен ұштастыру, жаһандану жағдайындағы талаптар мен оқушы мүддесін сабақтастыру, білім беру арқылы оқушылардың оқу мотивтерін қалыптастыруға бағыттай отырып ұйымдастыру, білімді оқушының интеллектуалдық әлеуетін дамытудың қайнар көзі ретінде игерту, білімнің эмоционалдық әсерлілігін күшейту, тілдік сезім мен талғам қалыптастыра оқыту білім сапасының артуына ықпал етті;

- интерактивті және белсенді әдістер мен арнаулы жаттығуларды кешенді қолдану арқылы сөз әдебін оқытудың тиімділігі артты. Модульдік тапсырмаларды ұйымдастырудың әдістемелік жүйесін құру, оқытудың макрожүйесінің әрбір кезеңдерін нақтылау, әр жұмысты бағалау критерийлерін анықтау оқушылар тарапынан қызығушылық пен жауапкершілікті күшейтті, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін, шығармашылық ойлауға мүдделелегін дамытты;

- таңдау пәнінде сөз әдебін «Қазақ тілі» оқу пәніндегі сөз мәдениеті мен шешендік өнер туралы білімдермен тығыз байланыста жүргізу оқушылардың білімін толық әрі жүйелі меңгеруіне ықпал етті; білімнің өмірлік дағды қалыптастырудағы рөлін түсінді. Сол арқылы олардың оқу-танымдық және оқу-әлеуметтік мотивтері кеңейтілді.

Эксперимент жұмыстарының барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- 1) оқушылардың сөз әдебі туралы біртұтас дүниетанымы қалыптасты;
- 2) сөз мәдениетінің ішкі құрауыштары: қатысымдық, әлеуметтік және этикалық дағдыларды өзара бірлікте, саналы меңгерді;
- 3) оқушылардың сөз әдебінің мәнін, ұғымдарын терең меңгеруі қамтамасыз етілді;
- 4) ағымдық, модульдік тапсырмаларда креативтік және шығармашылық сипаттағы жұмыстарды орындау үдерісінде теориялық білім өмірлік дағдыға ұштастырылды.

Эксперимент нәтижелері зерттеу болжамын растады. Сөз әдебін таңдау пәні ретінде оқытудың оқушының адами қасиеттері мен тұлғалық қабілеттерін дамытуға ықпал ететініне көз жеткізілді. Сөз этикеті бірліктері мен құралдарын қолдануға жаттықтыратын проблемалық және шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың кешенді жүзеге асырылуы бейіндік мектеп оқушыларының болашақ мамандықтарына қатысты біліктерді меңгеруіне ықпал етіп, олардың интеллектуалдық мәдени деңгейін көтерді. Бейіндік сатыда «Сөз әдебі» таңдау пәні аясында оқушының интеллектуалдық әлеуетін жетілдірудегі қарым-қатынас әдебіне баулудың тиімділігін эксперимент нәтижелері толық көрсетті. Сөз әдебіне байланысты тілдесудің қатысымдық, этикалық сапаларының нақты тақырыптар бойынша

оқытылуы оқушылардың сөз әдебі туралы ұғымдарын кеңейтті. Бұл өз кезегінде бейіндік мектеп оқушыларының тілдесімге үлкен жауапкершілікпен қарауына, тілдік талғамын жетілдіруге өзек болды. Алғашқы арналары көне замандардан бастау алатын сөз әдебі қағидаларының, білім беру жүйесіндегі оқу үрдісін ұйымдастыру нәтижесінде жас буынды мәдениетті тілдесімге, қарым-қатынас әдебіне, шешен сөйлеуге арнайы үйретуге болады деген ұстанымның өміршеңдігін эксперимент нәтижелері толық дәлелдеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы білім беретін мектептердің бейіндік сатысындағы пәндерді оқытудың өзіндік мақсаты, мазмұндық-құрылымдық жүйесі біршама өзгеше болады. Өйткені бұл сатыда оқушылар өзінің болашақ бағдарын айқындап, келешекте қызмет атқарғысы келетін бағытты таңдайды. Таңдау пәндері олардың осы талабына барынша қолдау жасауға, өміріне, кәсібіне қажетті білімдерді тереңірек меңгеруге қызмет етуі тиіс. Сол себепті гуманитарлық бағытты таңдағандар да тілші, әдебиетші, журналист, заңгер, тарихшы және т.б. салаларда қызмет етуді қалайды. Әрине, мамандықтардың барлығы үшін де кәсіп иесінің сөзі мәдениетті, бедерлі, қарым-қатынасы барынша әдепті, сыпайы болуы – бәселестікке бейім қоғам мүшелерін талап етіп отырған ортада басты шарттың бірі. Дегенмен, гуманитарлық сала мамандарының тілдік және қатысымдық білігі жоғары болуы заңды. Себебі тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың құралы және ақпарат алмасудың көзі болумен қатар, адамды әлеуметтік ортамен байланыстырушы дәнекерлік рөл атқарады. Сондықтан оқушының өмір, тіл, діл туралы дүниетанымын қалыптастыратын танымдық әрекеттің қозғаушысы да болатыны сөзсіз. Тілдің жеке адам тіршілігіндегі мәні туралы М. Жұмабаев: “тіл – адам жанының тілмашы” – дейді. Тіл – кез келген ортада адамның өзін-өзі танытуына, өзін дәлелдеуіне, өз бойындағы дарынды жүзеге асыруына, сонымен қатар басқаларды бағалап, олармен тіл табысуына жол ашатын бірден-бір мүмкіндік. Бұл оның жеке тұлға үшін құндылықтық маңызын танытады. Ал, ұлттық құндылық деңгейінен қарағанда, ана тілі – әр халықтың өмір сүруінің кепілі, рухани байлықтың қазынасы, ата-бабалар аманаты, ұлтты біріктіретін құдіретті күш.

Егер ана тілін әр халықтың болмысын, танымы мен тағылымын, мәдениеті мен салт-дәстүрін өз бойына жинақтаған мұра деп бағаласақ, осы қасиетінің барлығы да оның «тіл ішіндегі тілінен» - сөз этикеті бірліктерінен анық байқалады. Сондықтан академик Р.Сыздық айтқандай, «мәдениетті тіл ғана мәртебелі» болса, онда тілдің мемлекеттік мәртебесіне сай қолданылуы үшін де қоғамның сөз мәдениетін түзеу керектігі даусыз. Диссертацияда қарастырылған сөз әдебі тілдің әлеуметтік ортада сапалы қолданылуына ықпал ететін ең маңызды бөлігі.

«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: Қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін көтерудің қажетті құрамдас бөлігі сөйлеу мәдениетін дамыту болуға тиіс. Жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру» -деп көрсетілген болатын [165, 2- б.]

«Рухани жаңғыру» жағдайында ана тілін оқытудың алдында білімдік әлеуетті көтерумен қатар, оқушының бойына ұлттық ділді сіңіру, жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін таныту, меңгерген білімін өмір жағдаяттарында орынды жұмсай білуге үйрету, бәсекеге қабілеттілігін шыңдау міндеті күшейіп отыр. Сондықтан бейіндік мектептегі таңдау пәні оқушы үшін жеке-дара меңгертілетін білім көзі түрінде емес, оның жалпы тұлғалық қасиеттерін дамытатын, мәдени-тілдесім қабілеттерін жетілдіретін, заман талабына сай құзіреттіліктерге ие ететін бағытта жүргізілуі талап етіледі. Міне, осы орайда бұл пәннің әр түлектің дара тұлғалық-мәдени әлеуетін көтеру мүмкін екендігі дәйектелді. Сондықтан да оқушыларға бейіндік мектеп сатысында қазақ сөз әдебін ғана емес, өзге жұрттардың да сөз әдебін меңгертудің қатар жүруі бүгінгі заман талабына жауап беруді көздей отырып жасалды. «Нақты бір мақсатқа сай ұйымдастырылатын арнайы әрекеттердің нәтижелі болуы оған қозғау салатын мотивтің тууына тікелей тәуелді» екені ескеріліп, әдеп пен мотив тығыз бірлікте қарастырылды.»[166, 50-б.]Сөз әдебін меңгертудің білімнің әлеуеттік күштен дара тұлғаның өмірлік дағдыларының қайнар көзіне айналуының тетігі болатынын диссертациялық зерттеу жұмысының қол жеткен нәтижелері толық айғақтады.

Бейіндік мектепте «Сөз әдебі»таңдау пәнінде оқыту мәселелерін тұтас, жүйелі қарастыра келіп, мынадай **қорытындылар** жасалды:

1. Бейіндік мектепте ұсынылатын «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытуда функционалдық сауаттылық қалыптастыруға басымдылық беру қажет. Мұнда мектеп оқушыларының ана тіліне деген сүйіспеншілігін, тілді сауатты, сыпайы қолдануға деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеуді міндеттеу қажет.

2. Қазір мектептерде грамматикалық білімнен бас тартып, оқытуды тілдің дұрыс, шебер қолданылуына икемдеу үдерісі белең ала бастады. Бұл ендігі бағытта мектеп бағдарламасына енген сөз мәдениеті мен шешендік өнерді тілдік білімнің түпкі нәтижесі ретінде белгіленуіне дәлел болады. Соның ішінде сөз әдебін меңгерту жүйелі жүргізілуі шарт. «Теориялық білімнің мәні адамның өмір қажетін өтеуге қызмет ете алуында. Сондықтан бүгінгі жастарға ақпараттық білімнен гөрі сөз шеберлігі мен әдебіне үйренудің сырын танып... практикалық жағынан жаттығу әлдеқайда пайдалы» [167, 97-б.]

3.Оқушылардың ойына тіл арқылы ұлттың ділі мен мәдениетіне де жауапты тұлға екеніне назар аудару қажет. Бұл тілді оқытудың барлық жүйесінде, соның ішінде таңдау пәндерінде де түлектің мәдени-танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға, сөз этикетін сапалы меңгертуге бағытталуын қажет етеді.4. Сөз әдебі бойынша ұсынылатын білімдер өзге ғылым салаларымен тығыз бірлікте жүргізіліп, интеграциялық сипатта беріліп, оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға ізгілікті көзқарасы мен қатынастарын қалыптастыруын қамтамасыз етуі тиіс.

Қорыта айтқанда, бейіндік мектептегі «Сөз әдебі» таңдау пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік мәселелерін зерделей келе мынадай **тұжырымдар** жасалды:

1. Сөз әдебін үйрену тілдің әлеуметтік қызметіне сай сауатты қолдануын жоғары деңгейде жүзеге асыруға кепіл бола алады. Сондықтан мектеп түлегі үшін мәні ерекше. Өйткені ертеңгі күні қоғамдық ортаға араласқанда ең басты талап – айналасындағылармен мәдениетті тіл табысу. Сол себепті таңдау пәнін игеру арқылы білімнің өмірлік маңызын сезінеді. Сөз әдебін үйренген адамның кез келген ортада, кез келген адаммен тіл табыса алатынын түсінеді. Ал, тіл табыса алу – адамның атқаратын істерінің сәтті болуының шарты. Бұл пәнге деген оқу мотивтерін оятады. Мотив оқушының білімді саналы меңгеруінің шарты әрі сапалы білім алуының кепілі болып саналады. Сондықтан зерттеу жұмысында бейіндік мектеп оқушыларына сөз әдебін, сөз этикеті бірліктерін қолдану жолдарын меңгерту арқылы олардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың, қарым-қатынас әдебін ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастықта игертудің нәтижелері жоғары көрсеткішке жеткізді.

2. Сөз әдебі – бүгінгі заман талап етіп отырған ғылым мен білімнің интеграциясын жүзеге асыруға оңтайлы әрі тиімді сала. Өйткені антропоэзектік парадигмаға сай қазақ тіл білімінде сөз мәдениеті бір бөлек сала ретінде қалыптасты. Қазақ лингвистикасындағы сөз мәдениеті саласын құрайтын тармақтың бірі ретінде сөз әдебі феномені зерттеу нысаны ретінде кең өріс ала бастады. Сондықтан сөз әдебін оқытуға арналған таңдау пәні әдіснамалық-теориялық тұғырлары айқындалған, өзіндік қағидалары орныққан ғылыми тұжырымдарға негізделіп жүргізілді. Бұл болашақ қоғам мүшелерінің әлеуметтік ортада өз орнын иемденуі үшін, өзгелермен қарым-қатынас жасауда сөз этикеті бірліктерін дұрыс қолдана алуын қамтамасыз ету үшін енгізілген таңдау пәнінің білім мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесі өзінің оң нәтижесін берді. Осы нәтижелер оқушылардың оқу мотивтерін күшейтті.

3. Сөз әдебі – кез келген ұлт тілінің өзге тілден ерекшелігі мен даралығын танытатын «тіл ішіндегі тіл». Сондықтан әлемдік кеңістіктегі байланыс кеңейіп отырған ғаламдану үдерісінде қазақ сөз әдебімен қатар жеті халықтың сөз әдебінің өзіндік заңдылықтарын, талаптары мен қағидаларын арнайы оқыту идеясы толық жүзеге асты. Нәтижесінде сөз әдебіне үйрету тек сөз этикеті құралдарын дұрыс қолданумен шектелмейтіні, адамның интеллектуалдық, мәдени деңгейін көтеретіні анықталды. Өз халқының сөйлеу әдебімен ғана емес, өркениетті жұрттардың сөз әдебімен танысуы оқушының пәнге шынайы қызығушылығын, мотивін оятты. Әр елдің әдеп нормаларындағы ерекшеліктердің салт-дәстүрмен, ділмен байланысын тануы пәнге құштарлығын арттырды, оқушының танымдық қызығушылығының кеңеюіне ықпал етті. Әлем халықтарының сөз әдебін үйрену – жаһандану дәуіріндегі уақыт талабы екенін сезінуі де оқушының пәнге қызығушылығын, білімді саналы меңгерудің өзінің келешегі үшін

қажеттігін түйсінуіне мүмкіндік берді. Бұл фактор да оқушының білімді шығармашылықпен игеруіне себеп, түрткі болды.

3. Сөз этикетінің қызметтерін жүйелі әрі біртұтас меңгерте келіп, оның қолданымын игерту, оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу біліктерін сөз әдебімен байланыста қалыптастыру ұтымды. «Сөз әдебі» атты таңдау пәнінің мазмұны бейіндік мектеп оқушысына әрі таныс, әрі бейтаныс. Себебі: оқушы бала күнінен-ақ әдепті сөйлеу керектігін, қалай сөйлеу керегінен хабардар, түсінігі бар. Ата-анасы, айналасындағы үлкендер, мұғалімдер әрдайым оларға бағыт-бағдар беріп, әдепті, мәдениетті қарым-қатынас жасауға үйретеді. Бірақ бұл пәннің аясында оның сөз әдебіне қатысты білімдері нақты тақырыптар бойынша тіл мен тұлға дамуының бірлігіне негізделіп, арнайы оқытылды. Бұрын спонтанды, белгілі бір шарт түрінде түсінілетін сөз әдебінің белгілі бір нормаларға, талаптарға негізделетінін және олардың тілдік жағдаяттарға сай арнайы клишелерге, сөз орамдарын дұрыс қолдана алу шеберлігіне байланысты болатынын түсінді, соны игерді. Сөз әдебінің сыртқы көрініс емес, әр тілдің иесі саналатын әрбір халықтың өзіне тән, ғасырлар бойында қалыптасқан әдеп ережелері екенін түсінді. Бұл оқушының өз тілінің де, өзге тілдің де қыры мен сырын терең тануына, сөйтіп, оған сүйіспеншілігін, құрметін арттыруға ықпал етті. Бұл да оқу мотивін тудырудың бір басты шарты екені дәлелденді

4. Сөз әдебі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тетігі. Өйткені сауаттылық тілді дұрыс жұмсауға тікелей қатысты болғандықтан, сол орынды қолданыстың басты талаптарының бірі сөз әдебін білудің маңызы ерекше. Бұл бағыттағы білім беру сапасын арттырудың шарты – білім мазмұнының оқушының оқу-танымдық және әлеуметтік мотивтерін тудыратындай мәнді әрі қызықты болуы екені дәлелденді. Бұл орайдағы сөз әдебін оқыту оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталуымен, күнделікті жағдаяттарда қажеттігімен осы талапқа сай келді. Қарым-қатынастың сәлемдесуден қоштасуға дейінгі сөз актілерінің мақсатынан бастап түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы сөз әдебінің амал-тәсілдері мен нормаларын білудің өзі үшін маңызы мен қажеттігін түсіну білімнің жекелік мәнін арттырды да, оқушының білімді меңгеруге деген шынайы қызығушылығын тудырды.

5. Бейіндік мектепте «Сөз мәдениетінің» енгізілгеніне 20 жылдың жүзі болды. Бірақ базалық-нормативтік құжаттар мен оқу бағдарламаларында көрсетілгенмен, 10-сыныптың оқулығында сөз әдебіне жеткілікті мөлшерде орын берілмегені анықталды. Оқушыны сөз әдебіне төселдіру мәселесінің тұлға қалыптастырудағы философиялық-педагогикалық мәні мен практикалық сипаты толық ашылмағаны көрінді. Соның салдарынан мектеп түлектері сөз әдебі туралы, оның категориялары мен практикалық құндылығы туралы үстірт білім алып келді. Ал практикалық тұрғыда сөз әдебін үйренуге бағытталған тапсырмалар өте аз мөлшерде қамтылғандықтан, ол оқушының оқу мотивтерінің тууына ықпалын тигізе алмайтынына көз жеткізілді. XX ғасырдың 50-жылдарында француздың

атақты әдіскер ғалымы Ласера айтқандай, «оқулық пен оқыту әдістемесі қандай болса да, мұғалім тек тілдік мақсаттарды ғана көздемеуі керек, өйткені негізгі мәселе оқытудың түпкі нәтижесі ретінде мәдениетке қатысты білім беруге бағытталуы тиіс». Сондықтан бұл бағытта сөз әдебінің қызықты мазмұнын инновациялық технологиялар, терең ойластырылған тапсырмалар мен жаттығулар, модульдік бақылаудың айрықша формаларын қолдану арқылы, ең бастысы әр тапсырмада оқушының мәдени деңгейін бағалау критерийлерін нақты беру арқылы әрі мотив тудыруға, әрі білімнің нәтижелілігін арттыруға болатынын эксперимент жұмыстары толық көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан.- 12 сәуір, 2017.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. -А., 1973. -448 б.
3. Кабуснаме /ауд Тұрсынәлі Айнабеков /. – Алматы: Балауса, 1992
4. Сыздық Р. Сөз мәдениеті хақындағы жанайқай // Ана тілі.- №2(1364), 12-18 қаңтар, 2017 ж.

1.1 –бөлім

5. Дәулетбекова Ж., Рай Қ. Сөйлей білу – өнер. -Алматы, Ғылым ордасы, 2013.- 96 б.
6. Педагогикалық сөздік. –Алматы, 2010.-380 б.
7. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. -Алматы, 1975. -420 б.
8. Құнанбаев А. Қарасөздер. – Алматы, 2015. – 75 б.
9. Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). - Алматы: Ғылым, 2009. -272 б.
10. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы(қазақ тілі мен оқу- ағартуға қатысты еңбектері).-Алматы, «Ана тілі», 1992,-448 бб.
11. Дәулетбекова Ж. Оқу мотивтері – сапалы білім негізі. – Алматы, 2015. – 160 б.
12. Рубинштейн С.Л. Принцип творческой самодеятельности. К философским основам современной педагогики // Вопросы психологии, № 4, / С.Л. Рубинштейн. - 2011. - 288 с.
13. Панарин А.С. Реванш истории. Российская стратегическая инициатива в XXI веке.-Москва, 1998 - С.371.
14. Ермекбаева А. Бейіндік мектепте сөз әдебін меңгерту – оқушының интеллектуалдық-мәдени әлеуетін арттырудың шарты//“EuropeanScientificConference” сборник статей победителей IIIМеждународной научно- практической конференции: в 2 частях, Пенза, 2017
15. Бине А. Измерение интеллекта // Психология. – М., 2013. – 350 с.
16. Хеккаузен Х. Мотивация деятельности. – М., 2007.- 430 с.
17. Ермекбаева А. Бейіндік мектеп оқушыларына қазақ тілін оқыту процесіндегі оқу мотивациясының рөлі//Бүгінгі түркітану мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.-Түркістан, 5-6 мамыр, 2016 ж. – 524 б.]
- 18Монтессори М. Дом ребенка. Метод научной педагогики.- Москва, Задруга, 1913.-334 стр.
- 19Дж.Дьюи Психология и педагогика мышления/Пер. с англ. Н.М.Никольский.- Москва: Совершенство, 1997,-208стр.
- 20Психологиялық сөздік. – Алматы, 2011.-320 б.
- 21Ермекбаева А. Білім берудің жаңа парадигмаларын жүзеге асыру жағдайында бейіндік мектеп оқушысының оқу мотивтерін

қалыптастырудың маңызы// «ӘКСПО-2017: кәсіби педагог мамандарды даярлаудағы инновациялық бағыттар» - Байтанаев оқулары -5. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I бөлім. - Шымкент, ОҚМПИ, 2017. 532 б.– 298-302 бб.].

22Abdur Rehman, Hafiz Ahmad Bilal, Ayesha Sheikh, Nadia Bibi, Asma Nawaz. “The Role of Motivation in Learning English Language for Pakistani Learners”. International Journal of Humanities and Social Science Vol.4 No.1; January 2014, 254p.

23Anita Woolfolk. “Educational Psychology”, 1998, Seventh Edition, p.372

24MacIntyre, P. D., MacMaster, K., & Baker, S. C. (2001). The convergence of multiple models of motivation for second language learning: Gardner, Pintrich, Kuhl, and McCroskey. In Z Dornyei& R. Schmidt (Eds.), Motivation and second language acquisition (Technical Report #23, pp. 461-492). Honolulu: University of Hawai’i, Second Language Teaching and Curriculum Center.

25Dr. Fadel H.M. Al Othman¹ & Dr. Khaled M. Shuqair¹. “The Impact of Motivation on English Language Learning in the Gulf States” www.sciedu.ca/ijhe International Journal of Higher Education Vol. 2, No. 4; 2013 Published by Sciedu Press 123 ISSN 1927-6044 E-ISSN 1927-6052

26Dornyei, Z. (2001). Teaching and Researching Motivation. England: Pearson Education Limited. P.116

27Simon James Nicholson. “Influencing Motivation In The Foreign Language Classroom”. Journal of International Education Research – Third Quarter 2013 Volume 9, Number 3 2013. The Clute Institute Copyright by author(s) Creative Commons License CC-BY 277

28Выготский Л. С. Развитие высших психических функций, -М.- 1931

29Murray, Henry A. Explorations in Personality, -London, published by OUP, 1938.

30Эйнштейн А. Эйнштейн о религии, -Альпина-нон-фикшн, 2011, -142стр.

31Берчард Б. Манифест мотивации. Девять деклараций о праве на личную силу. –Москва, 2015.- 298стр.

32Дж.Равен Педагогическое тестирование, - Москва, «Когито-Центр», 1999, -144стр.

33Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш. Мәдениеттану негіздері. -Алматы, 2003. -240 б.

34Дәулетбекова Ж. Бағдарлы мектепте сөз мәдениетін оқытудың тұжырымдамасы //Қазақ тілі мен әдебиеті, 1999,- №2. 3-9 бб.).

35Әмір Р., Дәулетбекова Ж., Қалиев Ғ., Қосымова Г. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы орта білім.-Алматы:РОНД, 2002. – 360 б.

36Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілінің оқу бағдарламалары. 5-11-сыныптарға арналған. – Алматы: РОНД, 2002.-112 б.

37Ермекбаева А., Дәулетбекова Ж. «Қазақ тілін» оқыту үдерісінде бейіндік мектеп оқушыларының оқ мотивациясын қалыптастыру

мәселелері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал.- Астана, №2/2 (37) 2016. 173-175-бб.]

38 Федосеева И. А., Туркин Е.В. Культурологический подход - важнейший фактор в обеспечении нравственного здоровья нации // Медицина и образование в Сибири. - Выпуск № 2 / 2015. – 46-51 стр.

39 Гизялова О.Т. Интегрированные уроки как средство активизации познавательной деятельности. - Москва, Астрел, 2008. -123 стр.

40 Сердюкова Н.С. Интеграция учебных занятий в школе / Н.С.Сердюкова // Начальная школа-1994. -№11. –С. 21-25.

41 Тайлор Э. Первобытная культура.- Москва: Политиздат, 1989,-578с.

42 Кушнир А. Русский язык и национальное безопасность//Народное образование.-2001.-№2.-с.5-14

1.2 - бөлім

43 Назарбаев Н.Ә. «Интеллектуалдық ұлт – 2020»// Назарбаев, Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс (ҚР Президенті Н. Ә.Назарбаевтың Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығына орай университет профессор-оқытушылары мен студенттеріне оқыған дәрісі) // Егемен Қазақстан. – 2009, 14 қазан. - Б.1-2.

44 Спирмен Ч. Психология творчества // Дружинин В.Н. Психология общих способностей. –СПб.: «Питер», 2007. – С.27-28.

45 Бектаев Қ. Сөздік. -Алматы: «Алтын қазына», 2001. -556 б.

46 Стернберг Р.Дж. Практический интеллект / Р. Дж. Стернберг [и др.]. СПб. : Питер. 2002.

47 Гоулман Д. Эмоциональное лидерство. Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта. М.: Альпина Паблишер. 2011.

48 <http://www.znanie.info/portal/ec-terms/23/238.html>

49 Сәрсенов А.С. Қазақстан ауыл-селосындағы интеллектуалдық әлеуеттің қалыптасуы мен этномәдени дамуының тарихи тәжірибесі (1946-1991жж.). /Т.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Қазақ Агр. ун-ті. - Алматы, 2005.-45 б.

50 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы:ҚБТУ, 2010. – 240 б.

51 Combs A.W. Humanistic Education: Too Tender For a Tough world? // Phi Delta Kappan. - 1981. - Vol. 62. - P. 448.

52 Хабермас Ю. Демократия. Разум. Ответственность /пер. с нем. И послесл. Н.В.Мотрошиловой. -Москва: Наука, 1992. - 234 с.

53 Дәулетбекова Ж., Рай Қ. және т.б. Тілді оқыту: интеграциялық білім менинтеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. Монография. – Алматы, Алматы: НұрАй, 2014. – 245 б.

1.3-бөлім

- 54Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті.- Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001.- 120 б.
- 55Мырзалы С. Философия.-Алматы: Бастау, 2014. -648 б.
- 56Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш.-Қызылорда, 1926. – 286 б.
- 57Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы.- Алматы: Ан-Арыс, 2007.- 176 б.
- 58Жұбанов Қ. Сөздің жалпы құрылысы.– Алматы: Қазақ баспасы,1936.- 74-б.
- 59Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. / құрастырған Аманжолов А.С.- Алматы: Ғылым, 2002.- 366 б.
- 60Иманқұлова М. Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдіснамалық негіздері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша).- Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы ҚазҰПУ, 2016. – 180 б.
- 61Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника.- М.: «Наука», 1989.
- 62Самойлович А.Н. Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины. Живая старина, 1915, вып I-2.
- 63Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті.-Алматы, 1971.- 68 б.
- 64Сыздық Р. Сөздер сөйлейді.(Сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы /Рәбиға Сыздықова/–Алматы: «Ел шежіре», 2014, -410б.
- 65Сыздық Р. Сөздер сөйлейді.(Сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы /Рәбиға Сыздықова/, 4 том,–Алматы: «Ел шежіре», 2014, -410б.
- 66Уәлиев Н. Сөз мәдениеті.-Алматы, 1984- 45 б.
- 67 Уәли Н. Сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері. Фил. ғыл.докт. дисс... авторефераты:- 10.02.02 - Алматы: Тіл білімі институты, 2007. -50 б.
- 68Введенская Л.А., Павлова Л.Г., Кашаева Е.Ю. Русский язык и культура речи. -Ростов на Дону: Феникс, 2003. -537с.
- 69Сыздық Р. Сөз саралау мәдениеті // Сөз өнері. -Алматы, 1978. -18-24 б.
- 70Жақыпов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы): Филол. ғыл. д-ры ... автореф. -Алматы, 1999.
- 71Ж.Д.Рапишева, Ж.А.Тұрлыбекова. Сөйлемнің коммуникативтік типтері жөнінде // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2013.-№1. 29-35 бб.
- 72Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия.- Л., 1978.–48 с.
- 73Воробьев В.В. Лингвокультурология. Теория и методы.– М.: Издательство РУДН, 1997. – 331 с.
- 74Сыздықова Р. Сұхбаттасу мәдениеті // Сұхбат.– 1990.– № 2 – 16-31 бб.
- 75Байтенова Н.Ж., Қабылова А.С., Ромашева А.Қ. Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесі. Алматы, 1998. –217 б.
- 76Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Алаш, 2003. -1-том - 408 б.

- 77Шадкам З. Мәдениетаралық қарым-қатынас (Сөйлеу этикеті): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. -157 б.
- 78Томанов М. және т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. – Алматы, 1980. - 52 б.
- 79Момынова Б. Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер. – Алматы, 2003. – 167 б.
- 80Момынова Б.Қ., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 133 б
- 81Ермекбаева А.Ш. Бейіндік мектептерде қазақ тілін жаңаша оқыту арқылы "мәңгілік ел - мәңгілік тіл" идеясын жүзеге асырудың мүмкіндіктері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №3(57), 2016, Алматы,228-231бб.
- 82Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы: Мектеп, 1982.- 76 б.
- 83Вильгельм фон Гумбольдт. Избранные труды по языкознанию. - М.:Прогресс, 1984. – 345 с.
- 84Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 288 с.
- 85Формановская Н.И. Этикет русской речи.-Москва, 2003. -115 с.
- 86Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, даму жолдары. -Алматы, 1987. -123 б.
- 87Кушнир А. Русский язык и национальная безопасность // -Народное образование. - 2001. -№2. - С. 5-14.
- 88Пахнова Т.М. Развивающая речевая среда как средства приобщения к культуре // Русский язык в школе.- 2003 - №5. -С. 63-68.
- 89Львова С.И. и др.1 Русский язык в школе: состояние, проблемы и пути их решения // Русский язык в школе.- 2003 - №4. -С. 6-13.
- 90Кошанский Г.В. Теория речевых актов как один из вариантов теории речевой деятельности. -Москва, 1999. -169 с.
- 91Мүтәліпов Ж.М. Қазақ мәдениетінің сұқбаттастық аймағы // Қазақстан халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. -Астана:Аударма, 2006.- 19-том. -316-327б.
- 92Маслова В.А. Лингвокультурология. -Москва, 2001. -165 с.
- 93Ермекбаева А., Талдыбаева М. «Сөз әдебі» тандау пәнін оқыту үдерісінде бейіндік мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру // ҚазҰПУ Хабаршысы
- 94Ермекбаева А. Бейіндік мектеп оқушыларының оқу мотивациясын дамытудың шарты – функционалдық сауаттылық қалыптастыра оқыту //Ғылым, білім және тәжірибенің өзара байланысы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Шымкент: Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет, 2017. – 510 б. – 481-485-бб.].

2.1 - бөлім

- 95 Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008. - 221 б.
- 96 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. – 360 б.
- 97 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344б.
- 98 Абақан М. Тілдің мәдени философиясы. - Алматы, «Айкос». 2000. – 165 б.
- 99 Гальперин П.Я. Умственное действие как основа формирования мысли и образа // Воп Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: Учебное пособие – М.: Прометей, 1992. - 528 с.
- 100 Zh.T.Dauletbekova, A.Sh.Yermekbayeva, Zh.I.Isayeva «Science, Technology and Higher Education» materials of the VIII International Research and Practice Conference, Westwood, Canada, 2015, 188-192 pp.
- 101 Кабардов М.К. Коммуникативно-речевые и когнитивно-лингвистические способности и склонности. – М., 2009. - 210 с.
- 102 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері: Жоғары және арнаулы орта оқу орындарының, пединституттарының педагогика және бастауыш мектеп әдістемесі факультет студенттеріне арналған оқулық. Алматы, 2002.-254 б.
- 103 Негневицкая Е.И., Шахнарович А.М. Язык и дети. -М., «Наука», 2011. -270с.
- 104 Хайдеггер М. Путь к языку // В книге: Время и бытие. – М., 1993. – 266 с.
- 105 Хроленко А.Т. Основы лингвокультурологии.- М.:Флинта, 2005.-239 с.
- 106 Дербишева З.К. Грамматика языка и национальный менталитет // Народное образование.-2012 г. - №6. – С.54-59.
- 107 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологию. - Москва: Прогресс, 2003. – 325 с.
- 108 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 230 б.
- 109 Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш.Мәдениеттану негіздері: жоо-ға арналған оқу құралы / – А. «Санат», 2003. - 240 б.
- 110 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 2008. – 140 с.
- 111 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2009. – № 5. – С. 15-28.
- 112 Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. -Ростов-н/Д : ДГТУ, 2004. – 181 с.

113 Қасабек А. Искание истины / А.Қасабек, С. Қасабек -Алматы: Ғылым, 1998. -144 с.

114 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Языкикультура: Лингвострановедение преподавании русского языка как иностранного. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Русский язык, 1983. – 269 с.

115 Akmaral S. Ortaieva. , Zhuldyz Saurykova, Aissulu S. Ermekbayeva, Aksaule Mankesh, Zhanat Dauletbekova, Galiya T. Abilbakieva, and Akbilek P.Minbayeva The Specifics of innovative content and organization of experiential-pedagogical activities on formation of civic engagement of Kazakhstan Schoolchildren// Man in India, Volume: No.97(2017), Issue No.:2(2017): Serial publications, pp.655-670 (Индия, Scopus, (ISSN 0025-1569 SJR (2013 год) = 0,109).

2.2-бөлім

116 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. -Москва, 1977.-213 с.

117 Құнанбаев А. Қарасөздер. – Алматы, 2012. – 65 б.

118 Культура русской речи / Под ред. Л.К. Граудиной и Е.Н. Ширяева — М., 1999.-230 б.

119 Кибанов А.Я., Коновалова В.Г., Митрофанова Е.А., Чуланова О. «Концепция компетентностного подхода в управлении персоналом: Монография. М., «Научная мысль», 2017. – 312 с.

120 Петровский А.В. Возрастная психология. – М., 2000.- 412 б.

121 Фромм Э. Психоанализ и этика: перев.с англ.- Москва.: «Республика», 1993,-415стр.

122 Введение в психологию. /Под редакцией А.В.Петровского/. - Москва, 1996. – 495 с.

123 Ремшмидт Х. Подростковый и юношеский возраст: Проблемы становления личности. М., 1994. С. 150-158.

124 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Издательство Питер, 2000. - 460.

125 Шаповаленко И. В. Возрастная психология. - М.: Гардарики, 2005 - 349 с.

126 Станиславский К.С. Работа актера над собой. — М: Искусство, 1961. - С. 271.

2.3-бөлім

127 Дәулетбекова Ж.Т., Ермекбаева А.Ш., Бейіндік мектептерде «Қазақ тілінің» білім мазмұнын жетілдірудің факторлары мен оқытудың инновациялық технологиялары, /Anadolu'dan Bir Ses, Yil:2, Sayi:3/1, Karadokuya-Uchisar-Turkiye, Ekim 2015, 3-9-бб.

128 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 4-том. -Алматы: Ғылым, 1998. - 448 б.

129 Федоренко Л.П. Принципы обучения русскому языку. - М., 2003.- 120.).

- 130 Заньков Л.В. Умственное развитие и обучение. - М.: АО «Столетие», 1995. - 205 с.
- 131 Маркова А.К. Формирование мотивации учения в школьном возрасте, Москва, 1983,-192 стр.
- 132 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иностранному говорению. М., Просвещение, 1985. -180 с.
- 133 Кабардов М.К. Роль индивидуальных различий в успешности овладения иностранным языком. – М., 2003. - 165 с.
- 134 Зеер Э.Ф., Павлова А.М.,Сыманюк Э.Э. Модернизация профессионального образования: компетентностный подход. – М.: психолого-соц. инст., 2005. – 216 с.
- 135 Сыздық Р. Алғысөз // Сөз мәдениеті. -Алматы: Мектеп, 1984. 3-8 б.
- 136 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Алаш, 2003. -1-том - 408 б.
- 137 Қазақ тілі. Энциклопедия. -Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. -509 б.
- 138 Введенская Л.А., Павлова Л.Г., Кашаева Е.Ю. Русский язык и культура речи. -Ростов на Дону: Феникс, 2003. -537с.
- 139 Оразбаева Ф. Тіл әлемі. – Алматы, 2009- 280 б.
- 140 Күзекова З. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. – А., 2013. -235 б.
- 141 Киселева Л.А. Вопросы теории речевого воздействия.- Л., 1998. - 150 с.
- 142 Фридман Л.М.Психология детей и подростков : справочник для учителей и воспитателей.– Москва : Издательство Института Психотерапии, 2004. – 480 с.
- 143 Леднев В.С. Содержание образования. – Москва: Высшая школа, 1989.- 360 с.
- 144 Ермекбаева А. Бейіндік мектеп оқушыларының сөз әдебін қалыптастыра оқытудың дидактикалық ұстанымдары//Жаһандық бәсекелестік жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Түркістан, 20 ақпан, 2017 ж. - -498б.

3.1-бөлім

- 145 Уәлиұлы Н., Іллиясұлы Ө. Қазақ тілі. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2015.-230 б.
- 146 Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 5-сыныпқа арналған оқулық.- Алматы, Атамұра, 2014. – 210 б.
- 147 Исаев С., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. 6-сыныпқа арналған оқулық.- Алматы, Атамұра, 2015. - 213 б.

- 148 Исаев С., Қосымова Г. Қазақ тілі. 7-сыныпқа арналған оқулық.- Алматы, Атамұра, 2016. - 198 б.
- 149 Аманжолов С., Аманжолова А., Г.Қосымова. Қазақ тілі. 8-сыныпқа арналған оқулық Алматы: Мектеп, 2015. -220 б.
- 150 Р.Әмір, М.Атабаева Қазақ тілі. 9-сыныпқа арналған оқулық Алматы: Мектеп, 2015. -220 б.


3.2 – бөлім

- 151 Ермекбаева А. «Тіл және әдебиет» білім саласындағы пәндердің үлгілік базалық мазмұны және элективті курстар// Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты ІҮ дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.-ІІ том. –Түркістан, 2016 жыл. – 464 б. -305-310 б.].
- 152 Ермекбаева А.Ш., Бейіндік оқытуда қазақ тілі пәніне сатылай кешенді талдау технологиясы/ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы, ІІ бөлім, №5 (108)-2015, Астана
- 153 Фердинанд де Соссюр. Курс общей лингвистики // Труды по языкознанию. -Москва, 1977. -110-271 с.
- 154 Птушенко А.В. Культура речи - культура мышления. -Москва, 2004. -284 с.
- 155 Серль Дж. Что такое речевой акт // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1986. – Вып. 17. – С. 151-169.
- 156 Дәулетбекова Ж., Ермекбаева А. Абай шығармашылығындағы тұлға мәселелері//Абай – әлемдік феномен. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.-Астана, 30.10. 2015. – 84-87 бб.
- 157 Сыздық Р.Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы./Рәбиға Сыздықова./- Алматы: «Ел шежіресі», 2014.- 295 б.
- 158 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. – 512 б.
- 159 Культура русской речи / Под ред. Л.К. Граудиной и Е.Н. Ширяева — М., 1999. – 265 с.
- 160 Әлімов А. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы/ -Астана: Назарбаев Зияткерлік Мектептері; ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014,- 188б.
- 161 Құнанбайұлы А. Шығармалар.-А.,2002.-110 б.
- 162 Адамбаев Б. Шешендік сөздер.-А., 2006. -240 б.
- 163 Негимов С. Шешендік өнер.-А., 2001.-200 б.
- 164 Деген екен/құрастырған: Е.Нұразхан./-А.,2006.-45 б.
- 165 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Егемен Қазақстан. – 7 желтоқсан, 2010 ж.
- 166 Ермекбаева А.Ш. Абай қарасөздеріндегі адам әрекеті мен мотив ара қатынасының көрінісі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, 1 бөлім. №5(114), 2016. – 49-53 бб

167 Ермекбаева А.Ш. Дәстүрлі немесе жаңа дәуірдегі сөз әдеби үлгілерін бір бірімен сабақтастықта дұрыс пайдалануға үйрету, Қазақстанның ғылымы мен өмірі – Наука и жизнь Казахстана. Science and life of Kazakhstan. №3 (46), 2017. – 95-98 бб.

№1 Қосымша

Сөз әдебін оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі



Оқыту жаттығулары,
тапсырмалары

Жаттығулар

- Ойтүрткі
- Дайын үлгілер бойынша СӘ қалыптастыру
- Ой қорытуға баулу
- Шығармашылық- ізденімдік
- Функционалдық сауаттылық қалыптастыру

Бақылау тапсырмалары

- реферат
- тұсаукесер

Оқыту әдістері мен
амал- тәсілдері

Оқыту технологиясы

- * коммуникативті
- * ізгілендіру
- * жобалау
- * тұлғалық бағдарлы оқыту
- * сыни ойлау

Оқу- танымдық құралдар

- * кестелер
- * диаграммалар
- * суреттер
- * сөзжұмбақтар
- * бейнетаспалар
- * интернет

Оқыту нәтижелері

Пәндік нәтижелер

Сөз этикеті

Этикалық дағдылар

Сөз әдебі

Түпкі нәтижелер

КОММУНИКАТИВТІ

АҚПАРАТТЫҚ

ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШУ

МӘДЕНИ- ТАНЫМДЫҚ

176

Қ Ұ З І Р Е Т Т І Л І К Т Е Р